

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Мектепке дейінгі және орта білім департаменті
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**2016-2017 ОҚУ ЖЫЛЫНДА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН ҰЙЫМДАРЫНДА
ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ
ТУРАЛЫ**

Әдістемелік нұсқау хат

Астана
2016

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 17 маусымдағы № 5 хаттама).

2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 258 б.

Жинаққа жалпы орта білім беретін мектептердің мектепалды даярлық және 1-11-сыныптарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша материалдар енгізілген.

Жинақ жалпы орта білім беретін мектептердің басшылары мен пән мұғалімдеріне, білім саласы қызметкерлеріне арналған.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақстандық ғылым және білім беру жүйесін қазіргі кезеңде жаңғырту әрбір адамның мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі сапалы білімге қолжетімділігін, колледж белгі университетте жана кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді.

Республикамызда мектептегі білім беру жана кезеңнің алдында түр. Дүниежүзілік экономикалық форум (бұдан әрі – ДЭФ) XXI ғасырдағы табысты адамның білімі мен іскерлігінің 16 түрін атап көрсетті. Бұл – командадағы жұмыс дағдылары, көшбасшылық қасиет, бастамашылық, IT-біліктілік, қаржылық және азаматтық сауаттылық және басқалар. Қазақстан ДЭФ-тің «XXI ғасыр дағдыларындағы ауытқуларды зерттеу» рейтингісінде мектеп оқушыларының танымдық және эмоциялық зиятының деңгейі төмен елдер тобында түр. Құзыреттілік және жеке сипаттамалар деңгейі базалық дағдылардан едәуір төмен.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында ЭҮДҰ елдерінің стандарттары негізінде адам капиталының сапасын көтеруге бағытталған білім беру саласындағы 5 қадам жоспарланған.

76-қадам. 12 жылдық білім берудің кезең-кезеңімен енгізу, функциялық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту. Жоғары сыныптарда жанбасылық қаржыландыруды енгізу, табысты мектептерді ынталандыру жүйесін күр.

79-қадам. Білім беру жүйесінде - жоғары сыныптар мен ЖОО-дарында ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу.

89-қадам. «Нұрлы Болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізу.

2016-2017 оқу жылында жаңартылған білім мазмұнына барлық бірінші сыныптар көшеді. Олар 2015-2016 оқу жылында 30 пилоттық мектепте апробациядан өткен жаңа оқу бағдарламалары бойынша оқиды.

Білім мазмұны жаңартылған бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті мемлекеттік стандартын, оқу бағдарламаларын әзірлеу «Мәңгілік ел» құндылықтарына бағдарлануымен жүзеге асырылды.

2016-2017 оқу жылында республиканың 5 өнірінде 63 пилоттық мектепте 10-11-сыныптарында жан басына шаққанда қаржыландыру бойынша апробациясы жалғастырылатын болады.

Үштілді білім беруге көшу шеңберінде Бастауыш білім берудің Үлгілік оқу жоспарында (бұдан әрі - ҮОЖ) ағылшын тілін оқытуға бөлінген сағат саны көбейтілген. ҮОЖ-та сәйкес 1-ші, 2-ші, 3-ші, 4-ші сыныптарға ағылшын тіліне 2 сағат бөлінеді.

2016-2017 оқу жылында негізгі және жоғары сыныптарда үш тілде білім беруге көшу бойынша дайындық жұмыстары басталады. ІІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ағылшын тілін үйрену жоспарланған

окушыларға қосымша үш тілде білім беру бағдарламасы және жоғары сынып пәндері бойынша сыныптан тыс жұмыстардың бағдарламасын әзірледі. Барлық жұмыстар Академияның сайтына орналастырды.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (2015ж.24.11 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен), Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – БФДМБ) бекітілді.

Мектептегі білімнің жаңартылған мазмұнына кезең-кезеңмен көшу, дуальді оқыту, колледждерде алғашқы жұмысшы кәсібін тегін алу, колледждер мен жоғары оқу орындарының мемлекеттік аттестаттаудан тәуелсіз аккредиттеуге өтуі заңнамамен регламенттеледі.

БФДМБ сәйкес оқыту сапасын арттыруда білім беру процесінің барлық қатысушыларының ең үздік білім ресурстары мен технологияларына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету; окушылардың алған білімдері тез өзгеретін әлемде табысқа жеткізетіндігінен қанағаттану; жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дene бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру қажет.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі саласы жаңа тәсілдер аясында кеңеюде. Ол – пәнаралық және жобалық қызмет, оқыту мен басқаруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) пайдалану, білім беру қажеттіліктері ерекше балаларды интеграциялау және ата-аналарды консультациялық қолдау.

2016-2017 оқу жылында жалпы білім беретін үйымдарда оқу процесін үйымдастырудың ерекшеліктері келесі факторлармен негізделеді:

- ✓ 2016 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1-сыныптарда жаңартылған білім мазмұнын енгізу (барлық пәндер оқыту тілінде оқытылады);
- ✓ бастауыш мектепте «Ағылшын тілі» пәнін оқыту 1-4-сыныптарда жүзеге асырылады;
- ✓ 9-сыныпта міндетті түрде «Дінтану негіздері» факультативтік курсының орнына «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы оқытылады.

Жаңа оқу жылында:

1) мектепалды даярлық сыныптарында және 1-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар мен материалдар негізінде жүзеге асырылады:

- ✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты;
- ✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – ҚР МЖМБС-2015);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бүйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

✓ «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бүйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 6 мамырдағы №309 бүйрығымен бекітілген оқу басылымдары;

2) 2-11-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар мен материалдар негізінде жүзеге асырылады:

✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – ҚР МЖМБС-2012);

✓ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бүйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

✓ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 27 қарашадағы №471 бүйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

✓ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 25 ақпандағы №61 бүйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бүйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің, тандау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары;

✓ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бүйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары;

✓ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бүйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары;

✓ «Білім беру үйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бүйріғына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БФМ 2016 жылғы 8 қаңтардағы №13 бүйріғымен бекітілген оқу басылымдары;

✓ «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі №400 бүйріғына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 6 сәуірдегі №251 бүйріғымен бекітілген оқу басылымдары.

Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары негізінде өздігінен әзірлейді және оны білім беру үйімінде директоры бекітеді.

Білім алушылардың оқу нәтижелерін бақылау үшін педагогтердің тандауымен іске асырылатын әртүрлі әдістер мен құралдар қолданылады.

Бақылау шараларының негізгі түрлері шығарма, ауызша, жазбаша, практикалық формалармен жүзеге асырылады. Бақылау формаларын тандау оқу пәнінің ерекшеліктері мен мазмұнына, оны оқуға бөлінген сағат санының көлеміне, білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктеріне, оқыту кезендері мен оқытудың жоспарланған нәтижелеріне байланысты жүзеге асырылады.

Бақылау жұмыстары білім беру үйімдары басшыларының бекіткен кестесіне сәйкес жүргізілуі керек. Бақылау жұмыстарын дүйсенбі, жұма күндері және сабак кестесінің соңғы сабактарында өткізу ұсынылмайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру мақсатында әзірленіп, ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бүйріғымен бекітілген оқу бағдарламалары бойынша «Өлкетану» (7-сынып), «Абайтану» (9-11-сыныптар) тандау курстарын оқыту ұсынылады.

Вариативті компоненттен 9-сыныптар үшін міндетті түрде «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсын оқытуға 1 сағат апталық жүктеме беріледі. ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бүйріғымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсын тарих немесе біліктілікті арттыру және қайта даярлау бойынша арнайы курстардан өткен пән мұғалімдері жүргізеді.

Мектеп және оқушы компонентінің пәндері бойынша емтихан және ұлттық бірыңғай тестілеу жүргізілмейді.

Назар аударыныздар! 2016-2017 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің түлектерін қорытынды атtestаттау мен ҚР жоғары оқу орындарына іріктеу тесті өзгереді. «Білім туралы» ҚР Занына орта білім беру үйімдарындағы қорытынды атtestаттау рәсімін бөлу және жоғары оқу орнына окуға түсу туралы түзетулер енгізілді.

Түзетулер 2017 жылы күшіне енеді.

Мемлекеттік бітіру емтиханы – орта білім курсын бітіргені туралы куаландыратын мемлекеттік үлгідегі құжатты алу шарты болып табылатын орта білім беру үйымдарындағы білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың бір түрі. Емтихан мектептерде өткізіледі.

Ұлттық бірыңғай тестілеу – жоғары оқу орындарына оқуға тұсуге арналған іріктеу емтихандарының бір түрі. Тестілеу жоғары оқу орындарының базасында өткізіледі.

Емтихан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы З сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген 10-11-сыныптарға арналған жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарының оқу бағдарламаларына негізделеді.

Қазіргі таңда мемлекеттік бітіру емтиханы мен Ұлттық бірыңғай тестілеу рәсімінің форматын ҚР Білім және ғылым министрлігі әзірлеуде. Ақпарат ҚР Білім және ғылым министрлігінің www.edu.gov.kz, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің www.control.edu.gov.kz сайттарына орналастырылатын болады.

Сонымен қатар, емтихан тапсырудың ұсынылып отырған формаларының бірі эссе жазу екеніне назар аударуларыңызды сұраймыз. Эссе жазуға қойылатын талаптар әдістемелік әдебиетте көрсетілген, оған қоса мұғалімге көмек ретінде әдістемелік-нұсқау хаттың тиісті тарауында эссе жазуға қойылатын талаптар барынша нақты көрсетілген.

Заманауи қоғамның ақпараттандыру жағдайында пән мұғалімдері АКТ – құзыреттілігін біліп, қосымша ресурстарды пайдалана отырып, соның ішінде интернет және пән бойынша ақпаратты табу мен өндөу білігін қалыптастыруы керек.

Ұлттық бірыңғай тестілеудің, оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау, мемлекеттік аттестаттау мен талапкерлерді кешенді тестілеудің тест тапсырмаларының базасын қалыптастыру ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген оқулықтардың материалдары негізінде іске асады. Сондықтан ұлттық емтихандарға және мониторингілеуге дайындық кезінде оқушылар жоғарыда көрсетілген ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген оқулықтардың материалдарына сүйенуі тиіс.

Оқыту үйір, өзбек, тәжік тілдерінде жүргізілетін жалпы орта білім беретін мектептерде аударма оқулықтар немесе оқушылар мен ата-аналардың қалауымен қазақ тіліндегі оқулықтар қолданылады.

Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалып отыр.

Функционалдық сауаттылық әр мектеп пәнінің негізінде қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына бейімделген тапсырмалар; экономикалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б.) болып табылады.

БФДМБ қазақстандық жалпы білім беретін мектептердің PISA (15 жасар оқушылардың математикалық және ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын, сонымен бірге әртүрлі типтегі мәтіндерді түсінуін салыстырмалы бағалау), TIMSS (4-ші және 8-сынып оқушылардың математикалық және ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын салыстырмалы бағалау) және PIRLS (мәтінді оқу және түсіну сапасын зерделеу) халықаралық салыстырмалы зерттеулеріндегі нәтижесін жақсарту қажеттілігі көрсетілген.

Осыған орай, Қазақстандағы мектептегі білім беру жүйесі балалардың дағдыларын дамытуда әртүрлі оқу және өмірлік жағдаяттар, тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастар білімін қолдануға бағытталуы тиіс.

Оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау (бұдан әрі – ОЖСБ) аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығы бағаланады. Функционалдық сауаттылықты тексеруге арналған тест тапсырмалары алғаш рет 2014 жылы ОЖСБ тапсырмаларына қосылды.

Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасында оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау аясында функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері бағаланады: оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі); математикалық сауаттылық; жаратылыстану ғылыми сауаттылық (физика, химия, биология, география).

Оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білу және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері. Оқу жылдамдығы мен мәтінді дәлме-дәл түсіну бағаланбайды, мәтінге арналған рефлексия мен ұғым, оқығанын өмірлік мақсаттарды жүзеге асыруға пайдалану бағаланады.

Математикалық сауаттылық – әлемдегі математиканың рөлін айқындау және түсіне білу, математикалық тұжырымдарды дәлелді негіздей білу және қызығушылығы бар, ойлы азamatқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін математиканы қолдана білу қабілеттері.

Жаратылыстану ғылыми сауаттылық – жаратылыстану ғылымындағы білімін қолдана білу, қоршаған ортаны және адамзат енгізген өзгерістерді түсіну үшін, табиғи-ғылыми мәселелерге қатысты және ғылыми дәлелдермен негізделген сұрақтарды анықтау және негізделген қорытынды жасай білу қабілеттері.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасуын тексеруге арналған тапсырмалардың үлгілері ОЖСБ мен ҰБТ-ға дайындық оқу-әдістемелік құралдарында қамтылған.

Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, оның психологиялық, рухани, физиологиялық, әлеуметтік және шығармашылық дамуының үйлесімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін «Өзін-өзі тану» пәні функционалды түрғыдан маңызды пәндердің бірі болып табылады. Бұл пәнді оқыту «Адамның үйлесімді дамуы» институты (Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО) дайындаған, ҚР Білім және

ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бүйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарына арналған оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады. «Өзін-өзі тану» пәнін біліктілікті арттыру және қайта даярлау бойынша арнайы курстардан өткен пән мұғалімдері жүргізеді.

«Өзін-өзі тану» пәнін оқыту білім берудің мектепке дейінгі деңгейінен басталады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде баланың жеке әлеуметтік қалыптасуының маңызды кезеңі болып табылады. 5-6 жастағы балалардың мектепалды даярлығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің аяқтаушы буыны болып табылады, бұл бастауыш білім беруді алу үшін баланың бастапқы мүмкіндіктерін теңестіреді.

2014-2015 оқу жылынан бастап республиканың 24 білім беру ұйымдарында оқу және тәрбие процесіне рухани-адамгершілік білім беретін «Өзін-өзі тану» бағдарламасының терендетілген кіріктірілген моделі жүзеге асырылуда.

Рухани-адамгершілік білім беретін «Өзін-өзі тану» бағдарламасын басқа білім салаларымен, тұтас тәрбие процесімен, қосымша білім берумен терендете кіріктіру идеясы білім беру процесін ерекше формада құруды талап етеді, ол білім беру ұйымдарының жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген баланың жеке тұлғасын тәрбиелеуде біртұтас рухани-адамгершілік кеңістік құруды керек етеді.

Рухани-адамгершілік білім беретін «Өзін-өзі тану» бағдарламасының терен кіріктірілген моделінің оқу және тәрбие процесіне енгізуіндік эксперименттік алаңы болған білім беру ұйымдарында (1-қосымша), төменде анықталған педагогикалық шарттар сақталуы:

- сенімділік қалыптасуы, шабытты шығармашылық, өзіндік зерттеулерге, өзіндік даму мен өзіндік жетілдірулерге мүмкіндік беретін жағдайлар болуы;
- рухани-адамгершілік білім беретін «Өзін-өзі тану» бағдарламасының мектептің біртұтас педагогикалық процесіне кіргіуін жүзеге асыруы;
- өскелен ұрпақтың білім алуы мен тәрбиелену процесінде қолданылатын барлық әдістер мен тәсілдердің тек он және ізгілікті болуын көздеуі тиіс.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсын оқу міндетті болып табылады және мазмұны дүниетану оқу курсының аясында жүзеге асырылады. Осыған сәйкес, 2-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағат. 5-9-сыныптарда 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесінен дene шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады; 10-11-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 25 сағат (алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады). Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабактар және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Оқушылардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында «Экономика және қаржылық сауаттылық негіздері» курсының мазмұны 4-сыныпта «Дүниетану» оқу пәнімен, 5-11-сыныптарда «Технология» оқу пәнімен кіріктіріліп оқытылады және бастауыш сынып мұғалімдері мен технология мұғалімдері жүзеге асырады. Оқушылардың экономикалық сауаттылығын арттыру үшін қосымша «Дана Жол» қолданбалы экономика орталығымен әзірленген «Қолданбалы экономика» білім беру бағдарламасы

бойынша факультативтік курсын үйымдастыруға болады.

10-11-сыныптарда бейіндік оқыту өз жалғасын табады (2015-2016 оқу жылында үйымдастырылғандай): қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша жүзеге асырылады. Бір немесе екі бағытты таңдау оқушылардың қажеттілігі мен ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып мектеппен жүргізіледі. Саралап оқытууды жүзеге асыру мен екі бағыт арқылы оқушылардың танымдық қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында кәсіби-бағдарланған тәсілді жүзеге асыру аясында бейіндік пәндерді тереңдетіп оқыту енгізіледі.

ҚР МЖМБС-2015 сәйкес қалалық жалпы орта білім беретін үйымдарда 1-сынып толымдылығы 24-ке жеткенде немесе одан асқанда, ауылдық жерлерде – 20-ға жеткен кезде немесе одан асқанда шағын жинақты мектептерде – білім алушылар 10-нан кем болмаған жағдайда:

- 1) оқыту қазақ тілді емес сыныптардағы қазақ тілі;
- 2) оқыту орыс тілді емес сыныптардағы орыс тілі;
- 3) ағылшын тілі;
- 4) өзін-өзі тану сабактарын өткізуде сыныпты екі топқа бөліп оқыту жүзеге асырылады.

ҚР МЖМБС-2012 сәйкес қалалық жалпы орта білім беретін үйымдарда 2-11-сыныптар толымдылығы 24-ке жеткенде немесе одан асқанда, ауылдық жерлерде – 20-ға жеткен кезде немесе одан асқанда шағын жинақты мектептерде – білім алушылар 10-нан кем болмаған жағдайда:

- 1) оқыту қазақ тілді емес 2-11-сыныптардағы қазақ тілі;
- 2) оқыту қазақ тілді емес 5-11-сыныптардағы қазақ әдебиеті;
- 3) оқыту қазақ, үйғыр, тәжік және өзбек тілдерінде жүргізілетін 3-11-сыныптардағы орыс тілі;
- 4) 2-11-сыныптардағы шет тілі;
- 5) 5-11-сыныптардағы информатика;
- 6) бейінді пәндер (жергілікті атқарушы органдың құзыреттілігіне кіреді);
- 7) 5-11-сыныптардағы дene шынықтыру (ұл және қыз балалар топтарына);
- 8) 5-11-сыныптардағы «Технология» (сынып толымдылығына қарамастан ұл және қыз балалар топтарына) сабактарын өткізуде сыныпты екі топқа бөліп оқыту жүзеге асырылады.

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабактары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1-сыныпта – 24 сағаттан, 2-сыныпта – 25 сағаттан, 3-сыныпта – 29 сағаттан, 4-сыныпта – 29 сағаттан, 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан, 9-сыныпта – 38 сағаттан, 10-сыныпта – 39 сағаттан, 11-сыныпта – 39 сағаттан аспауы тиіс.

Үй тапсырмасы – мұғалімнің сабактан кейін оқушының өз бетімен орындауы үшін берген тапсырмасы. Үй тапсырмасы оқушының сабакта менгерген жаңа материалды ұмытпауының алдын алады, ойын жинақтауына мүмкіндік береді.

Үй тапсырмасының негізгі түрлері төмендегідей:

- 1) материалды оқулық бойынша менгеру;
- 2) әртүрлі жазба және практикалық жұмыстарды (жаттығулар) орындау;
- 3) шығарма және басқа да шығармашылық жұмыстарды орындау;
- 4) әртүрлі сұзбалар мен диаграммаларды дайындау;

5) биология пәнінен гербарий дайындау, табиғат құбылыстарын бақылау, сонымен қатар химия, физика және т.б. пәндерден түрлі тәжірибелік жұмыстар жүргізу.

Үй тапсырмасының тиімділігін арттыруға арналған және оқушылардың терең білім алудына мүмкіндік беретін дидактикалық әдістер:

- оқу жұмысы процесінде жаңа материалды менгерту кезінде оқушылардың үй тапсырмасын дұрыс орындауды назар аударту алғышарт болып табылады;

- үй тапсырмасы тек репродуктивті (түсіндірмелі) әрекетке негізделмей, оқушылардан ойлауды және шығармашылықты талап ететін тапсырмаларға негізделуі тиіс;

- үй тапсырмасын мүмкіндігінше сарапап беру және пәнді терең менгеруге талпынатын, қабілетті оқушылар үшін қыындығы жоғары қосымша тапсырмалар беру;

- үй тапсырмасын орындаудың тиімді тәсілін ұсыну;

- оқушыларды менгерген материалды белсенді қолдануға және оны сапалы менгеруде өзін-өзі бақылауға үйрету.

Кез келген сабактың дидактикалық құрылымында үй тапсырмасын беру кезеңі болады. Ол төмендегі көрсетілген әрекеттерден тұрады:

- 1) әр оқушының ерекшелігін ескере отырып, үй тапсырмасы туралы ақпарат беру;
- 2) оқушыларға үй тапсырмасының, жекелеген жұмыстардың мақсатын, мазмұнын және орындалу тәсілдерін түсіндіру (нақты нұсқаулық беру);
- 3) берілген тапсырманы орындау мерзімі туралы ақпарат беру.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы

29 желтоқсандағы №179 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптары» қағидаларына сәйкес «Пән оқытушысы сынып журналына деректерді енгізіп, үй тапсырмаларын орындау мүмкіндігін ескере отырып, оқушыларға үй тапсырмаларын береді. Үй тапсырмаларын орындау үшін ұсынылатын уақыт (астрономиялық сағатпен): 2-3-сыныптарда – 1,5 сағаттан асырмау, 4-5-сыныптарда – 2 сағаттан асырмау, 6-8-сыныптарда – 2,5 сағаттан асырмау, 9-11-сыныптарда – 3 сағаттан асырмау керек.

«Жалпы білім беретін оқу орындарында 2016-2017 оқу жылының басталуы туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 401 бұйрығына сәйкес:

1. Оқу жылының ұзақтығы мектепалды дайындық сыныптарында – 32 оқу аптасы, 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда – 34 оқу аптасы.

2. Оқу жылы барысындағы каникулдар:

1) 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2016 жылғы 31 қазан - 6 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2016 жылғы 30 желтоқсан – 2017 жылғы 8 қантарды қоса алғанда), көктемгі – 13 күн (2017 жылғы 21 наурыз – 2 сәуірді қоса алғанда);

2) мектепалды даярлық сынныптарында: күзгі каникул – 7 күн (2016 жылғы 31 қазан - 6 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 14 күн (2016 жылғы 26 желтоқсан – 2017 жылғы 8 қантарды қоса алғанда), көктемгі – 15 күн (2017 жылғы 21 наурыз - 4 сәуірді қоса алғанда);

3) мектепалды даярлық сынныптары мен 1-сыныптарда: 7 күн (2017 жылғы 1-7 ақпанды қоса алғанда) мерзімінде қосымша каникул белгіленеді.

Назар аударыңыздар! 2016-2017 оқу жылынан бастап республика мектептерінің кезең-кезеңмен бес күндік оқуға көшу басталады. 2016-2017 оқу жылында бес күндік оқуға республиканың бірінші сынныптары көшеді. 1-сыныпта бес күндік оқу аптасына арналған сабак кестесін жасау жөніндегі әдістемелік ұсынымдама оқу жылғының қарсаңында білім басқармаларына жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің ұлгілік қағидаларының» 18-тармағына сәйкес ата-аналардың немесе өзге де заңды екілдердің мүдделерін ескере отырып, жергілікті білім беруді басқару органдарымен келісім бойынша білім беру ұйымдарында даму мүмкіндігі шектеулі балалармен дені сау балалардың бірлесіп оқытын сынныптары (бір сынныпта даму мүмкіндігі шектеулі екі баладан артық оқытылмауы тиіс) немесе арнайы білім беру ұйымдарының ұлгілік қағидаларында көрсетілген толымдылыққа сәйкес бұзушылық түрлері бойынша арнайы сынныптар ашылуы мүмкін.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес денсаулық жағдайына қарай ұзак уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдарға бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оналту көрсететін ұйымдарда тегін жеке оқыту үйимдастырылады.

Мемлекет инклузивті білім берудің мақсаттарын іске асыра отырып, даму мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін жағдайды қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымдары оқу процесін қашықтықтан білім беру технологиялары (бұдан әрі – ҚБТ) бойынша өз бетінше іске асыра алады.

Оқу процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бүйрүғымен бекітілген «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» (бұдан әрі – Қағидалар) бойынша реттеледі.

Қағидалар бойынша ҚБТ барлық білім беру деңгейлерінде мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар оның ішінде мугедек балалар, I және II топтағы мугедектер болып табылатын білім алушылар үшін қолданылады. ҚБТ бойынша оқуға ниет білдірген білім алушылар еркін нысанды білім беру ұйымы басшысының атына растаушы құжаттарды ұсына отырып оқуда ҚБТ-ын пайдалану мүмкіндігі туралы

үәждемелі негізdemелері бар өтініш жазады. Мүгедек балалар ҚБТ бойынша оқу процесіне қатысу мүмкіндігі туралы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация ұсынымдарын береді. Жалпы білім беру ұйымдарында ҚБТ бойынша оқыту бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу жоспарлары бойынша жүргізіледі.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес экстернат - білім алушы сабакқа үнемі қатыспай-ақ тиісті білім беру бағдарламасының оқу пәндерін өз бетімен оқытын оқыту нысандарының бірі және жергілікті атқарушы орган негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат береді.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстырығына қарамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау», «Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру» және «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың төлнұсқаларын беру» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 179 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру саласында жергілікті атқарушы органдармен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары» бойынша жүзеге асады.

БЕДМБ іске асыру аясында экономиканың тұрақты өсуі үшін қол жетімді сапалы біліммен қамтамасыз ету арқылы білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адам капиталын дамыту мақсатында деңгейлік бағдарлама бойынша оқуға педагог кадрлар белсенді тартылады.

Бағдарламаны іске асырудың тұжырымдамалық негіздері мен деңгейлік қағидаттары оқып шыққан сертификатталған педагог кадрларға коучинг пен менторинг процесі арқылы оқытудың тәжірибесін өзгертуге, желілік педагогикалық қоғамдастық қызметі XXI ғасырда оқушылардың сын тұрғысынан ойлау, өзін-өзі ынталандыру, өзін-өзі реттеу, оқи білу дағдыларын белсенді әрі табысты қолдану дайындығын қалыптастыруға ықпал ететін қажетті білім ортасын құруға мүмкіндік береді.

Үшінші (базалық) деңгей бағдарламасы бойынша оқып шыққан мұғалімдер:

- жоспарлау процесін, бағалау жүйесі мен рефлексиялауды жетілдіруі, жеті модуль тақырыбында кіріктірілген тізбекті сабактар серияларын іске асыруға тиіс.

Екінші (негізгі) деңгей бағдарламасы бойынша оқып шыққан мұғалімдер:

- менторинг мен коучинг арқылы мектепте әріптестерінің жұмыс тәжірибесін жетілдіруі, мектеп мұғалімдерінің кәсіби қоғамдастырының ұйымдастыруы, сынның аясында жоспарлауды және іс-әрекеттегі зерттеу жүргізуі тиіс.

Бірінші (жетік) деңгей бағдарламасы бойынша оқып шыққан мұғалімдер:

- мектепте және оның сыртындағы мұғалімдердің кәсіби қоғамдастырының, соның ішінде коучинг пен менторинг процесін жүзеге асыратын мектеп мұғалімдері тобын ұйымдастыруы;

- білім беру саласында мұғалімдердің зерттеу жүргізу әдістерін түсіндіруді дамытуы; мектеп көлемінде іс-әрекеттегі зерттеуді жоспарлауы және өткізуі тиіс.

Сертификатталған педагог кадрлардың ынтымақтастығын, сондай-ақ деңгейлік бағдарлама бойынша оқудан өтпеген мұғалімдерді процеске тартуды қамтамасыз ету үшін желілік үйымдастыруышы ретінде бекітілген тірек мектептері арқылы Бағдарлама идеяларының орындалуы жүзеге асырылады.

Бағдарламаның түйінді идеяларын бақылап отыру және жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу үшін жалпы білім беретін үйымдардың басшылығы (директор, оның орынбасарлары) оқытудан өткен мұғалімдермен практикалық іс-шаралардың кешенін іске асыруы тиіс:

(Бағдарламаның үшінші (базалық) деңгейі бойынша):

- Бағдарламаның 7 модулін қолданудың, сабактарға қатысу арқылы оқытуда инновациялық тәсілдерді қолданудың тиімділігін бақылау;
- сол мұғалімнен білім алатын окушылардың білім сапасына мониторинг жүргізу.

(Бағдарламаның екінші (негізгі) деңгейі бойынша):

- бағдарламаның 7 модулін қолданудың, сабактарға қатысу арқылы оқытуда инновациялық тәсілдерді қолданудың тиімділігін бақылау;
- сол мұғалімнен білім алатын окушылардың білім сапасына мониторинг жүргізу;
- мұғалімнің өзі зерттеуін іске қосу барысында қызметінің нәтижелілігін кадафалау;
- әріптестерін оқытудың әдістемелік түрғыдан қамтамасыз етілгенін анықтау (жоспарлау, кесте құрастыру);
- бағдарламаның үшінші (базалық) деңгейі бойынша әріптестер тобының оқыту табыстылығына талдау жүргізу (6-10 адам);
- әріптестеріне коучинг және мониторингті менгертудегі мұғалімнің жұмысына бақылау жүргізу.

(Бағдарламаның бірінші (жетік) деңгейі бойынша):

- бағдарламаның 7 модулін қолданудың, сабактарға қатысу арқылы оқытуда инновациялық тәсілдерді қолданудың тиімділігін бақылау;
- сол мұғалімнен білім алатын окушылардың білім сапасына мониторинг жүргізу;
- мұғалімнің өзі зерттеуін іске қосу барысында қызметінің нәтижелілігін кадафалау;
- әріптестерін оқытудың әдістемелік түрғыдан қамтамасыз етілгенін анықтау (жоспарлау, кесте құрастыру);
- бағдарламаның екінші (негізгі) деңгейі бойынша әріптестер тобының оқыту табыстылығына талдау жүргізу (6-10 адам);
- әріптестеріне коучинг және мониторингті менгертудегі мұғалімнің жұмысына бақылау жүргізу;
- мұғалімдердің кәсіби қауымдастырының мектепте және одан тыс жерлерде үйымына, қызмет етуіне бақылау жасау;
- деңгейлік курсардан өткен мұғалімдердің түсініктері бойынша талдау

жасау, білім беру саласындағы зерттеулердің әдістерін түсінуі және жоспар құру мен мектеп көлемінде зерттеу жүргізуі бойынша нақты практикалық әрекеттер жасау қабілетіне талдау жасау.

Жалпы білім беру мектептерінің әкімшілігі үшін оқыту процесін және мектепшілік бақылауды тиімді ұйымдастыруға арналған нормативтер ұсынылады (1-кесте).

1-кесте – Оқу процесі мен мектепшілік бақылауды ұйымдастыруды жүзеге асыру нормативтері

№	Бақылау нысанасы	Нормасы
1	Сабактарға және сыныптан тыс іс-шараларға қатысу және оларды талдау	Аптасына 3-4 сабак (директордың орынбасарлары үшін); Аптасына 3 сабак (мектеп директорлары үшін).
2	Сынып журналдарын тексеру	Айына 1 рет, жылына 8-10 рет
3	Оқушылардың күнделіктерін тексеру	Айына 1 рет, жылына 8-10 рет
4	Пәндер бойынша оқу бағдарламаларының орындалуын тексеру	Тоқсанына 1 рет, жылына 4 рет
5	Оқушылардың жеке іс құжаттарын тексеру	Жылына 2 рет
6	Пәндер бойынша тақырыптық және күнтізбелік жоспарларды тексеру	Жылына 1-2 рет

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мұғалімдерге көмек ретінде келесі құралдар әзірледі және олар Академияның сайтында (www.nao.kz) орналастырылды:

1) PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың математикалық, жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылықтарын дамыту бойынша әдістемелік құралдар. Мұнда әдістемелік ұсыныстар мен оқушылардың білім жетістігін анықтау бойынша халықаралық зерттеулерде қолданылған тапсырмалар енгізілген;

2) білім беру салалары бойынша қолданбалы курстардың мазмұнын жобалау мен өткізу бойынша мұғалімдерге көмек ретінде әдістемелік құралдар;

3) ұлттық тілде оқытылатын мектептерде көптілді оқытудың озық тәжірибесін тарату бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымда қазақстандық мектептерде көптілділікті дамыту жолдары қарастырылған, ұлттық мектептерде пәндерді еki тілде (мектептің оқыту тілінде және мемлекеттік тілде) қатар оқыту ұсынылған;

4) ұлттық тілде оқытылатын мектептерде «Математика», «География», «Физика», «Биология» пәндерін көптілді оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымда жалпы білім беретін мектептердегі сабакта көптілді оқытуды ұйымдастыру мен пайдалану бойынша практикалық ұсынымдар, сабакты жүргізуінде типтері мен формалары, әдістемелік тәсілдердің жиынтығы көрсетілген. Пәнді көптілді оқытудың дидактикалық тәсілдері суреттелген, пән бойынша оқушылардың тілдік құзыретін және

функционалды сауаттылығын дамытудағы жұмыстың мазмұны, әдістері және нысандары бойынша ұсыныстар берілген;

5) ғылым негіздері бойынша ұлттық мектептерге арналған терминологиялық сөздік. Әдістемелік құралда терминологиялық сөздікті өзірлеудің әдістемелік негіздері ашылып, қазақ, орыс, өзбек, үйғыр және тәжік тілдеріндегі оқу әдебиеттерін оқып білуде көмек болатын кең таралымды және жиі қолданыстағы пәндік терминдердің жиынтығы берілген. Сөздіктे ұлттық тілде оқытатын мектептерде тілдік пәндердің бірыңғай тақырыптық минимумы көрсетілген және ғылым негіздері бойынша көрсетілген тілдерде шамамен 11500 термин мен сөз тіркестері жинақталған.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі оқу процесіне қатысушыларын кешенді қолдауды Академия сайты қамтамасыз етеді (www.nao.kz). Мұғалімдерге көмек ретінде сайттың келесі бөлімдері ұсынылады:

- «*Білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету*» (әдістемелік-нұсқау хат, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру), бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары, нормативтік-құқықтық база);

- «*Білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету*» (әдістемелік құралдар, ұсынымдар, тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, Қазақстан Республикасында инклузивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері);

- «*Семинарлар, конференциялар*» (Академияда атқарылған іс-шаралар туралы ақпарат: ғылыми-практикалық конференциялар, тақырыптық семинарлар және т.б.);

- «*Журналдар*» (Академияда шығарылатын «12 жылдық білім беру – 12-летнее образование», «Білім – Образование», «Қазақстан кәсіпкері – Профессионал Казахстана» ғылыми-әдістемелік журналдар туралы ақпараттар);

- «*Сұрақ-жаян*» (оқыту мен тәрбиелеудің өзекті мәселелерін талқылау, Академия мамандарына сұрақтар қоюға болады).

Білім беру қызметін ұйымдастыру кезінде жалпы білім беру ұйымдары басшылыққа алатын Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттар Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сайтындағы (<http://www.adilet.gov.kz>) «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйе» (<http://adilet.zan.kz>) блогында орналастырылған.

Жаңартылған білім мазмұнына көшетін 1-сынып мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету үшін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ НЗМ сайтына (sk.nis.edu.kz сілтемесі арқылы кіру) ұсынылған Жүйелі-әдістемелік кешен (ЖӘК) өзірледі.

Мектеп формасы туралы

Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қантардағы № 26 бұйрығымен орта білім беру үйымдары үшін міндетті мектеп формасының талаптары бекітілді.

Орта білім беру үйымдарындағы міндетті мектеп формасы оқытудың зайырлылық сипатына сәйкес келуі қажет.

Мектеп формасының үлгісі және түсі классикалық үлгіні ұстанып, бірыңғай түстердің үйлесімді гаммасын, үш түстен артық емес түстерді қосуға болады. Шымқай ашық түстер емес жағымды түстер таңдалады.

Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшелігін ескере енгізіледі. Ол құнделікті киетін, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

Ер балаларға арналған мектеп формасына: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, құнделікті киетін жейде (қысқы кезеңге: тоқыма жилет, водолазка). Ер балаларға арналған шалбардың ұзындығы тобықты жауып тұрады, кең пішіледі.

Қыз балаларға арналған мектеп формасына: пиджак, жилет, белдемше, шалбар, классикалық үлгідегі жейде (қысқы кезеңге: тоқыма жилет, сарафан, водолазка). Қыз балаларға арналған шалбардың ұзындығы тобықты жауып тұрады, кең пішіледі.

Ер балаларға арналған мерекелік форма ақ көйлекпен, қыз балалар үшін ақ жайдемен толықтырылған құнделікті киетін формадан тұрады.

Ер балаларға және қыз балаларға арналған спорттық формаға: спорттық костюм (спорттық шалбар, футболка), спорттық аяқ киім (кроссовка, кеды) жатады.

Мектеп формасының негізгі түсіне немесе керегар түсіне сәйкес келетін классикалық үлгідегі галстугі болады. **Мектеп формасында түрлі діни конфессиялардың киімдерінің элементтері болуына рұқсат берілмейтініне білім беру үйымдарының басшылары ерекше мән беруі қажет.**

Мектеп формасында орта білім беру үйымының ерекшеленетін белгілерін салуға алады (эмблема, жапсырма және т.б.). Олар киімнің жоғары бөлігінде немесе аксессуарында орналасады (пиджак, жилет, галстук).

Мектеп формасына қойылатын талаптардың аяу райына, оқу сабактарының өтетін орнына және оқу бөлмесінің температуралық жағдайына байланысты іске асырылуы маңызды. Сонымен қатар, мектеп формасына қойылатын талаптар бойынша зақымдайтын фурнитуралы киімді және аксессуарларды киүгө болмайды.

Мектеп формасының матасы ретінде жартылай жүн және құрамы жақсартылған мақтадан жасалған, киіске төзімді, бактерияға қарсы, антистатик қасиеттері бар маталар қолданылады. Мектеп формасының түстерін, үлгісін және белдемшениң ұзындығын таңдауды орта білім беру үйымдары анықтайды және қоғамдық кеңеспен, мектептің жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітеді.

Мектеп формасы туралы сұрақты талқылауға қатысуға және оны жетілдіруге ұсыныс енгізуге ата-аналардың құқығы бар. Оларға мектеп формасын отандық өндірушілерден сатып алу ұсынылады.

Үйде оқытудың ерекшеліктері

Денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қындық көріп жүрген балаларды үйде жеке оқытуды ұйымдастырудың білім беру бағдарламаларын игеру жалпыға міндетті білім беру стандартының аясында жүргізіледі. Қазіргі таңда балаларды үйде оқыту Қазақстан Республикасының Конституциясымен, "Білім туралы" заңымен бекітілген. Оқыту бағдарламасын (жалпы білім беру бағдарламасы, психикалық дамуы тежелген балаларға арналған бағдарлама, бірінші және екінші типті коррекциялық қосымша бағдарлама) ата-аналардың қатысуымен психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия (ПМПК) анықтайды. ПМПК-ның ұсынысына қарай білім беру ұйымы оқыту бағдарламасын әзірлейді.

Үйде оқытуды жүргізетін әр мұғалім міндетті түрде кемтар балалардың дамуы мен білімді сапалы игеруі туралы динамикалық бақылау күнделігін жүргізеді. Баланың іс-әрекетіне талдау оның психика-дene дамуына қатысты жасалады.

Сабак кестесі Типтік оқу жоспары және жеке ерекшеліктерін ескере отырып мұғалімдердің дайындаған жекелеген оқу жоспарының негізінде құрастырылады. Сабак кестесі ата-аналармен келісіліп, үйде оқытуға жауап беретін мектеп директорының орынбасарымен бекітіледі.

Үйде оқытуды жүргізетін мұғалім өткізілген сабактарды тіркейтін журналды толтырып отырады. Журналда сабактың өткізілген күні, оқытылған материал мазмұны және оған бөлінген сабактар саны көрсетіледі.

Білім алушыларды аттестациялау және көшіру «Білім туралы» заңға, «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестациялау жүргізудің үлгі ережесіне (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (04.11.13 жылғы өзгертулер мен толықтырулар) сәйкес жүргізіледі.

Денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қындық көріп жүрген балаларды үйде оқытуды ұйымдастыру мен жүргізу бойынша бақылауды мектепшілік тексеру аясында мектеп әкімшілігі жүргізеді.

1 «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ПАТРИОТТЫҚ АКТІСІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: «Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында жаңа жүйе құраушы «Мәңгілік Ел» құндылығын жалпыұлттық патриоттық идеясы ретінде ұсынды.

Оның құрылымдық құрамдастары ретінде тәуелсіздік, ұлттық тұтастық, тұрақтылық, толеранттылық, қоғамдық келісім, аумақтық тұтастық, егемендік, теңдік анықталды.

Мемлекеттік саясаттың іргелі негізін құрайтын жоғарыда аталған басымдықтар бүгінгі таңда тәрбие процесін қазіргі қазақстандық қоғам дамуының негізгі стратегиялық және басым міндеттерінің бірі ретінде көрсетеді.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірде іске асырудың іргетасы мектепте қалануы тиіс. Білім беру үйымдарында тәрбие жұмысы мақсатты түрде жүргізуі тиіс, оқытуудың тәрбиелік құрамдастын күшейту қажет.

Жаһандану және ақпараттандыру процестері, көші-қонның өсуі, әртүрлі мәдениеттер тасымалдаушыларымен түрлі деңгейде халықаралық байланыстың артуы, бірыңғай әлемдік экономикалық, ақпараттық, мәдени, білім беру кеңістігін қалыптастыру білім алушы тұлғасын мәдениетаралық қатынастар субъектісі ретінде тәрбиелеу жұмысын күшейтуді талап етеді.

Уақыттың жаңа сын-тегеуріндері мен тәуекелдері көпмәдениетті тәрбие мәселесі және білім беру үйымдарының жұмысында мәдениетаралық, этносаралық қатынастарды күшейту өзекті әрі маңызды болады.

Көшбасшылық қасиеттері бар азамат және патриот қалыптастыру мақсатында білім беру үйымдарында **Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын мерекелеуге** дайындық және «25 жыл: Бір Ел. Бір Тағдыр» патриоттық акциясын өткізу бойынша шаралар үйымдастыру қажет. Еліміз Қазақстан-2030 стратегиясын мерзімінен бұрын жүзеге асырып, егемен дамуының 25 жыл аралығында әлемнің дамыған 50 елі қатарына енгенін, 2050 стратегиясын, «100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспарын жүзеге асыруды бастағанын түсіндіре отырып, әрбір окушының бойында өз Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру қажет.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығын мектептерде мерекелеудің негізгі мақсаты мемлекеттілікті, халықтар бірлігін және барлық қазақстандықтарды «Мәңгілік Ел» құндылықтары төңірегіне шоғырландыруды одан әрі дамыту: Қазақстанның Тәуелсіздіктің 25 жыл аралығындағы жетістіктері мен табыстарын көрсету; қазақстандық қоғамның одан әрі табысты дамуын біріктіретін түйіні болатын «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын және оның құндылықтарын алға бастыру; бірегейлік пен бірлікті нығайту; елі үшін мақтаныш сезімін нығайту; еліміздің барлық азаматтарын мемлекеттің басты стратегиялық міндетін – әлемнің дамыған 30 елінің қатарына енүін іске асыру болуы тиіс.

«Бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам»

Ұлт жоспарындағы 85-ші және 89-шы қадамдар Мәңгілік Ел идеясына арналған. Сынып жетекшілері тәрбие жоспарына «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық актінің түсіндіру және зерделеуді ұйымдастыру жөніндегі ішаралар жоспарын енгізу қажет (төменде ұсынылып отыр).

Сынып сағаттарын өткізу кезінде тәрбиенің жаңа технологиялары мен белсенді формаларын өнімді пайдалану ұсынылады. Ресурс ретінде отандық әдебиеттерден, кинематограф, жарияланымдарды, поэзияны, өзінің өмірлік жағдаяты туралы шығармаларды қолдану ұсынылады. Қазақстан тарихындағы негізгі оқиғалардың бірі болып табылатын «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізу туралы материалдарды пайдалану орынды болар еді және еліміздің беделін қалыптастыруға, экономикасы мен мәдениетін, туризмін дамытуға өз улесін қосады.

«Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық актісін түсіндіру және зерделеуді ұйымдастыру жөніндегі ішаралар жоспары

№ р/с	Ішаралар атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Қаржылан дыру
1	<i>Педагогикалық оқулар өткізу (дәрістер) Білім беру саласы қызыметкерлерінің тамыз конференциясы аясында білім беру ұйымдарында «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін іске асыру</i>	Ұсыным-дама	МДОБД, ТКБД, ЖЖОБД	2016 жылғы тамыз	Қарастырылған қаражат шегінде
2	<i>«2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хатқа «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі» тарауын енгізу</i>	Әдістемелік-нұсқау хат	МДОБД, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА	2016 жылғы шілде	Қарастырылған қаражат шегінде
3	<i>Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жөніндегі барлық курстардың оқу жоспарларына «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі міндетті дәрісін енгізу</i>	Дәріс	МДОБД, «НЗМ»ДББҰ (келісім бойынша) «Өрлеу» АҚ, БАҰО, «Бебек» ҰППББСО	Ұдайы	Қарастырылған қаражат шегінде
4	<i>«Мәңгілік Ел» патриоттық актісі бойынша тақырыптардың тізбесін анықтау; - Қазақ тілі және әдебиет, орыс тілі және әдебиет сабактарына арналған шығармалар мен эсселер;</i>	Шығармалар мен эсселер тақырыбы, ЖАО хат	МДОБД, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА	2016 жылғы қыркүйек, ұдайы	Талап етілмейді


	- Қазақ тілі және орыс тілі сабактарына арналған диктанттар; Сабактарда пайдалану.				
5	2016 жылы – 1-сыныптарда, 2017жылы - 2, 5, 7 сыныптарда, 2018 жылы - 3, 6, 8, 10 сыныптарда, 2019 жылы - 4, 9, 11, 12 сыныптарда іске асырылатын «Мәңгілік ел» патриоттық актісі білім беру мазмұнын жаңарту аясында жалпы білім беру бағдарламаларына енгізу	ҚР БФМ бүйрек	МДОБД, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, ЖАО	2016-2019 жылдар	Талап етілмейді
6	<i>Онлайн-кездесу өткізу «НЗМ – орта мектеп: «Мәңгілік ел» патриоттық актісі (НЗМ тәжірибесін тарату бойынша «Шаңырақ» жобасын іске асыру)</i>	Ақпарат	МДОБД, «НЗМ» ДББҰ, ЖАО (келісімі бойынша)	2016-2017 оқу жылы	Талап етілмейді
7	Әлеуметтік сұрақ жүргізу жастар патриоттық денгейінде «Мәңгілік ел» патриоттық идеясын іске асыру аясында 2000 жасөспірімдер мен жастарды қамту	Жаппай саулнама	ЖСД ЖЖОБД	2017 жылға дейін	Қаралған қаражат шенберінде
8	«Мәңгілік ел» патриоттық актісі және жалпыұлттық патриоттық идеяны түсіндіруді үйымдастыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін қоғамдық пікір, жастар ортасында танымал блогерлер мен көшбасышыларды тарту, (АПТ құру)	Ақпараттық жұмыс	ЖСД, ЖЖООБД	Жыл бойына	Қарастырылған қаражат шегінде
9	«Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын менгеру және түсіндіру бойынша әдістемелік материалдарды әзірлеу Ғылыми-танымдық www.zivatker.org сайтында балаларға арналған орналастыру	Әдістемелік материалдар	МОБД РОСО	Жыл аяғына дейін Ұдайы	Қарастырылған қаражат шегінде
10	Қазақстанды мекендейтін басқа этностар мен қазақ халқының салт-дәстүрін және мәдени құндылықтарын түсіндіру бойынша өлкетану және туристік экспедициялар үйымдастыру (көлікпен шығу және жаяу)	ҚР БФМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары	Ұдайы	ЖБ-дан қаралған қаражат шенберінде, демеушілердің және атапаналар-

					дың есебінен
11	<i>Қайта Өркендеу үлттых үшін мектептерінің желісін кеңейту</i> Қазақстан халықтары Ассамблеясы «Үлкен ел - үлкен отбасы» жобасы аясында жастар мен балаларды қамтуды кеңейту (Үлттыхоспары 86-қадам)	ҚР БФМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары	Ұдайы	ЖБ-да қаралған қаражат шенберінде
12	www.ziyatker.org порталында «Жас патриот» туристік маршруты интернет-жобасын құру	Туристтік Маршруты	МОБД, ҚБРОӨО	2017 жыл	РБ-да қаралған қаражат шенберінде
13	<i>Ең үздік балалар белсенділігіне өнірлік конкурстар өткізу.</i> Жалпы үлттых және адами құндылықтар негізінде балалар мен жастардың белсенді жобаларының мәліметтер жинағын құру	ҚР БФМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары	Ұдайы	ЖБ-де қаралған қаражат шенберінде
14	2016 жылғы 1 қыркүйек - Білім күні «Мен елімнің патриоттымын» атты Бірыңғай сабак өткізу	Ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары	Сентябрь 2016 жыл қыркүйек	Қаралған қаражат шенберіндегі
15	«Үлкен ел – үлкен отбасы» (Үлттыхоспары 86-қадам) жобасы аясында жазғы демалыс және сауықтыру мекемелерінде жалпыреспубликалық кезек өткізу	ҚР БФМ-ге ақпарат	МДОБД, «Балдәурен РОСО», облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары	Ұдайы	Қаралған қаражат шенберінде
16	www.ozin-ozi-tanu.kz порталында педагогтер мен ата-аналарға қолдау көрсету мақсатында «Руханиадамгершілік тақырыбына әнгіме» айдарын құру	Интернет порталы брикасы	МДОБД, «Бөбек» ҰППББСО	2017 жыл	Қаралған қаражат шенберінде
17	<i>Республикалық іс-шаралар өткізу:</i> - «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың слеті (жарыс, жорықтар); - Мәдени-танымдық «Үрпак» жобасы аясында жас		МДОБД, ҚБРОӨО	2016-2019 жылдар	Қаралған қаражат шенберінде

	өлкетанушылардың, экологтардың және табиғат зерттеушілерінің "ЭКСПО - 2017" форумы				
18	«Мәңгілік ел» патриоттық актісі білім беру үйымдарында ақпараттық стендер, бұрыштар, кітап көрмелерін дайындау	Ақпарат	ЖСД, МДОБД, ЖАО	2016 жылға дейін	Қаралған қаражат шенберінде
19	<p>Респубикалық қашықтық конкурстары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - шығарышылық (эссе, өлеңдер, зерттеу жобалары, туган өлкे туралы бейнефильмдер, суреттер) «Ұлы Даңа Елі» педагогтер арасында, колледж және мектеп білім алушылары арасында; - колледж және мектеп білім алушылары арасында - «Отанға жиырма бес ігі іс!»; - колледж және мектеп білім алушылары арасында «Көк байрағым» мемлекеттік рәміздер және геральдикалар тарихынан білімдері 	Конкурс	МДОБД, ҚБРОӘО	2016-2017 жылдар	Талап етілмейді
20	«Мәңгілік ел» патриоттық актісі білім беру үйымдарында ата-аналарға арналған қоғамдық тыңдау өткізу	Ақпарат	ЖСД, МДОБД, ЖАО	2017 жыл	Қаралған қаражат шенберінде

2МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚТОПТАРЫ МЕН СЫНЫПТАРЫНДАТӘРБИЕЛЕУ-ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТАЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мектепалды даярлық білім беру жүйесі алғашқы саты ретінде мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабактастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді, 6-7 жастағы балалардың зияткерлік және денесінің дамуы үшін жағдайлар жасайды.



Қазіргі таңда мектепалды даярлық мектепке дейінгі ұйымдарда және жалпы білім беретін мектептердің мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады.


Мектепалды даярлықтың негізгі міндеті – балалардың мектепте оқуға уәжін және оған эмоциялық дайындығын қалыптастыру.

Мектепалды даярлықтың негізгі мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы, зияткерлік, дene дамуын, олардың білімді игеруге дайындығын қамтамасыз ету, оқу әрекетін менгеру үшін балада тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- балаларды мектепте оқуға мақсатты бағытпен және жүйелі дайындау;
- жеке қабілеттері мен дарындылығын дамыту;
- ұлттық, жалпы адами этикалық және мәдени құндылықтарға балаларды баулу, баланың зияткерлігін дамуы;
- рухани-адамгершілік құндылықтарды, отансу йгіштік, төзімділікті қалыптастыру;

- балалардың коммуникативтік және әлеуметтік құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- білуге құмарлықты, шығармашылық белсенділік пен бастамашылықты дамыту;
- балалардың денесі мен психикалық саулығын нығайту;
- білім берудің сабактастыры мен үздіксіздігін қамтамасыз ету.



• 3

2016-2017 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарында білім беру процесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (бұдан әрі – Стандарт), Мектепалды даярлықтың білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкес үйімдастырылады.

Мектепалды даярлық білім беру бағдарламасы баланың мектепте білім алу даярлығын (әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, дене бітімі және зияткерлік даярлығы) қамти отырып, сондай-ақ баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал етеді.

Бағдарлама құрылымы мен мазмұны мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тәрбиелік, дамытуши, оқытуши міндеттерінің бірлігі мен кіріктірілуі, бірізділігі, жүйелілігі, сабактастыры сияқты педагогикалық

қағидаттар негізінде құрылған.

Барлық іс-шаралар мен сабактар болашақ бірінші сынып оқушыларын оқытуға емес, олардың белсенділігін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін, танымдық қызығушылығын, құрдастарымен және ересек балалармен қарым-қатынасқа түсे білу біліктерін дамытуға ерекше мән береді.

Бағдарламада «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» білім беру салалары мазмұнының негізгі аспектілері анықталады. Барлық білім беру салалары бір-бірімен байланысты: бала таниды, тани отырып, білгенін әңгімелеп береді; талқылау және зерттеу барысында құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етеді. Білім беру салаларының өзара байланысы және өзара әрекеттестігі қоршаған ортаның тұластай бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепалды даярлық сыныптарында оқу жүктемесі 24 сағатты құрайды, оның ішінде 20 сағаты сабактарға, 4 сағаты - вариативтік компонентке қарастырылған. Мектепалды даярлық сыныптарында ұзақтығы 25-30 минутты құрайтын төрт сабак өткізіледі. Олардың арасындағы үзілістердің ұзақтығы 10-12 минут болуы тиіс, үзілістерде баяу қарқынды қимылды ойындар ұйымдастырылады.

«Денсаулық» білім беру саласы белсенді қымыл әрекеті дағдылары мен денелік өзін-өзі жетілдіру қажеттілігіне деген қызығушылықты қалыптастыру және дамыту, балаларды салауатты өмір салты негіздеріне баулуга бағытталған.

«Қатынас» білім беру саласынан алғандағы адамдармен бірлесе әрекет ету және байланысқа түсу ептіліктерін қалыптастыру, қарым-қатынас жағдаяттарын ажырату, өз мінез-құлқын дұрыс және сәйкесінше ұстауға бағытталған.

«Таным» білім беру саласы танымдық-зерттеу әрекеті үшін жағдай жасауға бағытталған.

«Шығармашылық» білім беру саласы мектеп жасына дейінгі балаларда шығармашылық қабілеттің, ойлау мен қиялдың қалыптасусына, эстетикалық талғамы мен эмоционалды-сезімдік аясының, өзінің ішкі жан дүниесін көркемдік формада жеткізе білуге деген ұмтылышын дамытуға жағдай жасау, өнер құралдарымен тәрбиелеуге және музыкалық-көркемдік әрекет тәсілдері мен ойын арқылы өнер әлеміне баулуга бағытталған.

«Әлеуметтік орта» білім беру саласы әлеуметтік ортаға бейімделу, кез келген ортада еркін бірлесе әрекет ету, өз Отанына сүйіспеншілік таныту біліктерін қалыптастыру, адамгершілік-рухани білім негіздерін дамытуға бағытталған.

Мектепалды даярлық сыныптарында балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасау

Стандарт талаптарын іске асыру үшін әрбір мектепалды даярлық топтарында келесі талаптармен жағдайлар жасау қажет:

Психологиялық-педагогикалық жағдайларға қойылатын талаптар:

1) ересектердің балаға құрметпен қарауы, балалардың жағымды өзін-өзі

бағалауын, өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сенімділігін қолдау;

2) білім беру әрекетінде жұмыстың балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс түрлері мен әдістерін қолдану;

3) мектепалды даярлық сынныптарының педагогтері, мамандары және ата-аналарының бірлескен әрекеті негізінде әрбір баланың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне бағытталған білім беру әрекетін құру;

4) ересектердің балалардың бір-біріне жағымды, қайырымды қатынастарын, әртүрлі әрекет түрлерінде олардың өзара бірлескен әрекеттерін ересектердің қолдауы;

5) дene және психикалық озбырылықтың барлық түрлерінен балаларды қорғау;

6) балалардың даму бұзылыстары мен әлеуметтік бейімделуін диагностикалау және түзету үшін қажетті жағдайларды жасау;

7) балаларды тәрбиелеуде, олардың денсаулықтарын қорғау мен нығайтуда ата-аналарды қолдау, ата-аналарды білім беру әрекетіне тарту.

Педагогикалық процесті ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

1) арнайы білімі бар педагог кадрлармен қамтамасыз ету;

2) педагог кадрлардың кәсіби шеберліктерін арттыру;

3) баланы тәрбиелеу мен дамыту, соның ішінде инклузивті білім беру мәселелерінде педагогтергежәне ата-аналарға кеңес беру;

4) білім беру процесін ұйымдастыру, әдістемелік қамтамасыз етуді қолдау.

Сабактарды өткізуға қойылатын талаптар

1) ең жоғарғы мүмкін көлемі мен ұзақтығын қамтамасыз ету;

2) санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелеріне;

3) үлгілік оқу жоспарларына сәйкес болуы қажет.

Заттық-кеңістік дамытуши ортага қойылатын талаптар

Заттық-кеңістік дамытуши орта толық мазмұнды, өзгермелі, көпатқарымды, вариативті, қолжетімді және қауіпсіз болуы керек және:

- Бағдарламаның мазмұнын тиімді іске асыру үшін қазіргі дидактикалық материалдарды, жабдықтар мен мүккамалдарды қолданып дамыту мен тәрбиелеуге;

- балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға;

- балалардың дамындағы жетіспеушіліктерді түзету, инклузивті білім беру үшін жағдайлар жасауға;

- әртүрлі білім беретін және дамытуши бағдарламаларды жүзеге асыруға;

- балалардың ойын, танымдық, зерттеу, шығармашылық және қымылдық белсенділіктерін қамтамасыз етуге;


- заттық-кеңістік ортада балалардың айналасындағы ересектермен және балалармен өзара бірлесіп әрекет етуде эмоционалдық саулығына;

- балалардың өз ойларын айта білуіне бағытталған.

Заттық-кеңістік дамытуши ортаны құру кезінде гендерлік тәсілді ескеру және ұлдар мен қыздарға тән заттар, ойыншықтар және материалдармен қамтамасыз ету.

Заттық-кеңістік дамытуши орта білім беру салаларын кіркітіру ұстанымдары ескеріліп құрылады.

Мысалы:



Бір білім саласына арналған материалдар мен жабдықтарды басқа білім беру салаларын жүзеге асыру кезінде де қолдану қажет. Жабдықтарды таңдау балалардың шығармашылық, психологиялық және дene дамуына барынша мүмкіндік беретін келесі әрекет түрлері үшін іске асырылады: ойын, танымдық-зерттеу, коммуникативтік, еңбек, көркем-музыкалық, көркем әдебиетті қабылдау және т.б.

Заттық-кеңістік дамытушы орта мектепалды даярлық бойынша оқу материалдарынан тұрады.

Мектепалды даярлық бойынша оқу материалдары пәндер кешен түрінде берілген. Эрбір кешенниң құрамында әліпби-дәптер, дидактикалық материалдар, мультимедиялық-анимациялық электрондық құралдар және әдістемелік нұсқаулық бар.

Барлық мектепалды даярлық сыйыптары өзінің қызметінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №217 бұйрығымен бекітілген «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту обьектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын басшылыққа алады.

Білім беру процесін үйымдастырудың әдістемелік тәсілдері

Білім беру процесін тиімді үйымдастыру және балаларды мектепке дейінгі үйымдарда сапалы тәрбие және оқытумен қамтамасыз ету мақсатында мынадайұстанымдар мен тәсілдер қарастырылуы қажет:

- тәрбие мен оқытудың барлық қатысушылары – педагогтер, психологтар, ата-аналармен баланың тұлғасын қалыптастыру мен оның қабілеттерін дамытуда кешенді тәсіл;
- балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оларды дамытудағы әрекеттік тәсіл;
- тәрбие мен оқытудың мазмұны мен әдістерінің бірлігі, сабактастыры, үздіксіздігі;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы білім беру процесін интерактивті құру.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мазмұны мектеп жасына дейінгі балаларға арналған үйретуші және дамытушы бағдарламалардан тұратын ресурстары бар интерактивтік жабдықтан тұрады.

Инновациялық технологиялардың ерекшеліктері бір уақыттағы әрекет барысында бірнеше әрекеттің қатар жүргізілуінде көрінеді: мәтінді кәсіби дикторлардың айтуы; мультимедиялық анимациялық материалдарды көрсету;- балалардың білім беру әрекетіне қатысуында.

Мектепалды даярлықтың білім беру бағдарламасы «Новые решения», «Алматықітап» және «Арман-ПВ» баспаларымен әзірленген әдістемелік ұсынымдармен, оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіледі.

Мектепалды даярлық сынныптары педагогтерінің қызметін ұйымдастыру

Мектепалды даярлық сынныбының мұғалімі білім беру процесін ұйымдастыру үшін:

- балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз етеді;
- топтағы білім беру әрекетін жоспарлайды;
- денсаулықты сақтау шараларын жүргізеді;
- білім беру салаларын кіркітіруді ескеріп, заттық-кеңістік дамытушы ортаны құрады;
- балалармен жұмыста тұлғаға бағытталған тәсілді жүзеге асырады;
- жеткен нәтижелерді талдау негізінде бала мен сынныптың алдағы әрекетін жобалайды;
- озат педагогикалық тәжірибелі зерделейді, инновациялық әдістер мен технологияларды қолданады;
- балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша ата-аналарға консультациялық көмек көрсетеді;
- мүмкіндігі шектеулі балаларды инклузивті тәрбиелеу мен оқыту үшін қажетті жағдайларды жасайды.

Мектепалды даярлық сынныбының мұғалімі сынныптың күн тәртібіне сәйкес келесі әрекеттерді жүзеге асырады: сабактарды жүргізу, балалармен қарым-қатынас, ойындар, ата-аналармен жұмыс және т.б.

Мемлекеттік, орыс, шет тілдерінің педагогтері:

- үйретілетін тілдің ерекшелігін ескеріп, сабактарды жоспарлайды және ұйымдастырады;
- оқытудың әртүрлі формалары, әдістері, тәсілдері және құралдарын

қолданады;

- балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді;
- баланың тілдерге жеке қабілеттерін байқайды және оны дамытуға жәрдемдеседі;
- интерактивтік жабдықтар негізінде инновациялық технологияларды қолданады;
- үш тілді оқытудукшеге асырады.

Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінің мұғалімдері ҮОЖ тілді мақсатқа бағыттап үйретуді жүзеге асырады.

Музыка мұғалімі: балалардың музыкалық дамуын жүзеге асырады; музыка сабактарын, балалар мерекелері мен басқа да мәдени-бұқаралық ісшараларды ұйымдастырады және өткізеді; музыкаға дарынды балаларды анықтайды; балалармен жеке жұмыс жүргізеді; балаларды музыкаға тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес береді.

Денешынықтыру мұғалімі: сабактарды жоспарлайды және өткізеді; дene тәрбиесі бойынша озат педагогикалық тәжірибелі зерделейді және инновациялық технологияларды қолданады.

3 БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ДЕНГЕЙІНДЕГІ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

3.1 Жаңартылған білім мазмұны бойынша 1-сыныпта пәндерді оқытудың ерекшеліктері

2016-2017 оқу жылы 1-сынып мұғалімдері мен оқушылары үшін ерекше оқу жылы болып табылады. Елімізде мектеп табалдырығын аттаған барлық 1-сынып оқушылары ҚР МЖМБС-2015 сәйкес жаңартылған білім мазмұны оқу жоспарлары және оқу бағдарламаларымен оқытын болады.

Отандық орта білім мазмұнын жаңарту барысында қазіргі өмірде кең ауқымды дағдыларға көп көңіл бөлінеді. Бұл дағдылар жалпыадамзаттық және этномәдени құндылықтарға негізделе отырып, оқушыларға окудағы, сондай-ақ өмірдегі проблемаларды шешуіне мүмкіндік береді. «Кең ауқымды дағдылар» келесі іс-әрекет түрлерінен тұрады: білімді шығармашылықпен қолдану; сынни тұрғыдан ойлау; зерттеу жұмыстарын орындау; АКТ қолдану; тілдік дағдылармен бірге қарым-қатынастың коммуникативтік тәсілдерін қолдану; топта және жеке жұмыс жасау біліктілігі.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы мектептің ерекшелігі – окудағы жетістіктер нәтижелі сипатқа ие, ал оқу процесі оқушылардың әрбір сабакта білімді «табудағы» белсенді қызметімен сипатталады. Бұл жағдайларда оқушы – таным субъектісі, ал мұғалім оқушылардың танымдық әрекетінің үйімдастырушысы қызметін атқарады.

Әрбір оқушыны жасына да, мүмкіндігіне де қарамастан тұлға ретінде қабылдауға қол жеткізуге ұмтылу қажет. Оқыту мақсаты оқушы және мұғалім үшін ортақ болады, міне, білім мазмұнын жаңартудың педагогикалық аспектісінің мәні осында.

Бұған қол жеткізуде әрбір мұғалім өзінен бастайды, ол жаңарту процесінің әлеуметтік аспектілерін көрсетеді. Мұғалім педагогикалық ойлау немқұрайлығын жене оқушымен бірге өзі де оқуы тиіс.

Білім алушылардың қолайлы дамуы үшін достық қарым-қатынастағы ортаны құру өте маңызды болып табылады.

Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде бастауыш мектепте:

- ✓ энциклопедиялық сипаттағы фактологиялық материалды беруге бағытталған оқытудан, акцентті ақпарат алу тәсілдерін үретуге ауыстыру;
- ✓ ынтымақтастыққа және дербестікке қабілетті тұлғаны әлеуметтендіру;
- ✓ ақпаратты өздігінен алу, талдау және тиімді қолдану дағдысын қалыптастыру;
- ✓ оқу бағдарламаларында көрсетілген білім мазмұны анықталатын және білім салалары бойынша әрі қызмет аспектілерін көрсететін күтілетін нәтижелерге көңіл аударатын оқу процесін дәстүрлі үйімдастырудан бас тарту көзделеді, яғни оқушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды».

Жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері:

- пән мазмұнын жобалаудың күрделілік ұстанымы, яғни білім мен біліктірді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру);
- таным заңдылығы мен пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдысының деңгейлік жіктелімдеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы;
- білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәннішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік беру;
- бір білім саласы пәндері арасында, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру барысында «ортақ тақырыптардың» болу;
- бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұндының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назар аудару;
- оқу процесін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар түрінде технологияландырылу болып табылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің ең күрделі және жауапты кезеңі – бірінші сыныпта оқу процесін ұйымдастыру.

1-сыныптарда оқыту мақсаты - 6-7 жастағы бүлдіршіндерде буынмен оқу, тұтас сөздерді оқу, мәнерлі мазмұндау, жатқа айту қабілеттерін қалыптастыру, сауатты жазу қабілеттеріне дағылданыру, байланысты сөйлеуін дамыту және т.б. болып табылады. Сондықтан, бірінші сыныптықтардың танымдық қызметінің оң мотивациясын қалыптастыру ерекше маңызды болып саналады және оқу процесі қарапайымнан күрделіге, жеңілден қынға өту қағидасы бойынша құрылуы тиіс.

Бірінші сыныптардың оқушыларына оқу жылының бірінші жарты жылдығында баға қойылмайды, ынталандырудың басқа әдістері мен тәсілдері қолданылады. Бірінші сыныпта оқушыларға үй тапсырмасы берілмейді.

Білім беру ұйымдарында оқу сабактары сағат сегізден ерте басталмайды.

ҚР БFM 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығына сәйкес 1-сыныпта балалардың оқу процесіне бейімделу кезеңін жеңілдету мақсатында оқу жүктемесі бірте-бірте үлгайтады, яғни оқу жүктемесін біртіндеп өсірудің «сатылы» сабак кестесі қолданылады: бірінші жартыжылдықта сабактар 35 минуттан, екінші жартыжылдықтан бастап сабактар 45 минуттан болады.

1 сыныпта қосарланған сабактарды өткізуге жол берілмейді (ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы №179 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қафидалары). Оқу жылының барысында 1-сынып оқушылары үшін III тоқсанда қосымша 1 апталық демалыс беріледі.

Сабак кестесіндегі үзілістердің ұзақтығы оқушылардың тамақтануы мен белсенді демалысын ескеруі қажет.

Ортақ тақырыптар

Пәндерді, бөлімдерді, тақырыптарды кіріктіру, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру құралы – ортақ тақырыптар – жаңартылған

бағдарламалардың бірден бір ерекшелігі болып табылады. Олар барлық пәндердің мазмұнымен, ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлау жүйесімен байланысқан. Сондықтан, мұғалім қысқа мерзімді жоспар дайындауда ортақ тақырыптар жүйесін сақтау және тапсырмаларды құрастыру мен оқушылардың сабактағы қызметін үйімдастыруды оларды ескеруі тиіс.

1-сыныпта ортақ тақырыптар әр тоқсанға 2-еуден тең бөлінген, олардың әрқайсысына шамамен бірдей сағат саны қарастырылады. Мұғалім әрбір ортақ тақырып үшін сағат санын білім алушылардың дайындық ерекшелігіне байланысты өзі өзгертеді (2-кесте).

2-кесте – Ортақ тақырыптар

1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
Барлығы мен туралы	Менің отбасым және достарым	Саяхат	Тағамдар және сусындар
Менің мектебім	Бізді қоршаған әлем	Салт-дәстүрлер жәнеауыз әдебиеті	Дені саудың - жаны say!

Оқу жоспарлары

Оқытудың күтілетін нәтижелері оқытудың ұзақ мерзімді және орта мерзімді мақсаттар жүйесін құра отырып, нақты оқу пәнінің оқыту мақсаттарында әрбір бөлім бойынша нақтыланады.

Пәндер бойынша оқу бағдарламаларына қосымша берілген оқу жоспарлары ұсыныс сипаттында болады. Оқытудың мақсаттар жүйесі мен тәсілдеріне негізделген ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарларда мұғалімдер үшін тақырыптар мен бөлімдер бойынша сабактар өткізу, сабактарда оқушыларды үйімдастыру ұсыныстары берілген, сондай-ақ оқыту ресурстары қосылған (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейне- және аудиоматериалдары және т.б.).

Ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының элементі ретінде оқу жылына арналған тақырыптар мен бөлімдерді анықтайды.

Ұзақ мерзімді жоспар белгілі бір бөлімнің/бөлімшенің/тақырыптың аясына қажетті оқу мақсатын қамтиды.

Әдетте, орта мерзімді жоспарлардың оқу бағдарламасын сабактардың жүйелі сериясына құрылымдайтын мұғалімдер тобы немесе жеке мұғалім жүзеге асырады. Орта мерзімді жоспар ұзақ мерзімді жоспармен анықталған бағдарларды нақтылайды және ең қысқа мерзім аралығында жүзеге асырылады. Орта мерзімді жоспарларда белгіленген кезеңге арналған негізгі міндеттерді тұжырымдайды. Онда әрбір тоқсанға немесе бөлімге арналған оқыту тақырыптары көрсетіледі. Бөлімдер ішінде сағаттарды бөлуді, сондай-ақ мұғалімнің қалауына қарай өзгертуге болады.

Орта мерзімді жоспарлар оқытудың мақсаттары мен тәсілдеріне негізделе отырып, мұғалімдер үшін тақырыптар мен бөлімдер бойынша сабактар өткізу, сабактарда оқушыларды үйімдастыру ұсыныстары, сондай-ақ ресурстар берілген (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейне- және аудиоматериалдары және т.б.). Мұғалім сыйнаптағы оқушылардың жеке ерекшеліктері мен үлгерім

денгейін ескере отырып, тапсырмалардың кейбір түрлерін өзгерту және түзетуі мүмкін. Мұғалім қысқа мерзімді жоспарды немесе сабак жоспарын орта мерзімді жоспардың сонында ұсынылған үлгіге сай өзі әзірлейді. Қысқа мерзімді жоспар дайындағанда мұғалімге саралай оқыту тәсілі мен оқушылардың жеке ерекшеліктеріне ерекше назар аудару ұсынылады. Сабакты қысқа мерзімді жоспарлау мұғалімге сабак мақсаттарына анағұрлым тиімді қол жеткізуге көмектеседі. Ол үшін мұғалім оқу материалы мен сабактағы әрекет түрлерін мұқият ірікте алуды керек. Мұғалім әр сабактан кейін білім алушылар менгере алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабакқа талдау (рефлексия) жасап отыруы керек.

Қысқа мерзімді жоспар құрған кезде мұғалімге төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алуына болады:

- сабакты ұйымдастырғанда оқу бағдарламасында және оқу жоспарында көрсетілген мақсаттарды басшылыққа алу қажет;
- сабак мақсаттарын анық тұжырымдау (S.M.A.R.T. қағидасы бойынша), яғни нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы мақсаттар қою;
- орта мерзімді жоспарда көрсетілген барлық іс-әрекеттерді, әдістемелік кеңестерді, ресурстарды мұқият зерделеу;
- мұғалімнің қалауы бойынша іс-әрекет түрі қажеттілігіне қарай толықтырылып отырады.

Мұғалім білімнің тек дара көзі ретінде емес, оқушылардың өздерінің оқутанымдық қызметінің белсенді ұйымдастыруышы ретінде қызмет етуі тиіс.

Ресурстар

Мұғалімдерге қолдау көрсету үшін ҚР МЖМБС-2015, оқу бағдарламалары және оқу жоспарлары (ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлардың үлгілері), критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік-нұсқаулық материалдар, сандық білім беру ресурстары ұсынылатын болады. Мұғалімдерді Зияткерлік мектептердің ресурстық орталықтары, онлайн-консультативтік жүйесі арқылы оқыту жүзеге асырылатын болады. Академияда мұғалімдер үшін әдістемелік қамтамасыз ету және көмек көрсету мақсатында «Тіл және әдебиет» білім саласы пәндері, «Математика», «Дүниетану», «Жаратылыштану» пәндерінен, «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнін оқытудан қысқа мерзімді жоспарлар дайындау бойынша әдістемелік құралдар мен ұсыныстар және басқа материалдар әзірленді.

Аталған құралдар Академия сайтында (www.nao.kz) орналастырылған.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ресми сайтында <http://nis.edu.kz>, жаңартылған білім мазмұны бойынша барлық ақпаратты біріктіретін және барлық орталықтардың сайттарындағы сілтемелерден тұратын, жаңартылған білім мазмұнын тарататын бірыңғай он-лайн платформа құрылған www.cpm.kz, www.cer.kz, www.erc.kz, www.cpi.kz.

Педагогикалық тәсілдер және ынтымақтастық

Жаңартылған білім мазмұны мұғалімнен әрекеттік технологияларды енгізу, балалармен адамгершілік қатынас қағидасын іске асыруы арқылы сыйыптағы әрбір оқушының жеке қабілеттері мен шығармашылық қатынасын дамытуды қамтамасыз ететін іс-әрекеттерін ұйымдастыруды талап етеді.

Заманауи мұғалім оқыту стратегиясының барлық мүмкіндіктерін қолдану үшін түрлі педагогикалық тәсілдерді құрамдастыруды әртүрлі арсеналы болу қажет. Білім беру стратегиялары барлық сыныппен, топта жүргізілетін жұмыс, жеке жұмыс және білім алушылармен кері байланыстан тұрады. Мұғалім әріптерімен бастаудың сыныппа оқыту бойынша желілік кәсіби қауымдастық шеңберінде, коучинг және менторинг процестерінде кәсіби ынтымақтастық орнату қабілеттерін жетілдіруі қажет.

Қолданыстағы оқу бағдарламаларымен салыстырғанда жаңартылған білім мазмұны бағдарламаларының оқыту мақсаттарына табысты қол жеткізудегі түрлі әдістер, технологиялар мен стратегияларды қолдану жөнінде мұғалімге арналған ұсыныстар берілген «Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері» бөлімі қосылған.

Мысалы:

1) стратегиялар: өздігінен басқарылатын, эксперименттік, сыни, коммуникативтік, мәнмәтіндік;

2) технологиилар: шағын топтардағы (командадағы) жұмыс, кейс-стади (накты жағдаяттар талдауы), рөлдік және іскерлік ойындар, модульдік оқыту.

3) әдістер: проблемалық оқыту, жеке оқыту, пәнаралық байланыс, тәжірибе негізінде оқыту, жобалау әдісі.

Мұғалім педагогикалық міндеттерді шешу және оқытуда стереотиптерді жоюға, өзінің тұлғалық және кәсіби қасиеттерін жетілдіруге ұмтылуы тиіс. Ол үшін он-лайн және офф-лайн режимдерінде әріптерімен белсенді қарым-қатынас және тәжірибе алмасу, талқылау және ынтымақтастық орнатуда, ортақ проблемалар мен инновацияларды енгізуде мұғалімдердің кәсіби желілік қауымдастырын пайдалану ұсынылады.

Бағалау жүйесі

Қазақстандық жалпы білім беретін мектептер үшін жаңа критериалды бағалау жүйесі білім алушыны дамыту, оның оқуға қызығушылығы мен мотивациясын арттыруға бағытталады. Әрбір оқушы мен оның ата-анасына бағалаудың түсінікті, айқын және өлимелі критерилерін орнатқан жағдайда оған қол жеткізуге болады.

Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны бағалау стандарттарымен, процестерімен, құралдарымен және нәтижелерімен анықталады сондай-ақ бірқатар нормативтік және әдістемелік-нұсқаулық құжаттармен реттеледі. Критериалды бағалау ережелерінде ҚР МЖМБС-2015 сәйкес бастаудың білім беру бағдарламалары аprobациядан өтетін және енгізілетін, Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының бастаудың сыныппарындағы білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалауды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі анықталады. Құжатта формативті және жиынтық бағалау тәртібін ұйымдастыру мен өткізу; тоқсан ішіндегі жиынтық бағалауды модерациялау тәртібі; тоқсандық және жылдық бағаларды қою тәртібі; білім алушылар портфолиосын жүргізу бойынша ұсыныстар реттеледі.

Жалпы білім беретін мектептердің бастаудың сыныппа мұғалімдері үшін критериалды бағалау бойынша нұсқаулық жаңартылған білім мазмұнын енгізу шеңберінде білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау бойынша

мұғалімдердің қызметіне өзгеріс енгізудің теориялық және практикалық негіздерін анықтайды. Көрсетілген ұсыныстар бағалау тәртібінің сапасын, олардың белгіленген стандарттарға және әрбір оқушыны оқыту сұранысына сәйкестігін бағалауды қамтамасыз етеді.

Критериалды бағалауды енгізу бойынша аймақтық және мектептің үйлестірушілері үшін нұсқаулық педагогикалық өлшемдер саласында білім беру саясатын дамытудың көрінісі, мектеп, облыс және аймақ деңгейінде оны іске асыру бойынша негізгі қағидалары мен тәсілдерін көрсететін құжат болып табылады. Нұсқаулықта бағалау процесін ұйымдастыру бойынша қызметтің өзекті бағыттары және үйлестірушілер үшін көмекке практикалық ұсыныстар берілген.

Әр қалалық/аудандық білім басқармалары/бөлімінде және мектепте критериалды бағалау жүйесін енгізу процесін үйлестіретін жауапты адамдар тағайындалатын болады. Аймақтық үйлестірушілер аудандық/қалалық білім бөлімдері әдіскерлерінің, мектептің үйлестірушілерінің жалпы білім беретін мектептердің директорлары орынбасарларының қатарынан анықталады. Үйлестірушілердің басты рөлі бағалау жүйесінің сапасын жалпы басқару, мектептерге формативті және жиынтық бағалауға байланысты процестер мен тәртіптерді іске асыру және бағалау тәртібіне әдістемелік қолдауды қамтамасыз етуден тұрады.


Формативті бағалауға арналған тапсырмалар жинағы оқу бағдарламасының барлық мақсаттары бойынша формативті бағалау жүргізуге арналған дескрипторларымен берілген тапсырмалар үлгілерінен тұрады.

Тапсырмалар ұсыныс түрінде болып, білім алушылардың сұраныстары мен мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделуі мүмкін.

Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстар бөлімдер/ортак тақырыптар және тоқсандар үшін жиынтық бағалауды ұйымдастыру мен өткізудің тәсілдерін көрсетеді. Құжат бөлімдер/ортак тақырыпты жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар әзірлемелері бойынша ұсыныстардан; /ортак тақырыпты дескрипторлармен және баллдармен жинақтап бағалауға арналған тапсырмалар үлгілерінен; тапсырмалар әзірлеуге және рәсімді өткізуге арналған тоқсандық жиынтық бағалаудың ерекшеліктерінен; сызбалармен балл қоюдың тоқсандық жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар үлгілерінен тұрады.

Критериалды бағалаудың құрылымы

Білім алушының оқу жылындағы үлгерімі және оқудағы жетістіктері туралы деректерді жинау үшін бағалаудың екі түрі: формативті бағалау және жиынтық бағалау іске асырылады. Жиынтық бағалау, өз кезегінде, бөлім/ортак тақырыпты, тоқсандық және орта білім деңгейін жиынтық бағалау рәсімінен тұрады.



1- сурет – Критериалды бағалаудың құрылымы

Бағалау тәсілдері пәннің мазмұнына және критериалды бағалау түріне байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Формативті бағалау оқыту процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және мұғаліммен тоқсан бойы үнемі жүргізіліп отырады. Формативті бағалау балл және баға қойылмастан, білім алушылар мен мұғалім арасында үздіксіз байланысты қамтамасыз етеді. Формативті бағалауда білім алушы қателесу және оны түзетуге болады. Бұл білім алушының мүмкіндігін анықтау, қындықтарды айқындау, анағұрлым жақсы нәтижелерге қол жеткізу, оқу процесін дер кезінде түзетуде көмектесуге мүмкіндік береді.

Формативті бағалау оқудағы жетістіктердің өсуіне және дамуына тікелей ықпал ететін және мұғалім мен білім алушылар арасында кері байланысты қамтамасыз ететін процесс.

Формативті бағалау оқытудың ажырамас бөлігі болуы тиіс, ол қосымша жаттығулар немесе тест ретінде қарастырылмауы қажет. Оқыту мақсаттары мен оқу бағдарламасының әрбір бөлімі бойынша қүтілетін нәтижелер формативті бағалау практикасының мазмұнын анықтайды.

Мұғалім формативті бағалау процесінде оқу бағдарламасының барлық оқыту мақсаттарын қамтуы қажет. Мұғалімге көмекке оқыту мақсаттары бойынша бағалау критерилерінен, дескрипторларымен тапсырмалар үлгілерінен тұратын формативті бағалауға арналған тапсырмалар жинағы дайындалды.

Мұғалім білім алушылардың жеке ерекшеліктері және оқыту мәннәтінін ескере отырып тапсырмаларды дайындауды немесе таңдайды. Әрбір тапсырмаға дескрипторлар анықталады. Бағалауда мұғалімнің шешімі шынайы болатындай тапсырмалардың дескрипторлары анық және нақты болуы тиіс. Сондай-ақ, дескрипторлар білім алушы тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиналғанын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылар мен ата-аналарға сындарлы кері байланыс жасауына ықпал етеді.

Жиынтық бағалау 1 сыныпта мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға білім алушылардың оқу бағдарламаларының 3-4-тоқсандардағы бөлімдер/ортақ тақырыптарды аяқтағаннан кейінгі балл және бағалар қойылған жетістіктері туралы ақпарат беру үшін жүргізіледі (3-кесте).

3-кесте – 1-сынып, бастауыш білім беру оқу бағдарламасына сәйкес суммативті бағалаудың ресімдеу саны

Пәндер	Суммативті бағалаудың рәсәмделуі							
	I тоқса ндағы СБ саны	I үші н. СБ	II тоқсан дағы СБ саны	II үші н. СБ	III тоқсан дағы СБ саны	III үші н. СБ	IV тоқсанда ғы СБ саны	IV үшін. СБ
1. Обучениеграмоте	-		-		2*		2*	
2. Саяташу	-		-		2*		2*	
3. Қазақ тілі (Т2)	-		-		2*		2*	
4. Орыс тілі (Т2)	-		-		2*		2*	
5. Ағылшын тілі	-		-		2*		2*	
6. Математика	-	-	-	-	3		3	
7. Жаратылыстану	-		-		2		1	
8. Дүниетану	-		-		2		2	
9. Көркем еңбек	-		-		2		2	
10. Музыка	-		-		2		2	
11. Дене шынықтыру	-		-		2		2	

* – Тексерілетін сөйлеу қызметінің әрбір түрі үшін балдарды қою

Белгілеу процесінде білім алушылардың оқу бағдарламасына сәйкес білімі мен дағдыларын көрсететін дәлелдер жинау іске асырылады.

Мұғалім жиынтық бағалау нәтижелері бойынша балл/денгей/бағалар

туралы шешімді бағалау критериіне сәйкес қабылдайды. Бұл жағдайда балл қою дескрипторлары мен сызбалары әр білім алушыға қатысты шынайы шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Формативті бағалаудан, алынған ақпарат оқыту процесін жоспарлау, түзету және талдау жасау үшін қолданылуы мүмкін.

Мұғалімге бөлім/ортақ тақырыптар үшін жиынтық бағалаудың нәтижелеріне талдау жүргізу ұсынылады. Бұл талдау білім алушылардың окудағы жетістіктерінің деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Тапсырмалар әртүрлі болуы мүмкін: диктанттар, мазмұндама, эссе, тесттер, зертханалық жұмыстар, бақылау жұмыстары, жобалар және т.б.

Паралел сыныптар үшін тоқсандық жиынтық бағалау бірдей жағдайда өткізіледі. Тоқсандық жиынтық бағалауды қайта орындауға (көшіріп жазу) жол берілмейді.

Тоқсандық жиынтық бағалау жүргізілген уақытта дәлелді себептермен (ауру, жақын туысқанының қазасы, конференция, олимпиада, ғылыми және спорттық жарыстарға қатысу және т.б.) болмаған білім алушыға мектепке келген күннен екі апта аралығында оны өтуіне рұқсат етіледі, бұл кезде жиынтық бағалау тапсырмаларының қосымша нұсқалары қолданылады.

Баға қою механизмі

Бөлім/ортақ тақырыптар мен тоқсандық жиынтық бағалау қорытындыларының нәтижелерін тіркеу электрондық журналға белгіленеді. Баллдар мен бағаларды есептеу электрондық журналда автоматты түрде іске асады.

Бастауыш сыныптарда тоқсандық бағаларды қою:

1-сыныпта бірінші жарты жылдықта жиынтық бағалау жүргізілмейді. Тоқсандық бағалар тек 3-4-тоқсандарда қойылады.

Тоқсандық бағалар бөлім/ортақ тақырыптар мен тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерінен жиналады.

Тоқсандық бағаларды қоюда бөлім/ортақ тақырыптар мен тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері белгілі бір пайыздық қатынаста қолданылады.

Тоқсандық бағаларды қоюда бөлім/ортақ тақырыптар мен тоқсандық жиынтық бағалаумен байланысы пән бойынша оқу бағдарламасына сәйкес менгерілген оқу материалының көлемі мен бөлім/ортақ тақырыптардың жиынтық бағалауы санына байланысты анықталады.

Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстарда барлық рәсімдердің саны мен байланысы көрсетілген. Бұл кезде бөлім/ортақ тақырыптарды жиынтық бағалау рәсіміне 50%, тоқсандық жиынтық бағалауға – тоқсандық бағаның жалпы жиынтығының 50% бөлінеді.

Журнал жүргізу

Бөлім/ортақ тақырыптар мен тоқсандық жиынтық бағалау қорытындылары білім алушылардың нәтижелерін тіркеудің электрондық журналына қойылады.

Дәстүрлі қағаз журналда мұғалім оқушылардың сабакқа қатысуын белгілейді және пән тақырыпшасының атауын жазады.

Бастауыш мектептің 1-сыныбына арналған оқу пәндері мазмұнының әдістемелік ерекшеліктері:

1-сыныпта КР МЖМБС-2015 сәйкес дайындалған үлгілік оқу жоспарларында «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыштану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» білім беру салалары бойынша оқу пәндерін оқыту енгізілген.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы «Саят ашу», «Қазақ тілі (T2)», «Орыс тілі (T2)», «Ағылшын тілі» пәндерін қамтиды.

Саят ашу

«Саят ашу» пәнінің маңыздылығы оқушыларда сөйлесім әрекетінің төрт түрін дамыту қажеттілігімен анықталады (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым). Пәнді оқытуда оқылым және жазылым дағдыларын дамыту жұмысы кіріктіріле жүргізіледі.

Саят ашу процесінде үш кезеңді көрсетуге болады: әліппеге дейінгі, әліппе, әліппеден кейінгі. Саят ашудың әліппе кезеңі бірінші тоқсанда басталып, үшінші тоқсанда аяқталады. Әліппеден кейінгі кезең 4-тоқсаннан басталады.

Дыбыс және әріппен таныстыруға бөлінетін сағат санын білім алушылардың оқу материалын, оқыту мақсаттарын менгеру мен әр кезеңнің тапсырмаларын орындау деңгейіне байланысты мүғалім өзі реттеуі мүмкін.

Оқу жылының соңында оқу жылдамдығының нормасы: минутана 25 сөз және белгі; бірінші жартыжылдықта оқу техникасы тексерілмейді.

1-сыныптар үшін жазба жұмыстарының нормасы

Бірінші жартыжылдықтың соңында: айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді (3-5 сөз), сөйлемдерді (2-3 сөзден тұратын) жазу; баспа әріптермен берілген мәтінді (10-15 сөзден артық емес) көшіру жұмыстарын орындаі алуы тиіс.

Екінші жартыжылдықтың соңында: 1) күрделі, айтылуы мен жазылуы әртүрлі сөздерді, құрамында дауыстылар, ұя, ұнді және қатаң дауыссыздар, йотты дауыстылар кездесетін сөздерді тыңдау арқылы жазу (8-10 сөз); 2) сөйлемдерді (3-4 сөзден тұратын), шағын мәтіндерді (10-15 сөз және белгі) тыңдау арқылы жазу; 3) сұрақтарға жауап жазу арқылы мәтіннің мазмұнын жеткізу (15-20 сөз және белгі); белгілі бір тақырыпқа сөйлемдер құрастыру және жазу (2-4 сөйлем) жұмыстарын орындаі алуы керек.

«Саят ашу» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 6 сағат, оқу жылына 198 сағатты құрайды.

Қазақ тілі (оқыту қазақ тілді емес сыйнитар үшін)

«Қазақ тілі» пәнін оқыту процесі тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым әрекеттері арқылы ұйымдастырылады. Оқу процесінде жүйелі жүргізілетін сөздік жұмысы, әңгіме оқу, мәтінмен жұмыс жасау, өлеңдер жаттау, жағдаяттық тапсырмалар орындау, постерлермен жұмыс істеу, сахналық қойылым дайындау белсенді әдістерді қолдану барысында оқушылардың сөздік қоры жетілдіріледі. Бастауыш сыйнитардағы қазақ тілі пәнін оқытуда

оқушылардың жас ерекшеліктері мен қоршаған ортаны қабылдауға қатысты психологиялық жай-күйі ескеріледі.

Бастауыш мектептегі «Қазақ тілі» пәні бойынша оқушылардың білім, білік дағдыларына қойылатын талаптар «Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық күзүреті» (CEFR) деңгейлерін (A1, A2) негізге алып айқындалған және әр деңгейдің соңында күтілетін нәтижелер берілген.

Пәннің маңыздылығы қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесімен және ойды түсінікті жеткізуді мақсат тұтатын коммуникативтік бағытымен дәйектеледі. Өзге тілде білім алғының бастауыш сынып оқушысын қазақ тілін сөйлесім әрекеті арқылы мәдениетаралық қатысым құралы ретінде меңгертуді көздейді. Қазақ тілін оқыту Қазақстан Республикасының қоғамдық-әлеуметтік, ұлттық, т.б. ерекшеліктерін ескере келе, тілді үйретудің тиімді әдіснамасын жетілдірудің жолын айқындағы. Тілді меңгерту бойынша өркениетті елдердің тәжірибесі мен отандық озық дәстүрлер үйлестіріліп, тілдерді оқытудың жаңа бағыттары белгіленді.

1-4-сыныптарда қарапайым деңгейдің 4 игерімін меңгерту талап етіледі:

1) 1-2-сыныптардағы қарапайым деңгей - A1 2 игерімді қамтиды:

бастапқы жеңіл игерім A1 – 1-сынып;

бастапқы орта игерім A1.1 – 2-сынып.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 2 сағат, оқу жылында 66 сағатты құрайды.

Орыс тілі (оқыту орыс тілді емес сыныптар үшін)

Особенностью в обучении первому, второму и третьему языкам является введение единого речетематического режима, позволяющего расширить словарный запас, отрабатывать коммуникативные навыки в рамках интегрированной речевой тематики. По окончании начальной школы ученики должны владеть языком на элементарном уровне A1, A2 (начальный уровень) согласно системе уровней «Общеевропейской рамки владения языками» (CEFR). Важность предмета «Русский язык» в образовательной программе определена статусом русского языка как средства межнационального общения в Республике Казахстан, его значимостью в создании полиязычного пространства.

Система целей обучения определяет содержание предметов и выстроена из пяти разделов: «Слушание», «Говорение», «Чтение», «Письмо», «Языковые нормы».

Объем учебной нагрузки по предмету составляет 2 часа в неделю, в учебном году 66 часов.

Ағылшын тілі

«Ағылшын тілі» пәні оқушыда өз халқының мәдениеттері мен рухани құндылықтарының диалогы, ұлттық біртектілік, азаматтық, мораль және тілдік мінез-құлыш нормалары туралы түсінік қалыптастыруға ықпал етеді.

Шет тілін оқытудағы бастауыш білім деңгейі қарапайым деңгейді меңгеруге бағдарланған және тілді меңгерудің Жалпыеуропалық

құзыреттіліктеріне (CEFR) сәйкес A1 қатысты болады (түрткілеу деңгейі - Breakthrough).

Табиғи тілдік орта болмаған жағдайда ағылшын тілін меңгеруді табиғи жағдайларға жақыннату мақсатында келесі дидактикалық қағидаларды басшылыққа алу маңызды: оқу материалын азайту, коммуникативтік және функционалдық, кешендік, тәрбиелеп оқыту, белсенділік, көрнекілік, материалды жағдаятты-тәқырыптық ұйымдастыру, жүйелілік және бірізділік, меңгерудегі орнықтылық, қолжетімділік (шамаға лайықтылық, дараландыру және сараландыру.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 2 сағат, оқу жылында 66 сағатты құрайды.

«Математика және информатика» білім беру саласы «Математика» пәнін қамтиды.

Математика

Математика пәні бастауыш білім деңгейінде «Математика» білім саласындағы кіріктірілген пән. Оны игеру 1 000 000-ға дейінгі натурал сандар және нөл санының арифметикасы, негізгі шамалар, алгебра мен геометрия элементтерін негізгі орта мектеп деңгейінде білімді жалғастырудан тұрады.

1-сыныпта 0 санынан 20 санына дейінгі сандармен; 10-ға дейінгі сандарды қосу мен азайту арифметикалық амалдарымен; «ондық», «жұз» сандарымен таныстыру басталады; 2-сыныпта қарастырылатын 100-ге дейінгі сандарды игеруге дайындық жүргізіледі.

3-кесте – 1-сыныпта «Математика» пәні бойынша жүргізілетін бақылау жұмыстарының түрлері және саны

Сынып	Жұмыс түрлері	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
1 сынып	Бақылау жұмысы	-	-	3	3
	Өзіндік жұмыс	-	-	3	3
	Барлығы	-	-	6	6

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 4 сағат, оқу жылында 132 сағатты құрайды.

«Жаратылыстану» білім беру саласы «Жаратылыстану» пәнін қамтиды.

Жаратылыстану

«Жаратылыстану» оқу пәні «Адам – Табиғат» жүйесі шенберінде қарапайым ғылыми білім деңгейін қамтамасыз етеді. Ол «Биология», «Физика» және «Химия» дербес пәндерін білім берудің келесі деңгейлерінде оқытудағы кіріспе курс болып табылады, сондай-ақ білімнің кез келген саласы үшін

маңызды болып табылатын зерттеу дағдыларының негізін қалайды.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағатты құрайды.

«Адам және қоғам» білім беру саласы «Дүниетану», «Өзін-өзі тану» пәндерін қамтиды.

Дүниетану

«Дүниетану» пәнінің мазмұны осы пән қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарының кіріспе курсы болып табылатындағы өзгерілген. Ол Қазақстан халқының әлеуметтік, моральдық, шығармашылық және коммуникативтік жақтарының жалпы бейнесін көрсетеді, оқушыларда ең алдымен өзі, үйі және отбасы туралы сұрақтар негізінде қоршаған әлем туралы түсініктерін дамытуға ықпал етеді.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағатты құрайды.

Өзін-өзі тану

Бастауыш сыныпқа арналған өзін-өзі тану бағдарламасы білім берудің құндылықты мәнін күшайтес тырыш атамның сую, өзіне сену, жақсылық жасау, қайырымдылық көрсету, өзіне және өзгелерге қамқорлық жасау, позитивті ойлау, адамгершілік таңдау жасау, дәстүрлерді бағалау және еселеу, қалыптастыру, өзіне жауапкершілік алу, өз бетінше кемелдену қабілеттерін ашуға бағытталған.

Бағдарлама мазмұны өзін тану, өз қылыштарын салыстыру, талдау, олардың этикалық мазмұнын көру мен бағалаудың көздейді.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағатты құрайды.

«Технология және өнер» білім беру саласы «Музыка», «Көркем еңбек» пәндерін қамтиды.

Музыка

Бастауыш мектептегі «Музыка» пәні мазмұнының ерекшелігі болып табылады: қазақ музыкалық фольклорының, дәстүрлі, классикалық және қазіргі музыканың ең озық үлгілерін; музыкалық сауаттылық негіздерін; тәжірибелік дағдыларды іске асыруда музыкалық материалды (композиторлар, халықтық және классикалық музыкалық аспаптар, музыкалық жанрлар мен стильдер туралы мәліметтер); АҚТ қолдана тырыш, музыка тыңдау, ән айту, музыкалық аспаптарда ойнау, сұрып салуға арналған музыкалық-шығармашылық тапсырмаларды қамту; музыканы өнердің басқа да түрлерімен және пәнаралық салалармен пәнаралық кіркітіру. Оқу бағдарламасының бөлімдері мен бөлімшелерін құру логикасы музыкалық шығарманы ұғыну мен түсіну (музыканы тыңдау және қабылдау, тыңдаған музыканы талдау және сезіну) негізі ретінде ақпаратты қабылдауға негізделген. 6-7 жастағы балалар өз пікірін

айтуға, оқыту мазмұны бойынша сұрақтар қоюға, оларға жауап табуға үйренуі тиіс.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағатты құрайды.

Көркем еңбек

Бастаудың сыныптардағы жаңартылған оқу бағдарламасының ерекшелігі «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерін біріктіретін «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнін енгізу болып табылады. Ол кеңістіктік және көру елестерін, қиялды мен байқағыштығын түрлі шығармашылық қызметте көркем-технологиялық білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Түрлі материалдармен жұмыс оқушыларда технологиялық пікір қалыптастыруға, көркем-эстетикалық талғам, шығармашылық қабілет, жады, кеңістіктік қиял, фантазия, қол моторикасын дамытуға, көз мөлшерін жетілдіруге ықпал етеді.

Мұғалім «Көркем еңбек» пәнін сертификатсыз өткізуге құқығы бар.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағатты құрайды.

«Денешынықтыру» білім беру саласы «Дене шынықтыру» пәнін қамтиды.

Дене шынықтыру

Бағдарламаның мақсаты оқушыларды дене шынықтыру негіздерімен, таныстыру, атап айтқанда, спорттық-арнайы қозғалыс дағдылары мен физикалық қабілеттер алуымен қатар, олардың физикалық денсаулығын дамытуға ықпал ету болып табылады.

Дене шынықтыру мұғалімі денсаулығына байланысты арнайы медициналық топқа жатқызылған оқушылармен сабак ұйымдастыру үшін дене жаттығуларының өсіп келе жатқан организмге тигізетін ықпалы мәселелері бойынша жеткілікті дайындығы болуы тиіс. Дене шынықтыру мұғалімдері оқушы организмінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне (жетілуіне) сәйкес өздерінің педагогикалық тәсілдерін бақылауы және өзгертуі тиіс.

Оқушылар сырқатының ауырлығына және сипатына байланысты арнайы медициналық топқа жатқызылған оқушыларды қозғалыс жаттығуларын тағайындауда анағұрлым сараланған тәсілдеме қолдану мақсатында А және Б топшаларына бөлу ұсынылады:

А топшасы – денсаулық жағдайында қайтымды сипаттағы ауытқуы бар, түрлі сырқаттармен әлсіреген оқушылар;

Б топшасы – ағзалары мен жүйелерінің қызметінде ауыр, қайтымсыз өзгерістер бар оқушылар (жүрек-тамыр, зэр шығару жүйелерінің, бауырдың органикалық зақымданулары; көз түбінің өзгеруімен жоғарғы деңгейдегі көз кемшілігін түзетуінің бұзылуы).

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 3 сағат, оқу жылында 99 сағатты құрайды.

3.2 Қолданыстағы білім мазмұны бойынша 2-4-сыныптарда пәндерді оқыту ерекшеліктері

Біздің республикамызда 2016-2017 оқу жылында 1-сынып оқушылары жаңартылған білім мазмұнына көшеді.

2-4 сынып оқушылары қолданыстағы ББ МЖМС-2012 мазмұны бойынша окуды жалғастырады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің негізгі міндеті оқу, шығармашылық, көркемдік, еңбек, спорт қызметінде дербестікті қалыптастыру, алға қойған мақсаты бар, еңбексүйгіш, салауатты өмір сұруғе ұмтылатын, өз жұмысын жоспарлай алатын және өздігінен білім ала алатын, негізгі мектепте оқуға (білім алуға) дайын оқушыны тәрбиелеу.

4-сынып оқушыларын оқытуда білім беру процесіне оқытуудың белсенді түрлерін: дәлелдерді құру, жалпы сыныптық, топтық, жұптық жұмыстарды ұйымдастыру, диалог әдісі, бір сабак аясында әртүрлі тапсырмаларды қолдануды енгізуге ерекше назар аудару қажет. Әсіресе оқу, жазу, математика мен жаратылыстану пәндерінен функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет, өйткені 4-сынып оқушылары бастауыш сыныпты аяқтаған соң, 5-сыныпта жаңартылған бағдарлама бойынша оқытын болады.

Ең маңызды міндеттердің бірі – оқушының сабактағы жұмысы мұғалімнің жұмысынан басым болуы қажет. Бұл міндетті шешуде оқуға уәжі жоғары және окуда қындықтары бар балалар үшін сабакқа тапсырмаларды дайындауда оқытуудың қосымша ресурстарын тарту, оқыту түрлерінің көптүрлілігі және бақылау мен өзіндік бақылау түрлері көмектеседі. Сын тұрғысынан ойлау стратегиясын қолдану әр оқушының жұмыс істеуіне мүмкіндік береді, осылайша оқытуудың тиімділігін арттырады.

Үй тапсырмасы бастауыш сынып оқушыларына демалыс күндері және демалыс уақытына берілмейді.

Үй тапсырмасының көлемі сыныпта орындалған жұмыстың 30%-нан аспауы қажет. Күрделі қындықтағы ерекше белгімен (*) белгіленген тапсырмалар үйге берілмейді. Әр пән бойынша үй тапсырмасы көлемі бойынша қатаң түрде реттелген және басқа пәндер бойынша тапсырмалармен үйлесуі қажет.

Барлық оқыту және бақылау жұмыстары түрлерін орындау үшін оқушыларда жеке дәптерлері болуы қажет (пән бойынша оқушылар дәптерлерінің саны 4-қосымшадан қараңыз).

Бастауыш білім беру мазмұны жеті білім беру саласын құрайды: «Тіл және әдебиет», «Математика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Өнер», «Технология», «Дене шынықтыру».

«ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Қазақ тілі (оқыту қазақ тілді сыныптар үшін)

«Қазақ тілі» пәні – бастауыш сынып оқушыларын алғашқы тілдік білім негіздерімен қаруландыратын, тіл арқылы қарым-қатынас жасау қызметінің барлық дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) менгертетін және олардың ақыл-ойын дамытатын пән.

Пәнді оқыту ерекшелігі – грамматикалық материалдар жүйелі-шоғырлы ұстанымға негізделіп, кешенді сипатта берілді. Пән мазмұны «Тіл және сөйлеу», «Дыбыс және әріп», «Мәтін», «Сөйлем», «Сөз және оның мағынасы», «Сөз құрамы», «Сөз таптараты» бөлімдерінен тұрады. Тілдік саладағы барлық тоғыз сөз табы мен олардың белгілері таныстырылады.

«Қазақ тілі» пәні 2-4-сыныптарда аптасына 4 сағаттан оқытылып, жылдық жүктемесі 136 (116 + 20) сағатты құрайды.

Пәнді оқытудың басты ерекшелігінің бірі – оқушылардың сауаттылығын арттыру және тілін дамыту мақсатында жазба жұмыстарын жүргізіп отыру.

Қазақ тілі пәні бойынша оқушылардың жетістіктерінің деңгейін бақалау жазбаша жұмыс түрлерінде жүргізіледі: диктант; грамматикалық тапсырмалар; бақылау мақсатымен көшіру; мазмұндама; шығарма; тест тапсырмалары.

Диктанттың үйымдастыру және өткізу

Диктант үшін ұсынылатын мәтіндер орфографиялық түрғыдан таныс, яғни өткен сабак материалдары негізінде алынады.

Егер мәтін құрамында өтілмеген емле, тыныс белгілері немесе айтылуы мен жазылуы қыын сөздер кездессе, олар түсіндіріліп, тақтага жазылады;

✓ диктанттың қай түрі болмасын, мұғалім мәтінді орфоэпия заңына сүйеніп, кідіріс (пауза) жасап, толық оқиды;

✓ мәтінді жазбас бұрын оқушыларға оны бар ынта-зейінімен тындалап, мазмұны бойынша жазуды қадағалап отыру тапсырылады;

✓ оқылған дыбыс, буын, сөз және сөйлемнің мән-мағынасын түсініп, іштей қайталап, қалай жазылатынын еске түсірген соң барып жазуға кіріскен жөн;

✓ жазу барысында 6-8 сөзден құралған сейлемдер қайталанады.

Оқушылардың грамматикалық талдау білімдерін сынау мақсатында алынған бақылау жұмыстарда 2-3 грамматикалық талдау тапсырмалары болады.

2, 3, 4-сыныптарда мұндай бақылау жұмыстары 35-40 минут өткізіледі (4-кесте).

4-кесте – Диктант мәтінің көлемі

Сыныптар	Тоқсандар/сөздер саны			
	I	II	III	IV
2 сынып	19-22	22-25	25-28	28-30
3 сынып	32-35	35-40	40-55	55-60
4 сынып	65-68	68-70	70-75	75-80

Бағаның төмендеуіне әсер ететін қателер мен кемшиліктердің саралануы:

Қателер:

- ✓ сөздердің жазылу ережесін бұзуды қоса алғанда күрделі қателер кеткен жағдайда, орын ауыстыру, алмастыру, сөздерде артық әріптердің кездесуі;
- ✓ емле ережесі бойынша қате жазылған сөздер;
- ✓ мәтіндегі тыныс белгілерінің сөйлемнің сонында болмауы және бас әріп сөйлемнің басында жазылмауы;
- ✓ орфографиялық ережелер бойынша жіберілген қателер; екі бірдей қате
- ✓ әртүрлі сөзде кездесуі екі қате болып саналады (қайынның сыңыптың);
- ✓ бірдей әріптен жіберілген қате үш рет қайталанса, екі қатеге есептелінеді, екі рет жіберілсе, бір қатеге есептелінеді;
- ✓ мәтін мазмұны (мазмұндамада) тақырыптан алшақтаған, ойды жүйелі жеткізуде кемшиліктер; мазмұндама жазуда шығарма мазмұнын өзгеретін, авторлық мәтіннен айтарлықтай ауытқулар бар;
- ✓ әр бөлім арасында байланыс жоқ, сөздік қоры жұтаң, баяндаудың негізгі бөлімінің болмауы, автор мәтінінде көрсетілген маңызды оқиғалардың түсіп қалуы;
- ✓ сөздердің мағынасына сәйкес қолданылмауы (мазмұндамада).

Диктантта бір қате болып саналады: екі түзету; екі пунктуациялық қате; қатенің бір сөзде қайталануы; екі ерескел емес қате.

Өрескел емес қателер: сөзде бір әріптің қайталануы; сөздің қате тасымалдануы; сөйлемде бір сөздің екі рет қайталанып жазылуы; жазылуы аяқталмаған сөз;

Кемшиліктер: сөйлем сонында тыныс белгісінің қойылмауы, келесі сөйлем бас әріптен жазылған жағдайда; азат жолдың болмауы;

Диктантта қате деп саналмайды: диктант үшін ұсынылатын мәтіндер орфографиялық түрғыдан таныс болмаған жағдайда, яғни жіберілген қателер өткен сабак материалдарында қарастырылмаған жағдайда; ерекше жағдайда бір сөзді екінші сөзben мағынасын өзгертпей ауыстыру.

«5» бағасы, егер окушы барлық тапсырмалар қатесіз орындаса, түсініктерді, анықтамаларды, ережелерді саналы түрде менгеруін анықтаса және өз бетінше жұмыс орындау барысында білімдерін қолданған кезде қойылады;

«4» бағасы, егер окушы ережелер мен анықтамаларды саналы түрде менгерсе; сөз, сөйлем талдау барысында білімдерін қолдана білсе, кемінде тапсырмалардың 3/4 бөлігін дұрыс орындаса (1-2 қате жіберілсе) қойылады.

«3» бағасы, егер окушы оқылған тақырыптардың белгілі бір бөліктерін менгерген, тапсырмалардың жартысынан артығын дұрыс орындаған жағдайда (3-5 қате жіберілсе) қойылады.

«2» бағасы, окушының оқу материалын нашар білетіні анықталса, көптеген грамматикалық тапсырмаларды орындаі алмаса (5-тен артық қате жіберілсе) қойылады.

Мазмұндаманы, шығарманы ұйымдастыру және өткізу

2-4 сыныптарда оқушылардың өз ойын жазба тілде тиянақты түрде жеткізу білігін тексеру мақсатында мазмұндама, шығарма жазуга үйрететін жұмыс жүргізіледі. Осы жұмыстарға 1 сағаттан кем емес уақыт бөлү ұсынылады.

Оқыту сипатындағы шығармашылық жұмыс жүргізудің кезеңділігі – шамамен 10-15 күнде бір рет.

Мазмұндама тақырыптарының көлемі диктант мәтіндерінің көлеміне қарағанда шамамен 15-20 сөзге артық болуы тиіс.

Шығарма жұмыстарын бағалау мөлшері

Шығарма тақырыбын таңдауда оның өмірмен байланыстырылығын, балалар тәжірибесі мен қызығушылығына жақындығын, мазмұнының қол жетімділігін, мәтін құрылышы және оның тілдік безендірілуінің күштілігін ескеру қажет.

2-3-сыныптарда мазмұндама, шығарма жазуға үйрету деп қарастырылады да, 1 ғана баға қойылады.

4-сыныпта мазмұндама мен шығармалар үшін 2 баға бір тор көзге қойылады: 1 баға – мазмұны үшін, 1 баға сауаттылығы үшін (5/5, 5/4 сияқты)

«5» деген баға – автордың мәтінін (мазмұндама) жүйелі әрі дұрыс баяндалған; тақырып ашылған, сөздік қоры бай, сөз қолданысы дұрыс; сөздік қолданыста 1-2 түзету жіберілсе қойылады.

«4» деген баға – жұмыста автор мәтіні (мазмұндама) дұрыс, барынша толық берілген, мәтін мазмұны ашылған (шығарма), бірақ ойды баяндау бірізділігі шамалы ауытқыған, аздаған (1-2) фактілік және сөз қателері, сондай-ақ 1-2 емле қате, 1-2 түзету жағдайда қойылады.

«3» деген баға – мәтін мазмұнынан ауытқушылықтар жіберілген (мазмұндама), тақырыптан алшақтаған, негізінен дұрыс қолданғанымен ой жүйелі жеткізілген, 2-3 сөйлем құрылышында кейбір кемшіліктер бар. Сөздік қоры аз, сөз қолданыста қателер бар. Мәтінді құруда және ойды жүйелі жеткізуде 3- 6 қате және 1-2 түзету болғанда қойылады;

«2» деген баға – қорытынды мазмұндама мен шығармалар мазмұнынан көп алшақ, қателері көп, ой жүйесі сақталмаған, әр бөлім арасында байланыс жоқ. Сөздік қоры жұтаң. Жазба жұмысында мәтін құру мен мазмұнында 6-дан көп қате және 3-5 түзету болған жағдайда қойылады.

Бастауыш сыныптардағы мазмұндамалар және шығармалар үйретушілік сипатта болатынын ескере отырып, қанағаттанарлықсыз баға тек қорытынды мазмұндамалар жазғанда ғана қойылады.

Үйрету мақсатындағы мазмұндама мен шығарма сыныпта мұғалімнің басшылығымен орындалады. Оқушыларға (2-4 сыныптар) мазмұндама жазғызу оқулық мәтіні және таныс емес мәтіндер негізінде кезектестіріп жүргізілуі керек.

Сөздік диктанттар ағамдағы тексеру жұмысы және бақылау (тоқсанына 1 рет) ретінде өткізіледі. Сөздік диктантардың мазмұнын жазылуы ережемен реттелмейтін сөздерден құралады.

Сөздік диктантқа берілетін сөздер саны:

2-сыныпта – 6-8 сөз.

3-сыныпта – 8-10 сөз.

4-сыныпта – 10-12 сөз.

Сөздік диктантты бағалау мөлшері:

«5» – қатесі жоқ;

«4» – 1 қате, 1 түзету жіберілсе;

«3» – 2 қате бар, 1 түзету жіберілсе;

«2» – 3-5 қате жіберілсе.

Пәнді оқытудың басты ерекшелігінің бірі – оқушылардың сауаттылығын арттыру және тілін дамыту мақсатында жазба жұмыстарын жүргізіп отыру. Сондықтан мұғалімдерге жазба жұмыстарының мөлшерін оқу тоқсандары бойынша бөліп ұсынып отырмыз (5-кесте). Әр сыныпта тоқсан сайын диктантқа – 3 сағат, мазмұндамаға – 1 сағат, шығармаға – 1 сағат, (жылына барлығы – 20 сағат) берілген.

5-кесте – Қорытынды бақылау жұмыстарының түрлері

Сыныптар	Жазба жұмыстар түрлері	Оқу тоқсандары				Барлығы
		I	II	III	IV	
2	Диктант	3	3	3	3	12
	Мазмұндама	1	1	1	1	4
	Шығарма	1	1	1	1	4
	Барлығы:	5	5	5	5	20
3	Диктант	3	3	3	3	12
	Мазмұндама	1	1	1	1	4
	Шығарма	1	1	1	1	4
	Барлығы:	5	5	5	5	20
4	Диктант	3	3	3	3	12
	Мазмұндама	1	1	1	1	4
	Шығарма	1	1	1	1	4
	Барлығы:	5	5	5	5	20
	Жалпы саны:	15	15	15	15	20

Ескерту: Әр сыныпқа мазмұндама мен шығармаға берілген жылдық сағат саны – 8 (4 мазмұндама, 4 шығарма жұмысы), ал диктантқа (сауаттылықты тексеру және бақылау диктанты) – 12 сағат беріледі.

«Қазақ тілі» пәні 2-4-сыныптарда аптасына 4 сафаттан оқытылып, жылдық жүктемесі 136 (116 + 20) сағатты құрайды.

Тест тапсырмаларын бағалау

Тексеруді тест тапсырмаларының барлығы бойынша, сондай-ақ жеке бөлімдер бойынша өткізуге болады. Оқушы 75%-дан артық дұрыс жауап берсе, оның жеткілікті базалық дайындығы бар деп саналады.

Оқушыларды тапсырманы орындауға алдын ала дайындау қажет. Ол үшін алдындағы сабактардың бірінің соңындағы 10-15 минутты бөлу керек. Тесттегі тапсырмаларға ұқсас 1-2 тапсырманы тақтаға жазып қою және оларды оқушылармен бірге орындау ұсынылады.

6-кесте – Тест тапсырмаларын бағалау нормасы

Базалық деңгей			
0 - 60%	60 - 77%	77 - 90%	90 - 100%
17 балдан азырақ	18 - 22 балл	23 -26 балл	27-30 балл
бағасы «2»	бағасы «3»	бағасы «4»	бағасы «5»

Грамматикалық тапсырма

«5» бағасы, барлық тапсырмалар қатесіз орындалса қойылады.

«4» бағасы, егер оқушы кемінде тапсырмалардың $\frac{3}{4}$ бөлігін дұрыс орындаса қойылады.

«3» бағасы, егер оқушы тапсырмалардың $\frac{1}{2}$ бөлігінен артығын дұрыс орындаса қойылады;

«2» бағасы, егер оқушы кеміндеп тапсырмалардың $\frac{1}{2}$ бөлігін дұрыс орындаса қойылады.

Мәтінді көшіріп жазудан (оқулықтан, тақтадан және т.б.) тұратын оқушылардың жазбаша ағымдық және қорытынды тексеру жұмыстарын бағалауда келесі нормалар қолданылады (7-кесте):

7-кесте – Мәтінді көшірудің бағалау нормалары

Сыныптар	Тоқсандар			
	I	II	III	IV
2-сынып	20-25	25-30	30-35	35-40
3-сынып	40-45	45-50	50-55	55-60
4-сынып	60-65	65-75	70-75	75-80

8-кесте – Жіберілген қателер саны

Бағалар	2-сынып	3-сынып	4-сынып
«5»	Қате жоқ. Графикалық сипаттағы бір кемшілік	Қате жоқ	Қате жоқ
«4»	1-2 қате, 1 - түзету	1 - қате, 1- түзету	1- қате, 1- түзету
«3»	3 қате, 1 - түзету	2 қате, 1 - түзету	2 қате, 1- түзету
«2»	3 қате, 1 - 2 түзету	3 қате, 1 - 2 түзету	3- қате, 1-2 түзету

Әдебиеттік оқу

«Әдебиеттік оқу» пәні – бастауыш сынып оқушыларының ауызша және жазбаша тілін дамытуды, яғни сөздік қорын байытуды, байланыстыра және грамматикалық түрғыдан жүйелі сөйлеуге үйретуді, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды көздейді. Ұлттық тәрбие, рухани-мәдени құндылықтар, ана тілі және қазақ халқының салт-дәстүрі негізінде сусындаған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Адамның ішкі рухани жан дүниесі байлығын ашуға, адамгершілікке тәрбиелеуге, тілі мен қиялын дамытуға мүмкіндік береді.

«Әдебиеттік оқу» пәнін оқыту ерекшелігі – пән мазмұны балалар әдебиеті (ауызекі, жазба) үлгілерін, жазушылар өмірбаяны мен шығармашылығы туралы қысқаша мәліметтерді, ғылыми-танымдық шығармаларды оқытып үйретеді, мақала, естелік, өмірбаян туралы түсінік қалыптастырады, әдеби-теориялық білімдерді игерtedі, монолог, диалог құруға дағдыландырады.

2-3-сыныптарда маусымдық-тақырыптық ұстаным басшылыққа алынатыны себепті маусымдық материалдардың дер кезінде оқылуы, мәтіндегі оқиғалардың оқушының көз алдында өтіп жатуы тиістігі ескеріліп, оқу күз

айында басталатынына орай «Білім керек бәріне», қыс мезгілінің материалдары «Қыста талай қызық бар», көктем, жаз айлары келбеттері «Тұған өлкे табиғатын қастерлейік» деген атаулармен берілді.

Бастауыш сынып оқушысының дайындық деңгейіне келесі талаптар қойылады:

- 2-сыныпта көлемі 150-200 сөзден тұратын мәтін мазмұнын толық, қысқаша және жоспар бойынша таңдау мен әңгімеледеу; халық аудиоз әдебиет үлгілерін және 2-3 өтірік өлеңді, 10-15 мақал-мәтел мен жұмбақ, жаңылтпашты жатқа айту; 2-3 өлеңді жатқа айту, 25-30 сөзден тұратын мазмұндама мен шығарма жазу;

- 3-сыныпта көлемі 200-250 сөзден тұратын мәтін мазмұнын толық, қысқаша және жоспар бойынша таңдау және әңгімеледеу; халық аудиоз әдебиет үлгілерін және 3-4 өтірік өлеңді, 4-5 өлеңді жатқа айту; 15-20 мақал-мәтел мен жұмбақ, жаңылтпашты жатқа айту; 30-35 сөзден тұратын мазмұндама мен шығарма жазу;

- 4-сыныпта көркем шығармадан алған әсерін 8-10 сөйлеммен жазбаша түрде орындау; 40-45 сөзден тұратын мазмұндама мен шығарма жазу.

- «Әдебиеттік оқу» пәні 2-4-сыныптарда аптасына 4 сағаттан оқытылып, оқу жылы бойынша әр сыныпта 136 сағатты құрайды.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

2-4 сыныптарда – аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағат.

9-кесте – Қорытынды жұмыстар саны

Тоқсан	2 сынып		3 сынып		4 сынып		Барлығы	
	Тексеру	Бақылау	Тексеру	Бақылау	Тексеру	Бақылау	Тексеру	Бақылау
I	4	1	4	1	4	1	12	3
II		1		1		1		3
III		1		1		1		3
IV		1		1		1		3
жыл	4	4	4	4	4	4	12	12

Бағаның төмөндеуіне әсер ететін қате мен кемшиліктердің классификациясы

Қателер: қате оқу (әріптерді аудыстыру, сөздерді, әріптерді тастап кету, сөздерді, буындарды, әріптерді қосып оқу); екпінді дұрыс қоймау; мәтіннің бәрін мағыналық кідіріссіз оқу, дауыстап оқығанда сөздің айтылуын ырғағы мен анықтығын бұзу; қойылған оқу уақытында оқылған мәтіннің жалпы мағынасын түсінбеу; мәтін мазмұнына сай сұрақтарға жауап берсе алмау, оқылғаннан негізгі ойды көрсете алмау, оқылған мәтіннен негізгі мазмұнды түсінуді білдіретен мәтіндегі сөз және сөйлемді таба алмау, мазмұнын айтуда шығарма оқиғасының бірізділігін бұзу; дайындалған мәтіннен жатқа айтудан берік емес білім; бірсарынды оқу, мәнерлеп оқи алмауы.

Кемшиліктер: дауыстап оқуда мағыналық кідіріс, ырғақ пен сөздердің

айтылу анықтығының бұзылуы; орнатылғаннан біршама жоғары уақытта оқылған мәтінді түсінуі; шығарманың негізгі ойын тұжырымдаудағы дәлсіздік; мәнерлеп оқуды мақсатты қолдана алмауы, кейіпкер мінезін көрсетудегі мәнерлеудің жеткіліксіздігі.

Бағалау нормасы

2-сынып

«5» деген баға, оқыған мәтіннің мазмұнын түсінетін, дыбыстарды, сөздерді дұрыс анық айтатын, сөздегі әріптер мен буындар орналасуының ауыстырмайтын, буындал оқып сөзді толық оқуға біртіндеп көшетін; 2-жартыжылдықта күрделі сөздерді толық оқитын; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерге сәйкес сөздегі екпінді, дауыс ырғағын қоя біletіn, мұғалімнің сұрағына дұрыс жауап берे алатын және мәтіннің мазмұнын қысқаша айтып бере алатын; тақпақтың мәтінін жатқа біletіn және оны мәнерлеп оқитын оқушыға қойылады.

«4» деген баға оқыған мәтіннің мазмұнын түсінетін; буындал оқитын және жеке сөздерді толық оқитын; сөйлемнің соңында дауыс ырғағын сактауда, оқуда сөзде 1-2 қате жіберетін; мәтіннің мазмұнын дұрыс жеткізіп, мұғалімнің сұрағына дұрыс жауап қайтаратын, бірақ тілі анық емес, оны өзі немесе мұғалімнің аздаған көмегімен түзеттін; өлеңді жатқа біletіn, оқуда бірлі-жарым қате жіберетін және оларды өзі түзететін оқушыға қойылады.

«3» деген баға оқыған мәтіннің мазмұнын тек мұғалімнің көмегімен менгеретін; оқуда әріп пен буындарды тастап кету, ауыстыруда 3-5 қате жіберетін; сөйлемдер мен сөздерде кідірісті сақтамай оқитын; мұғалімнің көмегімен мәтіннің мазмұнын айтып, тілдік қателерді тек мұғалімнің көмегімен түзететін, өлеңді жатқа біledі бірақ анық айтпайтын оқушыға қойылады.

«2» деген баға оқыған мәтіннің мазмұнын түсінбейтін; мұғалімнің сұрағы бойынша мәтінді айта алмайтын; жатқа оқу барысында бірізділікті бұзатын, оқылған мәтінді толық жеткізе алмайтын оқушыға қойылады.

3-сынып

Оқушыға «5» деген баға егер ол оқыған мәтіннің мазмұнын түсінген; мәтінді мәнерлеп оқуда дауыс ырғағын сақтаған; өздігінен мәтіндерді бөліктерге бөле алған; бастысын бөліп көрсететін, оқытылған мазмұнды жеткізе алатын, тілін грамматикалық дұрыс қоя біletіn, контекстегі сөз мағынасын түсінетін, өздігінен мәтіннен бейне үшін автормен қолданылған әрекеттігі тұлға мен табиғатты сипаттауды сөз бен сөйлемді таба алатын, өлеңді жатқа айтатын және мәнерлеп оқыған жағдайда қойылады,

Оқушыға «4» деген баға мәтінді саналы түрде мәнерлеп оқыған; оқуда және кішігірім қажет оқығаларды табуда 1-2 өрескел емес қателер болған; оқығаннан негізгі мәнін дұрыс түсінген, бірақ анық жеткізе алмайтын, тақпақты жатқа білген, оны мәнерлеп оқитын, бірақ шамалы қателер жіберген (қайталаулар, ұзак кідіріс және тағы басқа) жағдайда қойылады.

Оқушыға «3» деген баға оқыған мәтіннің мазмұнын дәйекті түрде жеткізген, негізгі ойды көрсетіп, мұғалімнің көмегімен жетелеуші сұрақтар арқылы мәтінді бөліктерге бөле алған, мазмұндау барысында мәтіннің мазмұнын сақтамай қателесіп, оны мұғалімнің көмегімен түзеткен; мәтінді

жатқа айтатын, бірақ оны толық білмейтін, тақпақ мәтінін бірсарынды оқитын жағдайда қойылады.

Оқушыға «2» деген баға сөздерді толық оқыған; 6 және одан да көп қате жіберген; негізгі ойды көрсете алмайтын және қосымша сұрақтар арқылы мәтінді бөліктеге бөле алмайтын; тақпақ мәтінін жатқа толық білмейтін сөздерді нақты айтпайтын жағдайда қойылады.

4-сынып

Оқушыға «5» деген баға егер ол жылдам, түсінікті оқыған; әдеби сөздерді дұрыс оқудың барлық нормаларын орындаған, ойын дауыс ырғағы арқылы жеткізіп, толық, қысқаша және өзінің қалауымен айтып беретін; өздігінен қарапайым жоспарларды құратын, оқыған мәтіннің негізгі ойын анықтайтын, белгілі тақырыпқа сай (табиғат, оқиға, кейіпкерлер туралы) әңгіме құрастыра алатын жағдайда қойылады.

Оқушыға «4» деген баға мәтінді жылдам әрі мәнерлі оқыған, окуда 1-2 қате жіберген, мәтінге сай жоспар құрастыра алған, мәтін мазмұнын толық айтқан; өздігінен мәтіннің негізгі ойын анықтай алған, мәтінді мәнерлеп жатқа айтқан, бірақ шамалы қателер жіберілген жағдайда қойылады.

Оқушыға «3» деген баға саналы түрде және бірсарынды оқыған, жеткіліксіз мәнерлеп оқитын, окуда 3-тен 5-ке дейін қате жіберілген; мәтін мазмұнын толық және қысқаша жеткізетін, мұғалімнің жетелеууші сұрақтары арқылы жоспар құрастыра алатын, мәтінді жатқа айту барысында жіберілген қателерді мұғалімнің көмегімен түзететін жағдайда қойылады.

Оқушыға «2» деген баға жеке сөздерді толық оқыған, көп мөлшерде сөздерді және буындарды ауыстырып, тастап кету қателіктерін жіберген, мәтін мазмұнын жетік менгермеген, сөздерді толық оқи алмаған, 6 және одан да көп қате жіберген (2-жартыжылдықта), мәтіннің мазмұнын тікелей, қысқаша және өз қалауынша айта алмайтын, мұғалімнің жетелеууші сұрақтары арқылы өздігімен жоспар құрастыра алмайтын, жатқа айту барысында мәтінді толық жеткізе алмаған жағдайда қойылады.

10-кесте – Оқу жылдамдығының нормасы

Сыныптар	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1 тоқсан	25-30	50-54	75-78
2 тоқсан	31-40	55-60	78-82
3 тоқсан	41-45	61-69	82-90
4 тоқсан	46-50	70-75	90-95

Үй жұмысын бағалауда алдын ала дайындықсыз оқумен салыстырғандағыдан жоғары талаптар қойылады.

Оқу үшін баға оқушының ауызша жауабы мен өз бетімен оқуы негізінде қойылады. Баға оқу көлемі: 2-сыныпта оқулықтың 1/4 беті; 3-сыныпта – 1/3 беті; 4-сыныпта – 1/4 беті болуы керек.

Оқушының оқу дағдысын қорытынды тексеру жылына үш рет жүргізіледі; I және II жартыжылдықтың соңында қорытынды бақылау жұмысы алынады.

Орыс тілі (оқыту орыс тілді емес сыныптар үшін)

Роль русского языка в школьной системе образования определяется в целом его основной функцией как языка межнационального общения в многонациональном государстве.

Цели обучения русского языка: формирование и развитие элементарной русской речи на ограниченном лексико-грамматическом материале; взаимосвязанное обучение видам речевой деятельности (аудированию, говорению, чтению, письму); практическое усвоение элементов уровней русского языка (фонетики, графики, орфоэпии, лексики, грамматики, словообразования, орфографии, пунктуации); воспитание средствами русского языка коммуникативной, нравственной и эстетической культуры.

Задачи учебного предмета:

- научить учащихся строить простейшие типовые предложения, широко употребляемые в живой русской речи, обогатить словарный запас учащихся (в пределах лексико-грамматического минимума);
- научить распространять простейшие типовые предложения за счёт ранее усвоенных слов и словосочетаний по законам синтаксического строя русского языка;
- у учащихся элементарные навыки активного пользования синтаксическими конструкциями для выражения собственных мыслей, чувств и наблюдений в рамках тематики для чтения и развития речи;
- совершенствовать навыки чтения и письма, полученные на уроках родного языка; дифференцировать звуки и буквы в системе гласных и согласных с учётом различий в фонетических системах родного и русского языков.

Содержание предмета состоит из трех блоков: речевой деятельности, языкового материала и текстов для чтения и развития речи, охватывающих сферы общения: учебную, социально-бытовую, социально-культурную, игровую. Так как текст выступает как единица обучения и развития речи, для отбора рекомендуются адаптированные тексты из произведений детских писателей прозаического характера, стихотворения, а также произведения малого жанра (пословицы, поговорки, загадки), сказки.

При отборе содержания обучения русскому языку как второму следует учитывать сферу речевой деятельности младших школьников, уровневые минимумы (лексический, грамматический, тематико-ситуативный, фонетико-орфоэпический и др.) для начального этапа обучения, явления транспозиции и интерференции.

Ведущими компонентами при отборе языкового материала являются словарь (список слов для активного усвоения) и тематика для чтения и развития речи.

На начальном этапе обучения русскому языку как второму учащиеся должны усвоить 1000 лексических единиц (в каждом классе примерно 450-500 слов).

Особенности предмета русского языка. Содержание предмета состоит из трех блоков: речевой деятельности, языкового материала и текстов для чтения и развития речи, охватывающих учебную, социально-бытовую, социально-

культурную, игровую сферы общения. Так как текст выступает как единица обучения и развития речи, для отбора рекомендуются адаптированные тексты из произведений детских писателей прозаического характера, стихотворения, а также произведения малого жанра (пословицы, поговорки, загадки, сказки).

При отборе содержания обучения русскому языку следует учитывать сферу речевой деятельности младших школьников, уровневые минимумы (лексический, грамматический, тематико-ситуативный, фонетико-орфоэпический и др.) для начального этапа обучения, явления транспозиции и интерференции.

Ведущими компонентами при отборе языкового материала являются словарь (список слов для активного усвоения) и тематика для чтения и развития речи.

На начальном этапе обучения русскому языку учащиеся должны усвоить 1000 лексических единиц (в каждом классе примерно 450-500 слов).

В содержание предмета внесены следующие коррективы:

- дается подробное пояснение к структуре речевых моделей (синтаксических конструкций на основе единого грамматического минимума).
- внесены дополнительные лексические единицы, список слов для активного усвоения на основе учёта как речевой деятельности, так и единого лексического минимума по русскому языку для начального этапа обучения русскому языку как второму.

В тематику для чтения и развития речи учащихся внесены новые темы – это «День за днём», «Ключ к счастью – в труде» и другие.

Материал фонетики дан с учётом дифференциации звуков и букв, представляющих трудность для младших школьников казахской школы.

В соответствии с действующим базисным учебным планом общее количество часов распределено конкретно по разделам.

Русский язык вводится с 3-го класса, то для итогового контроля после 4-го класса разработаны требования к владению речевыми умениями и навыками (аудирование, говорение, чтение, письмо), а также к усвоению языковых знаний (элементарные сведения по фонетике, грамматике, лексике и синтаксису).

На основе текстового материала выявляются знания о символике РК и этнокультурологические материалы.

Учащиеся 3-го класса должны понимать прослушенное сообщение, речь учителя, звукозапись продолжительностью звучания 1-2 минуты; составлять высказывание из 2-4 предложений; сознательно, плавно читать вслух небольшие тексты, соблюдая паузы, словесные ударения; учить наизусть небольшие стихотворения; задавать друг другу вопросы, отвечать на поставленные вопросы; пересказывать прочитанный текст; писать по образцу и под диктовку слова и предложения, написание которых не расходятся с произношением.

В 3 классе в письменной форме проводятся следующие виды контрольных работ: контрольное списывание в первом полугодии 2 раза в четверть и 1 раз в третьей четверти, контрольный словарный диктант, контрольный диктант (без грамматического задания в общеобразовательных школах и с грамматическим

заданием в лицеях и гимназиях) 1 раз в третьей четверти и 2 раза в четвёртой четверти.

Учащиеся 4-го класса должны уметь выделять основную мысль и структурные элементы текста, пересказывать прочитанное; составлять связное монологическое высказывание из 3-4-х предложений, составлять рассказ-описание, рассказ-повествование; писать под диктовку небольшие тексты из 30-40 слов и изложение из 5-6 предложений; зрительные, зрительно-слуховые, словарные, картичные диктанты; строить диалог; выразительно читать текст; знать наизусть не менее трёх стихотворений в четверти.

В 4 классе в письменной форме проводятся следующие виды контрольных работ: контрольный словарный диктант, контрольный диктант (без грамматического задания в общеобразовательных школах и с грамматическим заданием в лицеях и гимназиях) 1 раз в четверть, изложение во втором полугодии 1 раз в четверть.

Итоговый контроль осуществляется в конце четверти и учебного года.

Русский язык в школах с нерусским языком обучения в 3-4 классах, изучается по 2 часа в неделю, общее количество часов в году составляет 68ч.

Шет (ағылшын) тілі

Бастауыш сыныптарда *шет тілінің оқыту мақсаты* – оқушыларға қарапайым коммуникативтік құзыреттілігін тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары арқылы оқыту және қалыптастыру.

Қарапайым қоммуникативтік құзыреттілік деп төменгі сынып оқушысының күнделікті жағдайдағы шектеулі ортада және қарым-қатынас саласында сол менгерілетін шетел тілін иеленушілермен ауызша және жазбаша түрде тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынасын іске асырудағы төменгі сынып оқушысына тән қабілеті мен дайындығы ретінде түсіндіріледі

Бастауыш сыныптарға арналған шетел тілін оқыту курсы қарапайым деңгейін менгеруге бағытталған және A1 - (ауызекі қолданыс деңгейі - *Breakthrough*) тілді менгерудің жалпыеуропалық деңгейіне сәйкес келеді.

Улгілік оқу жоспарына сәйкес бастауыш мектепте «Шет тілі» пәннің оқу жүктемесінің көлемі:

2- 4 сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

Жаңа лексика көлемі:

2-сыныпта-100 сөз, оның ішінде белсенді лексика - 40 сөз, пассивті - 60 сөз, 3-сыныпта-120 сөз, оның ішінде белсенді лексика – 50 сөз, пассивті - 70 сөз, 4-сыныпта-130 сөз, оның ішінде белсенді лексика - 60 сөз, пассивті - 70 сөз.

2-сыныптарда есептік сандарды қолдану 13-тен 100-ге дейін, 3-сыныптарда реттік және есептік сандарды қолдану, 4-сыныптарда реттік және есептік сандарды сөйлеуде қолдану.

Диалог көлемі: 2-3 сыныптарда – 3-4 тілдесім, 4- сыныпта – 4-5 тілдесім.

Оқу үшін мәтін көлемі: 2-сынып – 30 сөзден артық емес, 3- сынып - 40 сөзден артық емес, 4-сынып -50-60-сөзден артық емес.

Жазу көлемі: 4- сыныпта 30-40 сөзге дейін.

2-сынып оқушысы 6-8 сөйлемнен тұратын мәтін құрастыру қажет. 3-

сыныпта оқушылар 8-10 сөйлемнен түратын мәтін, 4-сыныпта 10-12 сөйлем қурайды.

Сабакта диалогтық сөйлеу дағдысын, жұптық және топтық жұмысты дамыту мен бекіту қажет. 2-сынып оқушылары менгерілген тақырыптары бойынша қарапайым сұрақтар қойып және оған жауап беруі қажет. 3-4 сыныптарда өлкетану бойынша қарапайым тапсырмаларды енгізу қажет.

Оқушыларда менгерілген тақырыптар бойынша лексикалық сөздік қоры болуы қажет: 2-сынып – 8-10 сөз, 3-сынып – 12-15 сөз, 4-сынып – 18-20 сөз.

Шет тілін менгерудегі ең маңыздысы тыңдалым болып табылады. Тыңдалым элементтерін мүмкіндігінше сабакқа енгізу қажет: бұл әндерді, тақпактарды, шағын әңгімелерді тыңдау, мультфильмдерді көру, мұғалімнің ауызша сөйлеу тілі мен аудиодискілерді тыңдау.

3-сыныптан бастап шетел сөздері мен оның айтылуына арналған сөздіктер енгізіледі. Оқушыларда жаттығуларды орындау мен грамматика бойынша тақырыптарға жұмыс дәптерлері болуы қажет.

«МАТЕМАТИКА» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Оқу пәні ұлттық және жалпыазаматтық құндылықтар негізінде тұлғаның интеллектуалды дамуының қажетті деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған математиканың базистік негізін сапалы игеруді қамтамасыз ету; көрнекі-бейнелі, логикалық және абстрактылы ойлауды қалыптастыру, негізгі орта білім деңгейінде алгебра мен геометрияны игеруге практикалық негіз жасау деп белгіленген.

Математика

3-сыныптағы математика пәні бойынша оқу бағдарламасының өзгеруіне және көбейту мен бөлудің 2-сыныпта қарастырылуына байланысты 3-сыныпта қайталауға берілген сағаттар саны 4 сағаттан 14 сағатқа дейін көбейтілді. Осыған қатысты 3-сыныптағы алғашқы 14 сабактың мазмұны толығымен өзгертилді.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

2-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылына 136сағат;

3, 4-сыныптарда – аптасына 5 сағат, оқу жылына 170 сағат.

11-кесте – Жазба бақылау жұмыстарының саны (құрастырылған бақылау жұмысы)

Тоқсан	2- сынып		3-сынып		4 -сынып		барлығы	
	Тақырып	Бақылау	Тақырып	Бақылау	Тақырып	Бақылау	Тақырып	Бақылау
I	5	2	8	2	8	2	21	6
II		1		1		1		3
III		1		1		1		3
IV		1		1		1		4
жыл	5	5	8	5	8	5	21	16

Бақылау жұмысының күрделілігі қосымша тапсырмада анықталады, ол

барлық оқушыларға тапсырманың орындалуын ұсынады және тек қана «4» немесе «5» деген баға қойылады; қатемен жұмыс жазу барысында міндетті түрде есептің шығару жолдарын талдау керек; шығу жұмысы үшін журналға «2» бағасы қойылмайды.

12-кесте – Ауызша есеп және математикалық диктанттардың саны

Жұмыс түрі	2-сынып		3-сынып		4-сынып	
	I жарты жылдық	II жарты жылдық	I жарты жылдық	II жарты жылдық	I жарты жылдық	II жарты жылдық
Ауызша есеп	2	2	2	2	2	2
Математикалық диктант	2	2	2	2	2	2

Бағалау нормасы

Баганың төмөндеуіне әсер ететін қате мен кемшиліктердің классификациясы

Қателер: тапсырманы орындау негізінде немесе оны орындау барысында қолдануға жататын қажеттілігі бар негізгі ұғымдардың анықтамасын, ережелерін, алгоритмдерін білмеу және дұрыс қолдана алмау, амал, тәсілдерді дұрыс таңдамау, тапсырма мақсаты есептеу білігі мен дағдысын тексеру болғанда қате есептеу, дұрыс жауап алуға әсер ететін математикалық есептеулер, амал, тәсілдерді жіберіп алу, түсіндірме мәтіннің, тапсырма жауабының, шама атауының орындалған амал мен алғынған нәтижеге сәйкессіздігі, орындалған шама мен геометриялық құрылымның берілген параметрге сәйкессіздігі.

Кемшиліктер: мәліметтерді (таңбалар, сандар, белгілеу, шамалар) дұрыс көшірмеу; математикалық ұғымдардың, шамалардың қате жазылуы; тапсырма жауабының болмауы немесе жауабында жіберілген қателер; егерде 2 қатесі болса, ол 1 қатеге саналады.

Өрескел қателер: мысалдар мен есептердегі есеп қателері, арифметикалық амалдарды орындау тәртібін білмеудегі қате; есепті қате шығару (амалдарды орындаамау, амалдарды дұрыс таңдамау, артық амалдар); есепті немесе мысалды аяғына дейін шығармау; орындалмаған тапсырма.

Өрескел емес қателер: есептеудің тиімсіз тәсілдері; есепті шығаруда амалға сұрақтың дұрыс қойылмауы; қате тұжырымдалған есеп жауабы; мәліметтерді қате көшіру (сан, белгі); түрлендірулерді аяғына дейін жеткізбеу.

Математика бойынша жұмыста жіберілген грамматикалық қате үшін баға төмендетілмейді. Лас безендірілген жұмыс, каллиграфия ережесін сақтамағаны үшін 1 балл төмендетіледі, бірақ 3-тен төмен емес.

Жазбаша жұмыстарды бағалау

Мысалдардан құралған жұмыс: «5» – қатесіз; «4» – 1 өрескел қате 1-2 өрескел емес қате; «3» – 2-3 өрескел және 1-2 өрескел емес қате немесе 3 және одан да көп өрескел емес қате; «2» – 4 және одан да көп өрескел қатемен орындалған жағдайда қойылады.

Шартты есептерден құралған жұмыс: «5» – қатесіз; «4» – 1-2 өрескел емес қате; «3» – 1 өрескел және 3-4 өрескел емес қате; «2» – 2 және одан да көп өрескел қате болған жағдайда қойылады.

Құрама есептер: «5» – қатесіз; «4» – 1 өрескел және 1-2 өрескел емес қате, бірақ есепте өрескел қателер болмауы қажет; «3» – 2-3 өрескел және 3-4 өрескел емес қате, бірақ тапсырманың шығару жолдары дұрыс болуы қажет; «2» – 4 өрескел қатемен орындалған жағдайда қойылады.

Қорытынды ауызша есептей: «5» – қатесіз; «4» – 1-2 қате; «3» – 3-4 қате болған жағдайда қойылады.

Жазба жұмысын бағалауда есептей дәгдисын тексергенде төмендегідей баға қойылады: «5» – қатесіз; «4» – 1-2 қате және 1-2 кемшілік ; «3» – 3-4 қате және 1-2 кемшілік; «2» – 5 және одан да көп қате болған жағдайда қойылады.

Амалдардың орындалу ретін анықтауда жазба жұмысын бағалау: қате таңдалған амалдар тәртібі, арифметикалық амалдар дұрыс орындалмаса қате болып саналады.

«5» – қатесіз; «4» – 1-2 қате; «3» – 3 қате; «2» – 4 және одан да көп қате болған жағдайда қойылады.

Теңдеуді шешу жазба жұмысын бағалау: шешудің қате жолы, амалдардың дұрыс орындалмауы, сонымен қатар тексеру дұрыс орындалмаса қате болып саналады.

«5» – қатесіз; «4» – 1-2 қате; «3» – 3 қате; «2» – 4 және одан да көп қате болған жағдайда қойылады.

Геометриялық материалдармен байланысты жазба жұмыстарын бағалау: егер оқушы геометриялық фигураны қате құрса, өлшем бірліктерін ескермеген жағдайда, өлшем бірліктерін қате өрнектегендеге, егер сызу құралдарын дұрыс пайдалана алмағанда қате болып саналады.

«5» – қатесіз; «4» – 1-2 қате; «3» – 3 қате; «2» – 4 және одан да көп қате болған жағдайда қойылады.

Ауызша жұмыстарды бағалау

Оқушылардың ауызша жауабын бағалау көрсеткіші: жауаптың дұрыстығы, негізділігі, дербестігі, толықтығы.

Қателер: қойылған сұраққа қате жауап; қойылған сұраққа жауап берे алмау немесе мұғалімнің көмегінсіз тапсырманы орындаі алмау; тапсырманы дұрыс орындаған жағдайда оны толық жеткізіп, түсіндіре алмау.

Кемшіліктер: қойылған сұраққа толық әрі нақты жауап бермеу; дұрыс жауап берген жағдайда өздігінен толық дұрыс жеткізе алмау; тапсырманы баяу орындау; математикалық ұғымдарды қате айту.

Оқушыға «5» деген баға менгерген оқу білімін дұрыс және өздігінен қолдана алған; есептеулерін дұрыс әрі жылдам қолданған; өздігінен тапсырмаларды құрастырган (жоспар құрап, есептеп, есептің шығару жолдарын түсіндіріп және есептің сұрағына нақты жауап беру); тәжірибелік жұмыстарды дұрыс орындаған жағдайда қойылады.

Оқушыға «4» деген баға оның жауабында кемшіліктер болып, алайда «5» деген бағаның талаптарына сай болған; есептеуде тиімді тәсілдерді қолданбаған; осы кемшіліктерді оқушы мұғалімнің сілтемелерімен өздігінен

түзете алған жағдайда қойылады.

Оқушыға «3» деген баға өтілген сұрақтардың жартысынан көбін менгерген, есепті шығару барысында қателер жіберген және сол қателерді мұғалімнің көмегімен түзеткен жағдайда қойылады.

Оқушыға «2» деген баға оқу бағдарламасын менгермеген кезде және мұғалімнің көмегімен есепті шығара алмаған жағдайда қойылады.

Мұғалімнің оқушының күнделікті жұмысына жүргізген бақылау, ауызша сұрақ, ағымдық және қорытынды бақылау жұмыстарының нәтижелері қорытынды баға қоюына негіз болады. Алайда, соңғысына көп мән беріледі.

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Дүниетану

Оқу пәні қоршаған әлем тұтастығы туралы білім мен адамзаттың табиғатпен қарым-қатынас жүйесі негізінде жалпыадами құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған.

«Дүниетану» пәнін менгеруде бастауыш сынып оқушылары биология, экология, география пәндерінің қарапайым ұғымдарымен танысады, олар:

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 2-4-сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

Оқушылардың білім, білік, дағылары ауызша сұрақтар, бақылау, тест жұмыстары, тәжірибелік жұмыстар мен диктанттардың нәтижелері бойынша бағаланады.

Оқушыға «5» деген баға, егер ол оқу материалын табиғаттағы құбылыстарды бақылауларды ескеріп, жүйелі де логикалы түрде байланыстыра отырып баяндаса (бағдарлама көлемінде), тәжірибелік жұмыстарды дұрыс орындалған сұрақтарға толық жауап берген жағдайда қойылады.

Оқушыға «4» деген баға, егер оның жауабы «5» деген бағаның талаптарына сай болғанда, дегенмен оқушы нақты материалды баяндауда, кейбір практикалық жұмыстарда қолдануда жекелеген дәлсіздіктер жібергенде, осы кемшіліктердің барлығын мұғалім көрсеткеннен кейін оқушы өзі түзеткенде қойылады.

Оқушыға «3» деген баға, егер ол оқу материалының негізгі мазмұнын менгеріп, бірақ нақты қателер жіберсе, табиғаттағы құбылыстарды бақылау нәтижелерін қолдана алмаса, бағдарламада қарастырылған табиғаттағы құбылыстар мен нысандар арасында байланыс орнатуда, практикалық жұмыстарды орындауда қиналса, бірақ мұғалімнің көмегімен аталған кемшіліктерін түзете алса қойылады.

Оқушыға «2» деген баға, егер оқу бағдарламасының көп бөлігін менгермесе, мұғалімнің көмегімен де тәжірибелік жұмыстарды орындаі алмаса қойылады.

13-кесте – Қорытынды бақылау жұмысының саны

Тоқсан	2-сынып		3-сынып		4-сынып		Барлығы	
	Аралық	Бақылау	Аралық	Бақылау	Аралық	Бақылау	Аралық	Бақылау

I	3	1	4	1	5	1	12	3
II		1		1		1		3
III		1		1		1		3
IV		1		1		1		3
жылдық	3	4	4	4	5	4	12	12

Тест жұмысын бағалау

Тест орташа деңгейлі тапсырмалардан тұрады. Тексеру тестің барлығы немесе жеке бөлімдері бойынша жүргізуі мүмкін.

Қатені табу; жауабын таңдау; айтылған ойды жалғастыру немесе түзету түріндегі тест тапсырмаларын қолдану тиімді.

Жұмысты орындау үшін оқушыларды алдын ала дайындау қажет. Ол үшін алдыңғы сабактардың бірінің соңында 10-15 минут уақыт бөлу керек. Тактада тестке қосылған тапсырмаларға ұқсас 1-2 тапсырманы жазып, оны оқушылармен бірге орындау ұсынылады.

14-кесте – Тест жұмысын бағалау

Базалық деңгей			
0-60%	60-77%	77-90%	90-100%
17-ден төмен балл	18-22 балл	23-26 балл	27-30 балл
Баға «2»	Баға «3»	Баға «4»	Баға «5»

«АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Өзін-өзі тану

«Өзін-өзі тану» оқу пәнінің мақсаты: оқушылардың өз ішкі әлемін танып білуіне мүмкіндік беру және өзімен, қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынасын құруы болып табылады.

«Өзін-өзі тану» пәнінің базалық білім беру мазмұны төрт негізгі бөлімді қамтиды:

- 1) Өзін-өзі тану бақыты.
- 2) Адами қарым-қатынасқа үйренейік.
- 3) Адам болам десеңіз.
- 4) Әсемдік әлемінде.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

2-4- сыныптарда – 1 сағат, оқу жылында барлығы 34 сағатты құрайды.

Білім берудің барлық деңгейлерінде 33-34 сабактар «қорытынды қайталау» ретінде көрсетілген, ол курс аяқталғаннан кейін өтілген материалды жалпылау мен жүйелеуді білдіреді.

Қорытынды қайталаудың сағаттарын оқушылардың портфолиосында байқалатын шығармашылық қызметінің нәтижелерін көрсету мүмкіндігі ретінде қарастыруға болады.

Портфолио – оқушылардың өзін-өзі тану процесіндегі жетістіктерін бейнелейтін шығармашылық жұмыстарының жиынтығы. Шығармашылық жұмыстар жеке, топтық және ұжымдық сипатта болуы мүмкін.

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқушылардың білімін бағалау оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын Талаптар негізінде жүргізіледі. Бұл талаптар оқушылардың танымдық қызметін дамыту мониторингінің, өмірде жалпыадамзаттық құндылықтарға және қоғамға қызмет ету дағдыларына ұмтылудың өлшемшарты болып табылады.

Адамгершілік-рухани білім берудің ерекшеліктеріне сәйкес әрбір жарты жылдықтың қорытындысы бойынша «сынақ» деген бағалау енгізіледі. Егер білім алушы оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын Талаптардың жалпы көлемінің кемінде 2/3 сәйкес келетін жетістіктерді көрсете алған жағдайда «сынақ тапсырды» бағасы қойылады. Оқушыға «сынақ тапсырды»/ «сынақ тапсырмады» бағаларын қоюда оның пән бойынша шығармашылық қызметін көрсететін портфолиосы назарға алынады. Портфолио сапасын талдауда оқушының ұжымдық және топтық шығармашылықтағы белсенділігі, сондай-ақ жеке шығармашылық қызметте проблеманы ұғыну терендігі, оның ойының бағдарлығы, жалпыадамзаттық құндылықтар басымдығының мазмұны, адамға және қоршаған әлемге сүйіспеншілік негізінде сабакта қойылған проблемаларды шешу жолдарын іздестіру басты назарда болады.

«ӨНЕР» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Музыка

«Музыка» пәнінің мақсаты – оқушылардың музыкалық мәдениетін тәрбиелеуге, азаматтық тұлғасын, көркемдік талғамы мен шығармашылық қабілетін қалыптастыруға, алған білімдерін сабакта және өмірде пайдалана білуіне негізделген.

Пәнді оқытуда «Қазақ халық музыкасы», «Музыкалық аспаптар», «Концертке және театрға саяхат», «Қазақстан – менің Отаным» сынды ең негізгі тақырыптарға аса мән беріледі. Пән мазмұны терендей түсіп, музыкалық құбылыстардың ауқымы кеңейеді.

Оқытудың әдістемелік жүйесі заманауи технологияларды пайдалануға негізделген. 2-сыныпта сахналық ойындар оқушылардың білімін толықтыра түсіп, коммуникативтік қызмет атқарады. «Мұғалім – оқушы» технологиясы шынайы шығармашылық қарым-қатынас қалыптастырады. «Жетістік» технологиясы оқушылардың шағармашылық биігіне көтерілуіне көмектеседі. Бастауыш сынныптарда саяхат-сабак, концерт-сабак, ой бөлісу сабағы, репортаж-сабак және т.б. әртүрлі сабақ түрлерін пайдалану ұсынылады.

«Музыка» пәні бойынша барлық сабактың саны:

2-4-сыныптарда аптасына 1 сабактан, жылына барлығы 34 сабак.

Музыка сабағында жұмысты бағалау

«5» бағасы – аталған үш критерилерге немесе алғашқы екеуіне сәйкес болғанда қойылады: музыкаға қызығушылық таныту, оған тікелей эмоционалды жауабы, тыңдаған немесе орындалған шығарма туралы өз ойын айту; іздену жағдайы барысында анықталған, оқушының белсенді жігері, және музыканы қабылдау барысында ең алдымен бастапқы білімдерін қолдану білігі; орындау дағдысының өсуі, бұл оқушының дайындық деңгейі мен сабактағы

белсенділігін есепке ала отырып, бағаланады.

«4» бағасы – екі немесе бір критерилерге сәйкес болғанда;

«3» бағасы – берілген критерилерге сәйкес болмағанда;

«2» бағасын қоюға жол берілмейді, себебі ол баланың қызығушылығын және соған сәйкес сұлулық пен мейірімділікке деген қажеттілігін жояды.

Бейнелеу өнері

Пәнді оқыту эстетикалық сезімдерді, бейнелеу өнеріне қызығушылығын тәрбиелеу; өнегелі тәжірибесін байыту, ізгілік пен зұлымдық туралы ойларын дамыту; адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу, Қазақстан және басқа елдердегі халықтардың мәдениетін құрметтеу; қиялын, кез келген іске шығармашылық түрғыдан қарау ниеті мен икемділігін, өнер мен қоршаған әлемді қабылдау қабілетін, көркемдік қызметте бірлесіп жұмыс істеу шеберліктері мен дағдыларын дамыту; халық шығармашылығына деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу; аңғарымпаздығы мен көріп есте сақтау қабілетін дамытуға бағытталған.

Бағдарламадағы оқу материалы көркемдік білімнің іскерлік сипаты мен адамгершілік болмысын көрсететін блоктармен ұсынылған: «Көркемдік қызмет түрлері», «Көркемдік сауат негіздері», «Қоршаған әлемді тану», «Көркемшығармашылық қызмет мазмұны».

Барлық блоктар кешенді түрде жалпы көркемдік білім мен тәрбие міндеттеріне бағытталған.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

2-4-сыныптарда аптасына 1 сағаттан, жылына барлығы 34 сағатты құрайды.

Бағалау нормалары:

«5» бағасы: оқушы сабактың қойылған мақсатын толық орындаі алады, менгерілген материалды дұрыс түсіндіреді және алған білімін іс жүзінде қолдана алады; сурет композициясын дұрыс шешеді, яғни бейненің барлық компоненттерін өзара үйлесімді қыылыштырады, бейнені айрықша аңғарады және жеткізе сипаттай алады.

«4» бағасы: оқушылар бағдарлама материалын толық менгерді, бірақ қосымша сипатта жеткіліксіз мазмұндайды; бейненің барлық компоненттерін өзара үйлесімді қыылыштырады, бірақ бейнені нақты сипаттай алмайды.

«3» бағасы: оқушылар сабактың қойылған мақсатын толық орындаі алмайды; менгерілген материалды мазмұндауда дәлсіздік жібереді.

«2» бағасы: жауап беруде өрескел қателер жібереді; сабактың қойылған мақсатын орындаі алмайды.

«ТЕХНОЛОГИЯ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Еңбекке баулу

Оқу пәні бастапқы технологиялық білім, еңбек білігі мен дағдысын, іс-әрекетті жоспарлау және ұйымдастыру тәсілдерін менгерту; сенсорика, қол саусақтарының ұсақ моторикасын, кеңістік қиялын, ақпарат түрлерінде бағдарлау қабілеттерін дамыту; қоршаған әлем өзгерісіндегі адам еңбегінің рөлі туралы білімді менгерту; адам және адам еңбегіне құрметпен қарауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуге бағытталған.

4-сынып оқулығында «Сым темірмен жұмыс», «Фольгамен әшекей бұйымдар жасау», «Қошқар мүйіз оюнының орындалу реті» тақырыптары қарастырылмауына орай, мұғалім пәнді оқытуды жоспарлауда өзге тақырыптармен оқу бағдарламасына сәйкес алмастыра алады.

«Еңбекке баулу» пәні бойынша оқу жүктемесі:

2-4- сыныптарда аптасына 2 сағаттан, жылына 68 сағатты құрайды

Бағалау нормалары:

Бағалар жалпы орындалған не жасалған бұйым, жеке технологиялық операциялар; жұмыс жоспарын құра білу, тәжірибе жасау, материалдардың қасиетін анықтау, материалдар мен құралдарды дұрыс атау, олардың міндетін анықтау, олармен қауіпсіз жұмыс ережесін атау білігі үшін қойылады.

Жалпы алғанда бұйымды орындау

«5» бағасы құралдармен қауіпсіз жұмыс ережесін сақтай отырып, қатесіз және мұқият жасалған бұйымға қойылады (қолданылатын материал бойынша құралды таңдау, сонымен қатар, сабак бойы жұмыс орнында тазалықты сақтау білігі ескеріледі).

«4» бағасы осы талаптар есебінен қойылады, бірақ бұйым құрылымын бұзбай түзетуге жол беріледі.

«3» бағасы бұйым мұқият орындалмаған, бірақ құрылымы бұзылмаған жағдайда қойылады.

Көрсеткен дербестігі мен шығармашылықпен орындалған жұмысқа бағаны бір ұпай көтеріп қоюға болады немесе қосымша бағамен бағаланады.

Құрылымы бұзылған, өз мақсатына сай емес бұйым бағаланбайды, оны түзетуге, қайта жасауға болады.

Тексеру жұмысы кезінде дайын бұйым үшін баға барлық оқушыларға қойылады. (Тексеру жұмыстары әр тоқсан сайын және жыл сонында жүргізіледі. Олар белгілі бір сабактар санынан кейін жеке операцияларды менгеруін тексеру немесе жұмыс түрлері бойынша қорытынды сабак болуы мүмкін).

Жеке технологиялық операциялар

«5» бағасы әртүрлі белгілеудердің, материалдарды пішудің нақтылығына, бұгудің дұрыстығына, тегіс сырлылуына; ұлгіге немесе суретке сәйкес конструктор бөлшектерінен бұйымды орындау дәлдігіне; материалдарды, құралдарды олардың мақсатына сәйкес, үнемді және тиімді пайдалануына; жетекші сұраптар бойынша жұмыс жоспарын құру ептілігіне (2-сынып); бұйым құрылымына ұжымдық талдау жасағаннан соң жеке жұмыс жоспарын құруға

(3-сынып); жоспар құру, бұйымға өздігімен талдау жасауына (4-сынып), іс жүзінде бұйымды көрсету ептілігіне (2-сынып), түсіндірумен көрсету білігіне (3-4-сыныптар) қойылады.

«4» бағасы, егер оқушы белгілеу кезінде дәлсіздікті жіберсе (3мм дейін), пішуде 1 мм дейін белгілеу жолынан ауытқыса, материалды үнемсіз қолданса; жұмыс орнындағы тәртіпті мұғалімнің ескертуінен кейін сақтаса; жұмыс жоспарын мұғалімнің жетелеуші сұрақтарынан кейін құрса (2-сынып), мұғаліммен бірге (3-сынып), алдағы жұмыс жоспарын өздігімен 1 қатемен құрса (4-сынып) қойылады.

Отметки за сочинение (выполняется в тетрадях по развитию речи) по русской литературе выставляются в предмет «Русская литература» через дробь в одну графу: первая – за содержание, вторая – за грамотность. Ошибки выносятся графически на поля и подсчитываются. При написании домашнего сочинения или других творческих работ отметка за работу выставляется в графу, соответствующую дате, когда давалось задание, или дате, когда проходила защита творческой работы.

Для написания сочинения по литературе (5-9 класс) можно использовать два урока литературы или один урок русского языка и один урок русской литературы.

На учебных занятиях по русской литературе для работы с текстами из списка для чтения и обсуждения следует использовать учебники и учебные пособия более ранних лет издания, издания серии «Школьная библиотека», а также интернет-ресурсы на сайтах.

Отметки за чтение наизусть выставляются на учебном занятии, следующем за учебным занятием, на котором было дано задание выучить наизусть, или на любом другом учебном занятии, тема которого включает изучение данного произведения.

Шет тілі

Шет тілі бойынша оқу бағдарламасының құрылымында «Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» пәндерінің базалық мазмұны маңызды аспекті болып табылады. Осы пәндердің біреуін тандауды жалпы білім беретін мектептер оқушылардың қажеттілігі мен ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып жүзеге асырады.

Негізгі орта білім деңгейіне арналған шет тілі курсы жалпы орта білім деңгейінде оқыту дайындығына бағытталған, яғни ол шет тілін менгерудің жалпы европалық A1, A2, A2+ деңгейлеріне сәйкестендірілген:

5-сынып – A1 («Бастапқы игерім 1»);

6-сынып – A1 («Бастапқы игерім 1.1»);

7-сынып – A2 («Қалыптасу қарсаңдағы игерім 1»);

8-сынып – A2 («Қалыптасу қарсаңдағы игерім 1.1»);

9-сынып – A2+ («Қалыптасу қарсаңдағы игерім 2»).

Негізгі орта білім беру деңгейінде шет тілін оқытудың мақсаты – оқушылардың тілді менгерудің жалпы европалық (A1, A2+, B1) қалыптасу алдындағы деңгейге сәйкес мәдениетаралық коммуникативтік біліктерін қалыптастыру мен дамыту, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту.

Бұл кезеңде алдыңғы кезеңдегідей танымдық процесс шоғырландыра үйимдастырылады: берілген кезеңде әуелгі кезеңнің тақырыптары мен сөйлеу аясы кеңейіп, оларға жаңа сөйлеу тақырыптары қосылады. Қатысымдық-сөйлеу іс-әрекеті бір кезеңнен екінші кезеңге өтіп, репродуктив әрекеттен репродуктив-нәтижелі әрекетке, кейіннен нәтижелі әрекетке қарай дамиды.

5-7-сыныптарда айтылым дағдыларын (диалогтік және монолог сөз) дамыту үшін репродуктивті және репродуктив-нәтижелі жаттығулары қолданылады: диалог түріндегі сөзге үлгі-диалогтарды дұбыстау, фразалар, клишелер, идиомалық сөз тіркестері, сөйлеу құрылымы (грамматика), лексикалық бірліктер (лексика) қолданылуы мүмкін. Жаттығулар шығармашылық сипатта болуы мүмкін. Монолог сөз дағдыларын дамыту тірек сөздер, жоспар, логикалық сызба, ассоциациядан тұратын нәтижелі, репродуктивті және репродуктив-нәтижелі деңгейде жүзеге асырылады. Оқу материалын жақсы меңгеру үшін жаттығуларды алдымен жазбаша, кейін ауызша түрде орындауға болады.

5-7-сынып оқушылары «Шет тілі» оқу пәнін игеруде белгілі бір нәтижеге қол жеткізеді:

- шет тілін менгерудің мотивациясын қалыптастыру және «Шет тілі» білім беру саласында өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу;
- шет тілі оқу құралдары арқылы өзін-өзі көрсету мүмкіндігін сезіну;
- тұтастай өзінің жеке сөйлеу мәдениетін жетілдіруге ұмтылу;
- мәдениетаралық және этникааралық қарым-қатынаста коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру.

8-9-сыныптарда (A2+B1 оқу деңгейі бойынша) қатысымдық-мәдениетаралық құзыреттерінің барлық компоненттерін дамыту жалғаса береді: грамматикалық және лексикалық минимум кеңейтіледі, тілдік және сөйлеу дағдылары нығайтылады, дискурсивті және әлеуметтік-мәдени біліктері дамиды. Бұл оқу деңгейінде өзіндік өмірлік тәжірибе мен оқушылар білімін ескере отырып, үлгіге қарамай, вербальдық тірексіз байланысқан сөйлем құру қабілетін қалыптастыру қажет.

Көптілді білім беруді енгізу жағдайында ағылшын тіліне ерекше назар аударылады.

5-7-сыныптарда лексикалық вокобулярды қалыптастыру, тілдік емес пәндер бойынша бастапқы терминологиялық глосарийді әзірлеу ұсынылады.

8-9-сыныптарда лексикалық вокобуляр кеңейтіледі, тілдік емес пәндер бойынша терминологиялық глосарий қөлемі ұлғаяды.

Шет тілі сабактарында оқушылардың тұлғалық қасиетін қалыптастырудың маңызды аспектісі «Мәңгілік Ел» үлттық идеясын іске асыру болып табылады:

- оқушылар бойында шет тілінің қазіргі адам өмірінде және көпмәдениетті әлемдегі рөлі мен маңыздылығы туралы таным қалыптастыру, шет тілін

қолдануда мәдениетаралық қарым-қатынаста басқа халықтар әлемі мен мәдениетін тану құралы ретінде жаңа тәжірибе жинақтау;

- азаматтық теңдікті, өз халқы, туған өлкесі, өз елі үшін патриотизм мен мақтаныш сезімін, өз этникалық және ұлтқа қатыстырынын сезіну, тілдерді және мәдениетті менгеру арқылы жалпы қабылданған адамзаттық және базалық ұлттық құндылықтарды дамыту;

- коммуникативтік құзыреттіліктері мен мәдениетін қалыптастыру, яғни өзінің сөйлесу мүмкіндігіндегі деңгейіне қарай ауызша (айтылым және тыңдалым) және жазбаша (оқылым және жазылым) әртүрлі үлгіде тілді таратушымен қарым-қатынаста қабілеттілігі мен дайындығын, коммуникативтік шешімдер мен әңгімелесу әдебіне сәйкес барынша кең көлемде сөйлесу және сөйлесуден басқа құралдарды тепе-тең пайдалану;

- ағылшын тілді елдердің мәдениетімен танысу арқылы өзге (бөгде) мәдениетке құрметпен қарау қатынасын қалыптастыру;

- ауызша және жазбаша қатынаста шет тілінде өзінің төл мәдениетін таныстыру қабілеттін одан әрі дамыту.

Ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында шет тілі пәні мұғалімдеріне:

- оқыту материалдарының түпнұсқасын пайдалану (аудио-, бейнежазбалар, фильмдер, әндер, ғылыми және ойын-сауық журналдарынан мақалалар);

- сипаттау дағдысын қалыптастыру үшін ақпараттармен жұмыс жасау, шет тілінде сипаттама беру, салыстыру, талдау, диалог жүргізу, пікірталас, қажетті дәлелдемелер келтіру, жинақтау және қорытынды жасау;

- оқушылардың сөздік қорын байыту мақсатында өз бетінше анықтамалармен және энциклопедиялық әдебиеттермен, электронды ресурстармен жұмыс істеуге үйрету ұсынылады.

Шет тілі бойынша апталық оқу жүктемесінің көлемі:

5, 6, 7, 8, 9-сыныптарда аптасына 2 сағаттан, жылына әрбір сыныпта 68 сағатты құрайды.

Оқушы дәптерлерінің саны мен түрлері.

Оқушыларда оқытуда барлық жұмыс түрлерін орындау үшін келесі дәптерлер саны болуы керек:

5-7-сыныптарда шет тілі бойынша сыныпта жұмыс істеуге арналған 2 жұмыс дәптері (егер оқулықпен бірге арнайы дәптерлері болса, онда 2 жұмыс дәптерін жүргізу қажет емес, өйткені жұмыс кітабы тақырыптар бойынша толық жаттығулар жиынтығын қамтыған, осыған орай 1 дәптер жүргізу ұсынылады);

шет тіліндегі сөздерді жазу үшін 1 сөздік дәптер, бақылау және жазба жұмыстарына арналған 1 дәптер (кабинетте жыл бойына сақталады).

8-9-сыныптарда сыныптағы жұмысқа арналған 1 жұмыс дәптері, шет тіліндегі сөздерді жазу үшін 1 сөздік дәптері;

бақылау және жазба жұмыстарына арналған 1 дәптер (жыл бойына кабинетте сақталады).

Оқушы дәптерін жүргізуге қойылатын негізгі талаптар:

- дәптердің тысы оң жақтағы жоғарғы бұрышына қаланың, мектептің,

сыныптың, пәннің атауы мен оқушының тегі, аты шет тілінде жазылып толтырылады;

- дәптердегі жазулар тек шет тілінде жүргізіледі;
- ай аты мен күн реті жазбаша толық жазылады;
- міндетті түрде жаттығу нөмірі мен беті көрсетіледі;
- мұғалім оқушының қателері мен түсініктемелерін көрсетіп, бағаны он жаққа қояды;
- оқушылар дәптерлеріне жазуды көк немесе күлгін сиялы қаламмен жүргізеді;
- қара және жасыл сияларды, қарындашты астын сызуға немесе кесте құрғанда және т.б. қолдана алады;
- оқушыларға дәптерге қызыл сиямен жазуға тыйым салынады;
- сөздікке сөздер реттік нөмірі бойынша жазылады.

Дәптерлерді тексеруге қойылатын негізгі талаптар:

Мұғалім оқушылардың жұмыс дәптерлерін тексергенде келесі тәртілті ұстанады:

- 5-9-сыныптар, маңызды деген жұмыстарды аптасына 1 рет;
- сөздіктер: 5-9-сыныптар – 4 аптада 1 рет;
- бақылау жұмыстары мен жазба тапсырмалары барлық түрлері барлық оқушыларда тексеріледі.

Мұғалім бақылау жұмыстарын тексеруде келесі мерзімді ұстану керек: барлық сыныптардың білім алушыларының барлық бақылау жазба жұмыстарын келесі сабакқа дейін тексеріледі; мұғалім тексергеннен кейін қатемен жұмыс жүргізеді; оқушылардың бақылау жұмыс дәптерлерін жыл бойына сақтайды.

Мұғалім 5-9-сыныптарда шет тілі бойынша тексерген жұмыстарда оқушының жіберген барлық қателерін түзеуде келесі ережелерді басшылыққа алады:

- орфографиялық қатені сзызып, үстіңгі жағына қажетті әріпті жазады;
- қажет емес пунктуациялық қате сзызылады, қажеттісі қызыл сиямен жазылады;
- 5-9-сыныптарда эссе тексеру барысында орфографиялық және пунктуациялық қателермен қатар, грамматикалық және тілдік қателерді де белгілейді.

Ұсынылатын бақылау жұмыстарының нормалары

Алған білімдерінің динамикасы мен мониторингін анықтау үшін оқу жылына 7 бақылау жұмысын жүргізуді ұсынамыз.

№1 кіріспе тест. Бұл жұмыс түрі өткен оқу жылында алған білімдердің диагностикасы мен бақылауын қарастырады, тек лексикалық-грамматикалық аспектілерін қамтиды. Тест тапсырмаларының саны - 25, жауаптар нұскаларының саны - 5. Бұл жұмыс түрін ҰБТ жүйесі бойынша бағалау ұсынылады. «5» деген баға – 21-25 балл, «4» деген баға -14-20 балл, «3» деген баға – 1-13 балл үшін қойылады. «2» деген бағаны қою ұсынылмайды, өйткені оқу жылының бірінші күндерінен бастап оқушының пәнге деген қызығушылығы мен уәжін төмендетуі мүмкін.

№2 бақылау жұмысы 1-тоқсан қорытындысы. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 1-ші тоқсанда менгерген барлық материалдарды қамтиды. Лексика жәнеграмматика бойынша 15 тапсырма, тыңдалым-5 тапсырма, оқылым – 5 тапсырма. ҰБТ жүйесі бойынша бағалау ұсынылады. «5» деген баға – 21-25 балл, «4» деген баға -14-20 балл, «3» деген баға – 1-13 балға қойылады.

№3 бақылау жұмысы – 2-тоқсаның қорытындысы. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 2-ші тоқсанда менгерген материалды қамтиды. Лексика және грамматика бойынша 15 тапсырма, тыңдалым-5 тапсырма, оқылым – 5 тапсырма. ҰБТ жүйесі бойынша бағалау ұсынылады. «5» деген баға – 21-25 балл, «4» деген баға -14-20 балл, «3» деген баға – 1-13 балға қойылады.

№4 диагностикалық тест. Бұл алдыңғы екі оқу тоқсанында алған білімдердің бақылау мен динамикасын қарастырады, тек лексикалық-грамматикалық аспектін қамтиды. Тест тапсырмаларының саны - 25, жауаптар нұсқаларының саны-5. Бұл жұмыс түрін ҰБТ жүйесі бойынша бағалау ұсынылады. «5» деген баға – 21-25 балл, «4» деген баға -14-20 балл, «3» деген баға – 1-13 балл үшін қойылады. «2» деген бағаны қою ұсынылмайды, өйткені бұл оқу жылының бірінші күндерінен бастап оқушының пәнге деген қызығушылығы мен уәжін төмендетуі мүмкін.

№5 бақылау жұмысы – 3-тоқсан қорытындысы. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 3-ші тоқсанда менгерген материалды қамтиды. Лексика және грамматика бойынша 15 тапсырма, тыңдалым - 5 тапсырма, оқылым– 5 тапсырма. ҰБТ жүйесі бойынша бағалау ұсынылады. «5» деген баға – 21-25 балл, «4» деген баға -14-20 балл, «3» деген баға – 1-13 балл үшін қойылады.

№6 бақылау жұмысы – 4-тоқсан қорытындысы. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 4-ші тоқсанда менгерген барлық тақырыптық материалдарды қамтиды. Лексика және грамматика бойынша - 15 тапсырма, тыңдалым-5 тапсырма, оқылым – 5 тапсырма. «5» деген баға – 21-25 балл, «4» деген баға -14-20 балл, «3» деген баға – 1-13 балл үшін ұсынылады.

Ағылшын тілі пәні бойынша № 7 бақылау жұмысы – 3-тоқсан қорытындысы. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 3 - тоқсанда менгерген барлық тақырыптық материалдарды қамтиды. Лексика және грамматика бойынша - 15 тапсырма, тыңдалым-5 тапсырма, оқылым – 5 тапсырма. Аталған жұмыс түрін ҰБТ бағалау жүйесіне сәйкес «5» деген баға – 21-25 балл, «4» деген баға -14-20 балл, «3» деген баға – 1-13 балл қою ұсынылады.

Ұсынылатын жазба жұмыстарының нормалары

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жазба жұмыстарын, соның ішінде эссе жазу ұсынылады. Жұмыстың бұл түрі оқушылардың сын тұрғысынан ойлаудың және жазылым дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, 5-сынып оқушысына суреттегі адам туралы бірнеше

сөйлем құрап жазуды ұсынуға болады, яғни оқушы бұл адамның аты-жөнін, мекенжайын ойлап табуы мүмкін. 9-сынып оқушысына бейнематериал көрсетіп осы бейнематериал бойынша өз пікірін білдіруді ұсынуға болады. Жұмыстың бұл түрін жұмыс дәптерлеріне рәсімдеп, жылына 4 рет ұйымдастыру ұсынылады.

Эссе жазуда келесі сөздер нормаларын ұсынамыз (барлық артиклъ сөздерді, есімдіктер мен қосымшаларды ескере отырып):

- 5-сыныпта - 20-30 сөз
- 6-сыныпта - 40-60 сөз,
- 7-сыныпта - 70- 80 сөз,
- 8-9-сыныпта - 100-130 сөз.

Бітіруші сиынп оқушыларын қорытынды аттестаттау

Шет тілі бойынша оқушыларды қорытынды аттестаттаудың негізгі ережелері:

- шет тілін бесінші пән ретінде таңдаған 9-сынып түлектері қорытынды аттестаттауды емтихан түрінде өтеді;
- шет тілінде алған білімдердің, біліктері мен дағдыларын қорытынды бақылау ретінде қарастыратын емтихан.

Шет тілі бойынша емтихан үш кезеңнен тұрады: лексикалық-грамматикалық тест, таңдау бойынша бір тақырыпқа айтылым және мәтінді мазмұндау.

Лексика-грамматикалық тест 25 сұрақтан тұрады, оның 11 менгерілген лексиканы қамтиды, 11 сұрағы грамматика бойынша және 3 сұрақ оқып жатқан тілдің елі, тарихы туралы. Бұл тест ҰБТ жүйесі бойынша бағаланады, яғни «5» деген баға – 21-25 балл, «4» - 14-20 балл, «3» - 0-13 балға қойылады. Оқушының пәнге деген уәжін арттырып, оны қолдау үшін «2» деген баға қою ұсынылмайды. Лексикалық-грамматикалық тесті орындауға 25-30 минут беріледі.

«Айтылым» кезеңі. Бұл кезеңге тақырып оқып жатқан оқу бағдарламасынан алынады. Тақырыптар саны «шет тілін» таңдал алған оқушылар санына байланысты, яғни бір оқушы - бір тақырып. Емтихан тапсырушылар саны аз болса 10-нан кем емес тақырып таңдалады, ал одан артық болса, 25 тақырыптан көп емес. Айтылым 5 балдық жүйемен бағаланады. «5» деген жоғары балды айтылымы 2-3 минуттан кем емес, сөйлемдері арасында логикалық байланыс бар, идиомалық тіркестерді, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді қолданатын, сөздерді дұрыс айтатын, емтихан алушының сұрақтарына еркін жауап берे алатын, салалас және сабактас құрмалас сөйлемдерді қолданатын емтихан тапсыруши ала алады.

«4» деген бағаны тақырыпты толық көлемде аша алмаса, айтылымында кідіріс бар, тіл құрлымын орынсыз пайдаланған, салалас және сабактас құрмалас сөйлемдерді, идиомалық тіркестерді қолданатын, емтихан алушының сұрақтарына жауап беретін емтихан тапсыруши алады.

Егер тақырып толық ашылмаса, айтылымда логикалық байланыс болмаса, тіл құрлымы дұрыс қолданбаса, сөздерді дұрыс айтқанмен, емтихан алушының сұрақтарына қындықпен жауап берсе, онда емтихан тапсырушиға «3» деген

бала қойылады.

«Мазмұндау» кезеңі. Мазмұндауға арналған мәтіндер, оқытылатын тіл бойынша оқу бағдарламасын толық қамтититын қосымша дереккөздерден алынады. Мәтін көлемі 500-700 сөзден аспау керек. Мазмұндауға арналған мәтін әдеби үзінді – әңгіме, тарихи дерек, мақала, өмірбаян және т.б. Мазмұндауға дайындалуға 10 минут беріледі. Емтихан тапсыруышы мәтінді кемінде 2 рет оқып шығып, мазмұндан беру керек. Бұл кезең «5», «4», «3» деген бағалармен бағаланады.

Жоғары балл мәтінді логикалық тәртіpte, мәтіндегі уақытқа, деректерге, цифrlарға ерекше мән беріп, жаңаша айтып берген емтихан тапсыруышыға қойылады. Емтихан тапсыруышы мәтінді тек дайын үлгі бойынша ғана айтып бермей, перифраз қолданады, кейбір сөздерге қосымша анықтама береді, сөздерді нақты айтып, емтихан алушының қосымша сұрақтарына еркін жауап береді.

Мәтінді толық мазмұндан, сөздерді анық айттып, бірақ дайын үлгідегі мәтіннен алшақтамай, яғни мәтіндегі лексиканы ғана қолданып, емтихан алушының сұрақтарына қыындықпен жауап берген емтихан тапсыруышығы «4» деген баға қойылады. Ең төменгі балл мазмұндауға берілген мәтіннің көлемін сақтамаған, кейбір сөздерді қыындықпен айтатын, мәтіндегі маңызды кезеңдеріне тоқталмайтын, емтихан алушының сұрақтарына қыындықпен жауап беретін оқушыларға қойылады.

Барлық үш кезеңнің қорытындысы бойынша ортақ балл шығарылады. Барлық үш кезеңнің бағалары хаттаманың қосымшасына қойылады. Қосымшасыз хаттама жарамсыз болып есептеледі. Оқушылардың тест жұмыстары, қосымша жауаптар параптасып хаттамамен бірге тігіледі.

Емтихан және қорытынды бағалары журналға қойылады.

Бұл ережелер қай шет тілін оқуына қарамастан міндетті болып саналады.

Шет тілі мұғалімдерінің әдістемелік бірлестіктері

Кемінде 3 шеттілі мұғалімнен құрылған бірлестік шет тілі мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі болып табылады. 2016-2017 оқу жылында әдістемелік бірлестік жұмысының негізгі бағыттары:

- Мемлекеттік стандартты орындау;
- жаңа нормативтік құқықтық құжаттарды зерделеу («100 нақты қадам» Ұlt жоспарының 79-шы қадамы, Балалар құқықтары туралы конвенция, «Еңбек туралы», «Білім туралы» КР Заңдары);
- 2016-2017 оқу жылына әдістемелік-нұсқау хатты зерделеу;
- мұғалім-кеңесшінің, көмекшінің негізгі міндеттерін атқаруда шығармашылық тәсілмен кәсіби құзыреттілікті жетілдіру;
- оқытудағы жаңа технологиялар;
- шет тілі мұғалімдерінің біліктіліктерін арттыру және өздігінен білім алуы;
- шет тіліндегі жаңа үрдістер мен өзгерістер;
- оқушылардың білім сапасын арттыру үшін шет тілі бойынша оқытуда электронды білім беру ресурстарын пайдалану.

Шет тілі мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі оқу жылының басында

әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарында көрсетілетін бірқатар міндеттер қояды. Әдістемелік бірлестіктің жоспары әдістемелік бірлестіктің барлық мүшелерімен келісіліп құрылады, міндеттер өзара тең болінеді. Жоспар оқу жылының әр айына құрылып, оқу мекемесінің басты міндеттерімен тығыз байланысады. Әдістемелік бірлестіктің жоспары мектептің ғылыми-әдістемелік кеңесімен және әдістемелік бірлестіктің жетекшісімен бекітіледі. Жоспарда әдістемелік бірлестік мұғалімдері жұмыстарының негізгі кезеңдері қарастырылады. Оқу жылына әдістемелік бірлестіктің бірнеше отырысы өткізу ұсынылады. Әдістемелік бірлестіктің әрбір отырысы ақпараттық-тәнудық сипатта болу керек: баяндамалар, пікірталастар, презентациялар мен коучингтер түрінде болуы тиіс.

Жоспарға енгізу үшін ұсынылған ішаралар:

1. Ашық сабактармен қатар оқу мекемесінде өткізілген ашық ішараларды (әдістемелік бірлестіктің барлық мұғалімдері қатысқан) қамтыған әдістемелік бірлестіктің тақырыптық онкүндігі.
2. Пән бойынша олимпиаданың мектеп ішіндегі кезеңін ұйымдастыру және өткізу.
3. Дарынды және пәнге деген уәжі тәмен балалармен жұмыс.
4. Жаңадан келген мұғалімдермен жұмыс, егер бар болса.
5. Жас мамандармен жұмыс, аға тәлімгерді тағайындау. Жас маманмен жүргізілетін тәлімгердің жұмыс жоспарын бекіту.
6. Бірлестік мұғалімдерінің өзара тәжірибиемен алмасуы (өзара сабактарға қатысуы), «Lessonstudy» өткізу.
7. Емтихандарға, байқауларға, олимпиадаларға, семинарларға дайындық.
8. Кіріс құжаттарымен жұмыс.
9. Мектепшілік бақылау.
10. Әкімшілік бақылау.
11. Біліктілік санатын жоғарылататын немесе растайтын мұғалімдермен жұмыс.
12. Әр тоқсан және жыл қорытындысы бойынша окушылардың үлгериімдері мен білім сапаларының мониторингі.
13. Бірлестік мұғалімдерінің рейтингісі.
14. Мұғалімдердің атқарған жұмыстары бойынша шығармашылық есебі (жыл соында).
15. Окушылар білімдерін қорытынды атtestаттау бойынша есеп.

Атқарылған жұмыстар туралы есеп ай сайын берілуі және әдістемелік бірлестіктің отырысында көрініс табу қажет. Жыл соында жан-жақты, толық есеп беріледі (фотолармен, сыйза-кестелермен және диаграммалармен).

2016-2017 оқу жылында жаратылыстану-математикалық циклінің (математика, биология, химия, география) мұғалімдерімен бірге кіріктірілген тақырыптық онкүндіктер өткізу ұсынылады. Мұндай ішараларды өткізу көп еңбектенуді талап етеді, бірақ кіріктірілген сабактар пәнге деген қызығушылықты арттыратынын ұмытпайымыз қажет. Мұндай онкүндіктер үш кезеңде өткізіледі: бастауыш, одан кейін орта және жоғары сынып окушыларымен. Аталған ішара пәннің аясында окушылар мен мұғалімдерді

жаңа жаңалықтарға ынтыландырып қана қоймайды; мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы қолданылатын әдістердің жетілдірілуі мен кіріктірілуіне ықпал ететін болады. Оқып жатқан тілде сол елдің мәдениеті мен тарихын терең зерделеу мақсатында маңызды қундері мен мерейтойларына назар аудару ұсынылады, ол өз кезегінде, білім беру үйімі базасында өткізілетін тақырыптық ісшараларда тікелей көрініс табуы тиіс.

«МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Негізгі орта білім деңгейінде «Математика және информатика» білім беру саласы бойынша келесі пәндер оқытылады:

5-6-сыныптар - «Математика», «Информатика»;

7-9-сыныптар - «Алгебра», «Геометрия», «Информатика».

Аталған пәндерді негізгі орта білім деңгейінде оқыту практикалық жағдайларда қолдану және салалас пәндерді игеру үшін қажет математикалық білім мен біліктілік жүйесін меңгеруге; математикалық сауаттылықты, алгоритмдік, операциялық және сындарлы ойлау қабілеттерін, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдары арқылы оқушылардың логикалық, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға; жеке, топтық және өздігінен жұмыс істеу біліктерін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған.

Білім беру саласының пәндерін оқыту барысында әртүрлі адами іс-әрекеттер саласында кездесетін кең ауқымды өмірлік есептерді шешу үшін білім мен біліктерді пайдалану дағдыларын кеңейтуге, яғни функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша жұмыстарға көніл аудару керек.

«Математика» пәнін оқыту барысында математикалық сауаттылықты қалыптастыру мақсатымен оқушыларға анықтамалықтарды қолдану, оқу, әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерден анықтамаларды, формулалар және басқа да тұжырымдарды іздеу; математикалық формулаларды қолдану, дербес жағдайларды жалпылау негізінде шамалар арасындағы тәуелділіктің формулаларын өздігінен құрастыру; игерілген математикалық білім, білік, есептеу, өлшеу және графiktік дағдыларды пайдаланып практикаға бағытталған тапсырмаларды шешу; дәлелдемелі пайымдау жүргізу, талқылауға қатысу және логикалық негізделген қорытындылар жасау; математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру іскерліктерін үйрету ұсынылады.

«Информатика» пәнін оқыту барысында ақпараттық сауаттылық деңгейін көтеруге (ақпаратты, оның ішінде мәтін, сан, дыбыс, көрнекілік турде берілген ақпараттарды іздеу, алу және көрсету әдіс-тәсілдерін менгеру); ақпараттық есептерді шешуде АКТ-біліктілігінің негізіндерін (компьютерді және басқа да АКТ құралдарын қолдану) білу және түсіну; алгоритмдік және логикалық ойлауды игеру (алгоритмге сәйкес әрекет жасау және алгоритмді құрастыру) айрықша көніл аудару керек.

Математика және информатика пәндері бойынша білім сапасын жетілдіру мақсатында саралап оқыту, іс-әрекеттік оқыту, жеке тұлғаға бағытталған оқыту,

жүйелілік оқыту педагогикалық тәсілдерін қолдану ұсынылады.

Пәнге деген қызығушылықты арттыру жолдарының бірі оқушылардың жобалық іс-әрекеттерін дамыту жұмыстарын жүргізу болып табылады. Жобалау технологияларын қолдану пәні бойынша оқу сапасын көтеріп қоймайды, пәнаралық байланысты жүзеге асырады және оқу пәнін игерудің тиімділігін арттырады. Жобамен жұмыс істеу барысында оқушылар топтасып немесе жеке жұмыстарын жоспарлауды, мақсат қоюды, қажетті ақпаратты іздеуді, гипотезаны ұсыну және дәлелдеуді, тәжірибелер жүргізуді, орындалған жұмыстың нәтижелерінің көрсетуді, талдау мен бағалауды, сонымен қатар өз жобаларын қорғауды үйренеді.

2016-2017 оқу жылындағы 5-9-сыныптарында математика және информатика пәндерінен өткізілетін бақылау жұмыстарының үлгілік нормасы келесі кестеде берілген.

22-кесте

Сыныптар	Пән атауы	Аptадағы сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны	Бақылау жұмысының нормасы
5	Математика	6	204	12-14
	Информатика	1	34	5-6
6	Математика	6	204	14-16
	Информатика	1	34	6-7
7	Алгебра	3	102	7-9
	Геометрия	2	68	7-8
	Информатика	1	34	6-8
8	Алгебра	3	102	7-9
	Геометрия	2	68	7-8
	Информатика	1	34	5-6
9	Алгебра	3	102	8-9
	Геометрия	2	68	6-7
	Информатика	1	34	3-4

Бақылау жұмыстарына пәндерге сәйкес жартышылдық және жылдық бақылау жұмыстары, практикалық жұмыстар кіреді.

Академия мұғалімдерге көмек ретінде PISA, TIMSS зерттеулеріне оқушыларды дайындауға арналған есептер жинағын өзірлеуді. Жинақты Академияның сайтынан (www.nao.kz) алуға болады.

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Ғылыми жаратылыстану білімі ерекше және өзекті маңызға ие болады. Ол оқушылардың бойында табиғат құбылыстары мен заңдылықтары туралы ұғым қалыптастырады, табиғатты танудың ғылыми әдістерін ашады, оқушылардың табиғат әлемімен қатар өзгермелі әлемде өз орнын табуларына жағдай жасауға бағытталған және олардың дүниетанымдық, мәдениеттанымдық және тәжірибеле бағытталған сипатын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, функционалдық сауаттылықтарын дамыту негізінде сынни ойлау қабілеттерін дамытады, құндылықты және тұлғалық сапалар жүйесін

тәрбиелейді.

«Жаратылыстану» білім беру саласы пәндерін оқытудың ерекшеліктері:

– жаратылыстану ғылымдарының қоршаған ортаға, экономикалық, технологиялық, әлеуметтік және адам қызметінің этикалық ортасына әсерін түсінуді қалыптастыру;

– оқу, жобалау-зерттеушілік, шығармашылық іс-әрекетке, оқушылардың өздігінен білім алуға үмтүлулары үшін қажетті жағдайлар жасау;

– оқу, жобалау-зерттеушілік, эксперименттік, сабак және сабактан тыс іс-әрекет барысында қауіп-қатерсіз жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

«Жаратылыстану» білім беру саласының құрамына: жаратылыстану, география, физика, химия және биология, яғни ғылыми-жаратылыстану циклы пәндері кіреді.

Оқу пәндері бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын таңдау оқу материалын оқудың бірізділігі принципі негізінде жүзеге асырылған.

1. Оқушы тұлғасының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру «Жаратылыстану» білім беру саласы пәндерін оқытудың маңызды компоненті болып табылады. Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы оның негізгі компоненттерінің бірі болып саналады. Оқушылардың:

– ғылыми-жаратылыстану процесстері мен құбылыстарын суреттеу, түсіндіру және болжау білігін;

– дәлелдер мен шешімдерді түсіндіру білігін;

– зерттеу әдістерін түсіну, ғылыми әдістердің көмегімен шешілетін сұрақтар мен мәселелерді анықтауды дамытуға қажетті жағдайлар жасалуы тиіс.

География, физика, химия және биология сабактарында ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамытуға қажетті танымдық біліктерді дамыту үшін:

«Проблеманы түсіну» – білім және білікті мәтін, диаграмма, формула немесе кесте түрінде берілген ақпаратты түсіну үшін қолдануға және олардан қажетті ақпаратты бөліп алуға, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты кіріктіруге;

«Проблеманы сипаттау» – проблемадағы ауыспалыларды және олардың арасындағы байланыстарды анықтауға, ауыспалылардың қайсысы проблемамен байланысты және қайсысы байланысты емес екенін шешуге, шартта берілген ақпаратты анықтауға, ұйымдастыруға және сынни бағалауға;

«Проблеманы таныстыру» – проблеманы шешу, ақпаратты ұсынудың бір түрінен екінші түріне өту үшін кесте, график, белгілердің көмегімен немесе сөз түрінде, немесе шартта көрсетілген үлгіні қолдану арқылы ақпаратты таныстырудың жолын әзірлеуге;

«Проблеманы шешу» – қойылған проблеманың шарттарына сәйкес шешімдер қабылдауға, ұсынылған жүйеге талдау жасауға және мақсатқа жету үшін проблемада көрсетілген жүйені жоспарлауға, оны шешудің тәсілдерін ұсынуға;

«Шешімді ойластыру» – алынған шешімді зерттеуге және қажет болған жағдайда оны дәлелдеу үшін қосымша ақпарат іздеуге, неғұрлым тиімді шешім

іздеу үшін алғынған шешімді түрлі көзқарас түрғысынан бағалауға және түсіндіруге;

«Проблеманың шешімін хабарлау» – алғынған нәтижені көрсетудің жолдарын тандауға және оны басқа оқушылар үшін нақты түсіндірге ерекше көніл аударылады.

Оқушылардың ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын бағалау үшін түрлі проблемалары бар жағдаяттар қолданылады. Олар адамдардың күнделікті өмірімен, денсаулықты сақтаумен, техника мен технологияны дамыту үшін қажетті ғылыми-жаратылыстану білімін қолданумен, қоршаған орта проблемаларымен байланысты болуы тиіс,

Қазақстандық мектеп оқушыларының халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне қатысуының нәтижелері ғылыми-жаратылыстану сауаттылығының қалыптасу деңгейінің жеткіліксіз дәрежеде екендігін көрсетеді. Осылан байланысты «Жаратылыстану» білім беру саласы пәндерін оқыту барысында аталған компонентті қалыптастыру бойынша жұмыстық күшету қажет. Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА сайтында оқушылардың ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамытуға арналған әдістемелік құралдар ұсынылған (www.nao.kz).

2. Мұғалімдердің басты мақсаты оқушылардың пәндік білімді тәжірибеде қолдану біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, яғни тәжірибеге бағытталған білім беру.

«Жаратылыстану» білім беру саласы пәндерінің практикалық бөлімі бұл мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді.

Оқушылардың ғылыми-жаратылыстану біліктерінің қалыптасуына, өз білімдері мен біліктерін күнделікті өмірде қолдануларына жағдай жасайтын есептер, тапсырмалар оқытуудың жан-жақты құралы болып табылады.

Оқушылардың бойында ғылыми-жаратылыстану біліктерінің қалыптасуына мүмкіндік жасайтын келесі жағдайларды айқындауға болады:

– «Жаратылыстану» білім беру саласы бойынша оқыту барысында оқушылардың білім және білікті кешенді қолдана білу шеберліктерін қалыптастыруға бағытталған оқу іс-әрекетін үйымдастыру (оқушылардың кешенді практикалық және зертханалық жұмыстар орындау, кешенді тақырып бойынша хабарламалар әзірлеу және т.б.);

– мұғалімнің іс-әрекетін оқушылардың бойында «Жаратылыстану» білім беру саласы бойынша білім және біліктерін қолдана білу шеберліктерін қалыптастыруға бағыттау.

Мектеп оқушыларының ғылыми-жаратылыстану біліктерінің табысты қалыптасуы үшін, мұғалімге оны қалыптастырудың келесі дидактикалық шарттарын есепке алуы ұсынылады:

– оқушыларды өздерінің білімдері мен біліктерін кешенді қолдануы бойынша өз беттерінше іс-әрекетке бағыттау;

– пәнішілік байланыстың көмегімен, білімді кешенді қолдану және тасымалдау үшін білімді жүйелеу білігін қалыптастыру;

– репродуктивті іс-әрекеттен, ғылыми-жаратылыстану пәндері бойынша білім және біліктерді кешенді қолдануға негізделген іс-әрекетке ауысу;

– кешенді мәселелерді шешу барысында түрлі білім салаларынан алғынған білім және білікті кеңінен қолдануға жағдай жасайтын және білім мен біліктерді кешенді қолдану шеберлігін бекіту үшін, оқушыларды неғұрлым күрделі іс-әрекет түрлеріне араластыру.

Сабак барысында зертханалық құралдарды дұрыс пайдалану, техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау, бақылаулар және өлшеу жұмыстарының нәтижелерін түрлі тәсілдермен (суреттер, кестелер, сызбалар, фотосуреттер, кино түсірілім және бейнежазба) белгілеп отыру білігін дамыту қажет,

Сабактарда пәндер бойынша жүргізілетін практикалық және зертханалық жұмыстарды талдау, жинақтау, бағалау, болжау, есептеу, түсіндіру, құбылыстар мен процестердің сапалық және сандық сипаттарын анықтау, жобалық тапсырмалар орындау, тәжірибелер және эксперименттер жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Өлшеуіш ресурстары бар дәстүрлі және электрондық форматтағы білім және ақпарат көздерін, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) жан-жақты қолдану арқылы жүргізілген түрлі оқу жұмыстары тәжірибеге бағытталған ойлауды дамытуға ықпал етеді. Сабактарда білім берудің заманауи технологияларын белсенді қолдану ұсынылады. География, физика, химия және биология сабактарындағы компьютерлік технологиилар:

- оқу материалын зерделеу барысында мультимедиа-технологияларды пайдалануды;
- оқушылар мен мұғалімдердің күнделікті оқу жұмысында компьютерлерді құрал ретінде өнімді қолдануларын;
- пәнаралық байланыс технологиясын жүзеге асыруды;
- оқу телекоммуникациялық жобаларды орындау барысында оқушылардың өзбетінше іздеу және зерттеу жұмыстары әдісін әзірлеулерін;
- Интернетті пайдалану арқылы оқу материалы аясындағы ақпаратты іздеу және өндөуді;
- есептерді шығару үшін электрондық кестелерді пайдалануды;
- виртуалды практикалық және зертханалық жұмыстар жүргізуі қарастырады.

Сандық зертханалар ғылыми-жаратылыстану бағытындағы түрлі зерттеулер жүргізудің жаңа, заманауи электронды құралдары болып табылады. Олардың көмегімен пәннің оқу тақырыптары, сондай-ақ басқа тақырыптар бойынша да көптеген жұмыстар жүргізуге болады. Зертхананы қолдану оқу жұмысының көрнекілік дидактикасын айтарлықтай жоғарылатады. Сандық зертханалардың құралдары жан-жақты, оның құрамына оқушылар мен мұғалімдердің уақытты үнемдеуіне, «дала жағдайында» өлшеу жұмыстарын жүргізуге қажетті түрлі эксперименттік құрылғылар қосылуы мүмкін. Олар өлшеу жұмыстарының параметрлерін жеңіл өзгертіп, оқушыларды шығармашылықта тартады. Сонымен бірге бейне талдау жасауға арналған бағдарлама бейне көріністерден деректер алуға мүмкіндік береді, оларды мысал ретінде қолдануға және оқушылардың өздері түсірген, оқу және өмірлік нақты жағдаяттарды зерттеуге мүмкіндік туады, сондай-ақ оқу және танымал бейнефильмдердің көріністерін қолдануға болады.

Сабактарда және сабактан тыс уақытта, оқу-зерттеушілік және өмірлік жағдаяттарда география, физика, химия және биология пәндерінен алған білімдерін қолдану біліктерін дамытатын есептерді, тапсырмаларды және жаттығуларды кеңінен қолдану ұсынылады. Оқу тапсырмаларын әзірлеу барысында ІІ.Алтынсарин атындағы ҰБА басылымдарында ұсынылған, халықаралық салыстырмалы PISA және TIMSS зерттеулерінде қолданылатын тапсырмалар жүйесіне көніл аудару қажет.

«Жаратылыстану» білім беру саласы пәндері аясында сыныптан тыс, экскурсиялық-экспедициялық түрлі жұмыстар ұйымдастыру ұсынылады. Сабактарда міндетті түрде өлкетану аспектісі қарастырылуы тиіс. Сабак барысында оқушылардың коммуникативтік дағдыларын, ұжымда жұмыс істеу дағдылары мен біліктерін дамытуға жағдай жасалуы тәжірибеге бағытталған оқытуға тиімді әсер етеді.

3. Мектеп оқушыларының зерттеушілік қабілетін, зейінін және байқағыштығын, логикалық ойлаудың және шығармашылық қиялдын, есте сақтау, тілдік және көптілділік, пәндік оқу, ғылыми және әдістемелік, мерзімді баспасөз басылымдардың, интернеттің, білім берудің сандық ресурстарының ақпараттарын қолдану дағдыларын дамыту маңызды.

Сабактарда тәжірибелер, эксперименттер және зерттеулер жүргізу кезінде жүзеге асырылатын зерттеушілік дағдыларды дамыту барысында, тұлғаның жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған оқытудың мақсаттары жүзеге асырылады.

«Жаратылыстану» білім беру саласы пәндерін оқытудың ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқушылардың жеке зерттеушілік жобалар орындауды маңызды болып табылады. Оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту бойынша жұмысты үш бағытта жүргізуге болады:

- теориялық зерттеулер (ақпаратпен және модельдермен жұмыс істеуге бағытталған танымның теориялық әдістерімен байланысты топтық және жеке жұмыстар);
- эмпирикалық зерттеулер (практикалық және зертханалық жұмыстар);
- жеке зерттеушілік жобалар.

Практикалық және зерттеушілік жұмыстар, зертханалық тәжірибелер орындау, эксперименттер және эксперименттік есептер шығару, жобалар орындау, модельдер құрастыру барысында табиғи және әлеуметтік-экономикалық процестердің, құбылыстар мен заңдылықтардың мәнін түсіну терендетіледі. Оқушылар себеп-салдарлық байланыстарды көре білулері, қоршаған ортадағы өзгерістерді анықтай алулары, нақты жағдаяттардың салдарынан болатын қауіпті өзгерістердің алдын-алу тәсілдерін ұсына алулары тиіс.

Физика, химия және биология мұғалімдері кабинеттердің жабдықталуын және оқытудың электрондық құралдарын ескере отырып практикалық және зертханалық жұмыстардың, практикумдардың тақырыптарын өз беттерінше таңдай алады. Зертханалық және практикалық жұмыстар орындау барысында (зертханалық жұмыстарға арналған дәптерде) сыныптың барлық оқушыларының жұмыстары міндетті түрде бағаланады. Географиядан

бағаланатын практикалық жұмыстар оку бағдарламасында көрсетілген және номерлермен белгіленген.

Мектеп оқушыларына оқыту процесі барысында экологиялық білім және тәрбие беру ең алдымен табиғаттың тұтастығы, ондағы құбылыстардың өзара қарым-қатынасы және олардың шарттарының себебі туралы көзқарас қалыптастырумен байланысты. Білім беру саласы пәндері курсын зерделеу кезінде оқушылар қоғамның, экономиканың және табиғаттың өзара байланысы туралы, Жерде тіршіліктің болуы үшін біздің планетамыздың атмосферасы және басқа да қабықтарының мәні, оны ластайтын негізгі ошактар, ластанудың қоршаған ортаға және тіршілік процестеріне әсері, зиянды факторлардың әсерінен тірі табиғатты қорғау шаралары, табиғи ортаны өзгертудің (сонымен қатар оқушылардың өздері қатысатын жағдайларды қоса алғанда) апатты салдары туралы нақты көзқарас алулары тиіс. Оқушылар Жердің, материктің, елдің, өзінің туған өлкесінің табиғат кешеніндегі өзара байланысты жақсы түсінулері тиіс.

Бұл тәрбие жағынан қарағанда өте маңызды, себебі оқу пәндерін «экологияландыру» оқушыларды экология мәселелерімен таныстырып қана қоймайды, сонымен қатар оларды табиғатты жауапкершілікпен қорғауға тәрбиелейді. Табиғатты жауапкершілікпен қорғау көзқарасы табиғатты қорғаудың тәжірибелік іс-әрекеті барысында пайда болады.

Сабақтан тыс уақытта келесі экологиялық зерттеулерді жүргізу үсінілады:

- табиғат кешендерінің экологиясы;
 - мектеп ішіндегі жарықты өлшеу;
 - түрлі сусындардың қышқылдылығын өлшеу;
 - мектеп ішіндегі бөлмелер ауасының физикалық-химиялық параметрлерін өлшеу;
 - сыныпты желдетудің микроклиматқа әсері;
 - топырақ құрамы қышқылдылығының өсімдік түрлерінің құрамына әсері;
 - ортаның абиотикалық факторлары;
 - урбандалған аумақтардың экологиясы;
 - гүлденген судағы оттегі концентрациясын анықтау;
 - қаланың түрлі гимараттары ауасындағы оттегінің құрамын анықтау.

Пәндердің оқу бағдарламалары табиғаттағы процестер және адам іс-әрекеті туралы білімді қамтиды. Сабактарда экологиялық проблемаларды шешудің және жаңа технологиялар негізінде қоғамның өндірістік күшін дамыту мүмкіндіктерінің заманауи жолдары қарастырылуы тиіс.

Ақпаратты жинақтау және зерттеу үшін сабак барысында газеттердің, журналдардың, фильмдердің, бейнетаспа материалдарының, веб-сайттар мен әдебиеттердің материалдарын қолдану ұсынылады.

Пән бойынша академиялық лексика қалыптастыру үшін сабакта терминологияны қолдану бойынша жұмысты әрдайым жүргізіп отыру қажет. Окushылардың терміндерді дұрыс пайдалануын қамтамасыз ететін ауызша және жазбаша тапсырмалар қолдану ұсынылады. Білім алушылардың білім

жетістігін бағалау барысында академиялық лексиканың дұрыс қолданылуына көңіл аудару қажет.

Сапалық және сандық есептерді шешуге бірдей деңгейде көңіл аудару керек, себебі құбылыстардың процестердің мәнін түсіну және олардың шешімін табу дағдыларын қалыптастыру өте қажет.

Оқушылардың техника қауіпсіздігі ережелерін сақтай отырып, барлық оқу құралдарын және техникалық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалануы маңызды болып табылады.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамыту үшін жоғары оқу орындары мен мектеп оқушылары сарайлары жаңындағы іштей және сырттай мектептерге қатысу ұсынылады. Оқушыларға атом энергиясы бойынша «Росатом» мемлекеттік корпорацияның және «Қазақстанның ядерлік қоғамы» қоғамдастығының іс-шараларына қатысу ұсынылады, олар жыл сайын өткізетін «Kazatomehro» көрмесінде жоғары сынып оқушыларына арналған арнайы бағдарламалар ұйымдастырады.

Бұл бағдарламалар түрлі интерактивті форматтарды қамтиды. Оқушылар атом электр стансасының жұмысын зерделеуге мүмкіндік беретін, «басқа планетадан келушілердің атомды шабуылданан – құйынға дейін» атты түрлі ойын сценарийлерін жүргізумен, «Алақандағы АЭС» қосымшасымен таныса алады. Сілтеме: <http://www.kazatomprom.kz/#!/about>

Энергияның балама көздері, олардың өндірудің заманауи тәсілдері туралы ақпаратты: alternativenergy.ru; aqua-rmnt.com/otoplenie/alt; <http://www.helios-house.ru/alternativnaya-energiya.html> сілтемелері бойынша алуға болады.

География және биология сабактарында «Қазақстан ұлттық географиялық қоғамы» республикалық қоғамдың ұйымы материалдарын пайдалану ұсынылады. Сілтеме: kazgeography.org; kazgeography@nu.edu.kz

ЭКСПО-2017 көрмесі жұмысының бағыттары туралы, сонымен қатар дүниежүзілік бұрынғы көрмелердің материалдарын келесі сілтемелер арқылы алуға болады: skachatreferat.ru/poisk/экспо;

<http://www.skachatreferat.ru/poisk/экспо-2017>

4. «Жаратылыстану» білім саласы пәндері сабактарындағы сынни ойлау келесі дағдыларды дамытуды қарастырады: мәнмәтінді есепке ала отырып тындау, бақылау, талдау және жинақтау арқылы дәлелдеуге үйрену. Соңдықтан оқушылардың бақылау, талдау, пайымдау және түсіндіру дағдыларын қалыптастыруларына жағдай жасау қажет. Ол үшін оқушыларды:

- пайымдау мен дәлелдеуді жіктеуге және жинақтауға;
- олар туралы негізгі дереккөздерді бағалауға және сәйкес сұрақтар қоюға;
- тұжырымдамалар және қорытындылармен қоса алғанда негізгі дереккөздерді салыстыруға және талқылауға;
- жеке тәжірибесінің молаюына қарай өзінің көзқарастары мен болжамдарын қайта қарауға қатыстыруға болады.

Мұғаліммен жұмысты талқылау, талдау және шешімдерді алдын-ала қарастыру барысында оқушылардың өздерінің оқу процесін жеткілікті деңгейде түсінүлеріне, сонымен қатар білімді бағалау, түсіндіру және тануларына көмек көрсету ұсынылады. Оқушы әрекеті алгоритмінің үлгісі:

1) Ақпаратпен танысыңыз. Тапсырма оқу барысында алынған ақпаратқа да, оқулықтар, энциклопедиялар немесе web-сайттар тәрізді бірнеше дереккөзден жинақталған ақпаратқа шолудың немесе саулнаманың қорытындысына да қолданылуы мүмкін.

2) Дәлелдер негізінде жатқан зерттеуді құрылымдайтын немесе келесі әрекетті анықтайтын негізгі пункттерді, пікірлерді немесе болжамдарды анықтаңыз.

3) Ақпараттың негізгі компоненттері, көзбен шолу және ауызша дәлелдерді біріктіруі және өзара байланысы принциптерін талдаңыз.

4) Жеке компоненттер арасындағы ұқсастықтарды және айырмашылықтарды салыстырыңыз және зерттеңіз.

5) Түрлі ақпарат көздерін, дәлелдерді немесе идеяларды біріктіру арқылы *білімді жинақтаңыз*. Түрлі ақпарат көздері арасындағы байланысты табыңыз.

6) Дәлелдемелердің анықтығын және дәйектілігін, сонымен қатар дәлелдердің болжамдар мен туындаған идеяларды қолдайтынын немесе қарсы келетінін *багалаңыз*.

7) Сұрақтардың жауаптарын түсіндірудің нәтижесінде алынған *білімді қолданыңыз*.

8) Тұжырымдалған шешімдерді *дәлелдеңіз*, олардың өзектілігі мен маңыздылығын негізденіз.

5. Жаратылыстану, география, физика, химия және биология сабактарындағы пәнаралық байланыстар қоршаған әлемдегі процестер мен құбылыстардың өзара байланысын көрсете отырып, бір пәнді оқу барысында басқа пән бойынша білімді меңгеру процесінде қолдану білігін, жүйелі ойлауды дамытуда ерекше рөл атқарады.

Дидактика тұрғысынан пәнаралық байланысты жүзеге асыру оқытудың ғылыми деңгейін жоғарылатады, оқу материалының мазмұнына, мұғалім қолданатын оқытудың әдістеріне, сонымен қатар оқушылардың өз беттерінше жүзеге асыратын оқу тәсілдеріне әсер етеді.

«Жаратылыстану» білім беру саласы пәндерінің сабактарында пәнаралық байланысты қолдану ғылыми-жаратылыстанудың негізін құрайтын – «өмір», «адам», «табиғат кешені», «экономика және экология», «зат», «дене», «энергия», «күш», «қозғалыс» және «даму» ұғымдарының қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Пәнаралық байланыстар зерттеудің (эксперименттік әдіс, жобалық және модельдеу әдісі және т.б.) жалпы әдістерінде қолданылуы мүмкін. Мұғалімге пәнаралық байланыстың: бұрынғы, жалғаспалы және келешекті түрлерін қолдану ұсынылады.

Бұрынғы пәнаралық байланыстар – бұл байланыстар курстың материалын оқу барысында, басқа пәндерден бұрын алынған білімдерге сүйенуді қарастырады (мысалы, жаратылыстану, география, биология курстарынан алынған білім).

Жалғаспалы пәнаралық байланыстар – бұл байланыстар, көптеген сұрақтар мен ұғымдар бір мезгілде бірнеше пәнде зерделенуі мүмкін екенін қарастырады (мысалы, дыбыс туралы түсінік физикада, ал есту органдары – биологияда

оқылады және т.с.с).

Келешекте пәнаралық байланыстар материалды бір пәннен оқу, сол материалды басқа пәндерден оқудан бұрын жүзеге асырылады (мысалы, атомның құрылышы туралы ұғым физика пәнінде химияға қарағанда бұрын оқытылады). Бұл жағдайда химия мұғалімі физикадан алынған білімге сүйенеді.

6. «Жаратылыштану» білім беру саласы пәндерінде «тұрақты даму», «даму стратегиялары», «индустриалды-инновациялық реформа», «жасыл экономика», «жасыл энергетика», «ел шаруашылығы», «таза технологиялар» терминдерінің ғылыми-теориялық және практикалық мәнін зерделеу, аймақтық және жергілікті аспектіде олардың қолданбалы ерекшелігін түсіну, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру контекстінде жаһандық геоэкономикалық кеңістікте тұрақты дамып келе жатқан ел ретінде Қазақстан Республикасы туралы ғылыми негізделген көзқарас қалыптастыру және дамыту маңызды болып табылады. Сабактардың тәрбиелік мақсаты «Мәңгілік Ел» идеясын қамтып отыру туіс.

«ЭКСПО-2017» ғылыми-техникалық көрмесін өткізу дің елдің дамуы үшін стратегиялық ерекшелігін және келешегін зерделеу маңызды болып саналады.

7. Оқушылардың үй тапсырмасын орындаулары – оқу процесінің қажетті элементтерінің бірі. Оны дұрыс ұйымдастыру арқылы, сабак барысында алынған білімді пысықтауға және тереңдетуге, оқушының оқуға деген тұрақты қызығушылығын арттыруға мүмкіндік пайда болады. Үй тапсырмасын тұжырымдау барысында келесі жағдайларды ескеру қажет:

- үй тапсырмаларын оқулық параграфтарын жаттап алуға және тапсырмаларды орындауға ғана пайдалануға болмайды. Шығармашылық, эксперименттік, проблемалық сипаттағы есептерді, тапсырмаларды және жаттығуларды көбірек қолдану қажет;

- үй тапсырмаларына оқушылардың өз оқу әрекеттерінің нәтижелеріне өзіндік талдау жасауға бағыттайтын тапсырма элементтерін қосу;

- үй тапсырмасына мазмұны және орындалу түрі бойынша түрлілігімен ерекшеленетін тапсырмалар беру;

- үй тапсырмасының көлемін анықтау барысында оқушылардың жеке және жас ерекшеліктері міндettі түрде есепке алынуы туіс.

8. Білім беру саласы пәндерінен қолданбалы курстардың немесе таңдау курсаралының ұсынылатын тақырыптар. Тақырыптар мұғалімдердің мүмкіндіктері және жағдайларға байланысты өзгертуі мүмкін:

Биология: «Тамақтану және денсаулық», «Экологиялық этика», «Биология және денсаулық», «Әлемнің заманауи ғылыми-жаратылыштану бейнесі», «Әлемнің інжү маржаны (7-9-сынып қыздары арналған курс)», «Менің денсаулығым – менің қолымда», «Тірі жасуша жұмбақтары», «Жасушалар және тері», «Үй іргесіндегі телім», «Тері – денсаулық айнасы».

География: «Әлеуметтік-экономикалық географияның математикалық модельдері және әдістері», «Қазақстан географиясын оқудағы жобалық технологиялар», «Туған өлкедегі әлеуметтік-экономикалық процестерді модельдеу», «Қазақстанның энергетикалық әлеуетінің дамуы», «Еліміздің

жасыл энергетикасы», «География, тарих, өнер: қызылстары және өзара байланысы».

Физика: «Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару», «Физикадан ашылударды қалай жасайды», «Қоршаған ортаның физикалық ластануы және олардың адамға әсері», «Физика және компьютер», «Физикалық-техникалық модельдеу», «Заманауи ғарышкерліктің жетістіктері», «Радиациядан қорғану».

Химия: «Экологиялық химия», «Күрделілігі жоғары химиялық есептерді шығару», «Жай судың жұмбақтары», «Химия және тамақтану», «Ұзақ өмір сұру (кіріктірілген курс)», «Бейметалдар химиясы және өмір», «Ойланып қалған химия», «Химия және қоғам», «Химияның тарихы», «Химия, ғылыми фантастика шығармаларының негізі ретінде», «Химик-зертханашы мамандығымен танысу», «Химия және шаштараз өнері», «Химия және СЖҚ», «Тамақтық қоспалар: плюстері мен минустері», «Косметика: кеше, бүгін, ертең», «Ас үйдегі химия», «Күнделікті өмірдегі заттар және материалдар», «Химиялық есептерді шығару әдісі», «Химиядан эксперименттік есептерді шығары әдісі».

Оқу жүктемесі:

«Жаратылыстану» пәні бойынша сағат саны аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«География» пәнінің *сағат саны*:

6-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

7-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

«Биология» пәнінің *сағат саны*:

6-сыныпта аптасына 2 сағат, барлығы 68 сағат;

7-сыныпта аптасына 2 сағат, барлығы 68 сағат;

8-сыныпта аптасына 2 сағат, барлығы 68 сағат;

9-сыныпта аптасына 2 сағат, барлығы 68 сағат.

«Физика» пәнінің *сағат саны*:

7-сыныпта аптасына – 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

8-сыныпта аптасына – 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

9-сыныпта аптасына – 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

«Химия» пәнінің *сағат саны*:

8-сыныпта аптасына 2 сағаттан, оқу жылында барлығы 68 сағат;

9-сыныпта аптасына 2 сағаттан, оқу жылында барлығы 68 сағат.

«Жаратылыстану» білім беру саласы пәндері сабактарында пайдалануға ұсынылатын ресурстар:

1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ <http://www.kazatomprom.kz/>
2. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі: <http://energo.gov.kz/>
3. «Қазақстан Ғарыш Сапары» Ұлттық компаниясы <http://gharysh.kz/news/>
4. «Эврика» – білім беру мекемелерінде авторлық эксперименталдық бағдарламаларды жүзеге асыратын, 650-ден астам мектеп ұжымдарын

біріктіретін эксперименттік аландардың инновациялық білім беру желісі: <http://www.eurekanet.ru>

5. Bookz.ru – электрондық кітаптар, журналдар және сөздіктер. Навигацияның ыңғайлы болуы үшін, авторлардың алфавиттік каталогінен басқа шығармалардың алфавиттік каталогы да қолжетімді, яғни кітаптарды алфавиттік тізім бойынша іздеуге болады: www.bookz.ru.

6. EOLSS (Encyclopedia of Life Support Systems) – өмірді қамтамасыз ету жүйелерінің энциклопедиялары. Мазмұны алфавиттік ретпен берілген көптеген энциклопедияларға қарағанда EOLSS білімінің ауқымы тақырыптармен үйімдастырылған. Пәндердің ішінде: математика, физика, энергетика, табиғатты қорғау – Жер және атмосфера туралы ғылым; экология, азық-түлік тағамдары және ауыл шаруашылығы туралы ғылымдар, адамзат ресурстары туралы, басқару және т.б., тіл – ағылшын: <http://www.eolss.net/>.

7. Энциклопедиялар әлемі кітапханасы: <http://www.encyclopedia.ru/>.

8. Britannica School – мазмұны және ақпараттары кең ауқымы, онда мындаған мақалалар, бейнелер, видео, түпдеректер, электрондық кітаптар, ұсынылатын веб-сайттар, тезаурус және дүние жүзінің атласы шығады. Барлық контент оқытудың STEM жүйесі әдістемесімен негізделген. Жұмыс барысында оқушылар оқиды, жазады, зерттеулер жүргізеді және жаратылыстану ғылымдары саласындағы өздерінің сөздік қорларын байытады. Кіріктірілген «Мұғалімдерге арналған сабак жоспары» аталған онлайн ресурстың артықшылығы болып табылады, бұл жерде мұғалім өз «Жоспарын» жасауға немесе басқа мұғалімдер құрастырған «Жоспарды» қолдануына болады. Аталған ресурсты сынып режимінде де, сонымен қатар үй тапсырмасын орындау барысында және олимпиадаларға қатысу үшін қажетті ғылыми жоба орындау үшін де қолдануға болады: (<http://school.eb.co.uk>).

9. «Сандардағы және картадағы дүниежүзі елдері». Интерактивті анықтамалықтарда дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдерін сипаттайтын статистикалық ақпарат және негізгі көрсеткіштер берілген: <http://www.sci.aha.ru>.

10. Рубрикон. Ірі энциклопедиялық портал. Негұрлым белгілі энциклопедиялар, сөздіктер және анықтамалықтар, суреттер және карталар берілген: <http://www.rubricon.com>.

11. Оқушылар оқу бағдарламасын меңгеру барысында АКТ қолдану дағдыларын дамытады. «География» пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес келесі веб-ресурстар ұсынылады (23-кесте).

23-кесте

www.earthquakes.usgs.gov	www.rgo.ru	www.geo2000.nm.ru
www.geo.historic.ru	www.www.geografia.ru/	www.geographic.org
www.mygeog.ru	www.e-cis.info	www.geography.about.com
www.hobitus.com	www.imf.org	www.kisi.kz
www.meteosputnik.ru	www.mfa.gov.kz	www.oecd.org
www.stat.gov.kz	www.theodora.com	www.un.kz
www.un.org	www.undp.kz	www.unesco.kz
www.unesco.org	www.unmultimedia.org	www.volcanodiscovery.com
www.worldbank.org		

«АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Қазақстан тарихы

«Қазақстан тарихы» пәнінің мақсаты – Қазақстан қоғамының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық салалардың негізгі даму кезеңдерін оқытып, көшпелілер өркениеті мен Қазақстан мемлекеттілігі тарихын қарастыру. Қазақстан тарихы ата-бабалар мәдениетінің бірегейлігі, тарихи процестердің біртұтастығы мен сабактастығын түсінуге мүмкіндік береді. Көшпелілердің әлемдік тарихтағы орны мен рөлін, адамзат өркениетіне қосқан үлесін жаңа өркениеттік тұрғыдан қарастырады. Сондай-ақ, пәннің оқушыларда өткенді саралау, бүгінгі күнді сипаттау және болашақты бағдарлау қабілеттерін қалыптастыруда маңызы зор.

Тарих сабактарын жоспарлау және ұйымдастыру барысында оқытудың тәрбиелік компонентіне ерекше назар аудару керек.

«Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұнындағаскелең үрпақтың бойына қазақстандық қоғамның негізгі құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінің материалдары болуы тиіс: Отанымыздың патриоттарын, құқықтық, демократиялық мемлекеттің, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін, ұлттық сана сезімі жетілген, адамгершілігі мол, толерантты азаматтарын тәрбиелеу.

«Қазақстан тарихы» пәнін оқыту кезінде білім алушылардың тарихи оқиғалардың өзара байланысын орнату арқылы, мемлекеттердің сыртқы саясаттари бойынша ақпарат беретін тарихи деректердің салыстырмалы талдауының негізінде себеп-салдарлық байланыстарды анықтауды қажет ететін дағдыларын дамыту қажет. Оған қоса мұғалім оқушыларға тарихи картада оқиғаларды, олардың динамикасы мен даму жағдайын белгілеуге тапсырма бере алады, бұл өз кезегінде оқушылардың бойында уақыт пен кеңістікте бағдарлану дағдыларының дамуына септігін тигізеді.

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытудың басты мақсаты оқушылардың бойында «тарихи тұрғыдан ойлау» дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік беретін түрлі әдіс-тәсілдерді (белсенді және проблемалық оқыту әдістері, жоба әдісі, концептуалды оқыту) қолдану қажет. «Тарихи тұрғыдан ойлау» өткен заманның кез-келген құбылысын сол заманның контекстінде, бұрын болған және кейінгі тарихи оқиғалармен өзара байланысында көру, анықтау, бағалау, талдау қабілетін білдіреді. Бұл қабілетке ие болу арқылы оқушы өткен тарихқа қатысты білім мен түсінікке негізделген өзіндік дәлелді ұстанымды қалыптастыра алады. Тарихи ойлау дағдылары әрбір сабакта олардың біртіндеп кеңеоі мен прогрессиясы негізінде дамытылуы тиіс.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша базалық білім мазмұны, оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптары, пәнді оқыту міндеттері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығымен анықталған.

Қазақстан тарихы:

5-сыныпта аптасына 1 сағат, оку жылында 34 сағат;

6-сыныпта аптасына 2 сағат, оку жылында 68 сағат;

7-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

8-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

9-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

Пәнді оқытуға арналған әдістемелік ұсынымдар.

Тарихты оқыту – күрделі процесс, ол өзара байланысты, оқытуудың мақсатын анықтау, білім мазмұнын іріктеу, білімді оқытып-үйрету және менгеруге басшылық ету сияқты және т.б. құрамдас бөлімдерден қурадады.

Оқыту процесін онтайландыру мақсатында топтық жұмысты ұйымдастыру өте тиімді болып табылады.

5-9-сынып оқушыларының жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді формаларының бірі топтық жұмыс болып табылады, топтық жұмысты ұйымдастыру кезінде әрбір оқушының қабілеттері мен психологиялық ерекшеліктерін ескеру, олардың топтағы атқаратын негізгі функцияларын анық түсіндіру қажет. Сонымен бірге топ мүшелерінің әрқашан өзгеріп отыруы да маңызды.

Оқушылардың бойында тарихи түсінікті дамытуға мүмкіндік беретін әдістердің бірі – рөлдік ойын болып табылады.

Рөлдік ойынның тиімділігінің үш міндетті элементі:

1) Тарихи деректерді талдау: оқушылардың тарихи дерекпен жұмыс істеуі олардың жас ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін, сондай-ақ дайындық деңгейін ескере отырып біртіндеп құрделене береді.

2) Оқушыларға тарихи деректерден үзінді беруді жүйелі түрде жүргізу керек. Тарих сабактарында сұрақтарды қою маңызды орын алуда, дұрыс әрі нақты құрастырылған сұрақтарға ғана орынды жауап алуға болады.

3) Сондықтан да мұғалімдерге «сатылап сұрақ қою» әдісін қолдану ұсынылады. Бұл әдісте дерекке немесе белгілі бір иллюстрацияға қойылатын сұрақтар жеңілден қыынға қарай құрделенеді.

Оқушыларға елінің тарихын өз көзімен көріп, сезіну үшін мүмкіндігінше мұражайларға, тарихи ескерткіш орнатылған немесе тарихи-археологиялық орындарға экскурсия ұйымдастыру ұсынылады.

Түсіндіру және талдау дағдысын терендеп дамыту үшін жаңа стратегиялар мен техникалар ұсынылады. Деңгейлеп оқыту, сынни ойлауды қалыптастыру, тірек-сызба, салыстырмалы талдау және т.б.

Жазу дағдыларын дамыту мақсатында сын түрғысынан ойлау технологиясын қолдану ұсынылады.

РАФТ стратегиясының (Р – роль, А – аудитория, Ф – форма, Т – тақырып) басты мақсаты оқушыда, белгілі бір образға (рөлге) енү арқылы, өзінің ойын жазбаша түрде түсінікті әрі нақты жеткізе алу дағдысын қалыптастыру. Бұл стратегияны қолдану арқылы оқушылар түрлі тақырыптарға әртүрлі аудиторияга арнап ақпарат (мәлімет, мәлімдеме, т.б.) жазуды үйренеді.

Картамен жұмысты нәтижелі деңгейде күшету қажет. Бұл үшін тарихи карталардың мазмұнын басқа да дереккөздермен тарта отырып талдауға бағытталған, тапсырмаларды пайдалану керек.

Оқушылардың жазбаша жұмыстарды орындауына ерекше назар аудару

ұсынылады: эссе, мақала, баяндама, хат, қысқаша ақпарат және т.б.

Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, презентация, интеллект карталар, диаграммалар жасау тапсырмаларын беру керек.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасын табысты жүзеге асыру, белсенді оқыту, командалық оқыту, пәндей-тілдік кіріктірілген оқыту және т.б. озық педагогикалық әдістерді қолдану үшін оқытудың қазіргі заманғы әдістерін қолдану қажет. Отандық және жалпы тарихтың кейбір тақырыптарын кірктиру мүмкін болады. Халықаралық қатынастар тарихы мен Қазақстанның сыртқы саясаты, әлемдік соғыстар тарихы, тарихтың жеке мәселелері, мәдениет т.б. тақырыптарын кірктируге болады.

Тарих пәндерін кірктире оқыту жүйесін қалыптастырып оқыту процесінің коммуникативтік әлеуетін анағұрлым ұлғайтады. Мәселен, әдебиет курсарын оқыту барысында оқушыларға рухани шығармашылық процесінің тарихи контекстін неғұрлым жоғары деңгейде игеруге мүмкіндік береді.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша ұсынылатын сайттар: <http://www.tarih-begalinka.kz>; <http://www.e-history.kz>; <http://bilimsite.kz/tarih/>; <http://testcenter.kz/entrants/for-ent/>.

Үй жұмысы сыныптағы сабактардан кейін мұғалімнің тапсырмасы бойынша оқу және тәжірибелік жұмысты оқушының өздігінен орындастырып оку процесінің құрамдас бөлігі. Үйге берілген тапсырмаларды оқушының үнемі орындалп, дұрыс ұйымдастырып отыруы оның жақсы үлгеруіне керекті шарттың бірі болып табылады.

Үй жұмысы сынып деңгейіне және тақырыптың ауқымына қарай әртүрлі болуы мүмкін:

- ауызша (сұрақ-жауап, құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар, пікірсайысқа дайындық, т.б.);
- қысқаша жазба жұмыстары (тезистер, конспектілер, буклеттер, эссе, тарихи шығарма, т.б.);
- тест тапсырмалары (жабық тест, ашық тест, реттік тест, сәйкестендіру тесті, мәтіндік тест, жағдаяттық тапсырма, құрама тест, балама тест, көпжекшілдегі тест);
- шығармашылық жұмыстар (рөлдік ойындарға, сахналық көріністерге дайындық);
- өзара бақылау жұмыстары, өздік бақылау, қатемен жұмыс, жоба жұмысы.

Оқушыларға жобалық және шығармашылық (хабарлама, презентация, жобалар, коллаждар т.б.) тапсырмалар тақырыптарын алдын ала беру әдістемелік түрғыдан дұрыс болады. Сонымен қатар мұғалім осы шығармашылық жұмыс түрінің талаптарымен таныстырыу керек. Оқушы хабарлама даярлаған кезде тек білімін ғана көрсетіп қоймай, хабарлама (презентация) дайындастырып батырға қатынасын, өз сезімдерін, күйзелісін білдіруі тиіс.

Құзыреттілікке бағытталған үй тапсырмаларының 4 түрі қолданылады: ақпараттық, коммуникативті, мәселе қою білу және рөлдік.

Шығармашылық үй тапсырмаларына қойылатын өлшемшарттар немесе

талаптар:

- терминология мен ақпараттың күрделілігі оқушының жас ерекшеліктеріне сай болуы;
- әдебиет пен дереккөздерінің тізімін беру қажет;
- ақпараттың жүйелілігі және тартымдылығы т.б. ескеру керек.

«Тарих» пәні бойынша міндетті бітіру емтиханын үйымдастыру және откізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

Кешенді емтихан бағдарламалары принципімен айқындалатын тарихты зерделеудің оқиғалық-хронологиялық және проблемалық-теориялық деңгейімен үйлесетін болады. Білім алушылардың дайындық деңгейінің көрсеткіштері тарихи білімдерін теориялық, фактологиялық, хронологиялық, картографиялық және бағалау компоненттерін игеру мен оқу-тәнімдық әрекеттер тәсілдеріне сәйкес менгеру болып табылады.

Емтихан тапсырмаларын құрастыру кезінде әртүрлі оқулықтар мен ОӘК-терді (ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен) қолдануға болады. Тапсырмаларды дайындау кезінде мұғалімдер толық сипатталмаған оқиғалар берілген ақпарат көздерін іріктеу ұсынылады. Осындай ақпарат көздері деректі материалдар (хрестоматиядан үзінділер, куәлік және естеліктер, тарихи оқиғалар туралы), статистикалық материалдар (кестелерде немесе мәтіндерде деректер әлеуметтік-экономикалық даму ұсынылған) болуы мүмкін. Білім алушыларды міндетті түрде мектеп бітіру емтиханына дайындау кезінде оқу бағдарламасы бойынша дайындалған оқулықтарды пайдалану керек.

Сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмыстары білім алушыларды қоғамдық өмірге бейімдейтін, жұмыс тәжірибесін жинақтайтын, жаңа жағдайдағы қарым-қатынасқа үйрететін, қызығушылыктар мен талаптарды іске асыратын әлеуметтік ортаның бір бөлігі болып табылады.

«Тарих» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды үйымдастыру және жоспарлау барысында 2016-2017 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көніл бөлу ұсынылады:

- 1) **Алматы қаласының 1000 жылдығы (1016-2016);**
- 2) Қазақ батыры, әскербасы **Жалантөс Баһадүр Сейітқұлұлының** 440 жылдығы (1576-1656);
- 3) Қазақ халқының XVII – XVIII-ғасырлардағы үш ұлы биінің бірі **Қазбек би Келдібекұлының** 350 жылдығы(1667-1764);
- 4) Қазақ халқының жонғар басқыншыларына қарсы құресте әйгілі батырларының бірі **Тама Есет Қекіұлының** 350 жылдығы (1667-1749);
- 5) Қазақтың батыры, талантты қолбасшы **Қабанбай батыр Қожақұлұлының** 325 жылдығы (1692–1770);
- 6) Кіші жұз қазақтары көтерілісінің көрнекті басшысы, атақты батыр, әйгілі шешен **Сырым Датұлының** 275 жылдығы (1753—1802);
- 7) Бөкей Ордасындағы халық көтерілісінің саяси көсемі, қайсар қолбасшысы, халық батыры **Исатай Тайманұлының** 225 жылдығы (1791-1838);
- 8) Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, ұлттық мектебінің негізін қалаушы **Ы. Алтынсариннің** 175 жылдығы (1841—1889);

9) Бөкей Ордасында қазақтың тұңғыш мектебі ашылғанына 175 жыл (1841-2016);

10) XX ғасырдың басындағы Ұлт көшбасшысы, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Ә. Бөкейханның 150 жылдығы (1866-1937);

11) Қазақтың мемлекет және қоғам қайраткері, шығыстанушы, білімді зангер **Барлыбек Сыртановтың** 150 жылдығы (1866-1914);

12) Қазақтың тұңғыш бейресми Конституциясы «Қазақ елінің Уставына» 105 жыл (1912-2017);

13) «Оян қазақ» өлеңінің жарық көргеніне 105 жыл (1911-2016);

14) 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығы (1916-2016);

15) Алаш Орда үкіметі құрылғаны 100 жыл (1917-2017);

16) Қазақтың қаһарман батыры, ақын, жазушы **Баубек Құлқышевтың** 100 жылдығы (1916-1944);

17) 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының 30 жылдығы (1986-2016);

18) Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы (1991-2016).

Мектепте сыныптан тыс жұмыстар төмендегі шаралар арқылы жүзеге асады:

- базалық кәсіпорындарда, табиғат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда;

- таңдауы бойынша еркін сабактар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;

- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабактар өткізу;

- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабактарын жүргізу және т.б.

Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, алған білімдерін терендеп, өздігінен іздене білуге үйретеді. Сонымен қатар теориялық білімін кеңейтіп, толықтыра түседі және оқушылардың жеке қабілетін дамыта түседі.

Дүниежүзі тарихы

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасы оқушыларға әлем тарихы бойынша жеткілікті білім алуға және тарихи процестердің мәні мен тарихи фактілердің маңызын түсінуге, проблемаларды шешуге, жағдаятты сыни бағалау және шешім қабылдау, сондай-ақ түрлі тиімді коммуникацияны жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мектепте «Дүниежүзі тарихы» пәнін оқытудың негізгі мақсаты гылыми гуманистік көзқарасы бар, әлеуметтік белсенеді, жан-жасақты шығармашыл тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Пәнді оқыту кезінде барлық сынып оқушыларының жұмыс жасауды және үздік нәтижелерге қол жеткізу үшін жеке, жұптық, топтық жұмыстарды үйимдастыруды қолдану ұсынылады.

Тарих сабағын жоспарлауда және үйимдастырудан кезінде оқытудың тәрбиелік компоненттеріне ерекше назар аударған жөн.

«Дүниежүзі» пәнінің мазмұнының оқыту «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін жүзеге асыруға және тарихи тәжірибе мен оның сабактарын ұсынудың түсінүү, әлеуметтік болжай (бүгінгі күн жағдайының мәнін, өткеннің

инварианттылығы мен болашақтың баламалығын түсінуден), өз іс-әрекеті үшін тарихи жауапкершілік, тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуына, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпыадамзаттық құндылықтарды бекітуге ықпал етеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру олардың тарихи қалыптасқан мәдени, діни және ұлттық салт-дәстүрлерімен танысу барысында құндылық бағыт-бағдарлау; тарихи білімін күнделікті өмірде қолдана білу; тарихи танымның әдіс-тәсілдерін менгеру, әртүрлі дерек көздерімен өз бетімен жұмыс істеу; сынни ойлау дағдыларын дамыту; білім процесінде тарихи фактілер мен құбылыстарды түсіндіру; қазіргі кезеңдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және халықаралық проблемаларды талдай білу; негізгі оқиғалар, құбылыстар мен тарихи дамудың процестерінің мәні туралы түсіну қабілеттерімен анықталады.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша базалық білім мазмұны, оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптары, пәнді оқыту міндеттері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығымен бекітілген ұлгілік оқу бағдарламасында анықталған.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесінің төмендегі көлемі белгіленген:

6-сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

7-сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

8-сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

9-сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

Ежелгі дүние тарихы қалыптылығы, тұластығы және логикалық түрде аяқталуымен сипатталып, жүйелі түрде оқу пәні ретінде 6-сыныптан басталады. Тарихты оқыту оқушылардың тұрақты білім беру жүйесін қалыптастыру үшін адамзат жүріп өткен тарихи жолдары, оқиға-хронологиялық деңгейде қолайлышарттар арқылы жүзеге асырылады.

Келесі сыныптарда неғұрлым құрделі материалдарды қабылдаулары үшін алтыншы сынып оқушыларының бойында негізгі ұфымдарды, біліктілікті және дағдыларды қалыптастыру өте маңызды.

Орта ғасырлар тарихы пәнін оқыту осы кезеңдегі қоғам дамуының зандылықтары мен ерекшеліктері болып табылады. Бұл адамзаттың әлеуметтік, мәдени, мемлекеттердің дамуы және Еуропадағы саяси-феодалдық қатынастардың қалыптасуы. Орта ғасырлар тарихын оқыту қазіргі заманғы адам үшін өте маңызды болып табылады, өйткені бұл кезеңде көптеген ұлттық мәдениеттер мен құндылықтардың пайда болуына байланысты. Мұғалім сол уақыт кезеңінің ерекшелігі туралы түсінік беруі; білім беру процесінде оқу пәнінің орнын анықтауы; курс құрылымының анықтамалық және оқулықтың әдістемелік аппаратымен, міндеттерімен таныстыруы; жаңа оқу пәніне қызығушылығын арттыруы тиіс.

Орта ғасырлар тарихын оқыту 7-сынып оқушыларын тарихи оқиғалар мен ұфымдарды талдау және салыстыру дағдыларын дамытады, осы тарихи дәуір қоғамының бөлігі ретінде қарапайым адамның өмірін бақылауға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы өркениет құрған жаңа заман немесе дәуірді оқыту 8-сыныпта басталады.

Пәннің бұл кезеңдегі материалдары оқушыларды аграрлық дамудан біртіндеп индустримальы дамуға арналған тақырыптармен таныстырады. Жаңа тарихты оқытудың нәтижесінде, мұрағат материалдарын анықтау, сондай-ақ шын мәнінде тарихи оқиғалар мен жаңа процестерді талдау және салыстыру өткен дәуірден және қазіргі заманғы оқиғалар ережелері оқушылардың іздеу және пайдалану дағдыларын қалыптастырады.

9-сыныпта оқытылатын "Қазіргі заман тарихы" курсы оқушыларға XX ғ.басы мен XXI ғ. ең маңызды процестерге, құбылыстарға, ұғымдарға баса назар аударылып, адамзат дамуының жалпы бейнесі туралы түсінік қалыптастырады (Еуропа және Америка, Азия және Африка саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуынан бастап, 1914-1918 жылдардағы бірінші дүниежүзілік соғыс және ең алдымен қазіргі заманғы құрылғылардың пайда болуын түсіну және түсіндірумен ерекшеленеді.

Пәнді оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

«Дүниежүзі тарихы» пәнін оқыту - өткен тарих туралы, адамзаттың өзара әрекетімен туындаған тарихи оқиғаларды оқу мен талқылау оқу кезінде оқушылардың әлеуметтік тәжірибелерін байыта отырып, жүйелендірілген білім қалыптастыруға ықпал етеді. Әртүрлі дүниетанымдық, құндылық-мотивациялық, әлеуметтік жүйелерден туындаған, тарихи қоғамдық процестердің логикалық ерекшелігін түсіну қабілеттерін дамыту түйінді рөл атқарады.

Сабактарда оқушылардың дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес тарихи тұрғыдан ойлаудың (белсенді және проблемалық оқыту, жобалау, тұжырымдамалық оқыту) әртүрлі әдістәсілдерін қолдану қажет.

Білім беру процесінде компьютерлік технологияларды және жобалық әдістемелерді пайдалануға ерекше назар аударуды талап етеді. Оқушылардың білім алу мүмкіндіктері мен алған білімдерінің қолдану аясын түсініп, бұл технологияларды әдеттегі әдістермен шебер қолдана білу мүғалім үшін маңызды.

Әдістемелік жағынан жоба тақырыптары және шығармашылық тапсырмаларды (хабарлама, презентация, жобалар, коллаж және т.б.) оқушыларға алдын-ала беру керек. Сонымен қатар, мүғалім оқушыларды аталған шығармашылық жұмыс түріне қарай, оның орындау талаптары таныстыру қажет. Тапсырмаларды дайындау кезінде оқушылар тек қана білім алып қоймай, сол оқиғаны түсіну, оқиғаның басты кейіпкерлеріне деген қарым-қатынасы туралы өзіндік ойы болып, сезінуі қажет.

Топтық жұмысты ұйымдастыру өте тиімді болып табылады: шағын-конференция, пікірталас, дөңгелек үстел, шағын жобаларды қорғау және т. б. Бұл ретте жобаларды жеке немесе ұжыммен, педагогиканың ынтымақтастық принциптерін қолдана отырып мүғалім мен оқушы бірге орындауы да мүмкін.

Откен заманың кез-келген құбылысын осы заманың контекстінде, бұрын

болған оқиғаларды және кейінгі тарихи оқиғалармен өзара байланысында көру, анықтау, бағалау, талдау қабілетін білдіреді. Бұл қабілетке ие болу арқылы оқушы өткен тарихқа қатысты білім мен түсінікке негізделген өзіндік дәлелді ұстанымды қалыптастыра алады.

Оқыту төмендегідей тарихи түсініктердің негізінде құрылуы тиіс:

- өзгеріс және сабактастық (мысалы, белгілі тарихи кезенде қоғам қаншалықты өзгеріске ұшырады);
- себеп және салдар (мысалы, белгілі тарихи кезенде қандай маңызды факторлар саяси процестерге әсер етті);
- дәйек (белгілі тарихи кезенің өнері бізге құндылықтар, нағым-сенімдер мен технологиялар туралы қандай мәлімет бере алады);
- ұқсастық пен айырмашылық (мысалы, оқытылу кезеңінде мемлекеттің саяси құрылышының айырмашылығы мен ұқсастығы неде);
- түсіндіру (мысалы, әртүрлі зерттеушілер сол немесе басқа тарихи оқиғаларды қалай сипаттайды).

«Дүниежүзі тарихы» пәнін оқу кезінде пәннің мазмұнына сәйкес тарихи зерттеулерді (болжамды ұсыну, зерттеу үшін сұрақтарды құрастыру, дереккөздерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, қорытындылар мен нәтижелерді тұжырымдау, өзіндік ұстанымын анықтау) өткізуудің дағдыларын қалыптастыру мен дамыту ұсынылады.

Мұғалімнің сабакқа арнағы дайындаитын тапсырмалары мынадай өлишемшарттарға сәйкес болуы тиіс:

- тапсырманы орындау мақсаты мен қолжетімділігі;
- дифференциацияны көздеу;
- сын тұргысынан ойлауды дамыту;
- проблемалық оқыту;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- ақпараттың және терминологияның күрделілік деңгейі;
- әдебиеттер тізімі;
- ақпараттың тартымдылығы мен дәйектілігі;
- бағалау үшін мүмкіндіктерінің бар болуы.

Сыныптағы практикалық жұмыс, өздік жұмысы, үй тапсырмасын орындау оқу процесінің құрамдас бөлігі. Практикалық сабак тарихи дереккөздерімен және әртүрлі көзқарастарды салыстыра білуді жетілдіру, қоғамдық-тарихи даму мәселелері бойынша өзіндік ұстанымын білдіру сиқытты жұмыстарды ұйымдастырумен байланысты. Практикалық тапсырмаларды орындау пәнішілік және пәнаралық байланыстарды орнатуды, ақпараттарды өндеудің әмбебап тәсілдерін менгеруді көздейді. Оқушылардың танымдық мүмкіндіктері мен қызығушылығына байланысты сабактар мамандандырылған (белгіленген тақырып бойынша) немесе кіріктірілген болуы мүмкін.

Жұмыстың келесі аспектісінде – оқушылардың білім мен білік дағдыларын бағдар уақыт пен кеңістігінде тарихи карталарды пайдалану ықпал етеді, картада тарихи оқиғалардың жай-күйін және олардың даму динамикасын көрсететін тапсырма болуы мүмкін.

Үй жұмысының мақсаты – қосымша материалдар арқылы сабакта

менгерген тақырыпты тереңдету, қайталау, бекіту және ой елегінен өткізу, оқушының дағдылары мен құзыреттіліктерін шындау. Үй жұмысына берілген тапсырмалар жоспарланған, танымдық, қызықты болуы шарт және деңгейлі болуы мүмкін. Үй жұмысын берудің маңызы – оқушыны өз бетімен білім алуға итермелейді және оқу үрдісінің танымдық-шығармашылық іс-әрекеттерінің біріне жатады.

Сынып деңгейіне және тақырыптың ауқымына қарай тапсырмалар әртүрлі болуы мүмкін:

- ауызша (сұрақ-жауап, құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар, пікірсайысқа дайындық және т.б.);
- қысқаша жазба жұмыстары (тезистер, конспектілер, буклеттер, эссе, тарихи шығарма және т.б.);
- тест тапсырмалары (жабық тест, ашық тест, реттік тест, сәйкестендіру тесті, мәтіндік тест, жағдаяттық тапсырма, құрама тест, балама тест, көпжекшілдегі тест);
- шығармашылық жұмыстар (рөлдік ойындарға, сахналық көріністерге дайындық);
- өзара бақылау жұмыстары, өздік бақылау, қатемен жұмыс, жоба жұмысы.

«Дүниежүзі тарихы» бойынша сыныптан тыс жұмыстарды үйимдастыру және жоспарлау барысында 2016-2017 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады:

- 1) **Катауун даласы** шайқасының 1565 жылдығы (451-2016);
- 2) **Батыс Рим империясының** құлауының 1540 жылдығы (476-2016);
- 3) 567 жылды **Түрік қaganаты мен Византия арасында сауда келісімі мен әскери шарт жасалды** (1450 жыл).

2016-2017 оқу жылында пән мұғалімдері әдістемелік қызметтерінің негізгі міндеттері:

- тарихи білім беру және оның сапасын көтерудің негізгі компоненттерін жүзеге асыру;
- мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін жетілдіру: тарихты оқытудың тиімді әдістері мен технологияларын зерделеу;
- тарихты оқытудың базалық және жоғары деңгейінде зерделеу тиімді білім беру тәжірибелі тарату болып табылады.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен ұсынылатын сайттар:

<http://www.world-history.ru>; <http://historic.ru>; <http://historyatlas.narod.ru>;
<http://testcenter.kz/entrants/for-ent/>.

Адам. Қоғам. Құқық

«Адам. Қоғам. Құқық» пәнін 9-сыныпта оқыту – адам, қоғам және құқық туралы, қоғам дамуының негізгі процестері, адам өміріне әлеуметтік факторлардың әсері жөніндегі ғылыми білімді менгеруге бағытталған. Қоғамдық ғылымдар кешенін құрайтын, кіріктірілген сипатқа тән пәнді оқыту оқушылардың назарын қазіргі қоғамдық, саяси, мәдени, әлеуметтік құбылыстарға, оларды реттеп отыратын заңдардың өзара байланысына

аударуга негізделген.

«Адам. Қоғам. Құқық» пәнін оқытуда «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін, құқықтық сауттылығы, мен азаматтық жауапкершілігін, сыбайлас жемқорлықта қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыруға, ұлттық сана-сезім мен толеранттылықты дамытуға, зайырлы құндылықтарды нығайтуға және терроризм мен экстремизм идеологияларын саналы түрде қабылдамауын қалыптастыруға, Қазақстанның көпэтникалық жағдайында қарым-қатынас жасай білуіне бағытталады.

«Адам. Қоғам. Құқық» пәні бойынша базалық білім мазмұны, оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптары, пәнді оқыту міндеттері ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасында анықталған.

Пән бойынша оқу жүктемесінің қолемі:

9-сыныпта аптасына 1-сағат, оқу жылында 34-сағатты құрайды.

Пәнді оқытуға әдістемелік ұсынылдар

«Адам. Қоғам. Құқық» пәнінің мазмұнын игеру кезінде түрлі әлеуметтік жағдайларда тиімді және өнімді әрекеттердегі адамның қабілетін қамтамасыз ететін оқушылардың тұлғалық және пәндік нәтижелеріне көніл бөлу ұсынылады.

Пәнді оқытуда оқыту процесінің әдісі мен үйимдастырылуын анықтайтын үйимдастырушылық-әдіснамалық принциптер: білімнің зерделілігін, толықтығын, тұтастығын, сабактастығын, өзара байланыстылығы мен білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігін ескерген дұрыс.

Оқу процесінде білім алушыны ынталы, қызығушылығы жоғары, дербес, сенімді, жауапты, талдау жасай алуға бағыттайтын оқытудың түрлі формалары ұсынылады:

- мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы оқушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;
- оқушылардың білім алуды «оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау көрсету;
- оқушыларды зерттеу және зерттеушілік жұмыстарын жүргізуге негізделген белсенді оқытуды үйимдастыру;
- оқушылардың сынни ойлау дағдыларын дамыту;
- оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар құрастыру;
- оқушылардың жеке, жұптық, топтық және тұтас сынныптық жұмыс түрлерін үйимдастыруды қолдану ұсынылады.

Пәнді оқытуда оқушылардың басқа пәндерден: «Қазақ тілі және әдебиеті», «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «Физика», «Биология», «География» және басқа пәндерден алған білімдеріне сүйену, оқу материалдарын тарихи фактілермен, әдеби образдармен, физикалық процестермен, т.б. нақтылау ұсынылады.

Пәнді оқытуда мынадай педагогикалық әдіс-тәсілдерді:

- оқушылардың проблемаларды анықтауда өз ой-пікірлерін айтуда, гипотеза ұсыну, жоспарлауда, зерттеу жүргізу, дәлелдеуде қабілеттерін дамытатын

ынталандырушы – проблемалық, ситуациялық жағдай туғызу;

- белгілі бір тақырып бойынша «миға шабуыл», «жобалау» т.б. әдістерін үйімдастыру (проблемаларды табу, әр оқушының идеясын ұсынуы, бүкіл сиынппен талқылау, оны талдау және шешімнің дұрыс нұсқасын қабылдау);

- сабакта оқушылардың белсенділігін арттыратын қоғамдық және қызықтық проблемаларды талқылау;

- ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдануда оқушылардың білімдерін кеңейту үшін мультимедиялық ресурстарды тиімді пайдалану, презентациялардың түрлерін пайдалана отырып, таңдалған тақырыптар бойынша шығармашылық жұмыстар жасау, сандық білім беру ресурстары материалдарын қолдану ұсынылады.

Пәнді оқытудың басты ерекшелігінің бірі сабак барысында маңызды заңнамалық актілермен, заң түсіндірмелерімен (Қазақстан Республикасының Конституациясы, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық, еңбек құқықтарының негізгі түсініктері) жұмыстар үйімдастыру болып табылады.

Оқытудың әдіс-тәсілдері көптүрлілігіне (пікірсайыс, кейс әдісі, дебат, рөлдік ойындар, жағдаяттармен жұмыс, жобалық және оқу-зерттеулік қызмет т.б.) басымдық беру ұсынылады.

Ұсынылатын сиынптан тыс жұмыстар:

пән бойынша «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын оқытуға ұсынылатын тапсырмалар:

1) «Зайырлы қоғам және мемлекеттілік жоғары рухтандырушылық (ессе);
2) «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» (негіздеу);
3) Ұлы мақсаттарға жетелейтін идея – Мәңгілік Ел идеясы (ессе);
4) Қазақстан халықтарының Ассамблеясы – азаматтық бейбітшілік пен келісімнің бірегей институты (жоба) және т.б..

2) пән мазмұнына сәйкес ұсынылатын сиынптан тыс жұмыстар:

- 1) «Қазақстан көп ұлтты тәуелсіз мемлекет»;
- 2) «Тәуелсіз елдің білімді ұрпақтары»;
- 3) «Конституция – мемлекеттің негізгі заңы»;
- 4) «Мен және менің құқығым»;
- 5) «Өз құқығынды білесің бе?»;
- 6) «Бала және оның құқығы»;
- 7) «Ұлы дала зандары»;
- 8) «Заң және заман»;
- 9) «Құқықтық сауаттылық заман талабы» және т.б.

Өзін-өзі тану

«Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың негізгі мақсат-мұдделері: Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында «Жаратылыштану» пәні бойынша нақтыланған оқушының тұлғалық рухани-адамгершілікті дамытуды ынталандыру, жалпыадами құндылықтарды және құнлықтар туралы білімдерді жетілдіруге, оқушының жеке әлеуетін дамытуға, өзіндік қабілеттерін, әлеуметтік маңызды тұлғалық қабілеттерді және өмірлік дағдыны қалыптастыруға жағдай жасау, адамды өмірге дайындауды табысты іс

жүзіне асыру.

Оқыт пәннің негізгі міндеттері:

- өзін-өзі тануға және үнемі жетілуіне бағыттау;
- оқушыларда қарым-қатынас жасау негіздерін қалыптастыру;
- қоғамда және ұжымда өз орнын білуге көмектесу;
- өзі, адамдар және қоршаған орта бір-бірімен қарым-қатынаста екенін сезінуді ынталандыру;
- өмірлік және әр түрлі оқу жағдаяттарында адамгершілік және әлеуметтік тәртіп тәжірибесін қалыптастыру;
- не үшін өзінің өмірсүретінің және өмірлік мақсатқа жету үшін тұлғалық қасиеттерін дамыту.

«Өзін-өзі тану» бойынша оқу процесін ұйымдастыруды маңызды жағдай болып «Тыныштық сәті», «Өзіммен өзім», «Сергіту сәті», «Достар, ән салайық» сияқты әдістемелік тәсілдер сабактарда салауатты орта құру болып табылады.

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша білім беру процесі арнайы жабдықталған кабинетте жүзеге асырылады және қажетті оқу жабдықтарымен, сондай-ақ оқу-көрнекілік құралдарымен жабдықталуы қамтамасыз етіледі.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 1 сағат, жылына барлығы 34 сағат.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығына сәйкес 2016-2017 оқу жылынан бастап оқу процесіне «Дінтану негіздері» факультативтік курсының орнына «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы енгізіледі.

9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсын міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінеді. Курсты біліктілікті жетілдіру курсынан өткен тарих пәнінің мұғалімдері жүргізеді.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсының мәні және маңызы оның қазіргі қоғамдағы тарихи, мәдени мен рухани құндылықтықтарды анықтайтын бастаулары ретінде, тұрақты дамуды қамтамасыз ететін ғылыми-дәйектелген негіздерін қалыптастыруды қураушы элемент ретінде қабылданған болып табылады. Курс орта білім жүйесіндегі қоғамтану және әлеуметтік-гуманитарлық білім алудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Факультативтік курсты оқытудың мақсаты:

- оқушыларды «зайырлылық» үстанымын құндылық, яғни мемлекет баяндылығының басты тұғыры ретінде қабылдауға, дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету;
- зайырлылықты рухани-адамгершілік құндылықтар, мемлекет тұрақтылығының басты факторы ретінде қабылдау, дінді мәдениет ретінде қабылдауға үйрету, білім жүйесіне және ой-өрісін кеңейтуге ықпал ету;
- діни сенім бостандығы, әлемдік және дәстүрлі діндердің, жаңа діни қозғалыстардың тарихы мен қазіргі жай-күйі, теріс пиғылды діни ағымдар мен тыйым салынған діни ұйымдар туралы жан-жақты білім беру;

- оқушыларды экстремизм, терроризм және діни радикализм идеологияларын қабылдамауға үйрету, рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде толеранттылық қасиетке тәрбиелеу және олардың гуманистік дүниетанымын қалыптастыру.

Факультативтік курсты оқытуудың міндеттері:

1) оқушыларға діннің мәні, тарихы және оның қазіргі қоғамдағы рөлі жөнінде жүйелі мәлімет беру;

2) зайырлылық ұстанымдарын мемлекеттілік пен тәуелсіздіктің негізі ретінде таныта отырып, осы бағыттағы білімін қалыптастыру;

3) зайырлылық тұрғысынан діни сана, діни сенім, діни таным және діни тәжірибе негіздерін салыстыра білуді үйрету;

4) діннің дүниетанымдық, мәдени танымдық және адамгершілік мәнін түсіндіру;

5) оқушыларды діни сенім бостандығын құрметтеуге, толеранттылыққа баулу арқылы қазіргі қоғамдағы діни ағымдарға зайырлылық ұстанымы негізінде баға бере алатын дағды қалыптастыру;

6) Қазақстандағы этносаралық, конфессияаралық келісімді зайырлылық ұстанымдарының нәтижесі ретінде таныта отырып, оқушылардың бойында азаматтық мінез бен жауапкершілік қасиетті тәрбиелеу;

7) көпэтности, көпконфессиялы қоғам құрудары қазақстандық тәжірибелін ерекшеліктерін айқындау

8) экстремизм, терроризм, діни радикализм секілді жаһандық жағымсыз құбылыстардың теріс идеологияларының ұлттық қауіпсіздікке, зайырлылық ұстанымдарына, қоғам тұрақтылығына төндіретін қауіп-қатерінгіндіре отырып, зайырлы мемлекет қағидаттарына құрмет сезімін тәрбиелеу;

9) оқушылардың бойында діни әдебиеттер, электрондық ресурстар және бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын салыстыра білу және сынни тұрғыда сараптау мәдениеті мен қабілеттерін қалыптастыру;

10) құқықтық сауаттылықтың қоғам өміріндегі маңызын түсіндіре отырып, осы тұрғыдағы білімін арттыруға, Қазақстан азаматтарының құқықтары мен еркіндіктерін сыйлауға тәрбиелеу.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы бағдарламаларының материалдарын оқып білуде «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Адам. Қоғам. Құқық», «Қазақ әдебиеті», «Өнер» сияқты пәндерімен және «Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы», «Абайтану» курсдарымен пәнаралық байланыс пен сабактастық қарастырылған.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсының мазмұнында дін тарихын оқытуға көп уақыт жіберудің қажеттілігі жоқ, одан оқушылар сапалы, жасампаз мәнділігі бар білім алмайды. Бағдарламада діни нанымдар мен діндердің пайда болуы, нығаюы және дамуы боянша тарихи шолумен қатар: Зайырлы мемлекет және дін, зайырлық этикасы негіздері, адамның рухани өмірі мен қоғамдағы діннің рөлі, діни бірлестіктер мен ағымдар, жаңа діни ағымдар мен дәстүрлі діни жүйелердің танымдық, психологиялық, тұрмыстық деңгейдегі қарама-қайшылықтар диллемасы тақырыптары қамтылған.

Білім алушылардың жоғары рухани-адамгершілік қасиеттерін

қалыптастырудың Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Абай, Ыбырай, Шәкөрім сияқты көрнекті ағартушылар мен ойшылдардың мәдени және рухани мұраларын оқыту айрықша маңызға ие.

Деструктивті ағымдардың, тыйым салынған діни үйымдардың, бірлестіктердің белгілері мен салдарларын танып білуіне, діни экстремизм мен терроризмнің ұлттың қауіпсіздігі үшін қатерлі екендігін оқушылардың ұғынуына айрықша назар аударылған.

«Қазақстан-дінаралық бейбітшілік пен келісім елі. Қазақстан Республикасының діни заңнамалары. Зайырлылық – ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттік жүйенің іргетасы» мазмұндық желілері курстың басты басты жолы болуы тиіс.

Курстың мазмұнында оқушылардың өзіндік зерттеу әрекеттерін үйымдастыратын шығармашылық жобалар қарастырылған. Шығармашылық жобаларда, түрлі нысандағы үйымдастырылған өздігінен жасалынған зерттеу жұмыстары барысында діндер мазмұнындағы рухани құндылықтар мен Қазақстанның дінге қатысты саясатының мәні мен мақсатын, діни бірлестіктер мен ағымдардың қызметі, мұддесі мен мақсатын ашып көрсетеді.

Курстың мазмұнын жүйелі және толық игерген жағдайда оқушылар өмірге қажетті Қазақстан аумағындағы діндер мен діни бірлестіктердің мақсаты мен ерекшеліктері, Қазақстан Республикасының дінге қатысты саясатының мақсаты мен мәнін түсінетіндей мағлұматтар мен білім алады. Осылайша, жүйелі түрде игерілген білім оқушыға Қазақстан Республикасының толыққанды азаматы ретінде рухани толысуға, өз халқының рухани мәдениетін деструктивтік, радикалды діни бірлестіктердің зиянды әрекетінен сактау және қорғау мүмкіндіктерін қалыптастыруға мүмкіндік алады, екінші жағынан, адамның қандай дінге жататынын анықтау, діни сана-сезім, басқа діндерге көзқарас және ізгілікті қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады.

Оқушылар бойында өз халқының рухани құндылықтарына құрмет сезімі қалыптасуы тиісті, олар гуманистік дүниетанымға, жалпы адамзаттық құндылықтарға және толеранттықта қайшы келетін ұстанымдар туралы ұғымдарды білуі тиіс.

Оқу процесін үйымдастыруға әдістемелік нұсқаулық

«Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсының оқу процестерін үйымдастыру барысында пікірталас, дөңгелек үстел, шағын жиналыс, топпен талқылау, шағын жобаларды қорғау, рөлдік ойын, пікірталас және т.б. формаларын қолдану тиімді.

Жобаларды жеке және ұжыммен ынтымақтаса педагогика принциптерін қолдана отырып орындаі алады. Олардың саны келесі бағыттарды қамту және алған білімдерін бекіту үшін жеткілікті болуы керек:

- дін мәселелері бойынша ғылыми-көпшілік басылымдар, журналдар, газет мақалаларына талдау жасау, таңдалап алынған тақырыптары бойынша ауызша және жазбаша хабарлама дайындау, жағдаяттармен жұмыс жасау;

- діннің айрықша ерекшеліктерін анықтау;

- дәстүрлі діндердің біртұтас платформалары мен жалпы тұжырымдамаларын анықтау, оларды дәлелдей білулерін қалыптастыру;

- БАҚ ақпараттарына сүйене отырып елімізде және өңірлердегі діни жағдайларды сараптау;

- Қазақстандағы қасиетті жерлер туралы ақпараттық шолу дайындау;

- толеранттылық және дінаралық келісім орнаған еліміздегі нақты жағдайды дәлелдейтін мысалдар көлтіріп дайындау;

Оқу барысында келесідей қағидаларға ерекше көңіл бөлу қажет:

- мәдени-тарихи, өркениеттілік мәніндегі, дін саласындағы Қазақстанның қазіргі саясаты мен қағидаларын басшылыққа алу;

- пәнді оқыту барысында қандай да бір діни бағыттарға артықшылықтар бермеу;

- жобаларды орындау үшін қажетті жағдайлар жасау;

- ақпарат, дін, рухани құндылықтар, мәдениет саласына қатысты заңнамалар талаптарын сақтау;

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы аясында алған білімдерін бекіту мақсатында оқушыларға қызықтыратын тақырыптары бойынша шығармашылық-жобалық жұмыстар жасауға болады. «Зайырлылық және дінтану негіздері» бойынша әзірленген электронды оқулық, Қазақстанда дін жүйесінің таралуы мен ықпалы туралы мәдени-танымдық сипаттағы барлық діндер бойынша қысқаша бейнематериалдар т.б. (міндетті түрде Дін істері комитетінің сараптама комиссиясы мақұлдаған) сабак барысында пайдалану ұсынылады.

Курсты оқыту нәтижесінде оқушылар:

- ғылыми тұрғыдан алғанда негізгі діни терминдер мен құбылыстарды;

- зайырлылық және дін ұғымдары ара-қатынасын;

- мемлекет, дін бірлестіктері және мәдениет арасындағы қарым-қатынас мәнін;

- діндер тарихы мен діни сенім ерекшеліктерін;

- қазақ-мұсылмандығының танымдық ойларын;

- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;

- әл-Фарабидің, Қожа Ахмет Иассаудің, Абайдың, Шәкәрімнің, Ұбырай Алтынсариннің мәдени-ағартушылық рухани мұраларын;

- республикадағы мемлекет, мәдениет және діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастың жайын;

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың конфессияларық келісімді, елдегі және халықаралық деңгейдегі тұрақтылықты сақтау, елдегі және халықаралық қауымдастықтағы адамдардың шынайы діни сенімдеріне деген сыйластық көрсету саясатын;

- экстремистік, террористік, теріс сипаттағы ұйымдардың ерекшеліктерін, қауіптілігін *білеңді*.

сонымен бірге:

- зайырлық, діни сана-сезім, діни сенім, діни тәжірибе, діни ой-сана ұғымдарының ара жігін ажырату,

- экстремистік, террористік сипаттағы діни топтар мен ағымдар идеологиясы мен практикасына қарсы тұра білу иммунитеті;

- діни, рухани маңызды мәселелер бойынша әртүрлі ой-талқы жасау, пікір-таластыра білу, осы саладағы маңызды оқиғалар мен құбылыстар, тұлғалар туралы мәліметтерді сауатты жеткізе білу;

- өз бетімен зайырлық және діни шығармалар туралы қажетті ақпараттық деректер нұсқасында тауып және оларды сараптай отырып қолдана біледі.

«ӨНЕР» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Музыка

5-б-сыныптарда «Музыка» пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру, әлемдік музыкалық бейнелерді менгеру, тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту және музыкалық біліктерін, өмірде қолдана білуге негізделген. Музыка баланың бойындағы асыл қасиеттерін оятып, елін, жерін, Қазақстан Республикасын – Отанын сүюге тәрбиелейді.

Пәнді оқытудың міндеттері:

– дәстүрлі қазақ музыкасының өткен және қазіргі замандағы адам өмірімен байланысы және оның композиторлық шығармашылығындағы рөлі туралы білім беру;

– оқушылардың музыка өнері жайында көзқарасын кеңейту, музыкалық құбылыстарға қызығушылығын дамытып, көркемдік талғамын қалыптастырып, музыкалық шығармаларды бағалай білу;

– музыканың басқа өнер түрлерімен байланысын ұғына білу;

– музыкалық өнер арқылы оқушыларды адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу;

– музыка өнерінің әртүрлі әрекеттерінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Пән мазмұны қазақ және түркі халықтарының дәстүрлі мәдениеті, шығыс және батыс классикалық музыкасының, әлем музыкасының ең озық, қазақстандық заманауи өнер туындыларын қамтиды және оқушылардың мәдени, құндылықты, тұлғалық, зияткерлік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Сабактың, сабактан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

Сабактарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын музыка өнері туындылары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

«Музыка» пәні бойынша бағдарлама пәнаралық интеграция принципін ұстана отырып, тіл және әдебиет, тарих және бейнелеу өнерімен байланыста оқытуды көздейді, бұл өнер түрлерінің өзара байланысы туралы көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқытудың әдістемелік жүйесі ұздіксіздік принципін ұстана отырып, бастауыш пен негізгі мектеп арасындағы сабактастық, жүйелілік пен бірізділік айқындалады. Дербестік принципін ұстана отырып, оқушы музыкалық өнердің жан-жақты дамуы мен түрлі құбылыстарына жеке көзқарасын қалыптастыра

отыра, мұғалім мен оқушы арасында еркін пікір-таласқа түсіп, өз пікірін ашық білдіре алады. Тәжірибелік әрекет ұстанымы музикалық ұғымдарды игеріп, ән айту және аспапта орындау тәсілін бойына сіңірудегі басты әдіс болып табылады.

Оқушылардың «Музика» пәні бойынша үй тапсырмасын орындаулары оқу процесінің қажетті элементтерінің бірі болып саналады. Дұрыс үйімдастырылған жағдайда, үй тапсырмасы (мәтінмен жұмыс, ән салуға жаттығу, тамақ гимнастикасы және т.б.) сабакта алынған білімді бекітуге және тереңдетуге, музика мен ән салуға қызығушылықты қалыптастыруға және оқушылардың вокалдық қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді,

«Музика» пәні бойынша 5-6-сыныптарда сағат саны аптасына 1 сағат, оқу жылында барлығы 34 сағатты құрайды.

Бейнелеу өнері

Оқыту мақсаттары:

- эстетикалық сезімдерді, бейнелеу өнеріне қызығушылығын тәрбиелеу; өнегелі тәжірибесін байыту, ізгілік пен зұлымдық туралы ойларын дамыту; адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу, Қазақстан және басқа елдердегі халықтардың мәдениетін құрметтеу;

- қиялын, кез келген іске шығармашылық түрғыдан қарау ниеті мен икемділігін, өнер мен қоршаған әлемді қабылдау қабілетін, көркемдік қызметте бірлесіп жұмыс істеу шеберліктері мен дағдыларын дамыту;

- өнер құралдарының көмегімен оқушылардың шынайы өмірге деген эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу және өмірлік түйсігін қалыптастыру;

- халық шығармашылығына деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу;

- аңғарымпаздығы мен көріп есте сақтау қабілетін дамыту;

- оқушылар көркем композиция жасау кезінде, сондай-ақ, орындалған жұмыстарды сыныпта қарап, талқылау процесінде олардың көркемдік талғамын, талдау қабілеттері мен эстетикалық уәждемелерін дамыту.

Оқыту міндеттері:

- өзінің қоршаған әлемге көзқарасын шығармашылық жұмыстарында көрсете білу қабілетін дамыту;

- сурет, кескіндеме, композиция бойынша бейнелеу сауаты негіздерімен таныстыру, жылы және сұық түстермен таныстыру және оларды айыра білуге үйрету;

- бейнелеу өнерінің түрлерімен (графика, кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер, мұсін, дизайн, сәулет өнері) және жанрларымен (пейзаж, портрет, натюрморт, анималистика және т.б.) таныстыру;

- көркемдік дағдыларды менгеру (әртүрлі материалдармен жұмыс істеу және әртүрлі бейнелеу техникасын игеру);

- шынайы өмірде көркем мәдениеттің көрінісін байқай білу қабілетін дамыту (мұражайлар, сәулет, дизайн, мұсін және т.б.);

- балаларда сезімдік-эмоциялық белгілерді: зейін, есте сақтау, қиял, елестетуді дамыту;

- оқушылардың қолдарының моторикасын, иілгіштігін, икемділігін және көзбен шамалау дәлдігін жақсарту;

- өзінің көлемді композицияларын жасау немесе жазық және көлемді-кеңістіктік тәсілдер үйлесімдіктерін пайдалану арқылы көркемдік құрастыру элементтерімен таныстыру.

«Бейнелеу өнері» пәні бастауыш мектеп бағдарламасымен сабактастырын сақтайды және өнерді мәдениеттің өзара байланысты халықтық және кәсіби екі түрін біртұтас ретінде қарастырады. Бағдарлама гуманитарлық пәндердің басқа базалық курсарымен тығыз ықпалдастыруға бағытталған. Ол негізгі мектеп оқушыларының пластикалық өнердің әртүрлі материалдары мен техникаларын қолданып көркем бейне жасауды бағытталған көркем-шығармашылық қызметтің алуан түрлеріндегі бейнелі тілін менгеруді көздейді: «Өнер туындыларын қабылдау», «Кескіндеме», «Графика», «Мұсін өнері», «Көркемдік құрастыру, дизайн және сәулет өнері», «Сәндік-қолданбалы өнер».

Білім беру тәжірибесінде «Бейнелеу өнері» деп қескіндеме, графика, мұсін сияқты бейнелеу өнерлерімен қатар сәулет және сәндік-қолданбалы өнерді қамтитын барлық пластикалық өнерлерді түсінеміз.

Сабактардың маңызды нәтижелері:

- мектеп оқушыларының бейнелеу өнеріне қызығушылығы, суретте немесе мұсінде нақтылы түрде көрсетілген суретші шығармасының ойын түсіну және өзінше бағалай білуі, қазақ және әлемдік өнердің негізгі стильдері мен бағыттарын айыра білуі;

- өнер тарихында елеулі рөл атқарған шеберлердің шығармашылығымен танысуы, әйгілі шығармаларды білуі болып табылады.

Сабактарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

Бейнелеу өнеріне оқыту жеке тұлғаның өз ойын білдіруіне және дамуына, одан кейін әлемдік көркем мәдениет үлгілерімен танысуына бағытталған. Сабакта оқу қызметінің кез келген түрі өзіндік мәнге ие, оқушылардың мұдделерімен келісіледі, оларды оқушы өмірінде нақты пайдалануға бағдарланады. Өнерге деген қызығушылығы мен көркемдік талғамын дамыту қалыптасқан шығармашылық іс-әрекеттің жеке тұлғалық тәжірибесі, өзіндік естетикалық эталондары, өнер тілін менгеруі негізге алынып қалыптасады.

Бейнелеу өнеріне оқыту барысында оқушыларға шығармашылық жұмыстың арқауын жасауда, қызмет түрлерін, көркем материалдарды, жеке немесе топтық жұмыстарды, шығармашылық тапсырмаларды орындау күрделілігін, үй тапсырмасының формаларын және т.б. тандауда көбірек еркіндік беріледі. Олар оқушының мәдени, құндылықты, тұлғалық және зияткерлік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Оқу материалы көркемдік білімнің іскерлік сипаты мен адамгершілік болмысын көрсететін: «Өнер мен көркемдік қызметтің адам және қоғам өміріндегі рөлі», «Өмір мен өнердің рухани-адамгершілік проблемалары», «Әсем өнерлер тілі және көркем бейне», «Әсем өнер түрлері мен жанрлары» бөлімдерімен ұсынылған.

Осылайша бөлімдерге бөлу ерекшелігі мынада, *бірінші* бөлім оқу материалының мазмұнын ашады, *екінші* бөлім оны іс жүзінде іске асырудың құралдарын береді, *үшінші* тапсырма тақырыбының рухани-адамгершілік, әмоциялық-құндылық бағыттылығын болжамдайды, *төртінші*, олардан бала көркемдік-шығармашылық тәжірибе алғып шығатын қызмет түрлері мен шарттарынан тұрады. Барлық бөлімдер өнердің әртүрлі: типологиялық, тілдік, құндылыққа бағдарланған, қызметтік қырларын ашады. Олар (барлығы бірге) әр сабакта әртүрлі шамада оқытылады. Барлық бөлімдер кешенді түрде жалпы көркемдік білім мен тәрбие міндеттеріне бағытталған.

«Бейнелеу өнері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

5-сыныпта – аптасына 1 сағат, жалпы саны – 34 сағат;

6-сыныпта – аптасына 1 сағат, жалпы саны – 34 сағат.

«ТЕХНОЛОГИЯ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Технология

«Технология» пәнін оқыту бағыты оқушыларды материалдық құндылықтардың заманауи өндірісінің негізгі технологиялық процестерімен таныстыруға, кейінгі кәсіптік білім алуға және еңбек етуге қажетті дайындықтарын қамтамасыздандыруға негізделген.

Бағдарламаның мазмұны оқушының жеке тұлғасы, отбасы және қоғамның қажеттіліктерін, қазіргі заманғы педагогика ғылымының жетістіктерін ескере отырып белгіленген.

Пәнді оқытуудың мақсаты техника мен технология саласында оқушылардың заманауи өндірісінде алған білім жүйесінің нәтижелігіне бағытталған функционалдық сауаттылығын қамсыздандыру, сонымен қатар, технологиялық ойлау қабілетін, болмысқа деген шығармашылық көзқарасын дамыту болып табылады.

Оқыту міндеттері:

1) техника, технология және заманауи өндіріс негіздерінен жүйеленген білімді қалыптастыру;

2) құрылымдық материалдарды өндеу технологиясы, жобалау іс-әрекеттерін іске асыру бойынша жалпы еңбектік, жалпы өндірістік және арнайы икемділіктер мен дағыларын қалыптастыру;

3) технологиялық ойлау қабілетін және еңбекке деген шығармашылық көзқарасын дамыту;

4) оқып жүрген технологиялармен байланысты мамандықтар әлемі, еңбек нарығындағы олардың талап етілуі туралы түсініктерін қалыптастыру, өзінің өмірлік және кәсіби жоспарларын саналы түрде анықтауына ықпал ету;

5) еңбек ету және кәсіби іс-әрекеті процесінде эстетикалық, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, дене және құқықтық тәрбие беру;

6) оқушылардың Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне деген құрмет көзқарасын қалыптастыру.

Сабактарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағыларын дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын

тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды оқыту барысындағы нәтижелері, оқушылардың үлгерімдерін бағалауын, негізгі мектепті аяқтайтын әр оқушының міндетті турде менгеруі тиіс білім мазмұнын көрсетеді. Оқушылардың дайындық деңгейі үш түрлі аспектілер: пәндік, тұлғалық, жүйелі іс-әрекет нәтижелері ескеріле отырып бағаланады. Осылан байланысты 5-9-сынып оқушыларына (ер балалар) келесі бөлімдер бойынша тақырыптар беріледі (24-кесте).

24-кесте. 5-9-сыныптарда ер балаларға арналған бөлімдердің тақырыптары

Аудыл мектептерінде	Қала мектептерінде
<ol style="list-style-type: none"> Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау. Ауылшаруашылық өндірісіндегі техника және технология. Ағашты және ағаш материалдарды қолмен және механикалық өндіреу технологиясы. Металды қолмен және механикалық өндіреу технологиясы. Сәндік қолданбалы өнерінің элементтерімен көркем материалдарды өндіреу технологиясы. Электротехника және электроника негіздері. Үй мәдениеті. Үй шаруашылығындағы жөндеу жұмыстары. Шығармашылық жобалау саласы. Қазіргі заман өндірісі және техникалық кәсіби білім. 	<ol style="list-style-type: none"> Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау. Ағашты және ағаш материалдарды қолмен және механикалық өндіреу технологиясы. Металды қолмен және механикалық өндіреу технологиясы. Сәндік қолданбалы өнерінің элементтерімен көркем материалдарды өндіреу технологиясы. Электротехника және электроника негіздері. Үй мәдениеті. Үй шаруашылығындағы жөндеу жұмыстары. Шығармашылық жобалау саласы. Қазіргі заман өндірісі және техникалық кәсіби білім.

Білім берудің негізгі түрлері оқушылардың оқу-тәжірибелік, жобалау іс әрекеті болып табылады. Жаттығулар, оқу-тәжірибелік жұмыстар, жобалау әдісі басым әдістері болып отыр. Бағдарламада қарастырылған барлық тәжірибелік жұмыс түрлері материалдарды өндеудің әртүрлі технологияларын, электромонтажды, құрылыш-әрлеу және жөндеу санитарлық-техникалық жұмыстарын, тағам әзірлеу, жеңіл тігін өнеркәсібінің негіздерін, есептеу және жобалау операцияларын менгеруге бағытталған.

Мұғалім бар мүмкіндіктеріне сәйкес бағдарламада ұсынылған технологиялық операциялар топтамасын қамтамасыз ететін еңбек нысандарын таңдай алады. Сонымен қатар оқушы жасының шамасына сәйкес еңбек нысанын таңdap, оның қоғамдық және жеке құндылығы ескеріледі. Оқушылдар орындастырылған практикалық жұмыстардың түрлері түсінікті, ұтымды, экологиялық талаптарға сәйкес болуы тиіс. Мұғалім жергілікті және жеке эстетикалық қызығушылықтарына сәйкес өзі тапсырмаларының нұсқаларын қосуға құқығы бар.

«Қазіргі заман өндірісі, техникалық және кәсіби білім беру» (9-сынып) жаңа бөлімінде техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің түрлері, кәсіби іс әрекетке қойылатын жаңа талаптар, кәсіп туралы түсінік, мамандық және жұмыскердің кәсіби дәрежесі, мамандық таңдауға тұлғалық

қасиеттердің әсері, аймақтық еңбек нарығы және білім саласында қызмет көрсету туралы мәселелер қарастырылады.

Сабактар ағаш, металл өндеу шеберханасында немесе құрамдастырылған шеберхана базасында өткізіледі. Технологиялық операцияларды орындау барысында оқушылардың еңбек қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуіне үлкен назар аударылуы керек. Электр қауіпсіздігі, санитария мен жеке гигиенасын сақташуна ерекше назар аударылуы тиіс.

Сабакта қолдан жасалған электромеханикалық құралдар мен технологиялық машиналар қолдануға тыйым салынады. Кіріктірілген сипаттағы «Технология» пәні пәнаралық байланыстарды қолдану негіздерінде құрылудың көздейді. Есептеу операциялары және өлшем алуда алгебра мен геометриямен, материалдардың қасиеттерінің сипаттамасында химиямен, машина мен механизмдердің жұмыс принциптерін және құрылымын оқытуда физикамен, сәндік қолданбалы өнер технологияларын оқытуда тарих және өнермен байланыстырылады.

Қала, ауыл және шағын жинақты мектептерде ұлдар мен қыздар тобына бөлу сыныптың толымдылығына қарамастан бөліну бойынша жүзеге асырылады. Осыған байланысты 5-9-сынып оқушыларына (қыз балалар) келесі бөлімдер бойынша тақырыптар беріледі (25-кесте).

25-кесте. 5-9-сыныптарда қыз балаларға арналған бөлімдердің тақырыптары

Ауыл мектептерінде	Қала мектептерінде
<p>1. Кабинетте жалпы тәртіп сақтау, қауіпсіздік техникасы ережелері, санитарлық-гигиеналық талаптар және еңбек қауіпсіздігі.</p> <p>2. Тағам әзірлеу технологиясы.</p> <p>3. Маталармен танысу. Мата өндеу технологиясы. Тігін машинасымен жұмыс жасау. Киімді жобалау, дайындау және көркем әшекейлеу (белдемше, шалбар). Мата түрлерімен танысу. Киімді күту. Машинатану элементтері.</p> <p>4. Сәндік қолданбалы өнер элементтерімен көркем материалдарды өндеу технологиясы.</p> <p>5. Отбасы экономикасы. Қәсіпкерлік.</p> <p>6. Тұрғын үйдің ішкі көрінісі.</p> <p>7. Киім және аяқкиім күтімі. Жеке бас гигиенасы.</p> <p>8. Жеміс-көкөніс дақылдарын өсіру. технологиясы.</p> <p>9. Көкөніс саласындағы күзгі жұмыстар. Көкөніс өсіру – өсімдік шаруашылығының бір саласы.</p> <p>10. Жоба.</p> <p>11. Қәсіби қызмет ету саласының технологиясы.</p>	<p>1. Кабинетте жалпы тәртіп сақтау, қауіпсіздік техникасы ережелері, санитарлық-гигиеналық талаптар және еңбек қауіпсіздігі.</p> <p>2. Тағам әзірлеу технологиясы.</p> <p>3. Маталармен танысу. Мата өндеу технологиясы. Тігін машинасымен жұмыс жасау. Киімді жобалау, дайындау және көркем әшекейлеу (белдемше шалбар). Мата түрлерімен танысу. Киімді күту. Машинатану элементтері.</p> <p>4. Сәндік қолданбалы өнерінің элементтерімен көркем материалдарды өндеу технологиясы.</p> <p>5. Отбасы экономикасы. Қәсіпкерлік.</p> <p>6. Тұрғын үйдің ішкі көрінісі.</p> <p>7. Киім және аяқкиім күтімі. Жеке бас гигиенасы.</p> <p>8. Жоба.</p> <p>9. Қәсіби қызмет ету саласының технологиясы.</p>

Кез келген халықтың мәдениетін алға тартушысы – халықтың қолөнері. Сол себепті оқушылардың білімін және еңбек дағдысын қалыптастыру мақсатында, сабактарда халықтардың және ұлттардың мындаған жылдық

қолөнерін қолдануға және үйретуге көңіл аудару қажет.

«Технология» пәнінен 5-9-сыныптардың апталық оқу жүктемесі 1 сағат, оқу жылында барлығы 34 сағатты құрайды.

Сызу

«Сызу» пәні негізгі орта білім беру деңгейіндегі 9-сыныпта оқытылады. Курс ойдың аналитикалық және жасампаз компоненттерін қалыптастырып, білім алушының кеңістіктік ой қабілетін дамыттын негізгі түпнұсқа болып табылады.

Пәнді оқыту мақсаттары:

- логикалық және кеңістіктік ойын дамыту;
- геометриялық білімді негізге алып тәжірибелік жұмыс дағдыларын дамыту;
- еңбектену іс-әрекеті дағдыларын: ұзак күш салуға және интеллектуалдық жүктемеге қабілеттілікті, дербестікті және шыдамдылықты, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуді дамыту;
- функционалдық графикалық сауаттылығын дамыту;
- шығармашылық әлеуетін және эстетикалық талғамдарын дамыту.

Оқыту міндеттері:

- бір, екі және үш проекция жазықтығына тік бұрыштап проекциялау негіздері туралы білімді, сызбаны (эскизді) және аксонометриялық проекциялар мен техникалық суреттерді құру әдістері туралы білімдерін қалыптастыру;
- әртүрлі тетікбөлшектердің және модельдердің қарапайым сызбалары мен эскиздерін, аксонометриялық проекциялары мен техникалық суреттерін орындауды және окудуы үйрету;
- нәрсенің пішінін және оның құрылымдық ерекшеліктерін талдау арқылы, онымен қоса кеңістіктік бейнені проекциялық кескіндерінен және ауызша суреттеу арқылы ойша қайтадан жасау әдістерін пайдаланып, статикалық және динамикалық кеңістіктік ойлау қабілетін дамыту;
- оқулық және анықтамалық материалмен өздігінше жұмыс істеуді, Интернет-ресурстардан білім алуды үйрету;
- кескіні бойынша нәрсені ойша өзгерту жалпы интеллектуалдық қабілетін қалыптастыру арқылы білім алушылардың кеңістіктік ойын дамыту;
- графикалық білімдерін жаңа жағдайларда қолдана білу, графикалық компьютерлік бағдарламаларда қарапайым сызба құруды үйрету.

Сабактарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын музика өнері туындылары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

Бағдарлама міндетті графикалық жұмыстардың тізімін қамтиды, ол негізгі білік, дағдыларды анықтауға бағдар береді.

Нәрсенің пішінің талдау дағдыларын қалыптастыруға, яғни проекция жазықтықтарына кескіндеуге, пайда болған кескіндерді талдауға, геометриялық денелерді, тетік бөлшектерді тануды қамтамасыз ететін жеке белгілерін анықтауға алғашқы сабактан бастап ерекше назар аудару қерек.

Графикалық жұмыстың өнімсіз элементтерін болғызбауға тырысу керек (мысалы, есеп шартын және дайын сыйбаларды көшіріп сыйзу). Тапсырмаларды орындау үшін пішімі А4 (торкөз) жұмыс дәптерін пайдаланған дұрыс.

Салуларды орындауда білім алушылардың белгілі бір іс-әрекет алгоритмін қалыптастыруын көздеу қажет. Бұл сыйбаны тексеру кезінде де өзекті мәселе болып табылады.

Оқу уақытының көбі практикалық жұмыс орындауға бөлінуі қажет. Міндетті графикалық жұмыстардан тыс сыйзу пәні сабактарында түрлі графикалық есептерді қолданған дұрыс. Білім алушылардың танымдық қызметін жандандыру оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолдануымен және сабактың әдістемелік қамтылуымен жүзеге асады.

Сыйзуға оқыту барысында әр білім алушының өзіне тән ерекшеліктерін (дарындылығын, ойлау қабілетін, жеке мүддесін) есепке алып, оқушылардың интеллектуалдық даму деңгейін біртіндеп көтеруге болады. Түрлі оқу құралдарын кеңінен пайдалану ұсынылады (карточка-тапсырмалар, анықтамалықтар, плакаттар, кестелер, модельдер, тетік бөлшектер жиынтығы және ақпараттық технологиялық құралдар).

Қазіргі қоғамның ақпараттандырылу жағдайына сай «Сыйзу» пәнінің аса маңызды бағыты ол білім алушылардың компьютерлік графикалық сауаттылығын қалыптастыру болып табылады (мектептің мүмкіндігіне қарай, жергілікті жағдайға лайықты компьютерлік бағдарламаны оқытуға болады).

Үй тапсырмасын тұжырымдау барысында келесі жағдайларды ескеру қажет:

1) орындалуының түрлілігімен ерекшеленетін шығармашылық, эксперименттік, проблемалық сипаттағы есептерді, тапсырмаларды және жаттығуларды кеңінен қолдану;

2) оқушыларды өздерінің оқу әрекеті нәтижелеріне талдау жасауға бағыттайтын элементтері бар үй тапсырмаларын енгізу;

3) үй тапсырмасын анықтау барысында оқушылардың жеке және жас ерекшелігін ескеру.

«Сыйзу» пәні бойыниша апталық оқу жүргітмесі – 2 сағат, оқу жылында барлығы 68 сағатты құрайды.

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Дене шынықтыру

«Дене шынықтыру» оқу пәні – бұл дене шынықтыру қызметі, оқушылардың дене және психикалық саулығын сақтау туралы білімдер жүйесі.

Пәнді оқыту тұлғаны қалыптастыру, адамның танымдық белсенділігінің дамуына бағытталған. Оқу бағдарламасының мазмұны оқушы, қоғам мен жанұя сұраныстарын ескере, қазіргі педагогикалық ғылым жетістіктерін айқындауды

Оқыту мақсаты:

- өз денсаулықтарына ықтиярлықпен қараудың қажеттілігін және қимыл-қозғалыс негіздерін игеру арқылы оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру;

- физикалық және психикалық қасиеттерінің толық дамуын;
- салауатты өмір салтын үйымдастырудың дәне тәрбиесі құралдарын шығармашылық жолмен қолдану.

Оқыту міндеттері:

- денсаулықты нығайту, ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін арттыру және негізгі физикалық (дәне) қасиеттерін дамыту;
- дамыту және сауықтыру бағытындағы дәне жаттығулары, базалық спорт түрлерінің іс-қимыл әдістері мен техникасы арқылы қимылдық тәжірибелі байыту, қимыл-қозғалыс мәдениетін қалыптастыру;
- дәне шынықтыру және спорт туралы, олардың тарихы, қазіргі дамуы және салауатты өмір салтын қалыптастырудың рөлі туралы білімдерді игеру;
- өз денсаулықтарына ықтиярлықпен қарау, денсаулықты сақтау мен нығайту қажеттілігін қалыптастыруға тәрбиелеу;
- тұлғаны оң қасиеттерге тәрбиелеу, оқу және жарыс әрекеттерінде үжымдық әрекеттестік пен ынтымақтастықтың межелерін сақтау.

Оқу бағдарламасы екі бөлімнен тұрады: «Дәне шынықтыру туралы білім» (ақпараттық компонент), «Денені жетілдіру» (әрекеттік компонент).

«Дәне шынықтыру туралы білім» бөлімінің мазмұнында адамның таным белсенділігінің дамуы туралы негізгі түсініктері және қауіпсіздік техникасын қадағалау мен талап етудің ережелері берілсе, «Денені жетілдіру» бөлімінде оқушылардың дәне дайындығын арттыруға бағытталған және жалпы дәне шынықтыру дайындығын жетілдіру құралдары туралы мәліметтер берілген.

Дәне шынықтыру дайындығын жетілдіру құралдары ретінде бағдарламаға айқындалған маңызы бар базалық спорт түрлерінен (жүзу, шаңғымен жарысу, спорттық ойындар, женіл атлетика, акробатика элементтерімен гимнастика) дәне шынықтыру жаттығулары мен қозғалыс әрекеттері берілген. Қазақстандағы дәне шынықтыру туралы тарихи ерекшеліктерді ашатын «Ұлттық ойындар» тақырыбы енгізілді.

Сабактарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын музика өнері туындылары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

Бағдарламаның үйымдастыру-әдістемелік талаптары:

- мұғалім өз тәжірибесіне сүйеніп, балалармен нақты жағдайдағы жұмыс дағдысына байланысты ұсынылған бағдарламаның қай бөлімін болмасын өзінің материалдарымен толықтыруға (оқушыларға қойылатын негізгі талаптарды жүзеге асыру барысында) құқылы;
- «Гимнастика» тарауын («Жалпы дамытатын жаттығулар» және «Ыңғақты гимнастика» бөлімдерін) менгертуде қатаң тәртіпті сақтау міндетті емес;
- мұғалім апта кестесіндегі сабак санына сәйкес балалардың даярлығы мен сабактың нақты жағдайына қарай өз жұмысын үйымдастырады;
- оқушылардың тактикалық ойлаудың дамытуға, дәне қасиеттерін тәрбиелеуге әсерін ескере отырып, ең онтайлы қозғалыс ойындарының мазмұны болуы қажет;
- оқушылардың қозғалыс ойындарын игеруін тексеру мақсатында бақылау-

сынақ алу сабактары өткізілуі тиіс;

- дene шынықтыру сабактарының тиімділігі екі параметр бойынша бағаланады: а) жекелеген бақылау нормативтерінің нәтижелері; ә) мұғалімнің тандауы бойынша (Президент сынамалары нормативтерін орындау нәтижелері).

«Шаңғы дайындығы» және «Жүзу» тараулары бойынша сабактарды толық мәнінде жүргізуге мүмкіндігі жоқ республиканың аймақтарында оларды алмастыру ұсынылады. Мектеп ұжымының педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша бұл сабактар тиісінше дала жарыссымен (кросс дайындығымен) және гимнастикамен (ыргақты, атлетикалық, қасіби-қолданбалы) алмастырылуы мүмкін.

Оқу жылы ішінде 4 реттен кем емес жалпы мектептік «Денсаулық күні» өткізіледі және каникул кезінде ұйымдастырылады.

«Дене шынықтыру» пәнін оқыту барысында оқушыларды топқа бөлу медициналық тексерістің нәтижесі көрсетілген анықтаманың негізінде іске асырылады.

Оқушылардың дene шынықтыру бойынша үй тапсырмасын орындаулары оқу процесінің қажетті элементтерінің бірі болып саналады. Дұрыс ұйымдастырылған жағдайда, үй тапсырмасы сабакта алынған білімді бекітүге және тереңдетуге, сабакта қарастырылған тақырыптарға қызығушылықтарын қалыптастыруға (қозғалыстарды қайталау, гимнастика жасау және т.б.) мүмкіндік береді. Үй тапсырмасын тұжырымдау барысында оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру қажет.

«Дене шынықтыру» пәні сабактарын ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында Ұлттық ғылыми-практикалық дene тәрбиесі орталығы әдістемелік құралдар әзірлеп, орталықтың сайтына орналастырған (www.nprcfk.kz).

«ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БFM 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БFM 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына сәйкес «Дене шынықтыру» пәні бойынша 5-9-сыныптарда оқу жүктемесінің көлемі:

5-сынып – аптасына 3 сағат, жылына барлығы – 102 сағатты;

6-сынып – аптасына 3 сағат, жылына барлығы – 102 сағатты;

7-сынып – аптасына 3 сағат, жылына барлығы – 102 сағатты;

8-сынып – аптасына 3 сағат, жылына барлығы – 102 сағатты;

9-сынып – аптасына 3 сағат, жылына барлығы – 102 сағатты құрайды.

5 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ ДЕНГЕЙІНДЕГІ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

«ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Қазақ тілі (оқыту қазақ тіліндегі сыйыптар үшін)

Тіл - «Мәңгілік Ел» идеясының басты негізі. Ана тілінді құрметтеу - ұлттық намысты ояту мен жаңғыртудың көзі. Арнайы оқытуды талап ететін қағидалар мен ережелер – білім алушылардың тілге саналы көзқарасы мен жауапкершілігін қалыптастырады. Келешекте тілдің иесі болатын жастардың тілдік сезімін күшету, әсіресе, қазіргідей жаһандану өріс алған қоғамда өткірене түсуде.

Дәл бүгінгі таңда жаһандану дәуірінің ұлттық құндылықтарға төндіріп тұрған қаупі үнемі қаперде болуы ескеріліп, бүкіл ұлттық құндылықтардың үйіткисы қазақ тілін оқытуда басшылыққа алынған тенденциялары, оларды жүзеге асыру жолдары мен тірек қағидалары мыналар:

- 1) қазақ тілін оқытуды мемлекеттің даму стратегиясымен бірлікте қарау;
- 2) тілді оқытуды белгілі бір пәндік дағдыларға емес, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағыттау;
- 3) тілдік білім мен біліктерді ХХI ғасыр адамының бойында сөйлеу мәдениетін, ойлау мәдениетін және адамгершілік мәдениетті қатар дамытуға, қарым-қатынас мәдениетін бейімдеп, құзіреттіліктер қалыптастыруға бұру;
- 4) тілді ұлт болашағының мәдени иммунитетін қалыптастырудың тетігі ретінде оқыту. Тілге деген жауапкершілік пен патриотизмді тәрбиелеуге жаңа прагматикалық көзқарас тұрғысынан келу, тілді оқытудың құндылықтық бағдарын сабак барысында күшету.

Тілді оқытуда жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға басымдылық беру. Тілдік білімді оқушының сөйлеу тілінің базасы ретінде менгерту және тәжірибелік машиқтарды қалыптастыру бағытында жетілдіру.

Қазақ тілін оқытуда білім мен ғылымның интеграциясын жүзеге асыру жолы – «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұнын қазақ тіл білімінің дамуына сәйкестендіру арқылы тілді ғаламның бір бөлшегі ретінде таныту, тілді оқытуды Тарих – Білім – Мәдениет үштағанына негіздеу.

Қазақ тілі – мектепте оқытылатын барлық пәндердің, ғылымның кілті. Ғаламды танытып отырған барлық ғылым табыстары қазақ тілі пәнінде жаттығу мәтіні ретінде берілуі тиіс.

10-11-сыныптарда оқу процесінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (*Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығымен өзгерістермен толықтырулар енгізілген*):

- жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы қолданылады;
- жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық

бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы қолданылады.

Пән бойынша оқу жүктемесі:

- *қоғамдық-гуманитарлық бағыт:*

10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

- *жаратылыстану-математикалық бағыт:*

10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

Әрбір тоқсанда алынатын бақылау жұмысының (тест, диктант, т.б.) саны сол сыныптағы апталық сағат санымен сәйкес келуі керек.

Қазақ тіліндегі жазба жұмыстарының негізгі мақсаты – дұрыс, сауатты жазуға, оқушының ауызша және жазбаша ойын, грамматикасын және стилистикасы жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету. Мұғалім оқушының ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуда грамматикалық ережелерді жақсы білуге, тыныс белгілерін дұрыс қоюға үйретіп, көркем әдебиетті көп оқуға бағыт беріп, оның үлгісін көрсетіп отыруы тиіс. Эр мұғалім жазба жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі қыбылдысты жан-жақты түсіне білуіне, білгенін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасау болып табылады.

Жазба жұмысына (диктант) қойылатын талаптар

26-кесте. 10-11- сыныптарда ұсынылатын жазба жұмыстарының саны

Сыныптар	Жазба жұмыстар түрлері	Оқу тоқсандары				Барлығы
		I	II	III	IV	
<i>Қоғамдық-гуманитарлық бағыт</i>						
10	Диктант	2	2	2	2	8
11	Диктант	2	2	2	2	8
<i>Жаратылыстану-математикалық бағыт</i>						
10	Диктант	1	1	1	1	4
11	Диктант	1	1	1	1	4

Диктантты бағалау төмендегі өлшемдерге негізделеді:

- «5» деген баға еш қатесі жоқ немесе орфографиялық жеңіл 1 қатеге (1/0) немесе тыныс белгісінен 1 қатесі (0/1);

- «4» деген баға емледен 3, тыныс белгісінен 3 қатесі (3/3) бар немесе емледен 2, тыныс белгісінен 4 (2/4), емледен 1, тыныс белгісінен 5 қатесі (1/5) бар, емледен бір типті 4 қатесі(4/0);

- «3» деген баға емледен 6, тыныс белгісінен 5 қатесі (6/5) бар немесе емледен 5, тыныс белгісінен 6 қате (5/6) бар немесе емледен 3, тыныс белгісінен 8 қатесі (3/8);

- «2» деген баға емледен 9, тыныс белгісінен 5 қатесі (9/5) бар немесе емледен 8, тыныс белгісінен 9 қатесі (8/9).

Ескерту: бағалау кезінде қателердің қайталануы мен біртектілігіне назар аударылады. Егер қате бір сөздің құрамында немесе түбірлес сөздердің түбірінде қайталанса, онда ол бір қатеге саналады. Бір типті немесе

біртекті қателер дегеніміз сөздің жазылуының грамматикалық, фонетикалық ерекшелігіне байланысты бір ережеге негізделуі. Алғашқы біртекті үш қате бір қатеге саналады да, келесі сондай қателер дербес есептеледі.

Диктант мәтінінде 5-тен артық түзету болса, бағасы 1 балға кемітіледі. З және одан артық түзетулер кездескен жағдайда үздік баға қойылмайды. Диктантқа баға қоярда түзетілгенімен, ескерілмейтін орфографиялық және пунктуациялық қателер:

- 1) сөзді тасымалдауда;
- 2) мектеп бағдарламасына енбеген ережелер;
- 3) әлі менгерілмеген ережелер;
- 4) арнайы жұмыс жүргізілмеген қыын сөздер.

Диктантты бағалауда қатенің сипатына мән берілген жөн. Қателердің ішінен женіл қателерді яғни сауаттылық үшін аса маңызды емес қателерді айырып алған дұрыс. Қателерді есептеу барысында екі женіл қате бір қатеге есептеледі.

Женіл қатеге:

- ережеге бағынбайтын сөздер;
- автор сөзін берудегі тыныс белгілер жатады.

Ескерту: диктант мәтінінде барлық цифрлар, оның ішінде мезгіл көрсеткіштері де сөзбен жазылады.

Диктантқа бір ғана баға қойылады. Қосымша тапсырмаларды орындағаны үшін бағалағанда төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алу ұсынылады:

- «5» бағасы - оқушы барлық тапсырмаларды орындағанда;
- «4» бағасы - оқушы барлық тапсырмалардың 4/3 бөлігін орындағанда;
- «3» бағасы - оқушы барлық тапсырмалардың жартысын орындағанда ;
- «2» бағасы - оқушы барлық тапсырмалардың жартысын орындамағанда қойылады.

Ескерту: қосымша тапсырмаларды орындау барысында жіберілген орфографиялық және пунктуациялық қателер диктантқа баға қою барысында ескеріледі.

Емделік қателерді түзету әдістері. Оқушылардың жазба жұмыстарын мұқият тексеріп отыру олардың сауаттылығын арттыруға көмектеседі. Қатемен жұмыс жүргізу жазба жұмысынан кейінгі келесі сабактың 15-20 минутында іске асырылады. Оқу бағдарламасында «Қатемен жұмыс» түріне арнайы сағат бөлінбөгендіктен журналға жазылмайды.

Мұғалімдер оқушылардың орфографиялық қателерін түзеткенде негізгі ескеретін жағдайлар:

- мұғалім барлық қателерді түзетіп, соңғы өтілген тақырыптан кеткен қателердің астын сызып көрсетуге болады;
- орфографиялық қателерді түзету үшін орфографиялық шартты белгілерді колдануға болады. Мұндай шартты белгілер оқушыларға таныс болуы қажет;
- түзетулер оқушының жіберген қателерін өзі сезетіндей дәрежеге жеткізілуі, оның қабілеттілігін арттыруға көмектесуі керек;
- емделік қателерді сызып тастап, оған қажетті әріпті үстіне жазу жолымен түзету әдісі оқушылардың қателерін түзетудегі ең тандаулы тәсілдердің бірі;

- сөздердің астын сыйбай-ақ, дәптердің шетіне шартты белгі қоюға болады. Шартты белгі оқушыға түсінікті болуы тиіс.

«Қазақ тілі» пәні бойынша дәптермен жұмыс.

10-11-сыныптарда «Қазақ тілі» пәнінен арнайы дәптерлер болуы тиіс және дәптерлері аптасына 1 рет тексерілуі қажет (27-кесте).

27-кесте. Оқушы дәптерлерінің саны

Пән	Жұмыс дәптері	Жазба жұмыс дәптері	Барлығы
Қазақ тілі	1	1	2

«Қазақ тілі» пәнінен дәптердегі жазба жұмыстары келесі тәртіппен орындау ұсынылады:

- дәптерге ұқыпты, түсінікті жазу; көк сиялы қаламмен жазу және қажет кезінде қара қарындаш пайдалану;
- дәптер сыртын ұлгі бойынша оқушы өзі толтыруы қажет.
- «Қазақ тілі» пәнінен сөздікке арналған дәптері.

Дәптерлердегі барлық жұмыстар төмендегі талаптарды, ережелерді сақтай отырып жүргізуі керек:

- ай аты мен күн реті жазбаша жазылады;
- күн реті мен жұмыс түрінен соң нүкте қойылмайды. Дәптердің басынан, жол тасталмай, барлық жазбалар бір деңгейде жазылады;
- үй жұмысы сынып жұмысының жалғасы деп есептелінеді де, күн реті жазылмайды;
- жаттығу (тапсырма) сөзі толық жазылады. Мысалы: 15-жаттығу (тапсырма);
- сынып жұмысын немесе үй жұмысын орындағанда тапсырмалар арасында жазылмайды;
- мәтін азат жолдан басталады;
- сынып жұмысы мен үй жұмысының арасында 2 жол қалдырылады;
- талдау жасау тапсырмаларын орындағанда жақсы ұшталған қара қарындашпен орындаған жөн;
- ереже, емлені белгілеу үшін жасыл сияны қолдануға болады;
- баға тапсырмадан кейін сол жақ шетіне нүктесіз қойылады;
- талдау жұмыстар қарындашпен орындалады (*сөз құрамына, сөйлем мүшелеріне талдау*);
- төл дыбыстарды дұрыс жазбаса жиек жолға дұрыс жазылуы көрсетілуі тиіс;
- дәптерлерді тексеруден кейін келесі сабакта талдау жасалу қажет;
- дәптердегі барлық жұмыс қызыл сиялы қаламмен тексеріледі.

Диктанттан жіберілген қателер жол бойынша сол тұстағы қызыл жолға көрсетілуі керек:

- орфографиялық қате - / .
- тыныс белгілер қатесі – √

Әдістемелік бірлестік отырыстарында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру бойынша (әдістемелік бірлестік,

жас мамандар мектебі, педагогикалық шеберлігін жетілдіру мектебі, шығармашылық топ және т.б.) пәнді оқыту әдістемесі мен теориясының мәселелерін қарау ұсынылады:

1. «Қазақ тілі мен әдебиет пәні бойынша заманауи сабактардың контенті: іріктеу, құрылымдау, бейімдеу»;
1. «Оқыту мен білім берудегі инновациялық тәсілдер»
2. 10, 11-сыныптарда қазақ тілі мен әдебиет пәнін жоғары деңгейде менгерту бойынша білім беру процесін ұйымдастыру;
3. Білім мазмұнын жаңарту және құзыретті тәсіл – жетістікті мектепке қадамдар (оқыту улгілерінің кейбір сипаттамалары);
4. «Критериалды бағалау жүйесін енгізуіндегі теориялық-әдістемелік аспектілері»
5. «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін интербелсенді әдістер арқылы қалыптастыру»;
6. «Блум таксономиясына сәйкес бағалау критерийлері мен тапсырмалары».

Қазақ әдебиеті (оқыту қазақ тіліндегі сыныптар үшін)

2012 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында тіл мәселесіне ерекше қөніл бөлді. Бұл құжатта ел келешегінің кемелділігіне тұғыр болар аса маңызды идея көтерілді. Ол – «Мәңгілік ел болу» идеясы. Дәл осы құжатта бұл идеяны жүзеге асырудың тегеурінді тетігі негізделді. Ол – мемлекетшілдік рух қалыптастыру туралы тұжырым. Осы тетіктің қозғаушы күші де анықталды. Ол – мемлекеттік тіл, яғни қазақ тілі. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудің шарты көрсетілді. Ұлт болашағына қызмет етудің бірден-бір көрсеткіші де, Қазақ мемлекетінің іргетасын бекітуге мұдделілігінің берік дәлелі де бүгінгі жас үрпақтың мемлекеттік тілге қатынасы екендігі тайға таңба басқандай айқын айтылды.

«Әдебиет – халық өмірінің айнасы». Қазақ әдебиеті бүгінгі ақын-жыраулардың шығармалары ғана емес, оның сандаған ғасырлық тарихы бар. Қазақ әдебиетінде халық басынан кешірген әр кезеңнің бет-бедері, жетістігі мен ауыртпашылығы, тұрмыс-тіршілігі мен ойлау жүйесі жатыр. Адамзат құдіретімен жасалған тарихи ескерткіштер мен мәдени, әдеби мұралар – даналықтың көзі, ұлттың шежіресі, халықтың өмір тәжірибесі. Осы мұралар арқылы қалыптасатын тарихи сана жастарды «ойлай алатын адам» дәрежесіне көтереді. Өткен үрпақтың қол жеткізген жетістіктері қандай ұстанымдарға сүйеніп жүзеге асырылды; қашан, қайда, қалай құрды деген сауалдарға жауап іздеу арқылы қоғамдық ортаны тануға; адамзаттың тілі арқылы қандай ұлы шығармалар жазылды деген ойларға жетелеп, өздігінен талдау-қорытынды жасауга үйретеді.

10-11-сыныптардағы оқу процесінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (*КР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығымен өзгерістермен толықтырулар енгізілген*):

- жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен типтік оқу бағдарламасы қолданылады;

- жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен типтік оқу бағдарламасы.

Пән бойынша оқу жүктемесі:

- қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша:

10-сыныпта аптасына 2 сағаттан, барлығы – 68 сағат;

11-сыныпта аптасына 3 сағаттан, барлығы – 102 сағатты құрайды.

- жаратылыстану-математика бағыты бойынша:

10-сыныпта аптасына 2 сағаттан, барлығы – 68 сағат;

11-сыныпта аптасына 2 сағаттан, барлығы – 68 сағатты құрайды.

Пәнді оқытуудың вариативті бөлігі қосымша оқу бағдарламасы арқылы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты шеңберінде жүзеге асады.

Жазба жұмыстарына (*шығарма*) қойылатын талаптар (28-кесте).

28-кесте – 10-11-сыныптарға ұсынылатын жазба жұмыстарының саны

Сыныптар	Жазба жұмыстартұрлар	Оқу тоқсандары				Барлығы
		I	II	III	IV	
<i>Қоғамдық-гуманитарлық бағыт</i>						
10	Шығарма	2	2	2	2	8
	Сыныптан тыс оқу	1	1	1	1	4
	Барлығы:	3	3	3	3	12
11	Шығарма	2	2	2	2	8
	Сыныптан тыс оқу	1	1	1	1	4
	Барлығы:	3	3	3	3	12
<i>Жаратылыстану-математикалық бағыт</i>						
10	Шығарма	2	2	2	2	8
	Сыныптан тыс оқу	1	1			2
	Барлығы:	3	3	2	2	10
11	Шығарма	2	2	2	2	8
	Сыныптан тыс оқу	1	1			2
	Барлығы:	3	3	2	2	10

Шығарма – окушының тұған халқының әдебиетінен алған білімін өз ойымен, дүниетанымдық көзқарасымен еркін ұштастыра отырып баяндайтын шығармашылық төл енбегі. Окушыдан көркем шығарманы өзіндік ой-пікірі, көзқарасы тұрғысында терең талдап пайымдауы, әсерлі, көркем тілмен жүйелі баяндауы талап етіледі.

Окушы шығармасының құрылышы: тақырып, жоспар, эпиграф (мүмкіндігіне қарай, міндетті емес), кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерден тұрады.

Шығарманы жазуға қойылатын негізгі талаптар:

1) тақырыпты окушының өз ойы және өз сөзі арқылы және жазып отырған

тақырыбынан алшақтамай, оның мазмұнын нақты аша білуі;

2) артық баяндау, дәлелдемелерге жол бермеу;

3) шығармадағы болған жайды баяндауға аз сөзге көп мағына сыйғызу;

4) шығарманың барлық бөліктегі тақырып және негізгі ой арқылы бір-бірімен байланысты болу;

5) шығарманың кіріспе және қорытынды бөлімін қоса алғанда тұтас жұмыстың 4/1 бөлігіндегі болу шарт;

6) міндетті түрде жоспар болуы және мазмұның осы жоспарға сай болуы шарт;

7) барлық айтылған ойды жинақтап, тұжырымдап, тиісті қорытынды жасау;

8) шығармада қолданылған жазушының өмірбаянына, әдеби шығарманың жазылу тарихына, тарихи оқиғаларға, кейіпкерлерге қателіктер жіберілмеуі керек;

9) оқушының жұмысы стильдік біртектілігі мен тіл шеберлігіне қарай бағаланады.

Оқушы шығармасының көлемі түрлі жағдайларға: стилі мен жанрына, тақырыптың мазмұны мен сипатына, олардың жалпы дамуына байланысты болғандықтан кестеде берілген шығарма көлеміне мүғалім үлгі ретінде қарауы қажет (29-кесте).

29-кесте. Шығарма көлемі мен уақыты

Сынып	Көлемі (оқушы дәптерінің беті)	Уақыты
10	6-8 бет	90 минут
11	6-8 бет	90 минут

Сыныпта жазылатын шығармаға сабак кестесінен қатарынан екі сағат беріледі.

Эссе жазуға қойылатын талаптар.

Эссе - пәнді жете баяндау немесе анықтау бола алмайтын және бір мәселенің немесе оның нақты себептері бойынша өзіндік түсінік-пікірі мен жеке әсерін білдіретін шағын көлемді еркін құрылған прозалық шығарма. Эсседе мәселеге кең көлемде талдау жасалмайды. Ол бір нәрсе туралы жаңаша, субъективті сөзбен айшықтап ұсынылады, шығарма философиялық, тарихи-биографиялық, публицистикалық, әдеби-сыни, ғылыми-көпшілік немесе таза беллетристикалық сипатта болуы мүмкін.

Эссенің мақсаты шығармашылық ойлауды және өзінің жеке ойын өз бетінше дамыту сияқты дағдылардан тұрады, өйткені эссе мазмұнында біріші кезекте, автордың жеке басы, оның дуниетанымы, сезімі бағаланады. Эссе жазу оқушыларға ойларын нақты және сауатты тұжырымдауға, ақпаратты құрылымдауға, негізгі ұғымдарды пайдалануға, байланыстың себеп-салдарларын анқытауға, тиісті мысалдармен тәжірибелі суреттеуге, өзінің қорытындысын жасауға мүмкіндік береді.

Эссе құрылымы оған қойылатын талаптармен анықталады:

- проблема бойынша эссе авторының пікірі қысқаша тезис ретінде баяндалады;
- пікір дәлелдемелермен бекітілуі тиіс, сондықтан тезистен кейін аргумент келеді.

Аргумент – қоғамдық өмірдің фактілері, құбылыстары, оқиғалары, өмірлік жағдаяттар мен өмірлік тәжірибелер, ғалымдардың пікіріне сілтеме және т.б. Әрбір тезиске екі аргументтен келтірген дұрыс: бір аргумент сендірмейтін аргумент сияқты, ықшамдылық пен бейнелілікке бағдарланған, жанрда орындалған, баяндалған үш аргумент «ауырлау» болуы мүмкін.

Сол себепті, эссе айналмалы құрылымнан тұрады (тезистер мен аргументтердің саны тақырыпқа, таңдаған жоспарға, ойды дамыту логикасына байланысты).

- кіріспе
- тезистер, аргументтер
- тезистер, аргументтер
- тезистер, аргументтер
- қорытынды

Кіріспе мен қорытынды проблемаларға назар аудартуы тиіс (кіріспеде ол айтылады, қорытындыда автордың пікірі түйінделеді). Оқушылардың эссеге сезімдіктің, айқындылықтың, көркемдіктің тән екенін түсінгендері маңызды. Сонымен қатар, эссе де сленгтерді, шаблон фразаларды, сөздерді қысқартуды, тым жеңіл ойларды қолданбағандары дұрыс. Эссе тілі түсінікті болуы тиіс.

Эссе жазудың формалды ережелерінің ішінен, тақырыптың болуын атап көрсетуге болады. Эссенің ішкі құрылымы еркін болуы мүмкін. Бұл жазба жұмысының кіші формасы болып табылады, соңында қорытындыны міндепті түрде қайталау талап етілмейді, ол негізгі мәтінге немесе тақырыпқа енгізілуі мүмкін. Дәлелдеме мәселелердің тұжырымдалуын жүйелейді, Мәселелердің тұжырымдау соңғы қорытындымен сәйкес келуі мүмкін.

Оқушылар эссе жазу кезінде неғұрлым типтік қателерін білуі тиіс.

Жалықтыратын алғысөз. Жеткіліксіз бөліктер. Қызықты эссе қорытындысын мысалдарсыз санамалау арқылы берсе ұтылып қалады. Ұзақ сөйлемдер. Ұзақ сөйлемдер автордың дұрыстығын көрсетпейді. Қысқа сөйлемдер үнемі жақсы әсер қалдырады. Ең жақсысы, ұзақ сөйлемдерді қысқа сөйлемдермен алмастырып отыру. Ғылыми терминдерді, энциклопедиядан сөздерді пайдалану оқырманның назарын аударады, эссенің мән-мағынасын кемітеді.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2016-2017 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аударуды ұсынамыз:

4 қыркүйек - жазушы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдіктің туғанына 75 жыл (1942ж.);

5 қыркүйек – қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалымы, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 145 жыл (1872 -1937жж.);

17 қыркүйек - ақын Сырбай Мәуленовтің туғанына 95 жыл (1922-

1993жж);

28 қыркүйек - Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, ҚР-ның еңбек сінірген мәдениет қызыметкері Шерхан Мұртазаның туғанына 85 жыл (1932 ж);

15 қазан - жазушы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері Сайын Мұратбековтің туғанына 80 жыл (1936-2007);

2 қараша - агартушы, педагог, фольклоршы, этнограф, жазушы Үбірай Алтынсариннің туғанына 175 жыл (1841-1889 жж);

26 қараша - қазақтың халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Ғабиден Мұстафиннің туғанына 115 жыл (1902-1958жж);

12 желтоқсан - жазушы, әдебиетзерттеуші, ғалым, филология ғылыминың докторы Ақселеу Сейдімбектің туғанына 75 жыл (1942- 2009 жж);

12 желтоқсан - жазушы, әдебиет зерттеуші, ұстаз, филология ғылыминың докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Гылым академиясының академигі, Қазақстанның Халық жазушысы Зейнолла Қабдолотовтың туғанына 90 жыл (1927-2006 жж);

22 наурыз - қазақтың халық жазушысы, драматург, сыншы, мемлекет және қоғам қайраткері Ғабит Мұсіреповтің туғанына 115 жыл (1902 -1985 жж);

15 сәуір - жазушы, драматург, ҚР халық жазушысы Сафуан Шаймерденовтің туғанына 95 жыл (1922 -2007 жж);

Көрнекті ақын, жырау Дулат Бабатайұлының туғанына 215 жыл (1802-1874жж);

Шәңгерей Сейіткерейұлы Бекеевтің туғанына 170 жыл (1847 -1920жж)

1867 жылды - қазақтың суырыпсалма ақыны Әсет Найманбайұлының туғанына 150 жыл (1867- 1922 жж);

9 шілде - ақын, аудармашы Тұрмамбет Ізтілеуұлының туғанына 195 жыл (1882-1939жж);

Оқыту қазақ тіліндегі мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне қосымша материалдар алу үшін ұсынылатын сайттар:

1. <http://nao.kz> - Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайты;

2. <http://ustazuni.kz> - мұғалімдерге арналған сайт;

3. <https://infourok.ru/> - ұстаздарға арналған білім көтеру, ашық сабактар сайты;

4. <http://abai.kz>-ақпараттық –тәнімдүк сайт;

5. <http://u-s.kz>- ұстаздар сайты;

6. <http://ustaz.kz> -ашық сабактар сайты;

7. <http://sabak-sait.tverchek.com> творческих учителей Казахстана;

8. <http://ojarovaroz.ucoz.kz>-қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімінің портфолиосы

9. <http://sabaqtar.kz/kazaksh/> - Қазақстан ұстаздарына арналған әдістемелік сайт;

10. <http://bilimsite.kz/ustaz> -білімділер сайты;

11. <http://u-s.kz/publ/> -ұстаздар сайты;

12. <http://sabaq.kz> -ұстаздарға арналған тәнімдүк-әдістемелік сайт;

13. <http://ped.kz> -ұстаздардың әлеуметтік порталы;
14. <http://oqu-zaman.kz>-ұстаздар мен оқушыларға арналған қосалқы білімді сайт;
15. <http://tarbie.org>- ұстаздар сайты;
16. <http://kazbilim-edu.kz>-оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қазақ тілі сабактарында тиімді пайдалану;
17. <http://bilmitime.kz> -Ұстаздарға арналған сайт.

«Абайтану» курсы

«Абайтану» курсы оқу бағдарламасы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бүйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады.

Курстың білім мазмұны ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата біletін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыруға бағытталған.

Курсты қазақ тілі мен әдебиеті немесе біліктілікті арттыру және қайта даярлау бойынша арнағы курсардан өткен пән мұғалімдері жүргізеді. Мұғалімдерге көмек ретінде «Абайтану» курсы бағдарламасының мазмұнын жобалау мен өткізу бойынша әдістемелік құралдар әзірленіп, Академия сайтына (www.nao.kz) орналастырылды.

Жалпы білім беретін мектептердің 10-11-сыныбына арналған «Абайтану» курсын ҚР БФМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бүйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының вариативтік компоненті есебінен жүргізу ұсынылады.

Курс жүктемесінің көлемі:

10-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

11-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Курс бойынша білім алушылардың оқу жетістігін ағымдық бағалау, сондай-ақ емтихан және ұлттық бірыңғай тестілеу жүргізілмейді.

Орыс тілі (оқыту орыс тілінде емес сыныптар үшін)

В соответствии с государственной задачей развития полиязычия в Казахстане овладение русским языком должно соответствовать среднему уровню – 3 подуровень (В 2.1 - В 2.2) – 10 класс и послесреднему уровню (В 2) – 11 класс.

В 11 классах с углубленным изучением языков возможно (не обязательно) достижение уровня С1: понимание объемных сложных текстов на различную тематику, распознавание скрытого значения, владение спонтанной речью в быстром темпе, отсутствие затруднений с подбором слов и выражений; гибкое и эффективное использование языка для общения в научной и профессиональной деятельности; умение создать точное, детальное, хорошо

выстроенное сообщение на сложные темы, владение моделями организации текста, средствами связи и объединением его элементов.

Важнейшими задачами языкового и литературного образования на старшей ступени обучения в 10-11 профильных классах являются: воспитание и развитие средствами русского языка и литературы интеллектуальной, духовно-нравственной личности, способной жить и трудиться в условиях информационного и поликультурного общества; воспитание гражданственности и патриотизма, сознательного отношения к языку как явлению культуры; воспитание интереса и любви к русскому языку и литературе; развитие и совершенствование способности к речевому взаимодействию и социальной адаптации, готовности к трудовой деятельности, осознанному выбору профессии; навыков самоорганизации и саморазвития; информационных умений и навыков; совершенствование речемыслительной деятельности, коммуникативных умений и навыков, обеспечивающих свободное владение русским литературным языком в разных сферах ситуациях его использования; приобщение учащихся к духовно-нравственным ценностям русской литературы, развитие у них художественного мышления; воспитание у учащихся средствами русской литературы интереса к чтению, формирование эстетического вкуса, этических представлений и высокой общей читательской культуры.

Русский язык необходим гражданину Республики Казахстан как основное средство общения с другими людьми. Литература, созданная на русском языке, является носительницей важных для самосознания народа и отдельной личности смыслов. Язык и литература фиксируют исторический опыт поколений и передают его потомкам. Цель – формирование умений и навыков свободного владения русским языком во всех видах речевой деятельности (слушание, говорение, чтение, письмо), в выбранных сферах применения языка; формирование средствами русского языка интеллектуальной, духовно-нравственной, коммуникативной, гражданской культуры учащихся. От качества освоения языка, от умения читать и понимать зависит общая и специальная грамотность человека (в том числе, математическая, естественнонаучная, инженерно-техническая и т.д.). Таким образом, освоение русского языка гражданами Республики Казахстан во всем его многообразии является важнейшей для государства задачей.

При наличии в классах 25 и более учащихся, класс делится на две группы, в течение года при выбытии учащихся – группы не объединяются.

В 11 классах с углубленным изучением языков возможно (не обязательно) достижение уровня С1: понимание объемных сложных текстов на различную тематику, распознавание скрытого значения, владение спонтанной речью в быстром темпе, отсутствие затруднений с подбором слов и выражений; гибкое и эффективное использование языка для общения в научной и профессиональной деятельности; умение создать точное, детальное, хорошо выстроенное сообщение на сложные темы, владение моделями организации текста, средствами связи и объединением его элементов.

Соответственно предложенному в государственном общеобязательном

стандарте образования Республики Казахстан в школах с нерусским языком обучения предмет «Русский язык» изучается в 10-11 классах общественно-гуманитарного направления – по 2 часа в неделю (объем учебной нагрузки за учебный год по предмету «Русский язык»: 10 класс (ОГН) – 68 часов; 11 класс (ОГН) – 68 часов); естественно-математического направления – по 1 часу в неделю (объем учебной нагрузки за учебный год по предмету «Русский язык» составляет: в 10 классе ЕМН – в неделю 1 час, всего – 34 часа; в 11 классе ЕМН – в неделю 1 час, всего – 34 часа).

Формами письменной работы в 10-11 классах являются диктант, изложение, сочинение, в том числе эссе. В каждой четверти проводится в среднем 1 диктант (в первой четверти допускается 2 диктанта), 1 изложение, 1 сочинение (эссе). Сочинения-эссе могут быть классными и домашними.

Объем контрольного диктанта по русскому языку для 10-11 классов школ с казахским языком обучения:

10 класс – 100-110 слов, 11 класс – 110-120 слов.

Объем словарного диктанта: 10-11 классы – 35-40 слов.

Примерный объем текста для подробного изложения:

10 класс – 160-170 слов, 11 класс – 170-180 слов.

Диктанты оцениваются одной оценкой, которая считается оценкой по русскому языку. Диктанты с грамматическим заданием оцениваются двумя оценками и заносятся через дробь в журнал по предмету «Русский язык».

Информатика пәнін оқытудың әдістемелік ерекшелігі қажетті нақты міндеттерді шешу үшін визуалды программалау және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, оқушыларда бастапқы теориялық білім мазмұнын қалыптастыру болып табылады. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарға арналған информатика курсында есептерді шешу негізінде жүйелік және алгоритмдік ойлауды дамыту жалғасады, ал қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптардағы информатика курсының ерекшелігі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тереңдете оқыту болып табылады.

Математика және информатика пәндері бойынша білім сапасын жетілдіру мақсатында келесі педагогикалық тәсілдерді қолдану ұсынылады: саралап оқыту, іс-әрекеттік оқыту, жеке тұлғаға бағытталған оқыту, жүйелі оқыту.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында жобалық іс-әрекеттерді дамыту жұмыстарын жалғастыру ұсынылады. Жобалау технологияларын қолдану пәні бойынша оқу сапасын көтеріп қоймайды, пәнаралық байланысты жүзеге асырады және оқу пәнін игерудің тиімділігін арттырады. Жобамен жұмыс істеу барысында оқушылар топтасып немесе жеке жұмыстарын жоспарлау, мақсат қою, қажетті ақпаратты іздеуді, гипотезаны ұсыну және дәлелдеу, тәжірибелер жүргізу, орындалған жұмыстың нәтижелерінің көрсету, талдау мен бағалау, сонымен қатар өз жобаларын қорғау бойынша біліктіліктерін дамытады.

2016-2017 оқу жылындағы 10-11 сыныптарда математика және информатика пәндерінен өткізілетін бақылау жұмыстарының үлгілік нормасы келесі кестеде берілген. Бақылау жұмыстарына пәндерге сәйкес жартышылдық және жылдық бақылау жұмыстары, практикалық жұмыстар кіреді.

31-кесте

Сынып	Пәннің атауы	Алтадағы сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны	Бақылау жұмыстарының нормасы
10 ЖМБ	Алгебра және анализ бастамалары	3	102	7-8
	Геометрия	2	68	7-8
	Информатика	1	34	3-4
10 КГБ	Алгебра және анализ бастамалары	3	102	7-8
	Геометрия	1	34	3-4
	Информатика	1	34	2-3
11 ЖМБ	Алгебра және анализ бастамалары	3	102	6-7
	Геометрия	2	68	4-5
	Информатика	1	34	2-3
11 КГБ	Алгебражәне анализ бастамалары	3	102	5-6
	Геометрия	1	34	3-4
	Информатика	1	34	4-5

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Жалпы орта білім деңгейіндегі «Жаратылыстану» білім беру саласы оқу пәндерінің мазмұны дүниетанымдық сипатымен ерекшеленеді, сонымен қатар оқушылардың бойында табиғат, табиғи құбылыстар, процестер, занцылықтар туралы, Жер адам өмір сүретін планета ретінде, әлемнің ғылыми бейнесінің астрономиялық құрамы туралы кешенді, жүйелі және әлеуметтік-бағытталған көзқарас қалыптастырады.

Оқу пәндерінің мазмұны оқушылардың жалпы мәдениетін

қалыптастыруда, сонымен қатар жалпы білім берудің тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарын және оқушылардың әлеуметтенуін жүзеге асыруда үлкен рөл атқарады.

«Жаратылыстану» білім беру саласы пәндерін оқытудың ерекшеліктері:

– жаратылыстану ғылымдарының қоршаған ортаға, экономикалық, технологиялық, әлеуметтік және адам қызметінің этикалық ортасына әсерін түсінді қалыптастыру;

– оқу, жобалау-зерттеушілік, шығармашылық іс-әрекетке, білім алушылардың өздігінен білім алуға ұмтылулары үшін қажетті жағдайлар жасау;

– оқу, жобалау-зерттеушілік, эксперименттік, сабак және сабактан тыс іс-әрекет барысында қауіп-қатерсіз жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

«Жаратылыстану» білім беру саласының құрамына: география, физика, химия және биология, яғни ғылыми-жаратылыстану циклы пәндері кіреді.

Оқу пәндері бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын таңдау оқу материалын оқудың бірізділігі принципі негізінде жүзеге асырылған.

1. Оқушы тұлғасының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру «Жаратылыстану» білім саласы пәндерін оқытудың маңызды компоненті болып табылады.

Оқушылардың:

– ғылыми-жаратылыстану процестері мен құбылыстарын сипаттау, түсіндіру және болжау;

- дәлелдер мен шешімдерді түсіндіру білігін;
- зерттеу әдістерін түсіну, ғылыми әдістердің көмегімен шешілетін сұрақтар мен мәселелерді анықтауды дамытуға қажетті жағдайлар жасалуы тиіс.

Жалпы орта білім деңгейіндегі бейіндер бойынша ғылыми жаратылыстану циклі пәндерінің сабактарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бойынша ұсынылатын іс-әрекет түрлерінің мазмұны келтірілген (1-кесте).

32-кесте. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бойынша ұсынылатын іс-әрекет түрлерінің мазмұны

32-кесте

	Іс-әрекет түрлері (жобалаудың параметрлері)	Білім беру бейіндер бойынша	
		ЖМБ	ҚГБ
1	Оқылатын тақырыптар бойынша шағын зерттеулер	Негізгі бөлімдер және тақырыптар бойынша жүйелі, сабак барысында презентация жасау	Жекелеген сабактарда презентациямен, жекелеген тақырыптар
2	Карталар, кестелер, сыйба-нұсқалар, көрнекі құралдармен жұмыс	Талдау, өз бетінше шешімдер әзірлеу, жаңа сыйбалар, жаңа білім	Талдау, қорытындылау
3	Түрлі күрделілік деңгейіндегі практикалық, зертханалық жұмыстар	Жоспарлы, жаттықтыруши, дамытушылық, іс-әрекеттік	Жоспарланған, іс-әрекеттік
4	Статистикалық материалдармен жұмыс	Әрдайым, негізгі бөлімдер және тақырыптар бойынша,	Әрдайым, негізгі тақырыптар бойынша

		міндетті түрде көрнекі-графикалық бейнелеу	
5	Мерзімді баспасөз материалдарын, қосымша материалдарды зерделеу	Әрдайым, жаңа білім сабактарындағы презентация, олардың функционалдық маңызы	оқушы үшін жаңа білім сабактарындағы презентация, олардың функционалдық маңызы
6	Үй тапсырмасының тәжірибелік бағыттылығы	Жүйелі, жүйелі іс-әрекет, өзін-өзі тәрбиелеу, өздігінен даму міндеттері	Жүйелі, жүйелі іс-әрекет, өзін-өзі тәрбиелеу міндеттері

2. Мұғалімдердің басты мақсаты оқушылардың пәндік білімді тәжірибеде қолдану біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, яғни тәжірибеге бағытталған білім беру.

«Жаратылыстану» білім беру саласы пәндерінің практикалық бөлімі бұл мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді. Сабактарда пәндер бойынша жүргізілетін практикалық және зертханалық жұмыстарды талдау, жинақтау, бағалау, болжау, есептеу, түсіндіру, құбылыстар мен процестердің сапалық және сандық сипаттарын анықтау, жобалық тапсырмалар орындау, тәжірибелер және эксперименттер жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Сабактарда білім берудің заманауи технологияларын белсенді қолдану ұсынылады. География, физика, химия және биология сабактарындағы компьютерлік технологиялар:

- оқу материалын зерделеу барысында мультимедиа-технологияларды пайдалануды;
- оқушылар мен мұғалімдердің күнделікті оқу жұмысында компьютерлерді құрал ретінде өнімді қолдануды;
- пәнаралық байланыс технологиясын жүзеге асыруды;
- оқу телекоммуникациялық жобаларды орындау барысында оқушылардың өзбетінше іздеу және зерттеу жұмыстары әдісін әзірлеуді;
- Интернетті пайдалану арқылы оқу материалы аясындағы ақпаратты іздеу және өндеуді;
- есептерді шығару үшін электрондық кестелерді пайдалануды;
- виртуалды практикалық және зертханалық жұмыстар жүргізуді қарастырады.

Сабактарда және сабактан тыс уақытта, оқу-зерттеушілік және өмірлік жағдаяттарда география, физика, химия және биология пәндерінен алған білімдерін қолдану біліктерін дамыттын есептерді, тапсырмаларды және жаттығуларды кеңінен қолдану ұсынылады. Оқу тапсырмаларын әзірлеу барысында Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА басылымдарында ұсынылған, халықаралық салыстырмалы PISA және TIMSS зерттеулерінде қолданылатын тапсырмалар жүйесіне көніл аудару қажет (www.nao.kz).

«Жаратылыстану» білім беру саласы пәндері аясында сыныптан тыс, экскурсиялық-экспедициялық түрлі жұмыстар үйимдастыру ұсынылады. Сабактарда міндетті түрде өлкетану аспектісі қарастырылуы тиіс. Сабак барысында оқушылардың коммуникативтік дағдыларын, ұжымда жұмыс істей

дағдылары мен біліктерін дамытуға жағдай жасалуы тәжірибеге бағытталған оқытуға тиімді әсер етеді.

3. Мектеп оқушыларының зерттеушілік қабілетін, зейінін және байқаыштығын, логикалық ойлаудың және шығармашылық қиялдын, есте сақтауды, тілдік және көптілділік, пәндік оқу, ғылыми және әдістемелік, мерзімді баспасөз басылымдардың, интернеттің, білім берудің сандық ресурстарының ақпараттарын қолдану дағдыларын дамыту маңызды.

Сабактарда тәжірибелер, эксперименттер және зерттеулер жүргізу кезінде жүзеге асырылатын зерттеушілік дағдыларды дамыту барысында, тұлғаның жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған оқытудың мақсаттары жүзеге асырылады.

Практикалық және зерттеушілік жұмыстар, зертханалық тәжірибелер орындау, эксперименттер және эксперименттік есептер шығару, жобалар орындау, модельдер құрастыру барысында табиғи және әлеуметтік-экономикалық процестердің, құбылыстар мен занұлықтардың мәнін түсіну тереңдетіледі. Оқушылар себеп-салдарлық байланыстарды көре білулері, қоршаған ортадағы өзгерістерді анықтай алулары, нақты жағдаяттардың салдарынан болатын қауіпті өзгерістердің алдын алу тәсілдерін ұсына алулары тиіс.

Физика, химия және биология мұғалімдері кабинеттердің жабдықталуын және оқытудың электрондық құралдарын ескере отырып практикалық және зертханалық жұмыстардың, практикумдардың тақырыптарын өз беттерінше таңдай алады. Зертханалық және практикалық жұмыстар орындау барысында (зертханалық жұмыстарға арналған дәптерде) сыныптың барлық оқушыларының жұмыстары міндетті түрде бағаланады. Географиядан бағаланатын практикалық жұмыстар оқу бағдарламасында көрсетілген және нөмірлермен белгіленген.

Пәндердің оқу бағдарламалары табиғаттағы процестер және адам іс-әрекеті туралы білімді қамтиды. Сабактарда экологиялық проблемаларды шешудің және жаңа технологиялар негізінде қоғамның өндірістік күшін дамыту мүмкіндіктерінің заманауи жолдары қарастырылуы тиіс.

Білім беру саласы пәндері курсын зерделеу кезінде оқушылар қоғамның, экономиканың және табиғаттың өзара байланысы туралы, Жерде тіршіліктің болуы үшін біздің планетамыздың атмосферасы және басқа да қабықтарының мәні, оны ластайтын негізгі ошақтар, ластанудың қоршаған ортаға және тіршілік процестеріне әсері, зиянды факторлардың әсерінен тірі табиғатты қорғау шаралары, табиғи ортаны өзгертудің (сонымен қатар, оқушылардың өздері қатысатын жағдайларды қоса алғанда) апатты салдары туралы нақты түсінік алулары тиіс. Оқушылар Жердің, материктің, елдің, өзінің тұған өлкесінің табиғат кешеніндегі өзара байланысты жақсы түсінулері тиіс.

Оқушылардың жеке жобалық-зерттеу жұмыстарының үлгілік тақырыптары:

- Судың сапасын жақсарту жолдары.
- Жыралардың дамуын зерттеу.
- Өлкенің өнеркәсіпперінде таза технологияларды дамыту жобалары.

- Биогаз энергетикасы.
- Жергілікті жердің гидрографиясын зерттеу.
- Судың көмектігін анықтау.
- Сағызды зерттеу.
- Чипсыды зерттеу.
- Шайдың сапасын зерттеу.
- Сүттің сапасын зерттеу.
- Темекіні зерттеу.
- Сабынның сапасын зерттеу.
- Адамның енбекке қабілеттілігіне музыканың әсерін зерделеу.
- Бөлме ауасының шаңмен ластануын зерттеу.
- Ағаштар мен бұталардың қабығын зерттеу.
- Адам денсаулығының атмосфераның жағдайына тәуелділігін зерделеу.
- Мектептегі жұмыс үстелдерінің жарықтануын зерттеу.
- Өз пәтеріндегі энергияны үнемдеу мүмкіндіктерін зерттеу.

Жалпы орта білім деңгейінде ғылыми-жаратылыстану циклі пәндері (география, физика, химияжәне биология) үшін математикалық және ақпараттық сауаттылықты дамыту маңызды болып табылады. Ол ақпараттық құрылымдарды (сыйбанұсқалар, кестелер) құрастыру және толтыру, ақпарат жинауды ұйымдастыру және оған талдау жасау, сыйбалар құру және талдау, модельдеу әдістерін қолдану білігін қамтиды. Сонымен қатар проблемаларды талдауды, тапсырмаларды тұжырымдауды, мәтіндік шарттан формулаға, процесті суреттеуден оны ұсынуға өтуді және өзгерістің мәнін түсіндіруді қамтиды.

«Модель», «деректер», «параметрлер», «нақты және өзгермелі өлшемдер», «болуы мүмкін мән саласы» ұғымдары зерделенеді және қолданылады. Параметрлерінің мәні әртүрлі модельдермен зерттеулер жүргізіледі. Орта мектепті бітірушінің мектептің ақпараттық білім беру ортасының ғылыми жаратылыстану аспектілері бойынша белсенділігі маңызды нәтиже болып саналады.

Бұл процестің алгоритмін құру, алгоритм бойынша бағдарлама жасау және компьютердің көмегімен оны зерттеу қабілетінен көрініс табады. Оқушылардың алынған деректер бойынша эксперименттің нәтижелерін зерттеу, математиканың және компьютердің кестелік деректерін қолдану, диаграммалар және тәуелділік графиктерін құру, дөңгелектеуді жүзеге асыру білігі, қателіктерді анықтау, яғни есептеулерді дәстүрлі құралдардың көмегімен ғана орындалмай, ол үшін компьютерді және сандық құралдарды да қолдану дағдыларын менгеруі маңызды болып табылады.

Сабактарда газеттердің, журналдардың, фильмдердің, бейне-таспа материалдары, веб-сайттар мен әдебиеттердің материалдарын қолдану ұсынылады.

Пән бойынша академиялық лексика қалыптастыру үшін сабакта терминологияны қолдану бойынша жұмысты әрдайым жүргізіп отыру қажет. Оқушылардың терминдерді дұрыс пайдалануын қамтамасыз ететін ауызша және жазбаша тапсырмалар қолдану ұсынылады. Білім алушылардың білім

жетістігін бағалау барысында академиялық лексиканың дүрыс қолданылуына көңіл аудару қажет.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамыту үшін жоғары оқу орындары мен мектеп оқушылары сарайлары жаңындағы іштей және сырттай мектептерге қатысу ұсынылады. Оқушыларға атом энергиясы бойынша «Росатом» мемлекеттік корпорацияның және «Қазақстанның ядерлік қоғамы» Ассоциациясының іс-шараларына қатысу ұсынылады, олар жыл сайын өткізілетін «Kazatomehro» көрмесінде жоғары сынып оқушыларына арналған арнайы бағдарламалар ұйымдастырады.

Бұл бағдарламалар түрлі интерактивті форматтарды қамтиды. Оқушылар атом электр стансасының жұмысын зерделеуге мүмкіндік беретін, «басқа планетадан келушілердің атомды шабуылынан – құйынға дейін» атты түрлі ойын сценарийлерін жүргізумен, «Алақандағы АЭС» қосымшасымен таныса алады. Сілтеме: <http://www.kazatomprom.kz/#!/about>

Энергияның балама көздері, олардың өндірудің заманауи тәсілдері туралы ақпаратты: alternativenergy.ru; aqua-rmnt.com/otoplenie/alt сілтемелері бойынша алуға болады.

География және биология сабактарында «Қазақстан ұлттық географиялық қоғамы» республикалық қоғамдың ұйымы материалдарын пайдалану ұсынылады. Сілтеме: kazgeography.org; kazgeography@nu.edu.kz

ЭКСПО-2017 көрмесі жұмысының бағыттары туралы, сонымен қатар дүниежүзілік бұрынғы көрмелердің материалдарын келесі сілтемелер арқылы алуға болады:

skachatreferat.ru/poisk/экспо; <http://www.skachatreferat.ru/poisk/экспо-2017>.

4. «Жаратылыстану» білім беру саласы пәндері сабактарындағы сыни ойлау келесі дағдыларды дамытуды қарастырады: мәннәтінді есепке ала отырып тыңдау, бақылау, талдау және жинақтау арқылы дәлелдеуге үйрену. Сондықтан оқушылардың бақылау, талдау, пайымдау және түсіндіру дағдыларын қалыптастыруларына жағдай жасау қажет. Ол үшін оқушыларды:

- пайымдау мен дәлелдеуді жіктеуге және жинақтауға;
- олар туралы негізгі дереккөздерді бағалауға және сәйкес сұраптар қоюға;
- тұжырымдамалар және қорытындылармен қоса алғанда негізгі дереккөздерді салыстыруға және талқылауға;
- жеке тәжірибесінің молаюына қарай өзінің көзқарастары мен болжамдарын қайта қарауға қатыстыруға болады.

Оқушы әрекеті алгорitmінің үлгісі:

– Ақпаратпен *танысыныз*. Тапсырма оқу барысында алынған ақпаратқа да, оқулықтар, энциклопедиялар немесе web-сайттар тәрізді бірнеше дереккөзден жинақталған ақпаратқа шолудың немесе саул наманың қорытындысына да қолданылуы мүмкін.

– Дәлелдер негізінде жатқан зерттеуді құрылымдайтын немесе келесі әрекетті анықтайтын негізгі пункттерді, пікірлерді немесе болжамдарды *анықтаңыз*.

– Ақпараттың негізгі компоненттері, көзben шолу және ауызша дәлелдерді біріктірілуі және өзара байланысы принциптерін *талдаңыз*.

- Жеке компоненттер арасындағы үқсастықтарды және айырмашылықтарды *салыстырыңыз және зерттеңіз*.
- Түрлі ақпарат көздерін, дәлелдерді немесе идеяларды біріктіру арқылы *білімді жинақтаңыз*. Түрлі ақпарат көздерін арасындағы байланысты табыңыз.
- Дәлелдемелердің анықтығын және дәйектілігін, сонымен қатар, дәлелдердің болжамдар мен туындаған идеяларды қолдайтынын немесе қарсы келетінін *бағалаңыз*.
- Сұрақтардың жауаптарын түсіндірудің нәтижесінде алынған *білімді қолданыңыз*.
- Тұжырымдалған шешімдерді *дәлелдеңіз*, олардың өзектілігі мен маңыздылығын негізденіз.

5. «Жаратылыстану» білім саласы пәндерінің сабактарында пәнаралық байланысты қолдану ғылыми-жаратылыстанудың негізін құрайтын – «Өмір», «Адам», «Табиғат кешені», «Экономика және экология», «Зат», «Дене», «Энергия», «Күш», «Қозғалыс» және «Даму» ұғымдарының қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Жоғары сыныптардағы география, биология, химия, физика сабактарында пәнаралық проблемалық жағдаяттар жасап отыру қажет, мысалы: кездейсоқтық, дәлелдеу, жоққа шығару, болжау жағдаяттары.

6. «Жаратылыстану» білім беру саласы пәндерінде «тұрақты даму», «даму стратегиялары», «индустріалды-инновациялық реформа», «жасыл экономика», «жасыл энергетика», «ел шаруашылығы», «таза технологиялар» терминдерінің ғылыми-теориялық және практикалық мәнін зерделеу, аймақтық және жергілікті аспектіде олардың қолданбалы ерекшелігін түсіну, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру контекстінде жаһандық геоэкономикалық кеңістікте тұрақты дамып келе жатқан ел ретінде Қазақстан Республикасы туралы ғылыми негізделген көзқарас қалыптастыру және дамыту маңызды болып табылады. Сабактардың тәрбиелік мақсаты «Мәңгілік Ел» идеясын қамтып отыру тиіс.

«ЭКСПО-2017» ғылыми-техникалық көрмесін өткізуіндегі елдің дамуы үшін стратегиялық ерекшелігін және келешегін зерделеу маңызды болып саналады.

7. Білім саласы пәндерінен қолданбалы курстардың немесе таңдау курсаралының тақырыптары мұғалімдердің мүмкіндіктері және жағдайларға байланысты өзгертуі мүмкін:

Биология: «Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер», «Әлемнің ғылыми-жаратылыстану бейнесінің эволюциясы», «Биологиядағы математикалық модельдер мен әдістер», «Биологиялық белсенді заттар», «Бәрі біздің түп-тұқиямызда (генетика негіздері бойынша)», «Тұқым қуалаушылықтың зандылықтары», «Биология проблемалары», «Биогеография проблемалары», «Заманауи микробиология» «Нанотехнологияларға кіріспе».

География: «Әлеуметтік-экономикалық географияның математикалық модельдері және әдістері», «Картографияның математикалық модельдері және әдістері», «Дүние жүзілік энергетика және саясат», «Медициналық экология», «Медициналық география», «Жобалық есептер мен тапсырмаларды шешу

тәсілдері».

Физика: «Мектептің физикалық практикумы: бақылаулар, эксперимент, модельдеу», «Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару», «Математикалық модельдер және физикадағы әдістер», «Өндірісті автоматтандыру негіздерін зерделеудің қолданбалы физика курсы», «Ауыл шаруашылық өндірісі материалдарындағы қолданбалы физика курсы», «Физика ғылымындағы іргелі эксперименттер», «Физикалық-техникалық модельдеу», «Ғарышкерлік негіздері», «Ғарыш физикасы», «Биофизика элементтері», «Биохимиялық физика», «Заманауи ғарышкерліктің жетістіктері», «Радиациядан қорғану».

Химия: «Мектептің химиялық практикумы: бақылаулар, эксперимент, модельдеу», «Химиядан ашылуарды қалай жасайды», «Күрделілігі жоғары химиялық есептерді шығару», «Фармакология әлеміне саяхат», «Ұзақ өмір сұру жолы (кіріктірілген курс)», «Косметикалық химия әлемі», «Химия, ғылыми фантастика шығармаларының негізі ретінде», «Химия және материалтану», «Агрономның химиялық құпиялары», «Химия және СЖҚ», «Тамақтық қоспалар: плюстері мен минустері», «Косметика: кеше, бүгін, ертең», «Химиялық есептерді шығару әдісі», «Химиядан эксперименттік есептерді шығару әдісі».

Оқу жүктемесі:

География пәні бойынша:

қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарда – аптасына 1 сағаттан, оқу жылында – 34 сағат;

жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарда – аптасына 2 сағаттан, оқу жылында – 68 сағат.

Биология пәні бойынша:

қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11- сыныптарда, аптасына – 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарда аптасына – 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

«Физика» пәні бойынша:

қоғамдық-гуманитарлық бағыт:

қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарда – аптасына 1 сағаттан, оқу жылында – 34 сағат;

жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарда – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағат.

«Химия» пәні бойынша:

қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11- сыныптарда, аптасына – 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарда аптасына – 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

«Жаратылыстану» білім беру саласы пәндері сабактарында пайдалануға ұсынылатын ресурстар:

1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ <http://www.kazatomprom.kz/>

2. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі:
<http://energo.gov.kz/>

3. «Қазақстан Ғарыш Сапары» Ұлттық компаниясы <http://gharysh.kz/news/>

4. «Эврика» – білім беру мекемелерінде авторлық эксперименталдық бағдарламаларды жүзеге асыратын, 650-ден астам мектеп ұжымдарын біріктіретін эксперименттік аландардың инновациялық білім беру желісі: <http://www.eurekanet.ru>

5. Bookz.ru – электрондық кітаптар, журналдар және сөздіктер. Навигацияның ыңғайлы болуы үшін, авторлардың алфавиттік каталогінен басқа шығармалардың алфавиттік каталогі де қолжетімді, яғни кітаптарды алфавиттік тізім бойынша іздеуге болады: www.bookz.ru.

6. EOLSS (Encyclopedia of Life Support Systems) – өмірді қамтамасыз ету жүйелерінің энциклопедиялары. Мазмұны алфавиттік ретпен берілген көптеген энциклопедияларға қарағанда, EOLSS білімінің ауқымы тақырыптармен үйімдастырылған. математика, физика, энергетика, табиғатты қорғау – Жер және атмосфера туралы ғылым; экология, азық-тұлік тағамдары және ауыл шаруашылығы туралы ғылымдар, адамзат ресурстары туралы, басқару және т.б., тілі – ағылшын: <http://www.eolss.net/>.

7. Энциклопедиялар әлемі кітапханасы: <http://www.encyclopedia.ru/>.

8. Britannica School – мазмұны және ақпараттары кең ауқымы, онда мыңдаған мақалалар, бейнeler, видео, түпдеректер, электронды кітаптар, ұсынылатын веб-сайттар, тезаурус және дүние жүзінің атласы шығады. Барлық контент оқытудың STEM жүйесі әдістемесімен негізделген. Жұмыс барысында оқушылар оқиды, жазады, зерттеулер жүргізеді және жаратылыстану ғылымдары саласындағы өздерінің сөздік қорларын байытады. Кіріктірілген «Мұғалімдерге арналған сабак жоспары» аталған онлайн ресурстың артықшылығы болып табылады, бұл жерде мұғалім өзінің «Жоспарын» жасауға немесе басқа мұғалімдердің құрастырған «Жоспарын» қолдануына болады. Аталған ресурсты сынып режимінде де, сонымен қатар үй тапсырмасын орындау барысында және олимпиадаларға қатысу үшін қажетті ғылыми жоба орындау үшін де қолдануға болады: (<http://school.eb.co.uk>).

9. «Сандардағы және картадағы дүниежүзі елдері». Интерактивті анықтамалықтарда дүниежүзінің алдыңғы қатарлы елдерін сипаттайтын статистикалық ақпарат және негізгі көрсеткіштер берілген: <http://www.sci.aha.ru>.

10. Рубрикон. Iрі энциклопедиялық портал. Неғұрлым белгілі энциклопедиялар, сөздіктер және анықтамалықтар, суреттер және карталар берілген: <http://www.rubricon.com>.

11. Оқушылар оқу бағдарламасын менгеру барысында АКТ қолдану дағдыларын дамытады. «География» пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес келесі веб-ресурстар ұсынылады (33-кесте).

33-кесте. Веб-ресурстар тізімі

www.earthquakes.usgs.gov	www.rgo.ru	www.geo2000.nm.ru
www.geo.historic.ru	www.www.geografia.ru/	www.geographic.org
www.mygeog.ru	www.e-cis.info	www.geography.about.com
www.hobitus.com	www.imf.org	www.kisi.kz
www.meteosputnik.ru	www.mfa.gov.kz	www.oecd.org
www.stat.gov.kz	www.theodora.com	www.un.kz
www.un.org	www.undp.kz	www.unesco.kz
www.unesco.org	www.unmultimedia.org	www.volcanodiscovery.com
www.worldbank.org		

«АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Қазақстан тарихы

«Қазақстан тарихы» пәнінің мақсаты – оқушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет, өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

Тарих сабактарын жоспарлау және ұйымдастыру барысында оқытуудың тәрбиелік компонентіне ерекше назар аудару керек.

Материалдар мазмұны Елбасы жариялаған «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін жүзеге асыру аясына сай болуы және қазақстандық қоғамның негізгі құндылықтарын бекітуге бағыталуы тиіс: Отанымыздың патриоттарын, құқықтық, демократиялық мемлекеттің, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін, адамгершілігі мол, ұлттық сана сезімі тұрақты толерантты азаматтарын тәрбиелеу.

«Қазақстан тарихы» білім саласы пәндерін оқыту міндеттері мен базалық мазмұны, білім алушылардың дайындық деңгейінің талаптары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген.

Пән бойынша оқу жүктемесі қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарда:

10-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

11-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Пәнді оқытуға әдістемелік ұсынымдар:

10-11 сыныптарда тарих пәндерін оқыту, оқушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сай талдау, бағалау, зерттеу және жоспарлау дағдыларын қалыптастыратын әдіс-тәсілдер мен тапсырмалар көбірек қолданылуы керек. Мысалы, аналитикалық эссе мен есеп жазу, салыстырмалы талдау жасау және т.с.с.

10-11 сыныптарда тарихты оқыту:

- әртүрлі деректердің ақпараттарымен (сонын ішінде интернетте ұсынылған) жұмыс істей білу;
- анық тарихи фактілерден түсіндірuler мен көзқарастарды айыра білу;

- өзінің зерттеу және оқу әрекеттері нәтижесін бағалау және таныстыра білу, кемшіліктердің себептерін анықтау;
- тарихи оқыгалар мен қатысушыларына өз қарым-қатынасын түсіндіре білу;
- заманауи әлеуметтік-тарихи процестер мен дамудың ықтимал нұскаларын болжауды талдай білу үшін игерген тәжірибесі әрекетін және менгерген білімдерін қолдана білуге бағытталуы керек.

Қазақстан және Дүниежүзі тарихы пәндерінің кейбір тақырыптарын кіріктіріп оқыту ұсынылады. Тарихтан халықаралық қатынастар мен Қазақстанның сыртқы саясаты, әлемдік соғыстар тарихы, тарихтың жеке мәселелері, мәдениет т.б. тақырыптарын кіріктіруге болады. Тарих пәндерін кіріктіре оқыту жүйесін қалыптастыру оқыту процесінің коммуникативтік әлеуетін анағұрлым арттырады. Мәселен, әдебиет курстарын оқыту барысында окушыларға рухани шығармашылық процесінің тарихи контекстін неғұрлым жоғары деңгейде игеруге мүмкіндік береді.

«Қазақстан тарихы» пәнінен ұсынылатын сайты:

<http://www.tarih-begalinka.kz>; <http://www.e-history.kz>; <http://bilimsite.kz/tarih/>; <http://testcenter.kz/entrants/for-ent/> қосымша ресурстар ретінде жоғарыда келтірілген сайт материалдарын кеңінен қолдану ұсынылады.

Үй жұмысы сынып деңгейіне және тақырыптың ауқымына қарай әртүрлі болуы мүмкін:

- ауызша (сұрақ-жауап, құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар, пікірсайысқа дайындық, т.б.);
- қысқаша жазба жұмыстары (тезистер, конспектілер, буклеттер, эссе, тарихи шығарма, т.б.);
- тест тапсырмалары (жабық тест, ашық тест, реттік тест, сәйкестендіру тесті, мәтіндік тест, жағдаяттық тапсырма, құрама тест, альтернативті тест, көпжекшілдік тест);
- шығармашылық жұмыстар (рөлдік ойындарға, сахналық көріністерге дайындық), өзара бақылау жұмыстары, өздік бақылау, қатемен жұмыс, жоба жұмысы.

Окушыларға шығармашылық (хабарлама, презентация, жобалар, коллаждар т.б.) және жобалық тапсырмалар тақырыптарын алдын ала беріп қойған дұрыс. Сонымен қатар, мұғалім осы шығармашылық жұмыс түрінің талаптарымен таныстыруы керек. Оқушы хабарлама даярлаған кезде білімін көрсетіп қоймай, хабарлама (презентация) дайындаудың батырға қатынасын, өз сезімдерін, күйзелісін білдіруі тиіс.

Құзыреттілікке бағытталған үй тапсырмалардың 4 түрі қолданылады: ақпараттық, коммуникативтік, мәселе қою және рөлдік.

Шығармашылық үй тапсырмаларына өлшемшарттар немесе талаптар:

- терминология мен ақпарат күрделілігі окушының жас ерекшеліктеріне сай болуы;

- әдебиет пен деректер тізімін беру;
- ақпараттың жүйелілігі және тартымдылығы т.б.

Окушылардың оқу әрекеттері нәтижесін бағалау барысында тарихи

білімдерінің білімділік және іс-әрекеттік компоненттерін игеру деңгейі ескеріледі. Оқушылардың оқу әрекеттерінің нәтижелерін бағалау көрсеткіштері негізгі тарихи білім компоненттеріне сәйкес құрылымдалған: фактологиялық білім, теориялық білім, оқу-танымдық іс-әрекет тәсілдері, бағалай білу. Негізгі мазмұндық бағыттары: тарихи уақыт, тарихи даму және тарихи кеңістік болып табылады. Тарихи білімнің мазмұндық компоненттерін менгеру деңгейі мынадай өлшемшарт негізінде бағаланады: нақтылығы, дұрыстығы, тиянақтылық, толықтық, қорытындылай білу, жүйелілік, орнықтылық, ұтқырлық, әрекеттілік, дербестік, қарама-қайшылық.

Оқыту төмендегідей түсініктердің негізінде құрылуы тиіс:

- өзгеріс және сабактастық (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қоғам қаншалықты өзгеріске ұшырады);
- себеп-салдар (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қандай маңызды факторлар саяси процестерге әсер етті);
- дәйек (белгілі тарихи кезеңнің өнері бізге құндылықтар, наым-сенімдер мен технологиялар туралы қандай мәлімет бере алады);
- ұқсастық пен айырмашылық (мысалы, XIII-XV ғғ. Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің саяси құрылышындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар);
- маңыздылық (мысалы, Қазақ хандығының құрылудың тарихи маңызы неде);
- интерпретация (мысалы, белгілі бір тарихи оқиғаны түрлі зерттеушілер қалай сипаттайды).

Тарихи ойлау дағылары бірте-бірте прогрессия мен олардың кеңеюін есепке ала отырып, әр сабактың үстінде дамытылуы тиіс. Белгілі бір тарихи концептілерге фокус жасау арқылы құралған оқыту нақты оқу материалының негізінде оқушылардың бойында тарихи ойлау дағыларын қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай әдіс, зерттеуге негізделген оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

Сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмыстары білім алушыларды қоғамдық өмірге бейімдейтін, жұмыс тәжірибесін жинақтайтын, жаңа жағдайдағы қарым - қатынасқа үйрететін, қызығушылықтар мен талаптарды іске асыратын әлеуметтік ортаның бір бөлігі болып табылады:

Тарих пәндері бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2016-2017 оқу жылында тойланатын мерейтойлық шараларға көніл бөлу ұсынылады:

- 1) **Алматы қаласының 1000 жылдығы (1016–2016);**
- 2) Қазақ батыры, әскербасы **Жалаңтөс Баһадүр Сейітқұлұлы** 440 жыл (1576-1656);
- 3) Қазақ халқының XVII – XVIII-ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі **Қазбек би Келдібекұлы** 350 жылдығы (1667-1764);
- 4) Қазақ халқының жонғар басқыншыларына қарсы күресте әйгілі батырларының бірі **Тама Есет Қекіұлы** 350 жылдығы (1667-1749);
- 5) Қазақтың батыры, талантты қолбасшы **Қабанбай батыр Қожақұлұлы** 325 жылдығы (1692-1770);

6) Кіші жүз қазақтары көтерлісінің көрнекті басшысы, атақты батыр, әйгілі шешен **Сырым Датұлы** 275 жылдығы (1753-1802);

7) Бекей Ордасындағы халық көтерлісінің саяси көсемі, қайсар қолбасшысы, халық батыры **Исатай Тайманұлы** 225 жылдығы (1791-1838);

8) Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, ұлттық мектебінің негізін қалаушы **Ы. Алтынсарин** 175 жылдығы (1841-1889);

9) Бекей Ордасында **қазақтың тұңғыш мектебінің** ашылғанына 175 жыл (1841-2016);

10) XX ғасырдың басындағы Ұлт көшбасшысы, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері **Ә. Бекейханның** 150 жылдығы (1866-1937);

11) Қазақтың мемлекет және қоғам қайраткері, шығыстанушы, білімді заңгер **Барлыбек Сыртановтың** 150 жылдығы (1866-2016);

12) Тұңғыш қазақ бейресми Конституциясы «**Қазақ елінің Уставына**» 105 жыл (1912-2017);

13) «**Оян қазақ**» өлеңінің жарық көргеніне (1911-2016) 105 жыл;

14) **1916 жылғы ұлт-азаттық көтерлістің** 100 жылдығы (1916-2016);

15) **Алаш Орда үкіметі құрылғанына** 100 жыл (1917-2017);

16) Қазақтың қаһарман батыры, ақын, жазушы **Баубек Бұлқышевтың** 100 жылдығы (1916-1944);

17) **1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының** 30 жылдығы (1986-2016)

18) **Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің** 25 жылдығы (1991-2016).

Мектепте сыныптан тыс жұмыстар төмендегі шаралар арқылы жүзеге асады:

- базалық кәсіпорындарда, табиғат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда мектептен тыс сабактар ұйымдастыру;

- таңдауы бойынша еркін сабактар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;

- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабактар өткізу;

- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабактарын жүргізу т.б.

2016-2017 оқу жылында пән мұғалімдері әдістемелік қызметтерінің негізгі міндеттері:

- тарихи білім беру және оның сапасын көтерудің негізгі компоненттерін жүзеге асыру;

- мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін жетілдіру: тарихты оқытудың тиімді әдістемесі мен әдістерін (технологиялар) игеру/менгеру;

- тарихты оқытудың базалық және жоғары деңгейінде зерделеу, тиімді білім беру тәжірибесін тарату;

- оқушылардың тарихты бейіналды, бейінді оқыту жағдайында негізгі құзыретімен, тарихтан жаңартылған оқу бағдарламаларымен, білім беру стандарттарына сәйкес мұғалімдерге білімді-әрекеттік компоненттерін игеру бойынша оқушылардың оқу-танымдық қызметтерін ұйымдастыру;

- білім алушылардың бейіналды дайындық сапасын қамтамасыз ету.

Қоғамдық пәндер мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің оқу жылы бойы 4 отырыстарын өткізу ұсынылады:

- «Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқушылардың оқу жетістіктерін

бағалау»;

- «Тарих сабағында инновациялық технологияларды қолдану»;
- «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру Қазақстан тарихын оқыту мазмұнын жаңартудың негізі ретінде»;
- «Дарынды балалармен жұмысты жетілдіру» т.б.

Дүниежүзі тарихы

«Дүниежүзі тарихы» пәнін оқытуда «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру оқушылардың Отандық және әлемдік тарих пен дәстүрлерге, адам құқықтары мен бостандықтарына, қоғамдық өмірдің демократиялық принциптеріне құрметпен қарау, өз халқының және әлемнің басқа халықтардың тарихын, рухани мұрасын құрметтеу, көпмәдениетті және көпконфессилялы ортада басқа адамдармен өзара қарым-қатынас жасай білу, басқа ұлттардың салт-дәстүрін құрметтеу және түсіністікпен қарау, тұлға аралық қатынастағы тіл табысушылықты көрсете білуге бағытталады.

Пән мазмұнына сәйкес оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру оқушылардың қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу, көпмәдениетті қоғамда өмір сүру мен қарым-қатынас жасау, өздігінен оқу, өз мүмкіндігін іске асыру, өзінің кәсіби бағытын анықтау, алған білімін өмірде кез келген жағдайда, қажетті жерде онтайлы қолдана алу қабілеттерімен анықталады.

«Дүниежүзі тарихы» білім саласы пәндерін оқыту міндеттері мен базалық мазмұны, білім алушылардың дайындық деңгейінің талаптары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінің оқу жүктемесі:

қоғамдық-гуманитарлық бағытта:

10 сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылына 68 сағат;

11 сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылына 68 сағат.

жаратылыстану -математикалық бағытта:

10 сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

11 сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Пәнді оқытуға әдістемелік ұсынымдар:

10-11 сыныпта «Дүниежүзі тарихы» пәнін оқыту XX ғасыр мен XXI ғасырдың негізгі оқиғалары, құбылыстары мен тарихи даму процестерінің мәні туралы түсінік қалыптастыра отырып, тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін дүниежүзі тарихы контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын дамытуға бағыттайты. Сонымен қатар, қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білуге дағдыландырады.

Пәнді оқытуда сұрақтарды қою маңызды орын алады, дұрыс әрі нақты құрастырылған сұрақтарға ғана орынды жауап алуға болады. Сондықтан мұғалімдерге «сатылап сұрақ қою» әдісін қолдану ұсынылады. Бұл әдісте дерекке немесе белгілі бір иллюстрацияға қойылатын сұрақтар жөнілден

қыныңға қарай күрделенеді.

Үй жұмысының мақсаты – сабакта менгерген тақырыпты тереңдету, қайталау, бекіту және ой елегінен өткізу, оқушының дағдылары мен құзыреттіліктерін шындау. Үй жұмысына берілген тапсырмалар жоспарланған, танымдық, қызықты болуы шарт және деңгейлі болуы мүмкін.

Үй жұмысы сынып деңгейіне және тақырыптың ауқымына қарай әртүрлі болуы мүмкін:

- ауызша (сұрақ-жауап, құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар, пікірсайысқа дайындық, т.б.);

- қысқаша жазба жұмыстары (тезистер, конспектілер, буклеттер, эссе, тарихи шығарма, т.б.);

- тест тапсырмалары (жабық тест, ашық тест, реттік тест, сәйкестендіру тесті, мәтіндік тест, жағдаяттық тапсырма, құрама тест, альтернативті тест, көпжекшілдік тест);

- шығармашылық жұмыстар (рөлдік ойындарға, сахналық көріністерге дайындық);

- өзара бақылау жұмыстары, өздік бақылау, қатемен жұмыс, жоба жұмысы.

Оқушыларға шығармашылық (хабарлама, презентация, жобалар, коллаждар т.б.) және жобалық тапсырмалар тақырыптарын мұғалім алдын ала беруі тиіс. Ол үшін осы шығармашылық жұмыс түрінің талаптарымен таныстыруы қажет. Оқушы хабарлама даярлаған кезде білімін көрсетіп қоймай, хабарлама (презентация) дайындаудың кейіпкерге қатынасын, өз сезімдерін, күйзелісін білдіруі тиіс.

Құзыреттілікке бағытталған үй тапсырмалардың 4 түрі қолданылады: ақпараттық, коммуникативтік, мәселе қою және рөлдік.

Шығармашылық үй тапсырмаларына өлшемшарттар немесе талаптар:

- терминология мен ақпарат күрделілігі оқушының жас ерекшеліктеріне сай болуы;

- әдебиет пен деректер тізімін беру;

- ақпараттың жүйелілігі және тартымдылығы т.б.

Тапсырмаларды дайындау кезінде мұғалімдер толық сипатталмаған оқиғалар берілген ақпарат көздерін іріктеу ұсынылады. Осындай ақпарат көздері деректі материалдар (хрестоматиядан үзінділер, куәлік және естеліктер, тарихи оқиғалар туралы), статистикалық материалдар (кестелерде немесе мәтіндерде деректер әлеуметтік-экономикалық даму ұсынылған) болуы мүмкін.

Сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмыстары білім алушыларды қоғамдық өмірге бейімдейтін, жұмыс тәжірибесін жинақтайтын, жаңа жағдайдағы қарым - қатынасқа үйрететін, қызығушылықтар мен талаптарды іске асыратын әлеуметтік ортаның бір бөлігі болып табылады.

Тарихи ойлау дағдылары бірте-бірте прогрессия мен олардың кеңеюін есепке ала отырып, әр сабактың үстінде дамытылуы тиіс. Белгілі бір тарихи тұжырымдарға сүйене отырып, нақты оқу материалының негізінде оқушылардың бойында тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді.

Дүниежүзі тарих пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру

және жоспарлау барысында 2016-2017 оқу жылында тойланатын мерейтойлық шараларға көніл бөлу ұсынылады:

Американ мемлекет қайраткері **Бенджамин (Вениамин) Франклиннің** 310 жылдығы (1706-1790);

Түркия Республикасының негізін қалаушы, тұнғыш президенті **Мұстафа Кемал Ататуркітің** 135 жылдығы (1881-2016) және т.б.

Мектепте сиынптан тыс жұмыстар төмендегі шаралар арқылы жузеге асады:

- базалық кәсіпорындарда, табиғат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда мектептен тыс сабактар ұйымдастыру;
- оқушыларды дамыта оқыту үшін әртүрлі жастағы дарынды балалар топтарын құру;
- таңдауы бойынша еркін сабактар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;
- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабактар өткізу;
- кіріктілген және пәнаралық оқу сабактарын жүргізу т.б.

Сиынптан тыс жұмыстар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, алған білімдерін терендептіп, өздігінен іздене білуге үйретеді. Сонымен қатар, теориялық білімін кеңейтіп, толықтыра түседі және оқушылардың жеке қабілетін дамыта түседі.

Дүниежүзі тарих пәнін оқытудың негізгі мәселелерінің бірі оқушылардың білімді өз бетінше игеруі болып табылады. Соған сәйкес мұғалімнің басты міндеті – білімнің жаңа мазмұнынан туындайтын сабактың маңызды ерекшеліктерін анықтап, сабактың үлгісін құру және сабакты жетілдірудің жолдарын тауып, оның сапасын арттыру. Ол үшін оқушылардың әрбіреуі тарихи оқиғаларға ғылыми тұрғыдан баға беріп, олардың сабактастық байланысын түсінуіне жағдай жасау қажет.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен ұсынылатын сайттар:

<http://www.world-history.ru>; <http://historic.ru>; <http://historyatlas.narod.ru>;

<http://testcenter.kz/entrants/for-ent/> қосымша ресурстар ретінде жоғарыда келтірілген сайт материалдарын кеңінен қолдану ұсынылады.

Адам. Қоғам. Құқық

«Адам. Қоғам. Құқық» пәнін 10-11 сиынптарда оқыту - дүниетаным құрылымы, негізгі элементтері және тарихи түрлері, философияның адам мен қоғам өміріндегі рөлі, адамның әлемге деген танымдық қатынасы, қоғамдық қарым-қатынас жүйесі мен құқықтық реттеудегі адамның орны туралы жүйелі білімге негізделген.

«Адам. Қоғам. Құқық» пәнін 10-11- сиынптарда оқытуда «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жузеге асыру оқушылардың қазіргі заманғы өркениеттегі тәжірибелі тұлғалық тұрғыдан ұғыну негізінде құндылықты бағыт бағдарлар, наным сенімдерді, халықтар арасындағы өзара түсінісудің демократиялық құндылықтарын, гуманизм идеяларын қалыптастыруға, өз халқының және өзге де халықтардың мәдениетіне, тарихына құрметтеу сезімін дамытуға, өз елінің мәдени мұраларын сақтау және оны көбейтуге,

қазақстандық патриотизмді және толеранттылықты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін, азаматтық жауапкершілікті дамытуға, оқушыларға экономикалық, саяси, құқықтық, эстетикалық, экологиялық тәрбие беруге бағытталады.

Пән мазмұнына сәйкес оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту олардың Қазақстан Республикасы Конституциясы, тәртіп сақтау ережелері мен зандарына құрмет көрсету, адамдармен қарым-қатынаста жоғары мәдениеттілік танытуы, этикалық нормаларды сақтай білу, өздігінен оқу, өзінің кәсіби бағытын анықтау, заманауи ақпараттық технологияларды жеткілікті меншегеру, әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін дұрыс бағалай алуына, қоғамға жат құбылыстарға, идеологиялық, діни ағымдарға және занды бұзушылық әрекетке қарсы тұра білу қабілеттерімен анықталады.

10-11 сыныптарда пәнді оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени және құқықтық мәселелер бойынша жеке көзқарасын білдіре білуге және оны дәлелдеуге, ақпарат көздерін сынни тұрғыдан талдау, алуан түрлі (мәтін, карта, кесте, схема т.б.) ақпараттарды талдауға арналған шығармашылық тапсырмаларды сабакта және сабактан тыс іс-шараларда қолдану ұсынылады.

«Адам. Қоғам. Құқық» білім саласы пәндерін оқыту міндеттері мен базалық мазмұны, білім алушылардың дайындық деңгейінің талаптары «Жалпы білім беру үйімдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курсарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бүйрүғына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бүйрүғы бекітілген.

«Адам. Қоғам. Құқық» пәні бойынша оқу жүктемесі:

- 10-сыныпта (қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша) аптасына 1-сағат, оқу жылында 34-сағатты;
- 11-сыныпта (қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша) аптасына 1-сағат, оқу жылында 34-сағатты құрайды.

Пәнді оқытуға әдістемелік ұсыныстар:

Пәнді оқытуды жетілдіруде оқытудың белсенді түрлері мен әдістерін, жаңа педагогикалық технологияларды қолдану, оқушылардың дербес танымдық қызметін үйімдастыру, практикалық және шығармашылық тапсырмалар, конференция, дебат, дискуссия, рөлдік ойындар, кейс әдісі, іскерлік ойындар, пікірталастар мен семинарларды және т.б. қолдану ұсынылады.

«Адам. Қоғам. Құқық» пәні бойынша алған білімді практикада қолдану тез өзгермелі әлемде табысқа қол жеткізетін, өз елінің игілігі үшін жауапты Қазақстан Республикасының зияткер, әлеуметтік-рухани азаматын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пәнді оқытуда оқушылардың басқа пәндерден: «Қазақ тілі және әдебиеті», «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «Физика», «Биология», «География» және т.б. алған білімдеріне сүйену, оқу материалдарын тарихи фактілермен,

әдеби образдармен, физикалық процестермен, т.б. нақтылау үсынылады.

10-сыныпта пәнді оқытуда адам мен қоғам арасындағы қатынастардың құқықтық реттелуіне, отбасылық құндылықтар, адам құқықтары, оның қорғалуы, еңбек құқығы негіздеріне, мәдени құндылықтарды оқытуда оқушыларды жауапкершілікке, мінез-құлыш өрежелерін қалыптастыруға, адами құндылықтарды, тұлға аралық қасиеттерді сактауға бейімдеу үсынылады.

11-сыныпта білім алушыларды адам өмірінің мәні, құқықтық мемлекет дамуының ерекшеліктері, қазіргі өркениеттік әлемде құқықтық сананы қалыптастыру, қоғам мәселесін түсіну, этномәдени құндылықтарды құрметтеуді қалыптастыру, көшбасшылықтарын дамытуға (экономиканың негізгі принциптері мен адами капиталдың рөлін) бағыттау үсынылады.

Пәнді оқытуда оқытылған материалдарды ашу мен нақтылауға, оны оқушылардың жеке әлеуметтік тәжірибесімен, жеке бақылауымен, олардың адамдардың қоғамдағы тәлімі мен әлеуметтік өмірі туралы қалыптасқан түсініктерімен байланыстыруға көмектесетін әдістерді қолдану үсынылады.

Оқыту процесінде дәстүрлі әдіспен сәйкестендіре, оны қолдану шегін айқын анықтай отырып, ақпараттық коммуникациялық технологияларды белсенді қолдану үсынылады.

«Адам. Қозам. Құқық» пәні бойынша үсынылатын сыныптан тыс жұмыстар:

1) пән бойынша «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын оқытуға үсынылатын тапсырмалар:

- «Қазақ болмысының ерекшелігі (пікір сайыс);
- Тәуелсіздік идеясының тарихи және рухани сабактастыры (ой толғау);
- Тарихи сана – бұл бүгінгі ұрпақтың әлеуметтік жадысы (сипаттама);
- Тәуелсіздік түсінігі әрбір халық үшін мейлінше қастерлі ұғым (эссе);
- Ұлттық идея – ұлттық сана-сезімнің жүйелі жиынтығы (шолу жасау);
- Зайырлы қоғам және жоғары рух (дебат);
- Мәңгілік Ел ұғымының бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясы (негіздеу);
- Мәңгілік елмен бірге-мәңгілік тіл, діл, ел және бірегейлік (зерттеу жұмысы) және т.б.

2) пән мазмұнына сәйкес үсынылатын сыныптан тыс жұмыстар:

- «Тәуелсіздік елімнің-ерлік жолы»;
- «Қазақстан көп ұлтты тәуелсіз мемлекет»;
- «Тәуелсіз елдің білімді ұрпақтары»;
- «Конституция – мемлекеттің негізгі заңы»;
- «Мен және менің құқығым»;
- «Ұлы дала заңдары»;
- «Заң және заман»;
- «Қоғам және экономика»;
- «Нарық және нарықтық қатынастар»;
- «Экономикалық білім беру-бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу»;
- «Құқықтық сауаттылық заман талабы» және т.б.

Өзін-өзі тану

Адамның жеке тұлғалық әлеуетін мақсатты түрде және кеңінен ашуға бағытталған рухани-адамгершілік білім беру ұлттық білім беру жүйесін дамытудың басты бағыты болып отыр. Жеке тұлғаның психологиялық, рухани, тәндік, әлеуметтік және шығармашылық дамуының үйлесімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін рухани-адамгершілік тәрбие білім беру жүйесінде өзін-өзі тану пәні арқылы жүзеге асады.

Өзін-өзі танудың пәндік саласы әр оқушының ішкі жан-дүниесін байытуы және өзіндік қайталанбас жеке даралығын пайымдауы арқылы табиғи қабілеттіліктері мен жасампаздық әлеуетін ашуға бағытталған мақсатты білім беру процесін ұйымдастыруды көздейді. Өзін-өзі тану пәнінің оқу-әдістемелік құралдары оқушылардың қоғамға және өз-өзіне қызмет етуіне бағытталып, олардың жасампаздық белсендерлігін танытуға мүмкіндік беретін өмірлік маңызы бар, кең ауқымды біліктілік дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі.

Өзін-өзі тану бойынша білім берудің негізгі мақсат-мұндауделері:

1) адамның өзіндік бейімділіктерін ашу және оның темпераментін, мінез-құлқын, қабілеттерін ескере отырып, оны жеке тұлға ретінде, іс-әрекет субъектісі әрі жеке дара субъект ретінде дамыту;

2) оқушылардың өзіне, қоршаған ортаға және бүкіл адамзатқа деген қарым-қатынасын айқындастырын адамгершілік мінез-құлқытарының, әлеуметтік маңызы бар бағдарларының негізін қалыптастыру;

3) қоғамға қызмет етуге бағытталған мәселелерді шешуде жеке тұлға құндылықтарын, алған білімдерін іс жүзінде шығармашылықпен қолдану дағдыларын қалыптастыру.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім берудің жалпы мақсаттары:

- тұрлі мәселелерді адамгершілік қағидаларға сәйкес сындарлы түрде шешу;

- өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасау;

- адамдарға көмек көрсету, туыстарына және жақындарына мейірімді, қамқор болу;

- өзімен-өзі үндестікте өмір сұру, ойы, сөзі және іс-әрекеттерінде шынайы болу;

- жасампаздық пен белсендерлік, азаматтылық және елжандылық таныту;

- өз ойын, сөзі мен ісін адамгершілік тұрғысынан таңдауға дайын болу және оған жауапты болу;

- қоғамға қызмет ету дағдыларын іс жүзінде дамыту.

Өзін-өзі тану пәнінің құрамы мен құрылымы аталған міндеттерді орындауға бағытталып, 10-11-сыныптарға білім берудің базалық мазмұнын анықтайды.

Өзін-өзі тануды жеке міндетті пән ретінде оқыту оқу жоспарының инвариантты бөлімінде 10-11-сыныптарда аптасына 1 сағаттан, әрбір сыныпта бір жылға барлығы 34 сағаттық оқу жүктемесі көлемінде жүзеге асырылады.

«ТЕХНОЛОГИЯ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Технология

«Технология» пәні оқушылардың өзіндік еңбек өміріне дайындалуларына, олардың жасампаз және қайта құрылу саласына байланысты, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтауга мүмкіндік жасайды.

10-11-сыныптарда пәнді оқытудың мақсаты – техника мен технология саласында оқушылардың заманауи өндірісінде алған білім жүйесінің нәтижелілігіне бағытталған функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар, технологиялық ойлау қабілетін, болмысқа деген (оқу, зияткерлік, кәсіби) шығармашылық көзқарасын дамыту.

Мақсатқа сәйкес келесі оқыту міндеттері анықталған:

- техника, технология және заманауи өндіріс негіздерінен жүйеленген білімді қалыптастыру;
- құрылымдық материалдарды өңдеу технологиясы, жобалау іс-әрекеттерін іске асыру бойынша жалпы еңбектік, жалпы өндірістік және арнайы икемділіктер мен дағдыларын қалыптастыру;
- технологиялық ойлау қабілетін және еңбекке деген шығармашылық көзқарасын дамыту;
- оқып жүрген технологиялармен байланысты мамандықтар әлемі, еңбек нарығындағы олардың талап етілуі туралы түсініктерін қалыптастыру, өзінің өмірлік және кәсіби жоспарларын саналы түрде анықтауына ықпал ету;
- еңбек ету және кәсіби іс-әрекеті үрдісінде эстетикалық, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, дene және құқықтық тәрбие беру;
- оқушылардың Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне деген құрмет көзқарасын қалыптастыру.

«Технология» пәнін оқыту барысына барлық төрт компонент кіреді азаматтардың әлеуметтік тәжірибесі: біліп тану саласының тәжірибесі (турлі облыстағы ақырат туралы білімі), танымал әдістер саласында тәжірибе орындау, шығармашылық қызмет тәжірибесі мен эмоционалды-құндылықтар қатынас объектілеріне және адам қызметіне арналған тәжірибе құралдары. Бұл барлық компоненттер оқу курсының мазмұнында бар.

Соған байланысты 10-11-сынып материалдарында ер балаларға келесі бөлімдер бойынша тақырыптар беріледі (34-кесте).

«Қазіргі заман өндірісі және жоғарғы білім» жаңа бөлім, оған оқу барысында тұлғалық қасиеттер және мамандық тандау, қазіргі заман талaby, кәсіптік саласы, жоғарғы оқу орындары және жоғарғы білімді алып менгеру жолдарын оқыту кіреді. Ұйымдастыру пішіндерін технологиялық дайындау оқушының дамыту деңгейін анықтау және әдістерді қолдану, олардың оқуына еңбекке қызмет көрсету саласына дайындығы.

34-кесте. 10-11-сынып ер балаларына арналған бөлімдердің тақырыптары

Ауыл мектептерінде	Қала мектептерінде
--------------------	--------------------

<ol style="list-style-type: none"> 1. Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау. 2. Ауылшаруашылық өндірісіндегі техника және технология. 3. Ағашты және ағаш материалдарды қолмен және механикалық өндеу технологиясы. 4. Металды қолмен және механикалық өндеу технологиясы. 5. Сәндік қолданбалы өнерінің элементтерімен көркем материалдарды өндеу технологиясы. 6. Электротехника және электроника негіздері. 7. Үй мәдениеті. Үй шаруашылығындағы жөндеу жұмыстар. 8. Шығармашылық жобалау саласы. 9. Қазіргі заман өндірісі және техникалық кәсіби білім. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау. 2. Ағашты және ағаш материалдарды қолмен және механикалық өндеу технологиясы. 3. Металды қолмен және механикалық өндеу технологиясы. 4. Сәндік қолданбалы өнерінің элементтерімен көркем материалдарды өндеу технологиясы. 5. Электротехника және электроника негіздері. 6. Үй мәдениеті. Үй шаруашылығындағы жөндеу жұмыстар. 7. Шығармашылық жобалау саласы. 8. Қазіргі заман өндірісі және техникалық кәсіби білім.
---	---

Технологиялық дайындықты ұйымдастырудың әдістері мен түрлерін қолдану оқушылардың дайындық деңгейіне, олардың оқу-еңбек, қызмет көрсету іс-әрекеттеріне араласуға дайындығының деңгейіне байланысты анықталады.

Сабак өткізу барысында қазіргі заманғы оқыту технологияларын қолданады, пішіндер, ұйымдастыру әдістері және оқу процестерін қадағалау және оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары, «Технология» пәнін оқыту барысында ерекше сапалыларын іске асыруға арналған дидактикалық талаптар.

Басым әдістер – жаттығу, практикалық-оқу жұмыстары, жобалау әдістері болып келеді. Жыл қортындысы бойынша ұсынылған, жобаларын жасауды және қорғау. Жобалар жеке, сондай-ақ, топ оқушыларының орындауымен де болуы мүмкін.

10-11-сынып оқушыларымен кәсіби бағытты апталық өткізу барысында мақсатқа лайықтылық, қалыптастыруға дайындық кәсіби шешім қабылдау, тренинг сабактар өткізу, сонымен қатар, сана-сезімімен қажетті негізгі және қосымша (ықтималды) вариантарды таңдау үшін жұмысқа тұру немесе білім беру саласының траекториясы, әмбебап қабілеттерінің дамуы, керекті кәсіптік үткірлік үшін және бәсекелестік қабілеттілік.

Сабактарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

Қоғам және адамның іс-әрекеті негізінде еңбек ең басты құндылық болып саналады, жалпыадамзаттық және ұлттық мәдени құндылықтарды қалыптастыру үшін «Технология» пәнінің мәдениеттің бастапқы қағидаларға сәйкес болу мүмкіндігі қарастырылған.

Соған байланысты 10-11-сынып материалдарында қызы балаларға келесі бөлімдер бойынша тақырыптар беріледі (35-кесте).

35-кесте. Қызы балаларға арналған бөлімдердің тақырыптары

Ауыл мектептерінде	Қала мектептерінде
--------------------	--------------------

1. Тағам әзірлеу технологиясы. 2. Құрастыру, моделдеу және иық киім өнімдерін жасау. Қазақтың ұлттық киімін тігіп дайындау. 3. Жобаны қорғау.	1. Тағам әзірлеу технологиясы. 2. Құрастыру, моделдеу және иық киім өнімдерін жасау. Қазақтың ұлттық киімін тігіп дайындау. 3. Жобаны қорғау.
---	---

Қолөнер кесібі әрбір халықтың мәдениетінің материалдық тасымалдаушысы болып табылады. Сондықтан оқушылардың еңбек пен технологиялық мәдениетін қалыптастыру, оның тұлға ретіндегі еңбекқорлық, азаматтық және патриоттық қасиеттеріне тәрбиелеу және мектеп бітірушілердің еңбек нарығы жағдайында кесіби өзін-өзі анықтауы мақсатында технология сабағында көпғасырлық халықтық және ұлттық қолөнерлерді міндетті түрде оқыту мен қолдануға назар аударуды ұсынамыз.

Қаладағы, ауылдағы және шағын жинақты мектептерде сыныптардың толымдылығына қарамастан ұл мен қыз топтарына бөлінуі іске асырылады.

Оқушылардың технология бойынша үй тапсырмасын орындаулары оқу процесінің қажетті элементтерінің бірі болып саналады. Дұрыс ұйымдастырылған жағдайда, үй тапсырмасы сабакта алынған білімді бекітүге және тереңдегүе, сабакта қарастырылған тақырыптарға қызығушылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

10-11-сыныптарда «Технология» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі әрбір сыныпта аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Дене шынықтыру

Оқу пәні ретінде дене шынықтыру жалпы білім беретін мектепте маңызды рөль атқарады, жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық түрде өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлға қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқыту мақсаты:

- қимыл-қозғалыс негіздерін игеру арқылы оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру;
- дене және психикалық қасиеттерінің толық дамуын;
- салауатты өмір салтын ұйымдастыруда дене тәрбиесі құралдарын шығармашылық жолмен қолдану.

Оқыту міндеттері:

- денсаулықты нығайту, ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін арттыру және негізгі физикалық (дене) қасиеттерін дамыту;
- базалық спорт түрлерінің техникалық-тактикалық іс-қимыл әдістерін жетілдіру;
- өз денсаулықтарына ықтиярлықпен қарау, денсаулықты сақтау мен нығайту қажеттілігін қалыптастырып тәрбиелеу;
- дене шынықтыру және спорт туралы, олардың тарихы, қазіргі дамуы және салауатты өмір салтын қалыптастырудың рөлі туралы білімдерін

шындау;

- тұлғаны оң қасиеттерге тәрбиелеу, оқу және жарыс әрекеттерінде үжымдық әрекеттестік пен ынтымақтастықтың межелерін сақтау.

Оқу бағдарламасы екі бөлімнен тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім» (ақпараттық компонент), «Денені жетілдіру және шеберлік» (әрекеттік компонент).

Вариативті компонент дene шынықтыру мұғалімі оқу процесінің сан-алуан түрлерін қолдануға және оқытудың заманауи әдістері мен педагогикалық технологияларын енгізуге бағдарлайды. Вариативті компонент мектептің тұрган орны, материалдық базасы мен аймақтың орналасу ерекшеліктерін, мұғалімнің мүмкіндіктері мен оқушының қызығушылықтарын ескеру қажеттілігіне негізделгендейді, оқу материалдарын жергілікті білім беру мекемелері ұсынады және оны дene шынықтыру мұғалімі әзірлейді.

Бағдарламалық талаптарды ескеріп, әрбір оқушының жеке мүмкіндіктері мен жыныстық даму ерекшеліктерін бағамдай отырып, мұғалім өздігінен жеке талаптар қойып (қорытынды тапсырмалар), талаптардың өзіндік шкаласын құруына және сол бойынша оқушылардың жылдық үлгерімдерін бағалауына болады. Осылай өзіндік жол дene шынықтыру мұғаліміне оқыту-үйретудің барлық кезеңдерінде оқушылардың даму деңгейлерінің жеке жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабак үлгерімдерін шынайы бағалауға мүмкіндік береді.

Сабактарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

Бағдарламаның ұйымдастыру-әдістемелік талаптары:

- мұғалім өз тәжірибесіне сүйеніп, балалармен нақты жағдайдағы жұмыс дағдысына байланысты ұсынылып отырылған бағдарламаның қай бөлімін болмасын өзінің материалдарымен толықтыруға (немесе түзетулер енгізуге) құқылы. Оқушыларға қойылатын негізгі талаптар жүзеге асыру барысында;

- мұғалім апта кестесіндегі сабак санына сәйкес оқушылардың даярлығы мен сабактың нақты жағдайына қарай өз жұмысын ұйымдастырады;

- оқушылардың қозғалыс ойындарын игеруін тексеру мақсатында бақылау-сынақ алу сабактары өткізілуі тиіс;

- дene тәрбиесі сабактарының тиімділігі екі параметр бойынша бағаланады: а) жекелеген бақылау нормативтерінің нәтижелері; ә) мұғалімнің тандауы бойынша (Президент сынамалары нормативтерін орындау нәтижелері).

«Шаңғы дайындығы» және «Жұзу» тараулары бойынша сабактарды толық мәнінде жүргізуға мүмкіндігі жоқ республиканың аймақтарында оларды алмастыру ұсынылады. Мектеп ұжымының педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша бұл сабактар тиісінше дала жарысымен (кросс дайындығымен) және гимнастикамен (ыргақты, атлетикалық, кәсіби-қолданбалы) алмастырылуы мүмкін.

«Дене шынықтыру» пәнін оқыту барысында оқушыларды топқа бөлу барлық қажетті медициналық құжаттардың ұсынуымен, медициналық

тексерістің нәтижесі көрсетілген анықтаманың негізінде іске асырылады.

«Дене шынықтыру» пәні сабактарын ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы әдістемелік құралдар әзірлеп, орталықтың сайтына орналастырылған (www.nprcfk.kz).

Типтік оқу жоспарына (ҚР БФМ 2013 жылғы 25 шілдедегі № 296 бұйрығына) сәйкес дене шынықтыру пәнінің оқу жүктемесі:

10-сынып – аптасына 3 сағат, жылына барлығы – 102 сағатты;

11-сынып – аптасына 3 сағат, жылына барлығы – 102 сағатты құрайды.

Алғашқы әскери дайындық

«Алғашқы әскери дайындық» (бұдан әрі – АӘД) меншік түрі мен ведомствалық бағыныстылығына қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде, орта арнаулы оқу орындарында (колледждерде), кәсіптік-техникалық мектептерде әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы білім алушы жастардың міндетті оқытылатын пәні болып табылады.

Жалпы білім беретін мектептің 10-11-сыныптарында «Алғашқы әскери дайындық» пәні бойынша оқыту ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы З сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінде жастарды алғашқы әскери қызметке даярлау, өткізу және ұйымдастыру үшін негіз болып табылған құжаттар мыналар:

1) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңы.

2) «Азаматтарды әскери қызметке даярлау, ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ, алғашқы әскери дайындық бойынша оқу-материал базасын құру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 ақпандағы №118 қаулысының қүші жойылды, оны «Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 609 бұйрығымен науыстыру қажет.

Алғашқы әскери даярлау теориялық және практикалық сабактарда іске асырылады. Теориялық сабактар оқытудың дидактикалық материалдарын, техникалық құралдар мен инновациялық әдістерді қолдана отырып әңгімелуеу және сұхбаттасу түрінде өткізіледі. Практикалық сабактар қарулану және әскери-техникалық мүлікті, құралдарды және өзге де жабдықтарды қолдана отырып оқу материалын игеруге бағытталған.

Оқу пәнінің мақсаттары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы түсінігін және әскери іс негіздері бойынша окушылардың білімдерін қалыптастыру, окушылардың өмірлік қабілеттері мен дағдыларының дамуын қалыптастыруға ықпал ету.

Оқу пәнінің міндеттері:

✓ оқушыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету үшін алғашқы әскери дайындықтың теориялық тиянақты білімдері негізінде, практикалық дағдыларды менгере алатында жағдайда даярлау;

✓ оқушыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметі туралы біртұтас түсінігінің өзара үйлесімді жүйесін қалыптастыру.

Сабактарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

Оқу пәнінің мазмұны мен құрылымы кіріспе сабак, әскери істің негіздері бойынша тараулар, азаматтық қорғаныс және медициналық білім негіздерінен тұрады. Оқу орындарын қару және өзге де әскери-техникалық құралдармен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету оқу орнының есебінен іске асырылады.

Оқушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шындау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқу-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттық-қорғаныс сауықтыру лагерлерінде, әскери бөлім (ӘБ) базаларында (ӘБ басшылығымен келісе отырып) 10-сынып үлдарымен 30 сағат көлеміндегі бескүндік далалық оқу жиыны (ДОЖ) өткізіледі. Далалық оқу жиындары алғашқы әскери дайындық курсын өту бағдарламасының міндетті кезеңі болып табылады. Ол жергілікті атқару органдарымен ұйымдастырылады және білім беру мекемелерінде қарастырылған вариативті (өзгермелі) сағат есебінен қамтамасыз етіледі.

11-сынып оқушыларының АӘД пәні бойынша нормативтер мен практикалық жаттығуларды орындауларын бағалау мақсатында, оқу жылының соңында 4 сағат көлеміндегі қорытынды тексеру сабактары (сынақ) қарастырылған.

10-сыныпта өткізілетін әскери топография сабактарында оқушыларға басқа (бөтен) жерлерде картасыз бағдарлау, сол ауданда өзінің орналасқан орнын анықтау және азимут бойынша жүру бағытын компастың көмегімен және компассыз табуды үйренеді. Ал, 11-сыныпта оқушылар азаматтық қорғаныс және медициналық білім негіздері сабактарында бейбіт уақытта және соғыс кездерінде, табиғи апаттар, ірі көлемдегі зілзалалар және жаудың қазіргі заманғы қырып-жою қаруларын қолданған кезде Қазақстан Республикасының халқын қорғау бойынша іске асырылатын іс-шаралар үйретіледі. Сонымен қатар төтенше жағдайлар пайда болған аудандарда және зақымдану ошақтарында қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ жаракаттанған адамдарға алғашқы дәрігерлік көмек көрсету ережелерімен танысады.

Әрбір оқу орнында меншіктік түрі мен формасына қарамастан АӘД бойынша келесі оқу-материал базасы құрылады және жетілдіріліп отырады:

1) қамтамасыз ету табеліне сәйкес көрнекі құралдар, АӘД оқытудың көрнекілік, техникалық құралдарымен, стендтермен жабдықталған оқу бөлмесі;

2) алғашқы әскери дайындық, тіршілік қауіпсіздігінің негіздері және азаматтық қорғаныс, медициналық білім бойынша арнайы жабдықтарды сақтауға арналған бөлме;

3) саптық дайындық бойынша сабак өткізу алаңы;

- 4) рота бойынша күндізгі кезекшінің міндеттерін іс жүзінде үйрететін орын;
- 5) сақшының міндеттерін үйретуге арналған орын;
- 6) тактикалық алаң;
- 7) кедергілерден ету жолының кешені;
- 8) жабдықталған ату тири;
- 9) әскери және еңбек даңқының бұрышы.

Оқу орындарын қару және өзге де әскери-техникалық құралдар макеттерімен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету оқу орнының есебінен іске асырылады.

«Алғашқы әскери дайындық» пәні бойынша оқу жүктемесі:

10-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына барлығы 34 сағат, қосымша далалық оқу жиынына 30 және сынаққа 4 сағат вариативті бөлімнен қарастырылған;

11-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына барлығы 34 сағатты құрайды.

6 ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

2016-2017 оқу жылында шағын жинақты мектептерде білім беру қызметін үйлемдастыруда Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Жалпыға міндетті білім беру стандарты, «Жалпы білім беру үйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 бұйрығы (3-қосымша) (бұдан әрі – Типтік ереже) басшылыққа алынады.

Шағын жинақты мектептің өзіндік ерекшеліктері және қындықтары бар, оларды оқу-тәрбие процесін үйлемдастыруда ескеру қажет: материалдық-техникалық базасының әлсіздігі және инфраструктураның дамымағандығы, әртүрлі жастағы біріктілген сыныптарда оқыту қындығы, педагогикалық кадрлардың, оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстардың жеткіліксіздігі. Оқушылар санының аздығы бәсекелестікті және коммуникативті іскерліктердің дамуын төмендетеді. Шағын жинақты мектептің жағдайлары оқушыларды бейінді пәндермен және олардың кәсіби бағытын ескеретін таңдау бойынша курстармен толық қамтамасыз ете алмайды.

Шағын жинақты мектеп (бұдан әрі – ШЖМ) өзінің білім беру әрекетінде келесі ұстанымдар мен тәсілдерді басшылыққа алады:

- білім алушылардың әртүрлі жаста екендігін ескеру;
- бір пәндік және бір тақырыптық ұстанымдарға негізделген кіркіре оқыту сабактарын үйлемдастыру;
- біріктілген сыныптар үшін сабак кестесін икемді етіп құрастыру;
- даралап және саралап оқыту;
- оқу процесінің технологиясы мен мазмұнының икемділігін және вариативтілігін жүзеге асыру;
- білім алушылардың өздігінен білім алу қабілетін дамыту;
- тәрбие жұмыстарын үйлемдастыруда мәдени орталықтардан шалғай орналасқандығын ескеру;
- оқушылардың оқу барысындағы бір-біріне өзара көмектесуі және ынтымақтастығы.

Типтік ережеге сәйкес шағын жинақты мектептерде жекелеген пәндерді оқыту кезінде және сыныпта 10-16 білім алушы болған жағдайда сынып кіші топтарға болінеді.

Сыныптарды басқа бір сынып-кешенге біріктіргенде әртүрлі жастағы білім алушылардың саны 10-нан аспауы тиіс. ШЖМ-дегі сыныптардың толымдығы 3-10 адам және одан көп адамға дейін рұқсат етіледі.

Мектептің бастауыш білім беру деңгейінде оқушыларды сыныптық-құрамдарға біріктірудің мынадай нұсқалары болуы мүмкін: 2+3, 3+4; 2+4, 2+3+4.

1-сынып оқушылары жеке оқытылуы тиіс, себебі мектепке енді қадам басқан оқушылардың оқу әрекетіне бейімделуі, талаптануы, зейіннің

тұрақтануы мен ынтасының артуы үшін оларды сыйып-кешеніне қоспай, жеке оқыту керек.

Екі немесе үш сыйыпты біріктіру қажет болған жағдайда (мысалы, 2+3+4), әрбір сыйыппен сабактың белгілі бір бөлігін жеке өткізу үшін жағдай жасау мақсатында сабактың жылжымалы кестесін қолданған дұрыс.

Бастаудың шағын жинақты мектеп жағдайында балалардың бағдарламалық материалдармен ұйымдастырылатын өзіндік жұмысына кететін уақыт мөлшері сақталуы керек:

- жазу сабакы бойынша: 2-сыйыпта 20 минуттан, 3-сыйыпта 25 минуттан;
- математика сабакы бойынша: 2-сыйыпта 15 минуттан, 3-сыйыпта 20 минуттан аспауы тиіс.

Мектептің негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінде сыйыптарды біріктіру әр сыйыптағы оқушылар санына байланысты.

Оқушылар санының аз болуы жағдайында сыйыптарды мынадай тәртіpte біріктірген дұрыс: 5+6; 6+7; 7+8. Мұндай біріктіруде бір пәндік ұстанымға негізделген пән ішіндегі мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқытуға болады.

Пәннішілік байланысты жүзеге асыруға болмайтын жағдайда пәнаралақ кіріктіре оқыту мүмкіндігін қолдануға болады. Сабактас пәндерді кіріктіре оқытууды ұйымдастырғанда пәндерді келесідей кіріктіре оқыту: тіл-әдебиет, тарих-әдебиет, химия-биология, тарих-география, география-биология, математика-информатика, физика-химия және т.б. ұсынылады.

Кіріктірілген сабактардың негізіне білім беру мазмұнының басты элементтерін бөлуге мүмкіндік беретін, жүйені құрайтын идеяларды, түсініктерді, оқу әрекетінің тәсілдерін дамытууды қарастыратын пәнаралық байланыстар салыну керек. Кіріктіру, бір жағынан «әлемді біртұтас» көрсетуге мүмкіндік береді, басқа жағынан бейінді саралау үшін қолдануға болатын оқу уақытын босатады.

Біріктірілген сыйыптарда пәннішілік кіріктіре оқытуудың мұғалімдер мен оқушылар үшін төмендегідей артықшылықтары бар:

- білім беру саласындағы пәндердің мазмұнын әртүрлі деңгейде тұтастай игеру;
- оқушылар әртүрлі сыйыпта оқығанымен, олардың назарын бір пәннің мазмұндағы ұқсас тақырыптарды білім, білік дағдылар негізінде кешенді игеруге бағыттау;
- ұжымдық оқыту әдісін тиімді қолдану және білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
- жоғарғы сыйып білім алушылары өзінің білімін кіші жастағы сыйып оқушыларын оқыту және бағалау кезінде қолдану.

9, 11-сыйыптар мектепті бітірушілер болғандығын ескере отырып, олардағы бала саны аз болған жағдайдың өзінде де өзге сыйыптармен қосып оқытылмайды.

Шағын жинақты мектептегі қызметті ұйымдастыру дамытатын педагогикалық ортаны құруды талап етеді. Оның негізінде әртүрлі жастағы оқушылардың өзара нәтижелі әрекеттестігі мен өздігінен білім алу идеяларын

жүзеге асыруға болады. Әртүрлі деңгейдегі бір сыйыптың аясында оқытуды саралау мақсатында жеке және топтық кеңестер, оқушылармен үйрмелік және факультативтік жұмысты қолдану ұсынылады.

Шағын жинақты мектепте оқу процесін ұйымдастыруда тиімді педагогикалық технологиялар: деңгейлеп оқыту, саралап оқыту, ұжымдық оқыту, дидактикалық бірлікті ірілендіру, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану, дамыта оқыту, модульдік оқыту, сын түрфысынан ойлау арқылы оқу мен жазу және т.б. қолданылады.

Денгейлеп оқыту оқушылардың жас және білім деңгейі ерекшеліктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар беру арқылы олардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ұжымдық оқыту әдісі динамикалық жұптар құра отырып, оқушылардың арасында олардың танымдық өзара қарым-қатынасын, бірін-бірі оқытуын ұйымдастыру болып табылады. Ұжымдық оқыту әдісі ауылдық жерлерде оқушылардың аздығы жағдайында балалардың қарым-қатынасының тапшылығын азайтуға, монологтік және диалогтік сөйлеу қабілеттерін дамытуға жағдай жасап, мұғалімнің жалпы сыйыппен жұмысын азайтып, жекелей оқыту уақытын көбейтуге мүмкіндік береді.

Дидактикалық бірлікті ірілендіру (ДБІ) - ақпараттардың біртұтас игерілуін қамтамасыз ететін, мағыналық қисынды байланыстар негізінде білімдік ұғымдарды біріктіру жүйесі. Бұл технология оқу пәндері және салалас пәндер блоктарының ішіндегі материалдардың дидактикалық құрылымын құру арқылы аралас сыйып сабактарын ұтымды өткізуге мүмкіндік жасайды.

ШЖМ-ке электронды оқытуды енгізу жеке және өздігінен оқытуды кеңінен қолдану арқылы әртүрлі жастағы ұжымдарда педагогикалық әрекеттегі қыындықтарды еңсеруге мүмкіндік береді. Қашықтықтық технологияларды қолданатын электронды оқыту бейіналды дайындық пен бейінді оқытудың бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасын құру үшін қосымша мүмкіндіктер береді. Физика, химия және биология бойынша виртуалды зертханалар болса, мұғалімдер аталған пәндерді менгеруге қажетті оқу жабдығының жеткіліксіздігі мәселесін шеше алады. Сондай-ақ, педагог әрекеті ақпаратты жаңғырту емес, оқушыны оқу-танымдық процессте психологиялық-педагогикалық қолдайтын тыютор, сессиялық және сессияралық кезендерде магниттік мектеп оқушыларының проблемалық аймақтарының орнын толтыру бойынша түзету жұмысын ұйымдастырушы рөлінде болады. Мұғалім-тыютордың көмекшісі рөлінде оқу материалын өздігінен игеру дағылары мен іскерліктерін менгерген оқушы да бола алады.

Ұлттық жобаны жүзеге асыру аясында электрондық оқытудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - ЭОАЖ) құрылды: білім беру ұйымдарының порталы, Ұлттық білім беру деректер қоры (бұдан әрі - ҰБДҚ), ішкі корпоративтік қор, электрондық кітапхана, білім беру ұйымын басқару жүйесі және электрондық оқытудың басқа да құрауыштары. Берілген электрондық оқытудың ақпараттық жүйесі <https://e.edu.kz> сайтында қолжетімді. ЭОАЖ-нің маңызды құрауышы 7511 цифрлық білім беру ресурстары (бұдан әрі - ЦБР) орналасқан электрондық кітапхана болып табылады.

Цифрлық білім беру ресурстары – бұл оқу пәнінің нақты тақырыбына әзірленген, ЭОЖ-ге қосылған мектептерге онлайн қолжетімді цифрлық форматтағы дидактикалық материалдар. Әрбір ЦБР интегративті кешен және оқу пәнінің *белгілі бір тақырыбы* бойынша мультимедиялық түсіндіру, интерактивті тапсырмалар мен тестілеу сұрақтар элементтерінен тұрады. ЦБР-дің бұл құрылымы электрондық оқыту жүйесінде оқушылардың белсенді өзіндік жұмысын қамтамасыз етеді, ал мұғалімге сабактың әрбір түрі немесе кезеңінің, яғни жаңа материалды түсіндіру, материалды бекіту немесе оны менгеру деңгейін тексерудің нақты дидактикалық міндеттеріне байланысты оқытуды ұйымдастырғанда берілген ресурстарды қолдануға мүмкіндік береді.

Мұғалімдерге көмек ретінде цифрлық білім беру ресурстарын қолдану бойынша оқу-әдістемелік құралдар әзірленген. Олар ҚР БФМ порталының (<https://e.edu.kz/98>) «Педагогтерге арналған басшылық» бөлімінде, сондай-ақ Ұлттық ақпараттандыру орталығының сайтында: <http://nci.kz/ornalasqan> және ашық қолжетімді.

Шағын жинақты мектеп жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану арқылы ғылым мен мәдениет және т.б. салаларда ақпараттардың дереккөздерін, электрондық оқу материалдарын пайдалану, қашықтан оқыту, тірек мектебімен (ресурстық орталықпен) сессияралық кезеңде байланыс орната отырып, олардың білім қорларын пайдалану жүзеге асырылады.

Әр оқушының жан-жақты дамуына жағдай жасау арқылы белсенді тұлға тәрбиелеуде дамыта оқыту технологиясының әдіс-тәсілдері көнінен қолданылады.

Оқу процесінде әртүрлі білім құралдарын және педагогикалық технологияларды пайдалану келесі міндеттерді шешуге бағытталады:

- МЖМБС талаптарына сәйкес оқу пәндерінің мазмұнын игеру, оқушылардың білім сапасын арттыру;
- белгілі практикалық іс-әрекеттер түрлеріне оқушылардың қабілеттерін дамыту;
- оқу процесінде интерактивтік, электрондық, ақпараттық қорларды тиімді пайдалану;
- оқыту деңгейі мен қарқынын, мазмұнның түрін кең тандау;
- белгіленген білім саласын терендетіп оқуға оқушылардың білім қажеттілігін қанағаттандыру;
- оқушылардың коммуникативтік дағыларын ашу және дамыту;
- қашықтықтан оқыту.

Балалар мен жасөспірімдердің психологиялық-педагогикалық, физиологиялық жасаралық және басқа да ерекшелік ұстанымдарын ескере отырып, оқыту технологияларының бағыттарын анықтау қажет. Шағын жинақты мектептер жағдайында инновациялық білім технологияларын жасау – уақыт талабы.

Қазақстан Республикасының әрбір өнірінде құрылған тірек мектептері (ресурстық орталықтар) шағын жинақты мектептерде білім сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда жұмыс жасайтын мектептер базасында 149 ресурстық орталық құрылған, оған 464 магниттік шағын жинақты

мектептер бекітілген.

Ресурстық орталықтар (тірек мектептер) өзінің білім беру әрекетінде келесі қағидаларға бағдарланады:

- тірек мектебінің білім беру ресурстарына (оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалды-техникалық) магниттік мектептің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- ресурстық орталықтар (тірек мектептер) мен магниттік мектептердің білім беру процесін біріктіру және синхрондау мақсатында сессияаралық және сессиялық кезеңдердегі нақты, әрі бірізді өзара байланысқан бағдарламаларды әзірлеу;

- кіріспе, аралық және қорытынды тестілеу нәтижесінің негізінде жеке траекторияны әзірлеу арқылы оқытуды жекелендіру;

- сабактарда, қосымша сабактарда, шығармашылық зертханалар мен шеберханаларда, сыныптан тыс шараларда оқушыларды әлеуметтендіру және жағымды ынтаны қалыптастыруға қажетті жағдайларды жасау;

- ресурстық орталықтың бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасын үйымдастыру мақсатында әртүрлі жастағы топ оқушыларының қызығушылықтарына, бейімділіктеріне және мүмкіндіктеріне сәйкес бірыңғай ақпараттық-білім беруші кеңістікті құру;

- білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға жағдайлар жасау;

- бейіналды дайындық және бейінді оқытуды үйымдастыру арқылы оқушылардың ерте бейінділігін дамытуға жағдай жасау;

- шеберлік сабактарын, коучингтер мен семинарлар үйымдастыру арқылы мектептің әдістемелік бірлестігінде және пән кафедраларында «бірдейлерді өзара оқыту» (магниттік мектептердің мұғалімдерін оқыту) негізінде ресурстық орталықта (тірек мектебі) қызметті үйымдастыру.

Магнитті ШЖМ-нің оқу-тәрбие жоспарларын ескере отырып тірек мектебінде оқу-тәрбие жұмысының бірыңғай жоспарлары, бірыңғай жұмыс оқу жоспарлары, бірыңғай күнтізбелі-тақырыптық жоспарлау, әдістемелік жұмыстың жоспары, сессияаралық кезеңді жүргізу жоспары, тікелей сессияны жүргізу жоспарлары, қашықтықтан сессия өткізу жоспарлары, жобалық, зерттеушілік, бейінді бағыттағы арнайы курсардың бірыңғай бағдарламалары, оқытудың жеке маршруттарын әзірлейді және жүзеге асырады.

Тірек мектептер (ресурстық орталықтар) базасында шағын жинақты мектеп оқушыларына жылына үш рет (оқу жылының басында, ортасында және соңында) 10 қуннен оқу сессиялары (бастапқы – қазан айының бірінші онкүндігінде, сессияаралық – ақпан айының бірінші онкүндігінде және қорытынды сәуір айының үшінші онкүндігінде) үйымдастырылады.

Сессия басталғанға дейін магнитті ШЖМ білім алушыларын кіріспе тестілеп, оларды оқытудың жеке маршруттары анықталады, сессияаралық кезеңдегі жұмыс жоспарланады. Шағын жинақты мектеп оқушылары сессия кезінде оқу процесіне белсенді қатысады. Олар физика, химия, биология сабактарында толық жабдықталған кабинеттерде зертханалық жұмыстарды орындауга және ақпараттық технологияларды белсенді қолдануға мүмкіндік алады.

Биологияны оқыту кезінде зертханалық жұмыстарды тақырыптары бойынша біріктіру ұсынылады (мысалы, 6-сыныптағы 35 зертханалық жұмыстың кейбіреулерін «Өсімдік жасушасының құрылышы» бөлімі бойынша; «Тамыр», «Өркен», «Гүл, жеміс», «Гүлді немесе жабықтұқымды өсімдіктер», «Дара жарнақтылар класы» тараулары бойынша, «Саңырауқұлақтар дүниесі» бөлімі бойынша біріктіруге болады).

Сессияаралық кезеңде шағын жинақты мектеп оқушыларының оқутанымдық әрекеті тірек мектебі (ресурстық орталық) мұғалімдерінің қатысуымен және қашықтан оқыту технологияларының көмегімен жүргізіледі, сессияаралық кезеңде оку қындықтар аймағын жоюға жеке нұсқаулар беріледі. Магнитті мектеп оқушылары білімінің жоғарылауы мен кемшіліктерін айқын көруі үшін салыстырмалы талдау, мониторинг, графиқтер салынады, шағын жинақты мектеп оқушыларының оку қындықтар аймағын жою бойынша дербестігін белсендету мақсатында түзету жұмыстары жүргізіледі. Жеке оқыту маршрутын жүзеге асыру бойынша қорытынды сессияда білім алушының негізгі пәндері мен тандау курстары бойынша түйінді қындықтары анықталып, олардың дайындық деңгейі бағаланады.

Тірек мектебінде (ресурстық орталық) қазақ, орыс, шет тілдерін, информатика пәндерін оқытқанда, ырғақ, музика, дене шынықтыру, алғашқы әскери дайындық, технология сабактарында, сондай-ақ, бейінді пәндер бойынша зертханалық және тәжірибелік жұмыс жүргізгенде кіші топтарға бөлу рұқсат етіледі. Пәндер бойынша кіші топтарға бөлу сынып толымдығы – 20-25 адам, ал 8-11-сыныптарда – 15-20 адам болғанда тірек мектебі (ресурстық орталық) Үйлестіру кеңесінің шешімімен жүргізіледі.

Магнитті мектептердің оқушыларының тірек мектебінде оқыту деңгейіне байланысты білім беру процесін келесідей ұйымдастыру ұсынылады:

Магнитті мектептердің 1-4-сыныптары сырттай оқиды, яғни шығармашылық, зерттеушілік жобаларды орындауды, сайыстарға дайындалады және т.с.с. Жылына бір рет тірек мектебіндегі конкурстар мен конференцияларға қатысу үшін бара алады.

5-7-сыныптар магнитті және тірек мектептеріндегі пән мұғалімдерінің жетекшілігімен қашықтан оқытылады (магнитті және тірек мектептерінде МТБ жеткілікті, интернет болған жағдайда). Бұл үшін кафедралар немесе МӘБ отырысында жұмыс жоспарлары, тесттік тапсырмалар әзірленеді. Сонымен қатар, магниттік мектептің мұғалімдеріне, оқушыларына арналған онлайн семинарлар ұйымдастырылады.

8-11-сыныптар тікелей оқытылады және сессияларға шығады (бейіналды және бейінді дайындықтың ұйымдастырылуымен). Сессияаралық кезеңде сессиялық кезеңмен сабактастықты сақтай отырып жүргізу қажет. Берілген жұмыс тірек және магнитті мектептердің даму бағдарламасы мен шаралар жоспарына сәйкес ұйымдастырылуы керек.

7 МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мамандандырылған білім беру ұйымдары тілдерді, ғылым негіздерін, мәдениет, өнерді терең менгерген парасатты тұлға әлеуетін дамытуға бағытталған элитарлық білім беру іс-әрекеті қызметін ұйымдастыруда «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, ҚР ҚР МЖМБС-2012, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, сонымен бірге Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 27 қарашадағы №472 бұйрығымен бекітілген Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) басшылыққа алады.

Мамандандырылған мектептер (мамандандырылған мектеп, мамандандырылған лицей (мамандандырылған мектеп-лицей), мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп-гимназия)) (бұдан әрі – мамандандырылған мектептер) іс-әрекет қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Қағидаларға және олардың негізінде әзірленген жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

Мамандандырылған мектептер элитарлық білімді жалпы орта білім берудің бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары және олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары арқылы және оқытудың жоғарғы тиімділігін қамтамасыз ететін инновациялық педагогикалық технологияларды іске асыруы тиіс.

Үлгілік қағидаларға бойынша мамандандырылған мектептер білім беру процесін жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес білім берудің мынадай үш деңгейі бойынша жүзеге асырады:

- 1) бірінші деңгей - бастауыш білім беру;
- 2) екінші деңгей - негізгі орта білім беру;
- 3) үшінші деңгей - жалпы орта білім беру.

Мамандандырылған мектептерде білім беру процесін ұйымдастыру оқу жұмыс жоспарлары бойынша жүзеге асырылады.

Мамандандырылған мектептердің оқу жұмыс жоспарларын білім беру ұйымдарының әкімдігі бекітеді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен, білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдармен келіседі.

Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді және білім алушылардың тілдерді, ғылым, мәдениет, өнер, спорт негіздерін терең игеруіне, олардың шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Мамандандырылған мектептер оқу жоспарының вариативті бөлігі құрамына кіретін және бағыт ерекшелігін сипаттайтын оқу пәндері бойынша

жұмыстың оқу жоспары мен бағдарламаларын дербес жүзеге асырады.

Дарынды балалармен жұмыс бағдарламалары бойынша негізгі көніл аударылатын ерекшеліктер:

1. Бағдарламаны бұдан әрі жетілдіруге арналған тұрақты мониторинг жасау және олардың қажеттіліктерін ескере отырып дарынды балалармен кешенді, жеке жұмыс жүйесін әзірлеуді қамтитын жеке тұлғаға бағытталған бағдарламаны құру.
2. Жаратылыштану және гуманитарлық ғылым, математика, физика саласында дарындылықты дамыту бағдарламаларын енгізу.
3. Бағдарламаның маңызды ерекшелігі эмоциональды интеллект қалыптастыру жүйесі бойынша болу керек.
4. Метакогнитивтік оқыту, сонымен қатар, мәселені шығармашылықпен шешу және стратегияларды таңдауда барынша сын тұрғысынан ойлауды дамытуға шоғырландыру.
5. Оқу бағдарламалары зерттеу дағдыларын дамытуға, тәуелсіз және өзіндік оқытуға бағытталған когнитивтік және метакогнитивтік дағдыларды дамытуға жағдай жасауы керек.

Гимназияда, лицейде және бейіндік мектепте оқу жоспарларын, сабак кестелерін жасау кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы №179 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің құрылымы мен оны ұстау бойынша санитарлық ережелер мен нормаларды сактау қажет.

Біріктірілген білім беру бағдарламалары пәнаралық, деңгейаралық, халықаралық болып бөлінеді. Біріктірілген білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін білім беру саласындағы ғалымдар, академиктер, шетел мамандары тартылады.

Саралап және жекелеп оқыту міндеттерін шешу, оқушылардың зерттеушілік қызығушылығын дамыту үшін әрбір бейіндік пән бойынша әр сыныпқа аптасына 4 сағат есебінен қаражат, оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабактан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа 0,25 жүктеме бөлінеді.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарының ерекшеліктерін ескере отырып, дарынды балалар үшін мектепке жылына 1500 сағат есебінен жоғары білікті мамандармен шарттық негізде жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін қаражат бөлінеді. Ерекше дарынды оқушылармен бағдарламаларды жеделдетіп өткізуді ұйымдастырған жағдайда әр міндетті пән бойынша 0,25 жүктеме мөлшерінде қаражат бөлінеді.

Таңдау бойынша факультативтік сабактар және курстар топтарда кемінде 10 адам болғанда жүргізіледі.

Мамандандырылған мектептер олардың жарғысында белгіленген нысандар, құралдар және оқу әдісін өздігінен таңдай алады.

Мамандандырылған мектептер ішкі бейіндік пәндер, сондай-ақ, білім алушылардың сұрауы және кадр әлеуеті мүмкіндіктеріне сәйкес қолданбалы курстар және факультативтер саласындағы білімін анықтайды.

Мамандандырылған мектептерде сыныптарды қосымша бөлу жүйесі, икемді вариативті сабак кестесі, деңгейлеп бөлу жүйесі, кенес беру және тандау пәндері бойынша жұмыс жасауды жүзеге асыру толық күн тәртібінде жұмыс істеуді талап етеді.

Мамандандырылған мектептердегі сынып-комплектісінің саны әрбір деңгейде және сыныптарда білім алушылардың санына қарай тиісті жағдайлар бар болғанда қалыптасады.

Мемлекеттік және орыс тілін, ақпараттық-есептеу техника, ритмика, хореография, музыка, дене шынықтыру, технологияны зерделеу, сондай-ақ, зертханалық жұмыстарды жүргізу, бейінді пәндер бойынша практикалық жұмыстарды жүргізу барысында сыныптар 2 топқа бөлінеді; шет тілін және шет тіліндегі пәндерді оқу барысында – 3 топқа бөлінеді.

Оқушылардың оқу-тәрбие іс-әрекетін тиімді үйымдастыру үшін 10 сынып-комплектісіне 1 жалақы мөлшерінде психологиятің психологиялық қызметі құрылады, егер сынып-комплектісі көбейсе психологиятің жалақы мөлшерінің саны тиісті жылға қарастырылған жалақы қорына байланысты көбейтіледі.

Мамандандырылған мектептер өзінің бейініне сәйкес жоғары оқу орындарымен және басқа да ғылыми мекемелермен ынтымақтастықты жүзеге асырады. Вариативті және кәсіби бағдарланған арнайы курс оқу бағдарламалары жоғары оқу орнының тиісті кафедралармен келісіледі.

Мамандандырылған мектептер ақылы қосымша білім беру қызметтерін көрсетеді. Ақылы білім беру қызметтерінің орнына және бюджеттен қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметі шеңберінде тығым салынады.

Интернаттық мекемелері (мамандандырылған мектеп-интернат, мамандандырылған мектеп-лицей-интернат, мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат, мамандандырылған музикалық мектеп-интернат, мамандандырылған спорттық мектеп-интернат, мамандандырылған әскери мектеп-интернат, қазақ-түрік лицейі) бар мамандандырылған білім беру үйымдары (бұдан әрі – мектеп-интернатортар) қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Қағидаларға және олардың негізінде әзірленген жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

Мектеп-интернатортар дарынды балалардың ғылым, мәдениет, өнер, спорт, әскери іс негіздерін терең игеруіне бағытталған, элитарлық білім беруді қамтамасыз ететін, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырады.

Мектеп-интернат білім беру үдерісін жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес білім берудің мынадай үш деңгейі бойынша жүзеге асырады:

- 1) бірінші деңгей – бастауыш білім беру;
- 2) екінші деңгей – негізгі білім беру;
- 3) үшінші деңгей – жалпы орта білім беру.

Мектеп-интерната білім беру үдерісін оқу жұмыс жоспарлары бойынша жүзеге асырылады.

Мектеп-интернатының оқу жұмыс жоспарларын білім беру үйымдарының

әкімдігі бекітеді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен, білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган келістірледі.

Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде өзірленеді және білім алушылардың ғылым, мәдениет, өнер, спорт негіздерін терең менгеруіне, олардың шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Мектеп-интернаты оқу жоспарының вариативті бөлігі құрамына кіретін және бағыт ерекшелігін сипаттайтын оқу пәндері бойынша жұмыстың оқу жоспары мен бағдарламаларын дербес жүзеге асырады.

Біріктірілген білім беру бағдарламалары пәнаралық, деңгейаралық, халықаралық болып бөлінеді. Біріктірілген білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін білім беру саласындағы ғалымдар, академиктер, шетел мамандары тартылады.

Саралап және жекелеп оқыту міндеттерін шешу, оқушылардың зерттеушілік қызығушылығын дамыту үшін әрбір бейіндік пән бойынша әр сыныпқа аптасына 4 сағат есебінен қаражат, оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабактан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа 0,25 жутеме бөлінеді.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарының ерекшеліктерін ескере отырып, дарынды балалар үшін мектепке жылына 1500 сағат есебінен жоғары білікті мамандармен шарттық негізде жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін қаражат бөлінеді. Ерекше дарынды оқушылармен бағдарламаларды жеделдетіп өткізуі ұйымдастырылған жағдайда әр міндетті пән бойынша 0,25 жүктеме мөлшерінде қаражат бөлінеді.

Тандау бойынша факультативті сабактар және курстар топтарда кемінде 10 адам болғанда жүргізіледі.

Мектеп-интернаттар олардың жарғысында белгіленген нысандар, құралдар және оқу әдісін дербес белгілейді.

Мектеп-интернаттар ішкі бейін пәндері, сондай-ақ оқушылардың сұранысы және кадр әлеуеті мүмкіндіктеріне сәйкес қолданбалы курстар мен факультативтер саласындағы білімін анықтайды.

Сыныптарды қосымша бөлу жүйесі, икемді вариативті сабак кестесі, деңгейлеп оқыту жүйесі, кеңес беру және тандау бойынша пәндер арқылы жалпы орта білім беру деңгейінде бейінді саралауды жүзеге асыру мектеп-интернаттан толық күн жұмыс істеуді талап етеді.

Мектеп-интернаттардағы сынып-комплектілер саны әрбір деңгейде және сыныптарда оқытындардың саны тиісті жағдайлар бар болғанда қалыптасады.

Мемлекеттік және орыс тілін, ақпараттық-есептеу техника, ритмика, хореография, музика, дене шынықтыру, технологияны зерделеу, сондай-ақ зертханалық жұмыстарды жүргізу, бейінді пәндер бойынша практикалық жұмыстарды жүргізу барысында сыныптар 2 топқа бөлінеді; шет тілін және шет тілінде пәндерді оқу барысында – 3 топқа бөлінеді.

Оқушылардың оқу-тәрбие іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру үшін 10 сынып-

комплектісіне 1 жалақы мөлшерінде психологиялық қызметі құрылады, егер сынып-комплектісі көбейсе психологиялық жалақы мөлшерінің саны тиісті жылға қарастырылған жалақы қорына байланысты көбейтіледі.

Мектеп-интернат өзінің бейініне сәйкес жоғары оқу орындарымен және басқа да ғылыми мекемелермен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Мектеп-интернат ақылы қосымша білім беру қызметтерін көрсетеді. Ақылы білім беру қызметтерінің орнына және бюджеттен қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметі шенберінде көрсетілмейді.

8 АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Арнайы мектеп, арнайы сыныптардағы оқу-тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 Қаулысымен бекітілген Арнайы білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелерімен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 4 шілдедегі №258 бұйрығымен бекітілген даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің Типтік ережелерімен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 25 ақпандығы №61 бұйрығымен бекітілген мүмкіндігі шектеулі оқушыларға бастауыш, негізгі орта, жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарларымен, ал 1-сыныптарда ҚР БФМ № 233 бұйрығымен реттеледі.

Жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптар оқушылардың даму бұзылыстары түрлері бойынша сараланады:

- есту қабілеті бұзылған балалар үшін;
- көру қабілеті бұзылған балалар үшін;
- сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балалар үшін;
- тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалар үшін;
- психикалық дамуы тежелген балалар үшін (бұдан әрі – ПДТ) – қалыпты психикалық даму қарқыны бұзылған;
- зияты бұзылған балалар үшін (женіл және орташа деңгейдегі ақыл-ой кемістігі).

Үлгілік оқу жоспары оқу жүктемесін жалпы білім беретін пәндер, түзету курсары, еңбекке дайындық курсары және факультативтік сабактар арасында бөледі.

Есту қабілеті, көру қабілеті, тірек-қимыл аппараты бұзылған, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар және психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған Үлгілік оқу жоспарының инвариантты бөлігіндегі жалпы білім беретін пәндердің тізімі және олардың негізгі мазмұны ҚР МЖМС 1.4.002-2012 талаптарына сәйкес. Оқыту білім алушылардың психофизикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары негізінде әзірленген арнайы білім беру бағдарламаларын да және жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын да пайдалану арқылы іске асырылады.

2014 жылы бастауыш білім беру деңгейінің арнайы білім беру бағдарламалары келесідей бағыттарда әзірленіп, Академияның сайтына орналастырылды (www.nao.kz):

- 1) есту қабілеті бұзылған (естімейтін) оқушылар үшін;
- 2) есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) оқушылар үшін;
- 3) көру қабілеті бұзылған (көрмейтін, нашар көретін) оқушылар үшін;
- 4) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар оқушылар үшін;
- 5) психикалық дамуы тежелген оқушылар үшін;

- 6) жеңіл ақыл-ойы кем балалар үшін;
- 7) орташа ақыл-ойы кем оқушылар үшін.

Оқу процесінде арнайы оқулықтар мен ОӘК, сонымен қатар, жалпы бағыттағы мектептерге арналған оқулықтар мен ОӘК пайдаланылады. 0 (дайындық) және 10 сыныптар есебінен мектептегі оқу ұзақтығын арттыру білім алушылардың даму ауытқушылықтарымен байланысты оқу процесінде бағдарламалық материалды игерудің қыындығын ескеру қажеттілігімен, сондай-ақ, оқу процесінде түзету-оңалту іс-шараларына арнайы уақыт бөлу қажеттілігімен байланысты.

Зияты зақымдалған оқушыларға арналған Үлгілік оқу жоспарындағы бөлімдер мен оқу пәндерінің тізімі, сонымен қатар, оқу бағдарламалардың мазмұны мен оқулықтар ҚР МЖМС 1.4.002-2012 талаптарына бағытталмаған. Мектептегі барлық оқыту жылдары ағымында ақыл-ойы кем білім алушыларды оқыту арнайы бағдарламалар, оқулықтар және ОӘК бойынша іске асырылады.

Арнайы мектептің (сыныптардың) педагогтері сынып құрамын есепке ала отырып, оқулық, оқу құралдарын, дидақтикалық, түзету-дамытушылық материалдарды таңдау құқығына ие. Елдің арнайы мектептері үшін әзірленген оқулықтар мен ОӘК болмаған жағдайда РФ әзірленген және шығарылған оқулықтар мен дидақтикалық материалдарды пайдалануға болады.

Мүмкіндігі шектеулі оқушыларды оқытатын білім беру үйымдары білім мазмұнының ерекшелігін және білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып оқушылардың үлгерімі мен аралық аттестациялау формаларын, тәртібі мен ағымдағы бақылау жүргізу мерзімін анықтайды.

Үлгілік оқу жоспарының негізінде білім беру үйымы әрбір сынып үшін олардың мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып Оқу жұмыс жоспарын құрады. Үлгілік оқу жоспарының 15-20% сафаты оқушылардың ерекше оқытууды қажет етуіне сәйкес қайта бөлуге болады (үлгілік оқу жоспарындағы жалпы сафат саны аясынан шыкпай).

Білім беру үйінде оқытуын оқушылардың ата-аналарымен (немесе оларды алмастыратын тұлғалармен) бірге зерделенетін пәндер тізімін анықтайды, сыныптар бойынша олардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес үйде оқытуудың Үлгілік оқу жоспарында бөлінген сафат шегіндегі пәндер бойынша сафаттарды бөледі.

Арнайы мектептегі және арнайы сыныптардағы оқу-тәрбиелік процесс мектеп штатындағы мамандардың (арнайы психолог, логопед, арнайы педагогтар (тифлопедагог, сурдопедагог, олигофренопедагог, ЕДШ нұсқаушысы) психологиялық-педагогикалық қолдауымен іске асырылатын баланы зерделеудің психологиялық-медициналық-педагогикалық мәліметтеріне негізделе отырып, сарапанған және жеке ықпалды қолданумен іске асырылады.

Мамандардың өзара іс-әрекет нысаны мектептегі психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум болып табылады. Психологиялық-педагогикалық көмек көрсететін мамандардың жұмысы мектеп директорымен бекітілген желілік нормативтік актілермен реттеледі.

Арнайы мектептер мен арнайы сыныптардың оқушылары түзету-педагогикалық көмекті Үлгілік оқу жоспарының бөлімдеріне сәйкес бөлінген

сағаттар аясында психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары өткізетін фронтальды, топ бөлігінде және жеке сабактарда алады (түзету компоненті). Түзету сабактары барлық типтегі арнайы мектептер мен арнайы сыныптарда міндетті болып табылады. Түзету компонентінің пәндерін оқу жоспарының инвариантты компонентіндегі пәндермен алмастыруға, сондай-ақ осы сағат сандарын қысқартуға болмайды.

Арнайы мектептердегі жұмыс алдын-алу бойынша қажетті жағдайларды құратын, бұзылған қызметтердің орнын толтыратын және қажетті денсаулық сақтаушы педагогикалық режимді қамтамасыз ететін ұзартылған күн тәртібінде 0-4 сыныптарда, ал 5-9,10 сыныптарда мектеп басшылығы қарауымен ұйымдастырылады.

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушыларды еңбекке оқыту жұмыс кадрларына қажеттілігіне бағдарланған және психофизикалық дамуының жеке ерекшеліктерін, денсаулығын, мүмкіндіктерін, сондай-ақ еңбек профилін таңдау негізінде тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының мүдделерін ескере отырып өнірлік, жергілікті жағдайларға негізделе ұйымдастырылады. Типтік оқу бағдарламалар даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған еңбекке оқытуудың профилі бойынша немесе білім алушылардың білім алудағы ерекше оқытууды қажет етуін және еңбектің әрқылы профилін ескере отырып құрылған бағдарламалары бойынша қолданылады.

Кәсіби еңбекке үйрететін сабактар 5-сыныптан басталады, ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін 4-сыныптан басталады, ол екі топқа бөлінеді. Еңбек түрлеріне қарай топты жиынтықтау олардың психофизикалық жағдайы және мүмкіндігіне байланысты дәрігердің нұсқауымен іске асырылады. Қатар және шектес сыныптардағы оқушыларды топ бөлігіне біріктіру мүмкіндігі бар. Сабакты өткізу барысында әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау бойынша сынып екі топқа бөлінеді.

Есту қабілеті, көру қабілеті, тірек-қимыл аппараты бұзылған, сөйлеу тілі құрделі бұзылған, психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектептердің бітірушілері алған білім деңгейін растайтын мемлекеттік үлгідегі құжатқа ие болады. Ақыл-ой кемістігі бар (1 және 2 білім) бітірушілер аталған түрдегі арнайы білім беру ұйымының белгіленген үлгідегі күәлігін алады.

1. Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) оқушыларды арнайы мектепте (сыныпта) оқытуудың ерекшеліктері

Білім беру процесі деңгейлерге бөлінеді:

- бастауыш білім – 0, 1-4 сыныптар;
- негізгі орта білім - 5-10 сыныптар.

Мектепке дейінгі дайындықтан толық өтпеген балалар дайындық (0) сыныбына түседі. Арнайы мектепке дейінгі дайындықтың толық курсынан өткен балалар 1 сыныпқа барады.

Дайындық (0) және 1-7 сыныптарда оқыту арнайы бағдарламалар мен оқулықтар бойынша жүргізіледі. 8-10 сыныптарда білім алушылар жалпы білім беретін мектептің бағдарламалары мен оқулықтары бойынша білім алады, ондағы материал оқушылардың ерекше оқытууды қажет етуін ескере отырып бейімделеді және қайта бөледі. 5 сыныптан бастап қазақ әдебиетін зерделеу

орыс тілінде жүргізіледі (орыс тілді мектептер үшін). «Алгебра және «Геометрия» пәндерін оқыту 8 сыныптан бастап іске асырылады, өйткені естімейтін балаларға арналған арнайы оқу бағдарламасына сәйкес математика пәнін зерделеу 7 сыныпта аяқталады.

Оқу жоспарында міндettі түрдегі түзету пәндері ұсынылған:

1) «Заттық – тәжірибелік оқыту» (0-4 классы). Міндettі – жоғары психикалық қызметтерді қалыптастыру, тілді игеру, жалпы білім беру пәндері бойынша білімдерін менгеруге арналған база ретінде тұрмыстық түсініктерді игеру;

2) «Түзету ырғағы» (0-4 сыныптар). Міндettі – электроакустикалық аппараттарды қолдану арқылы естіп қабылдаудың қарқынды дамыту жағдайында қозғалысы мен сөйлеу тілін дамыту;

3) «Ұм-ишараптық сөйлеу тілі» (4-10 сыныптар). Міндettі – оқушының коммуникативтік қызметін қамтамасыз ету. ҚР естімейтін оқушыларды оқыту есту-көру негізінде іске асырылады, оқыту процесіндегі ыммен сөйлеу оқушыларға бағдарламалық материалды сапалы менгеруге көмектесетін көмекші құрал ретінде пайдаланылады;

4) «Ауызекі және тұрмыстық сөйлеу тілі» (4-10 сыныптар). Міндettі – еститін адамдармен қарым-қатынаста қолданылатын күнделікті қатынас сөз қорын, қарым-қатынас әрекетін дамыту;

5) «Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту және (ДАҚ және ЕҚД). Сабактарда ауызша сөйлеу тілі қалыптасады және қалдық есту арқылы сөйлеу дамиды.

0 мен 4-сыныпқа дейін ДАҚ және ЕҚД сабактары бір сыныпқа апталық жүктемемен 18 сағат көлемінде жүргізіледі. 5-6-сыныптарда жеке сабактарға бөлінетін апталық жүктеме аптасына 16 сағатты құрайды. Бұл кезеңде оқытуда сөйлеу дыбыстарын қою және машиқтандыру аяқталады деп болжамдалады және тек сөйлеу тіл дыбыстарын ажырату жүргізіледі және естіп қабылдауды дамыту және сөйлеуде өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастыру жұмысы жалғасады, сөйлеуде жүппен жұмыс жасау және әдіби мәтіндерді естіп қабылдау жұмысы басталады. 7-9-сыныптарда ДАҚ және ЕҚД бойынша сабактар аптасына 4 сағаттан (жүппен), 10-сыныпта 2 сағаттан жүргізіледі. Сөйлеуде өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастыру, сөйлеуде дыбысты шығару жағын түзеу, диалогиялық сөйлеумен жұмыс жасау жалғасады. Түзету циклінің сабактары күннің бірінші жартысында, сондай-ақ екінші жартысында топпен, топ бөлігінде және жеке жүргізіледі.

Негізгі мектептің жалпы білім беру бағдарламаларының курсын табысты менгерген оқушылар үшін жалпы орта білім мен мамандық алу мақсатында әрі қарай оқуды көсібі колледждерде, кешкі мектептерде жалғастыруға мүмкіндік бар.

2. Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) оқушыларды арнайы мектепте (сыныптарда) оқытудың ерекшеліктері

Білім беру процесі деңгейлерге бөлінеді:

- бастауыш білім – 0, 1-4-сыныптар;
- негізгі орта білім – 5-10-сыныптар.

Мектепке дейінгі дайындықтан өтпеген балар дайындық (0) сыныбына түседі. Арнайы мектепке дейінгі дайындықтың толық курсынан өткен балалар 1 сыныпқа барады.

Дайындық (0) және 1-4-сыныптарда оқыту арнайы бағдарламалар мен оқулықтар бойынша жүргізіледі. 5-10-сыныптарда сыныптарда білім алушылар жалпы білім беретін мектептің бағдарламалары мен оқулықтары бойынша білім алады, ондағы материал оқушылардың ерекше оқытуды қажет етуін және негізгі мектепте оқыту мерзімінің артуын ескере отырып бейімделеді және қайта бөледі.

Қалыптастырудың есту-көру негізін жасауға және оқушылардың ауызша сөйлеу тілін жетілдіруге мүмкіндік туғызатын есту қабілетін дамытуға, дыбыстардың айтылуымен жұмысқа, еріннен оқуға арнайы көніл бөлінеді.

Оқу жоспарына түзету курстары қосылған: «Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту» (0-10-сыныптар), «Түзету ырғағы» (0-7-сыныптар), «Айналамен таныстыру» (0-2-сыныптар). Түзету циклінің сабактары күннің бірінші жартысында, сондай-ақ екінші жартысында топпен, топ бөлігінде және жеке жүргізіледі.

Негізгі мектептің жалпы білім беру бағдарламаларының курсын табысты менгерген оқушылар үшін жалпы орта білім мен мамандық алу мақсатында әрі қарай оқуды кәсіби колледждерде, кешкі мектептерде жалғастыруға мүмкіндік бар.

3. Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін, нашар көретін, кейіннен көрмей қалған) оқушыларды арнайы мектепте (сыныптарда) оқытудың ерекшеліктері

Білім беру процесі деңгейлерге бөлінеді:

- бастауыш білім – 0,1-4-сыныптар;
- негізгі орта білім – 5-10-сыныптар;
- жалпы орта білім – 11-12-сыныптар.

Орта білім алу мерзімінің ұзартылуы төмендегі себептерге: көрмейтін және нашар көретін оқушылардың танымдық қызметінің ерекшелігіне; оқу қарқынының баяулығы және жалпы білім беру пәндеріне елестету олқылықтарын толтыру мен оқушылардың қоршаган орта туралы білімдеріне мүмкіндік беретін пропедевтикалық білімдерді қосу қажеттілігіне; көрмейтіндермен ақпарат алушың сукцессивті тәсілін пайдалануына (ұстап көру арқылы ақпарат алушы пайдалану); Брайль жүйесі бойынша жазу мен окуға үйретудің ерекшеліктеріне; рельефті суреттер және сызбаларды оқуға; тифлоприборларды және бақылау, тәжірибелік және лабораториялық жұмыстар жүргізу барысында кеңістікте бағдарлай алуға арналған құралдарды пайдалану қажеттілігіне байланысты.

Мектепке дейінгі дайындықтан өтпеген 6-7 жастағы балалар үшін дайындық (0) сыныбы ұйымдастырылады. 1-4-сыныптарда білім алушылардың функционалдық сауаттылық негізі және негізгі жалпы білім берудің кезекті бағдарламасын менгеру үшін база құра отырып, оларды қарым-қатынас пен оқу еңбегінің негізгі машиның мен дағдыларын қаруландыру қаланады.

Екінші сатыдағы оқыту 6 жыл ағымында іске асырылады. Осыған байланысты сынып оқушыларының ерекшеліктерін ескере отырып, пән мұғалімдерімен іске асырылатын әр оқу пәнінің аясында жылдық оқыту бойынша оқу материалын қайта бөлу жүреді.

11-12-сыныптарда профильді оқыту іске асырылады. Екі: жалпы-гуманитарлық және жаратылыстану–математикалық бағыттар жүзеге асырылады.

Бір немесе екі бағыттағы таңдау оқушылардың қажеттілігін және атап-аналардың сұранысын ескере отырып іске асырылады.

Білім беру процесінің түзету бағыты сабактарда жалпы білім беру пәндері бойынша, қалдық көруін және көріп қабылдаудың сақтау мен дамыту; әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау (ӘТБ), кеңістікте бағдарлау; мимика және пантомимиканы дамыту; сөйлеу тілі дамуының кемшіліктерін түзету (логопедпен сабактар); емдік дene тәрбиесі және түзету ырғағы бойынша арнайы түзету сабактарында қамтамасыз етіледі.

Факультативтік сабактардың сағаттары жалпы білім беру циклінің пәндерін оқытуда, жаңа пәндерді, қосымша білім беру модульдерін, арнайы курстар мен практикумдарды ендіруде, жеке және топтық сабактарды өткізуде, жеке білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда қолданылуы мүмкін. Көру қабілетінен айырылған оқушыларды оқыту Брайль шрифтімен шыққан жалпы білім беретін оқулықтар бойынша, ал нашар көретін оқушыларды ірі шрифтімен басылған оқулықтар бойынша оқыту іске асырылады.

4. Тірек-қозгалыс аппараты бұзылған оқушыларды арнайы мектепте (сыныпта) оқытуудың ерекшеліктері

Білім беру процесі деңгейлерге бөлінеді:

- бастауыш білім – 0, 1-4-сыныптар;
- негізгі орта білім – 5-10-сыныптар;
- жалпы орта білім – 11-12-сыныптар.

Мектепке дейінгі дайындықтан өтпеген 6-7 жастағы балалар үшін әрі қарай бастауыш мектепте оқытуға дайындық және психикалық даму деңгейін анықтау мақсатында пропедевтикалық-диагностикалық дайындық сынныбы ұйымдастырылады.

1-4-сыныптарда жалпы тапсырмалар мен кешенді түзету тапсырмалары шешіледі (балалардың барлық қозгалыс сферасын, сөйлеу тілін, танымдық қызметін қалыптастыру). Бірінші сыныпта жазу қимылдының дағдысын қалыптастыруға арнайы уақыт бөлінеді.

Ана тілін менгеру оқытуудың бастапқы сатысының тәжірибелік бағытымен қамтамасыз етіледі. Математиканы зерделеу барысында ойлауды дамыту ерекшеліктері, кеңістіктік ұғымдарының жеткіліксіз қалыптасусы ескеріледі.

Бейімдік дene тәрбиесі сабактарында бағалау нормативтері қалыптастырылмайды.

5-10-сыныптарда балаларда әлеуметтік-еңбекке бейімдеуді қамтамасыз ететін қимыл-қозғалыс, ойлау, сөйлеу дағдылары мен ептілігін дамыту бойынша түзету-қалыптастыру жұмыстары жалғасады.

11-12-сыныптарда профильді оқыту іске асырылады. Екі: жалпы-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттар жүзеге асырылады. Бір немесе екі бағыттағы таңдау оқушылардың қажеттілігін және ата-аналардың сұранысын ескере отырып іске асырылады.

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған оқушылар топ бөлігінде және жеке сабактарда түзету-педагогикалық қолдауға ие болады:

1) емдік дene тәрбиесі (ЕДШ) сабактары 2-3 адамнан тұратын топпен немесе жеке өткізіледі. Сабактың ұзақтығы – 45 минут. Сабактар күннің бірінші жартысында, сондай-ақ екінші жартысында жүргізілуі мүмкін;

2) тіл дамуының кемшіліктерін дамыту бойынша сабактарды ұқсас тіл бұзылыстары бар оқушылармен жеке немесе топтық түрде аптасына 2-3 рет логопед жүргізеді. Сабактар күннің бірінші жартысында, сондай-ақ екінші жартысында жүргізілуі мүмкін;

3) танымдық қызметті қалыптастыру және дамыту бойынша түзету сабактарында бағдарламалық материалды игеруге, қоршаған орта туралы білімін кеңейтуге, кеңістіктік және уақыттық ұғымдарын қалыптастыруға, графикалық дағыларды дамытуға, алдыңғы даму олқылықтарын толықтыруға және оқу материалын игеруге, бұзылған психикалық қызметтерді түзетуге, күрделі оқу материаловын меңгеруге дайындықты қамтамасыз етеді. Сабактың ұзақтығы – 20-25 минут.

Түзету сабактары күнделікті сабактардың мазмұны мен формасын қайталамауы қажет. Бастауыш сыныптарда сабактың бір бөлігі ойын формасында өткізу мақсатты.

Топтар (3-4 адамнан) оқушылардың сөйлеу тілінің, қимыл-қозғалысының және өзге де даму бұзылыстарының біртектілігі мен айқындығын ескере отырып жинақталады.

Білім алуышының топта болу ұзақтығы арнайы қындықтарды түзету дәрежесімен және тапсыналарды сыныппен бірге орындау дайындығымен анықталады. Топ құрамы ширақ болуы тиіс. Бір оқушы бір жылда әртүрлі топтардың құрамында болуы мүмкін. Факультативтік сабактарды анықтау барысында оқушылардың әлеуметтенуі және олардың даму кемшіліктерінің алдын-алатын, оқушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіруге ықпал ететін курстарды таңдау қажет.

5. Сөйлеу күрделі бұзылыстары бар оқушыларды арнайы мектепте (сыныпта) оқыудың ерекшеліктері

Білім беру процесі деңгейлерге бөлінеді:

- бастауыш білім – 0, 1-4-сыныптар;
- негізгі орта білім – 5-10-сыныптар.

Мектепке дейінгі дайындықтан өтпеген балалар дайындық (0) сыныбына түседі.

Мектепте төмендегідей оқушыларға арналған бөлімдер ашылуы мүмкін:

- ауыр деңгейдегі жалпы сөйлеу тілі дамымаған (алалия, дизартрия, ринолалия, афазия), сонымен қатар тұтықпамен қатар жүретін жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар;
- сөйлеу тілінің қалыпты даму барысындағы тұтықпаның ауыр формасы.

Кохлеарлы имплантацияға дейін 6 айдан кем емес үдайы есту аппаратын тағып жүрген 1 жастан 4 жасқа дейінгі кохлеарлы импланты бар балалар қабылданады. Оқытудың бірінші деңгейінде арнайы бағдарламалар, арнайы әдістемелік және дидактикалық материалдарды пайдалану қарастырылады. Негізгі сатыда балалар оқушылардың мүмкіндіктеріне бейімделетін мектептің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқиды.

Негізгі мектепте, әсіресе, күрделі бұзылыстары бар сыныптар үшін қазақ, орыс және шет тілдерін оқыту сағаттарын бөлгендеге вариативтілікке жол беріледі.

Сөйлеу тәртібін сақтай отырып, барлық сабактарда және сабактан тыс уақыттарда арнайы логопедиялық және түзету-педагогикалық қолдау көрсетіледі. Арнайы түзету курсарына мыналар жатады: қоршаған ортамен таныстыру, түзету ырғағы, дыбыс айту, сөйлеу тілін дамыту, жеке-топтық логопедиялық сабактар. Логоритмика элементтері бар міндетті оқу пәні «Түзету ырғағы» сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балалардың моторлық және сөйлеу моторлық даму ауытқушылықтарының алдын-алуға бағытталған.

Логопедиялық сабактар белгіленген сабактардың мазмұны мен формасын қайталамай, күннің екінші жартысында өткізуі тиіс. Оқушылар логопедиялық көмекті жеке, топ бөлігінде және фронтальды сабактарда алады.

Жеке сабактар: сөйлеу тілінің жүйелі бұзылыстары бар және артикуляциялық аппаратының құрылымы мен қозғалысы бұзылған (ринолалия, дизартрия) балалармен өткізіледі. Жеке сабактар аптасына кемінде 2 реттен кем емес өткізіледі. Сабактың ұзақтығы 20-25 минут. Топ бөліктеріне сөйлеу тілінің біртекті құрылымы бұзылған балалар бірігеді. 5-10 сынып оқушыларымен логопедиялық сабактарды ұйымдастырудың топ бөлігі формасы жетекші болып табылады. Сабактың ұзақтығы 40-45 минут.

Фронтальды сабактың ұзақтығы (0, 1-4-сынып) дайындық сыныбы мен бірінші сыныптың алғышқы жартысында 35 минутты, келесі сыныптарда 45 минутты құрайды. Негізгі орта буын оқушылары үшін қазақ және орыс тілдерін қосымша зерделеуге арналған факультативтерді ұйымдастыруға болады.

6. Психикалық дамуы тежелген оқушыларды арнайы мектепте (сыныпта) оқытудың ерекшеліктері

Білім беру процесі деңгейлерге бөлінеді:

- бастауыш білім – 0, 1-4-сыныптар;
- негізгі орта білім – 5-10-сыныптар.

Арнайы мектептерге (сыныптарға) церебральды-органикалық түріндегі психикалық дамуы тежелген балалар қабылданады. Арнайы сыныптарға дамуында ауытқушылық (ақыл-ойы кем балалар, сөйлеу, көру, есту қабілетінде бұзылыстары)айқын көрінетін балалар қабылданбайды.

Арнайы сыныптарға жинақтау оқытудың бастапқы деңгейінде – 0, 1 сыныптарда іске асырылады, 2 сыныпты да кіргізуге болады. Оқушыларды оқытудың кез-келген кезеңінде бұқаралық типтегі жалпы білім беретін сыныптарға кіріктіру, сондай-ақ, психикалық даму тежелісі айқын көрінетін екінші сатыдағы арнайы сынып жағдайында білім беруді жалғастыру мүмкіндігі қарастырылады.

Оқу күн тәртібі балалардың тез шаршағыштығына байланысты белгіленеді: ұзартылған күн тәртібі бойынша алғашқы ауысымда оқыту.

Екінші (қазақ немесе орыс) және үшінші (ағылшын) тілдерін зерделеу сынып оқушыларының сөйлеу тілінің даму деңгейін ескере отырып, бағдарламаны бейімдеу және оқушыларды оқыту әдістері қарастырылып іске асырылады.

Оқытудың бірінші сатысында арнайы бағдарламалар мен арнайы әдістемелік және дидактикалық материалдарды пайдалану қарастырылады. Негізгі сатыда оқушылар негізгі орта мектепте оқу мерзімінің артуына (1 жыл) байланысты мазмұны қайта бөлінетін жалпы білім беру мектебінің бағдарламалары бойынша білім алады, әрбір пән оқытушылары оқушылардың мүмкіндіктеріне бейімделеді.

Оқытудың түзету-дамытушы бағыты түзету пәндерінің жалпы білім беру циклі пәндерінің аясында, сонымен қатар, қосымша білім беру жүйесінде жүзеге асырылады. Басқа пәндермен тепе-тен қелетін пәндерге эмоционалдық-тұлғалық сферасын түзетуді іске асыруға мүмкіндік беретін және оқушылардың танымдық әрекеттерін белсендендерітін эстетикалық циклдегі пәндерді (музыка, сурет өнері, дene тәрбиесі) жатқызуға болады.

Бірінші және екінші сатыдағы оқу жоспарының түзету компоненті «Айналамен таныстыру және тіл дамыту», «Түзету ырғағы», «Тіл дамуының кемшіліктерін түзеу» (логопедтік сабак), «Білімдегі олқылықтарды толықтыру бойынша міндетті жеке және топтық түзету сабактары», «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» (ӘТБ). Арнайы кіріктірілген түзету курсы «Айналамен таныстыру және тіл дамыту» (0-1-сыныптар) баланың қоршаган орта туралы шынайы білімдері мен түсініктерін байытуға бағытталған. «Түзету ырғағы» түзету курсы (0-4-сыныптар) психикалық дамуы тежелген балалардың жалпы моторикасы мен қимылдының үйлесімділігіндегі даму ауытқушылықтарын алдын-алуға бағытталған. «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» өмірлік құзырет дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» пәні бойынша сабактар үшін сынып 2 топқа бөлінеді. Сабактар арнайы жабдықталған ғимаратта жүргізіледі.

Сабактар топ бөлігімен арнайы жабдықталған ғимаратта өтеді. Сабакта оқу бағдарламасын игеруде қыындықты сезінетін оқушылар үшін білім олқылықтарының орнын толтыруға арналған жеке және топтық түзету сабактары үйлемдастырылады. Сабактар жеке немесе оқудағы қыындықтарының ұқсастықтары негізінде топ бөлігімен (2-4 оқушыға) жүргізіледі. Бастауыш сынып оқушыларымен жеке және топтық түзету сабактарын сыныптың негізгі мұғалімі немесе дефектолог мұғалім өткізеді. Сабактың ұзақтығы 20-25 минут. Түзету сабактары күнделікті сабактардың мазмұны мен формасын қайталауда туиіс. Олар пәндік-тәжірибелік және балалардың ойын әрекетін қоса отырып, әртүрлі формалар мен оқушылардың әрекет түрлерін пайдалану арқылы жүргізіледі.

6-10-сыныптарда білім алушағы олқылықтарды толықтыру бойынша жеке және топтық сабактарға бөлінен сағаттар мен пән мұғалімдері арасында үлестіріледі. Қандай топта болсын білім алушының сабакта отыру уақыты

арнайы қыындықтарды түзету дәрежесімен және сыйыппен бірге тапсырмаларды орындау дайындығымен аныкталады. Топ құрамы ширақ болуы тиіс: балалардың бірін сыйыппен бірге жұмыс жасауға қосып, бірін қарқынды жеке көмек үшін топ құрамына қосу керек. Сол бір оқушы жыл ағымында әртүрлі топ құрамына кіруі мүмкін. Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар оқушылар үшін логопед жеке немесе топпен сабак өткізеді.

Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар оқушылармен логопед жеке-шағын топтық сабактар жүргізеді.

Жеке және топтық түзету сабактары оқушылардың максималды жүктемесі шегінде көрсетіледі. Типтік оқу жоспарында көрсетілген әрбір сыйыпта осы сабактарға бөлінген апталық сағаттардың саны (бірінші сатыда 4 сағат және екінші сатыда 3 сағат) әрбір жеке оқушының жүктемесіне емес, педагогтардың жүктемесіне кіреді. Әрбір оқушы үшін оқытуудың бірінше сатысында аптасына 40-60 минуттан, екінші сатысында 20-40 минуттан келеді.

Факультативтердің сағаттарын балалардың әлеуметтенуіне (Тіл және қарым қатынас мәдениеті. Өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыздандыру. Экономикаға кіріспе) немесе даму кемшіліктерінің алдын алуға (Сурет салу әрекеті. Қолданбалы мәдениет. Жүзу. ЕДШ), болмаса еңбекке дайындық бойынша қосымша сабактарға қолдану дұрыс болады.

7. Танымдық қабілеті бұзылған балаларды оқытуудың ерекшеліктері (женіл және орташа ақыл-ой кемістігі)

Ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқыту мақсаты – танымдық және эмоционалдық-тұлғалық аясындағы даму ауытқуларын түзету, білім беру және еңбекке дайындау құралдарымен дамыту, қогамдағы бітірушілерді келесідей кіріктіру үшін әлеуметтік-психологиялық оналту.

Дайындық сыйыбына сондай-ақ білім беру процесінде және тәрбиелеу жұмысында баланың диагнозын анықтау мен оны оқыту және тәрбиелеуді үйімдастыру формасының адекваттылығын айқындау мақсатында білім алуға дайындық деңгейі жеткіліксіз балалар қабылданады. Бірінші сыйыпқа 7-9 жастағы балалар қабылданады.

Оқыту 2 сатыда үйімдастырылады:

- бірінші саты – дайындық деңгейі (0, 1-4-сыныптар);
- екінші деңгей – 5-9-сыныптар.

Сәйкес материалдық-техникалық, бағдарламалық-әдістемелік және кадрлық шарттар болған жағдайда білім беру үйімдарында терең кәсіби-енбекке даярлау 10-өндірістік сыйыпта үйімдастырылады.

Бірінші деңгейде ақыл-оны кем оқушыны жан-жақты психологиялық-медициналық-педагогикалық зерделеу, оның мүмкіндіктері мен білім беру процесін үйімдастыру формасы мен әдістерін қалыптастыру және жеке ерекшеліктерін анықтау мақсатында іске асрылады.

Екінші деңгейде балалар тәжірибелік бағытқа ие және еңбектің әртүрлі профилі бойынша дағдылары бар жалпы білім беретін пәндер бойынша білім алады. Әлеуметтік бейімдеу мен кәсіби-енбекке даярлауға назар аударылады.

Дайындық және 1-сыныптарда баллдық бағалау болмайды. Оқушылардың білім алудағы алға басу нәтижесі олардың өнімді қызметіне талдау жасау

сөйлеу тілінің, жазба жұмыстарының, сурет салуының, қолдан жасалған ұсақтүйектерінің даму деңгейі негізінде анықталады.

Оқу процесі оқушыларға сарапанған және жеке ықпалды қолдану арқылы іске асырылады. Сарапанған ықпал негізінде ақыл-ойы кем оқушыларды (В.В.Воронкова бойынша) педагогикалық топтастыру жатыр. Осылан байланысты I-денгейдегі оқушылардың жетістіктерін баллдық бағалау критериалдық болып табылады және жеке мониторинг негізінде іске асырылады. II-денгейдегі оқушылардың жетістіктерін бағалауда білім беру процесін дараландыруға негіз болатын критериалдық сипаттап бағалау қолданылады (Ақыл-ойы кем балаларды критериалдық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдарды Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА сайтынан (www.nao.kz) қарауға болады).

5-9 сыныптарда математика сабактарынан 1 сағат геометрия элементтерін үйренуге бөлінеді.

«Түзету технологиясы» циклінің сабактары: «Түзету ырғағы», «Тіл дамуының кемшіліктерін түзету» (логопедиялық сабактар), «Танымдық әрекетін түзету», «Емдік дene тәрбиесі» күннің бірінші және екінші жартысында да жүргізіледі. Жеке және топ бөлігімен жүргізілетін түзету сабактардың ұзақтығы – 20-25 минут. Топ бөліктері сөйлеу тілі мен психофизикалық бұзылыстарының біртектілігіне байланысты жинақталады. Емдік дene тәрбиесі сабағына арналған топ дәрігердің нұсқауымен жинақталады. Түзету ырғағы бойынша сабактар топқа бөлінбей, фронтальды түрде жүргізіледі. Түзету компоненттерінің пәндері бойынша жетістіктерді бағалау баллмен бағаланбайды, ол сипаттама түрінде болады.

4-тен 6 сынып аралығында «Жалпы еңбекке даярлау» пәні ендіріледі.

7 және 9-сынып аралығында кәсіби бағыттағы еңбекке оқыту іске асырылады. Мектепке жеке еңбек түрі бойынша бағдарлама әзірлеу құқығы ұсынылады.

Жазғы еңбек тәжірибесі оқу жылышының аяқталысымен немесе оқу мерзімін ұзартқан жағдайда ағымдағы жылдық мөлшерлеме бойынша жүреді.

5-6-сыныптарда еңбек тәжірибесі мектеп базасында, 7-9-сыныптарда мектеп шеберханаларының базасында іске асырылады. Еңбек тәжірибесінен өткізу мерзімі мен тәртібі жергілікті жағдайларға байланысты мектеп Кеңесімен (педагогикалық кеңес) анықталады. Мектепте білім алу еңбекке оқыту бойынша емтиханмен аяқталады. Білім алушылар емтихандардан белгіленген тәртіп бойынша босатыла алады. Факультативтік сабактарға бөлінген сағаттар еңбекке оқыту сабактарына, түзету бағыттарына және т.б. пайдаланыла алады.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар саны жеткілікті болған жағдайда мектепте осы оқушыларға арналған арнайы сыныптармен екінші бөлім ашылады.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқыту атамыш категориядағы оқушыларға арналған Типтік оқу жоспары және оқу бағдарламалары бойынша іске асырылады. Оқу бағдарламалары ұсынымдық сипатта болады. Оқыту жеке оқу бағдарламалар бойынша іске асырылады. Ол баланы жарты жылдан

аспайтын мерзім аралығында сынып педагогының және мектеп консилиумы мамандарының баланы психологиялық-педагогикалық кешенді зерделеуі негізінде құрылады. Оқытудың жеке бағдарламасын жүзеге асыру уақытының аяқталуы бойынша әрбір оқушының жетістігіне талдау жүргізіледі және келесі жартыжылдық жоспар құрылады.

Педагог әрбір оқушының жеке мүмкіндігін және білім алудағы тұлғалық жетістіктері мен білім алу және тұлғалық жетістіктерін мониторигілеу нәтижелерін ескере отырып, оқытудың мазмұнын, әдістерін, формасын, дидактикалық құраларын өз бетінше таңдайды.

Екінші бөлім сыныптарын оқытудың мазмұны мыналарды: өзі туралы түсінігін, өзіне-өзі қызмет етуін және қамтамасыздандыру дағдысын, қоршаған орта және ортада бағдарлау туралы қолжетімді түсініктерін, қарым-қатынас жасай алуын, пәндік-тәжірибелік және қолжетімді еңбек қызметін, тәжірибелік бағыттылығына ие және тәрбиеленушілердің психофизикалық мүмкіндіктеріне сәйкес жалпы білім беретін пәндер туралы білімін қалыптастыруға бағытталған.

Бірінші сатыда оқу процесі пәнсіз оқыту негізінде үйымдастырылады: барлық сабактар кіріктірілген сипатқа ие және білім алушылардың жалпы (қарым-қатынас, қимыл, сөйлеу, сенсорлы) дамуына бағытталған. Оқушылардың жеке дамуын алға бастыру шаралары пәндік оқытуға өтумен іске асырылады.

Екінші бөлімде оқыту мектеп ресурстары мен оқушылардың психофизикалық даму ерекшелігін ескере отырып, еңбектің қарапайым түрлеріне үйрету үйымдастырылады. Еңбекке оқыту профилі баланың психофизикалық ерекшеліктерін, дәрігердің ұсынысымен және мектеп мүмкіндіктерін ескере отырып жеке анықталады. Қажет болған жағдайда еңбекке оқыту профилі өзгеруі мүмкін. Еңбекке дайындық пәндері бойынша бітіру емтиханын 2-бөлім оқушылары тапсырмайды.

Зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы мектептің (сыныптың) оқушылары екінші жылға қалдырылмайды.

Зияты зақымдалған оқушыларға арналған арнайы мектеп (сынып) бітірушілері облыстың (қаланың) білім басқармасы органдарының келісімімен мектепте әзірленген форма бойынша мемлекеттік ұлгідегі куәлікке ие болады.

9 ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЖҰЗЕГЕ АСЫРАТЫН ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жаңа оқу жылындағы инклюзивті білім беруді жүзеге асыру ерекшеліктері келесідей факторлармен байланысты:

– «Білім туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу (КР 2015 жылғы 13 қарашадағы № 398-V «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы);

– Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту (Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздың № 205 Жарлығы);

– Бастауыш білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндепті стандартын жаңарту (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдең № 327 Каулысы);

«Білім туралы» заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың нәтижесінде инклюзивті білім беруге қатысты қолданылатын терминдер мен ұғымдар халықаралық қауымдастықпен қабылданған түсіндірме мен нақты сипатқа ие болды.

Мысалы, жаңадан енгізілген «ерекше білім беруге қажеттілік» термині тек мүмкіндігі шектеулі балаларға ғана емес, сонымен бірге емханада немесе үйде ұзақ мерзімге емделетін оқушыларға, міnez-құлқында эмоциялдық проблемалары бар балаларға, жағдайы тәмен отбасынан шыққан балаларға, жетім немесе ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға, озырылых көрген балаларға да және т.б. қатысты тиімді қолданылатын болды.

Жаңа түсіндірме бойынша «инклюзивті білім беру» - бұл ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алушына тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін процесс. Аталған анықтама жалпы білім беретін мектеп жағдайында барлық балаларды оқыту үшін оңтайлырақ тәсіл ретінде халықаралық қауымдастықпен танылған білім берудегі инклузияның мәнін ашады. Бұл жағдайда инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын ұйымдар ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларды қамтуды, соның ішінде мигрант, оралман балалар, сондай-ақ қоғамға әлеуметтік бейімделуі қын балалар сияқты басқа да санаттағы білім алушыларға сапалы білім берудің тең қолжетімділігін қамтамасыз етуді кеңейтуі мүмкін.

Бастауыш мектепте ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысына сәйкес КР БФМ 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бүйрүғымен бекітілген арнайы оқу бағдарламалары бойынша оқиды.

Қазіргі уақытта негізгі және жоғарғы мектеп оқу бағдарламалары КР БФМ 2014 жылғы 25 ақпандағы № 61 бүйрүғымен бекітілген Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленді.

Инклюзивті білім беретін мектептердегі оқу процесін ұйымдастыру. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқыту және оларды психологиялық-педагогикалық түзете қолдау:

- 1) инклюзивті оқыту сыныптарында;
- 2) жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптарда іске асырылады.

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушыларды жалпы білім беруге қосу нысандары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің ұлгілік қағидаларында» баяндалған.

Жалпы білім беретін ұйымдарға қосылған ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша, сондай-ақ ҚР МЖМБС негізінде жасалған арнайы білім беру бағдарламалары бойынша ГМПК (психологиялық-медицинская-педагогикалық консультация) ұсынымдарына сәйкес білім алады. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу бағдарламасын менгерудің ерекшеліктеріне байланысты мұғалім олар үшін бағдарламаларды ҚР МЖМБС аясында бейімдей алады.

Білім беру ұйымдарында балалардың денсаулығын сақтау, сондай-ақ білім алушылардың ерекше білім алу және қосымша білім беру қызметтерін алудағы олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жайлы жағдай құру қамтамасыз етіледі.

Сабактар ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқытуға жеке ықпалды қолдану арқылы жүргізіледі.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының педагогикалық көнеспі жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын бекітеді.

Инклюзивті және арнайы сыныптардағы ерекше білім беруге қажеттіліктері бар барлық білім алушыларға арналған түзету сабактарын психологиялық-педагогикалық қолдаудың Жеке бағдарламаларымен сәйкес мамандар іске асырады.

Оқытудың түзете-дамыту бағыттылығы жалпы білім беретін цикл пәндері, түзету пәндері аясында, сондай-ақ қосымша білім беру жүйесінде іске асырылады.

Жалпы білім беретін мектептегі арнайы сыныптар жұмысы ұзартылған күн тәртібінде ұйымдастырылады, яғни бұзылған қызметтерді еңсеру мен орнын толтыру және қажетті денсаулық сақтаушы педагогикалық режимді қамтамасыз ету бойынша қажетті жағдайларды құру. Қажет болған жағдайда, ұзартылған күн тәртібіне жалпы білім беретін сыныптардың ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылары да қатыса алады.

Психологиялық-педагогикалық қызмет жұмысын ұйымдастыру үшін инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының штатында келесі мамандардың болуы ұсынылады: психолог, арнайы педагогтар

(тифлопедагог, сурдопедагог, логопед, олигофренопедагог), ЕДШ нұсқаушысы, әлеуметтік педагог.

Жоғарыда аталған мамандар болмаған жағдайда ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға түзету-педагогикалық қолдау психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде және оңалту орталықтарында көрсетіледі.

Мигрант, оралман балаларды оқу-тәрбие процесіне кіріктіру және қазақ тілі мен орыс тілдерін меңгерту мақсатында қосымша сабактар, тілдік үйірмелер, факультативті сағаттар ұйымдастырылады. Оларға қолдау қызметі мамандарының психологиялық-педагогикалық және тілдік көмек жасауды қажетті шарт болып табылады.

Инклузивті білім берудің мақсаттары мен міндеттеріне тиімді жету үшін жалпы білім беретін мектептер оралмандарды бейімдейтін және кіріктіретін орталықтармен, ресурстық орталықтармен, кәмелеттік жасқа толмағандарды бейімдейтін орталықтармен, арнайы білім беру үйимдарымен, сондай-ақ, ПМПК, оңалту орталықтары және психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерімен өзара әрекеттестікті ұйымдастырады.

Мұғалімдерге арналған ұсынымдар

Тіл мен әдебиет пәндерінің мұғалімі оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілі кемшіліктерін ескеріп, сөздердің дұрыс дыбысталу, сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық жағы, байланыстырып сөйлеу дамуының деңгейіне назар аударған жөн. Сонымен қоса мұғалімге жасына сай түрмистық міндеттерді шешу үшін балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін қолдану іскерлігін дамытқан дұрыс.

Математика және жаратылыштану пәндерінің мұғалімі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың танымдық әрекеті мен эмоциялық-ерік саласындағы ерекшеліктерін ескеру қажет.

Адам және қоғам білім саласына қатысты пәндердің мұғалімі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытуда оларды қоғамға бейімдеу және мінез-құлықтарын түзету үшін бұл пәндердің жағымды әлеуметтендірушілік және тәрбиелік әлеуеттерін ескереді.

Музыка және бейнелеу өнері пәндерінің мұғалімі тірек-қымыл аппараты және сөйлеу, есту, көру бұзылыстары бар балаларды оқыту процесіндегі қыындықтарын, оңтайлы психологиялық-эмоциялық күйге келтіруін, жалпы және ұсақ моториканы дамытуын және танымдық іс-әрекетін белсендіруін ескерген жөн. Сонымен қоса, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларда жасырын таланттар мен шығармашылық әлеуетін таныту ықтималдығы жоғары болғандықтан, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көніл бөлген маңызды.

Технология пәнінің мұғалімі жеке тәсілдерді қолдану және женілдетілген тапсырмалар беру арқылы білім алушылардың сенсорикасын (сезімталдығын) және ұсақ моторикасын, танымдық әрекеті мен қабілеттерін ескерген дұрыс.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі тірек-қымыл аппаратындағы бұзылыстарын ескеріп, жалпы және ұсақ моторикасына назар аударуы, сонымен бірге, мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың денсаулығын нығайту мен дене дамуына арналған арнайы жаттығуларды жоспарлауы қажет. Сонымен

қатар, сабак өткізу кезінде есту, көру бұзылыстары бар балалардың ерекшеліктерін ескеру (анық және нақты командалар беру, әрекеттерді арнайы көрсету және т.б.) және емдік дene шынықтыруды үйымдастыру керек.

Инклузивті білім беруді жүзеге асыратын үйымдардағы тәрбие процесінің ерекшелігі мектеп деңгейінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға толерантты қарым-қатынасты тәрбиелеу, сондай-ақ негізгі құндылықтармен таныстыру, білім беру процесінің барлық субъектілерінің инклузивті білім беруге жағымды көзқарасын қалыптастыру, ересектердің ұстанымын «ерекше балаларға» өзгерту болып табылады.

Инклузивті білім беруді жүзеге асыратын мектептердегі тәрбие процесі дені сау балалар мен олардың өз балалары және ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды бірге оқыту тәжірибесіне жағымды қарым-қатынас танытпайтын ата-аналарының психологиялық дайын болмауының алдын-алуға арналған тақырыптық сынып сағаттарын қарастырады.

Сондай-ақ тәрбие, мәдени-іс-шараларды, спорттық-сауықтыруши және басқа да бос уақыттағы іс-шараларды жүргізуде барлық ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың, оның ішінде даму бұзылысының айқындық дәрежесіне байланыссыз мүмкіндігі шектеулі балалардың қатысуын қамтамасыз ету ұсынылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау

2016-2017 оқу жылында 1 сынып білім алушыларының оқыту процесі бастауыш білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы КР МЖМБС-2015 және ҮОЖ-ға сәйкес іске асырылады. Осыған байланысты, мүмкіндігі шектеулі балалар болған жағдайда оқу жетістіктерін бағалау жүйесі қолданылады.

Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды бағалау кезінде КР МЖМБС-2015 көрсетілген білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға бағдарлануы қажет. Алайда, кейбір білім алушыларда бағдарламаны менгеру мерзімі ұзағырақ, оның нәтижесінде олар қалыпты дамыған балалардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіне сәйкес келетін деңгейге жетеді.

Білім беру саласында мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары және олар орындауы қажет міндеттері тен болуы маңызды. Осы орайда, олардың жетістіктерін бағалаудың негізгі мазмұны шектеуді, яғни бұзылысты (көру, есту, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, әлеуметтік-эмоциялық сала) ескере отырып қалыпты дамыған құрбыларымен бірдей болуы қажет. Бұл жағдайда бағалануы керек:

– арнайы оқу дағдыларының қалыптасқандығы, мысалы, көру бұзылыстары бар балалардың Л. Брайль шрифтін менгеріп және/немесе тегіс баспалы шрифтпен жазу мен оқу;

– білім беру салалары бойынша құзыret: ауызша және жазбаша коммуникацияны қолдану, саналы оқу мен жазуға қабілетті болу; математикалық білімнің элементтерін практикалық қолдану іскерлігі, олардың өмірге қажетті мәнін түсіну және т.с.с.;

– әлеуметтік-тұлғалық нәтижелерді бағалау: өз күшін адекватты бағалай алу, физикалық жүктемеде, медициналық препараттарды қолданғанда, аз таныс

заттық-кеңістіктік ортада (бөлмеде, көшеде) өз бетінше қозғалу кезінде ненің болатынын және болмайтынын түсіну.

Жалпы білім беретін мектептің ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлектері, оның қатарында есту, көру қабілетінде, тірек-қимыл аппаратында бұзылыстары бар және құрделі тіл кемістігі бар, психикалық дамуы тежелген тұлектер алған білім деңгейін растайтын мемлекеттік үлгідегі құжат алады.

Білім беру ресурстары мен технологиялары

Қазақстанда инклузивті білім беруді ғылыми-әдіснамалық және оқу-әдістемелік қолдау мақсатында бірқатар әдістемелік ұсынымдар мен құралдар әзірлену үстінде. Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА әзірлеген ғылыми-әдіснамалық және оқу-әдістемелік ресурстар академияның сайтында мына сілтеме бойынша қолжетімді <http://nao.kz/blogs/fromorg/2/22>:

1. Қазақстан Республикасында инклузивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері.
2. Инклузивтік білім беруде әдіснамалық және оқу-әдістемелік сүйемелдеу бойынша тәсілдеме ұстанымдарын табысты ендірудің әлемдік тәжірибесін талдау.
3. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдар.
4. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мезімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар.
5. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру процесіне енгізу үлгілерін дайындау. Әдістемелік ұсыныстар.
6. Білім беру ұйымдарының тәжірибесіне инклузивтік педагогика мен енгізу жүйесінің қағидаларын дайындау. Әдістемелік ұсынымдар.
7. Инклузивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктеріне қойылатын талаптарды дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар.
8. Мектептік консилиумдар құру және ерекше қажеттіліктері бар балаларға интенсивті, кең және арнайы қолдау көрсету.

10 КЕШКІ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кешкі (аудиосымды) мектеп және күндізгі мектептер жанындағы кешкі бөлімдер жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын, сондай-ақ өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне қарай – қосымша білім беру бағдарламаларын іске асырады.

Кешкі мектепте және күндізгі мектептер жанындағы кешкі бөлімдерінде білім беру күндізгі оқу нысаны бойынша (сыныпта 15 бен 18 жас аралығында 20 білім алушы), сырттай оқу нысаны (10-15 білім алушы) және сырттай жеке оқу тобы (сыныпта 9 білім алушы) бойынша жүзеге асырылады.

Ерекше жағдайларда және талапқа сай шарттар болған жағдайда, кешкі мектепте қашықтықтан оқыту технологиясы жүзеге асырыуы мүмкін.

Оқытуудың барлық нысандары бір білім беру үйімдің шеңберінде жүзеге асырылады.

Кешкі мектептегі оқу жылышының ұзақтығы күндізгі оқу нысаны бойынша – 34 апта, сырттай оқу нысанында – 36 аптаны құрайды.

Күндізгі оқу нысаны бойынша оқушыларды аттестаттау жарты жылдықтар бойынша жүзеге асырылады.

Сыныпта 20 және одан да көп білім алушы болған жағдайда тек күндізгі оқу нысаны бойынша қазақ тілдінде емес мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін, қазақ тілді мектептерде орыс тілі мен әдебиетін, шет тілдері және информатиканы кіші топтарға бөліп оқыту жүргізіледі.

Мектепте білім беру процесін үйімдастыру жалпы білім беретін оқу бағдарламаларымен, оқу жұмыс жоспарымен реттеледі.

Кешкі мектептің оқу жоспарында тек негізгі пәндерді сағат санын қысқарта отырып оқыту қарастырыған. Технология, бейнелеу, дене тәрбиесі сабактары оқытылмайды. Эр сыныпта оқыту аптасына 3-4 күнде жүзеге асырылады.

Кешкі мектеп жылдық күнтізбелік оқу кестесін белгілеуде, бағалауда жүйесін, білім алушыларды аттестаттау тәртібі мен мерзімін таңдауда дербес.

Жазба жұмыстарының орындалуына қойылатын талаптар:

«Тіл және әдебиет» білім саласы

Жазба жұмыстары пән бойынша:

«Қазақ тілі», «Орыс тілі» пәндері бойынша тоқсанына бір рет жүргізіледі, оқу жылышында - 1 жазба жұмысы.

Қазақ және орыс тілдері бойынша мазмұндама – жылыша 2 рет.

Қазақ және орыс тілдері бойынша шыгарма – жылыша 2 рет.

Қазақ және орыс тілдері бойынша тест жұмысы – жылыша 2 рет.

Қазақ және орыс әдебиеті бойынша шыгарма – жылыша 3 рет.

Шет тілі бойынша тест жұмысы – жылыша 4 рет.

«Математика және информатика» білім саласы

«Алгебра», «Геометрия», «Физика» пәндері бойынша бақылау жұмыстары тоқсанына бір рет жүргізіледі, оқу жылының басында - 1 бақылау жұмысы.

«Физика» пәні бойынша зертханалық жұмыстар:

8-сынып – жылына 10;

9-сынып – жылына 4;

10-сынып – жылына 4;

11-сынып – жылына 4.

«Физика» пәні бойынша тәжірибе жұмыстары:

8-сынып – жылына 4;

9-сынып – жылына 8.

«Информатика» пәні бойынша тәжірибе жұмыстары – әр сыныпта жылына 4 рет.

«Жаратылыштану» білім саласы

«Химия» пәні бойынша бақылау жұмыстары тоқсанына бір рет жүргізіледі, оқу жылының басында - 1 бақылау жұмысы.

«География» және «Биология» пәндері бойынша бақылау жұмыстары – жылына 2 рет (тест түрінде).

«Биология» пәні бойынша зертханалық жұмыстар:

8-сынып – жылына 8;

9-сынып – жылына 4;

10-сынып – жылына 4.

«Химия» пәні бойынша зертханалық жұмыстар:

8-сынып – жылына 4;

9-сынып – жылына 4;

10-сынып – жылына 4;

11-сынып – жылына 4.

«Химия» пәні бойынша тәжірибе жұмыстары:

8-сынып – жылына 2;

9-сынып – жылына 2;

10-сынып – жылына 2;

11-сынып – жылына 2.

«География» пәні бойынша тәжірибе жұмыстары:

8-сынып – жылына 4;

9-сынып – жылына 4;

10-сынып – жылына 4;

11-сынып – жылына 4.

Кешкі мектептің тәрбие жұмысы әлеуемттік жағдайы төмен көмілеттік жасқа толмаған жасөспірімдерді оңалту, бейімдеу, әлеуметтендіру және тұлға ретінде дамытуға бағытталған, яғни оқушыларға тәрбие жүйесінің ықпалы, негізінен, оқушылардың бойындағы адамгершілік және құқықтық (девиантты) тәртібін түзетуге бағытталған.

Кешкі мектептің және күндізгі мектептер жанындағы кешкі бөлімдердің негізгі міндеті – түрлі себептермен күндізгі мектепте, колледждерде оқи алмаған, мысалы, педагогикалық бақылаусыз қалу, ауру себептері, оқуға деген ынтасының болмауы, отбасындағы ауыр түрмис жағдайы және т.б. байланысты келген «қын» жасөспірімдерді әлеуметтік-психологиялық оңалту және бейімдеу болып табылады.

Кешкі мектептің ерекшеліктерінің бірі – «проблемалық (қын)»: нашар оқытын және тәрбиелеуге қын балалармен жұмыс. Олар жұмысқа қабілеттерінің тәмен болуы, оқуға ынтасының болмауы мен тәртіпсіздігімен ерекшеленеді.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

- Қазақстандық патриотизм мен азаматтылыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

- Рухани-адамгершілік тәрбиесі.
- Салуатты өмір салты;
- Этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісім тәрбиесі;
- Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу;
- Кәмелетке толмағандар арасында экстремизмнің және лаңкестік алдын алу;
- Кәмелетке толмағандар арасында нашақорлық, токсикомания, маскунемдіктің, темекі тартудың алдын алу;
- жасөспірім қыздың тәрбиесі;
- оқушыларға кәсіби бағдар беру;
- ата-аналармен әлеуметтік әріптестік.

Кешкі мектептің және күндізгі мектептер жанындағы кешкі бөлімдердің ерекшеліктеріне сай оқу үдерісі мен мектепшілік бақылауды тиімді үйімдастыру үшін мектеп әкімшілігі үшін тәмендегі нормативтер бекітілген:

36-кесте

№	Бақылау нысанасы	Нормасы
1	Сабактарға және сыныптан тыс іс-шараларға қатысу және оларды талдау	Аптасына 1 сабак, жылына 34 сағат (директордың орынбасарлары үшін); 2 аптада 1 сабак, жылына 17 сағат (мектеп директорлары үшін).
2	Сынып журналдарын тексеру	Тоқсанына 1 рет
3	Пәндер бойынша оқу бағдарламаларының орындалуын тексеру	Тоқсанына 1 рет
4	Оқушылардың жеке іс құжаттарын тексеру	Жылына 2 рет
5	Пәндер бойынша тақырыптық және күнтізбелік жоспарларды тексеру	Жылына 2 рет
6	Алфавиттік кітапты тексеру	Жылына 2 рет

Кешкі мектеп және күндізгі мектептер жанындағы кешкі бөлімдер кәсіпорындармен уағдаластық бойынша, қосымша білім беру қызметін, оның ішінде ақылы қызмет ретінде білім алушылардың кәсіптік дайындық жұмысын жүргізе алады.

Сырттай немесе кешкі оқыту сабактарын сессиялық режимде ұйымдастыру кезінде сессиялардың уақытын Мектептің педагогикалық кеңесі белгілейді.

Негізгі орта және жалпы орта білім беру курсары бойынша бағдарламаларды менгеру бітірушілерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады. Кешкі мектеп бітірушілеріне олар қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін тиісті білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

Кешкі мектептегі білім беру процесін жетілдіру мақсатында Әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктер, психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық қызмет құрылады. Олардың қызметі мектеп Жарғысында және қолданыстағы білім беру саласындағы заңнамада белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

11 ПИЛОТТЫҚ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН АПРОБАЦИЯДАН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасындағы Білім беру мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында І.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бірлесе отырып, орта білім мазмұнын жаңартуда алдымен «НЗМ» ДББҰ тәжірибесін республиканың жалпы білім беретін мектептеріне жүйелі бейімдеумен тарату бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2016-2017 оқу жылында 30 pilotтық мектептердің 2-сыныптарында ҚР МЖМБС-2015, білім мазмұны жаңартылған үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларының, байқау оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерінің, оқу жетістіктерін бағалаудың критерналдық жүйесінің аprobациясы, эксперимент режимінде оқыту сапасына тұрақты түрде мониторинг жүргізу жалғасуда.

Эксперименттік pilotтық мектептер аprobация және жаңарған оқу бағдарламалары мен жоспарларын енгізу процесі барысында «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 Қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандартын, ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі №157 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш мектептің оқу бағдарламаларын аprobациядан өткізу және енгізу туралы ережені» және «Бастауыш мектептің оқу бағдарламаларын енгізетін 30 pilotтық мектеп педагогіне консультативтік қолдау көрсету үшін Үйлестіру кеңесін құру туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі №160 бұйрығын басшылықта алады.

2-сыныптың оқу бағдарламалары оқушылардың нақты оқу мақсаттарына қол жеткізуіне бағдарланған және білімнің белгілі бір көлемін алуды, сондай-ақ оларды оқудағы және өмірдегі проблемаларды шешуде қолдану дағдыларын дамытуда қолдануды білдіреді.

Білім мазмұнын жобалау күрделендіру принципі бойынша 2-сыныптағы пәннің мазмұны оқушылардың білімі мен білігін сыйыптар және тақырыптар бойынша біртіндеп кеңейтуге, қарапайымнан күрделіге көшуге мүмкіндік береді.

Бұл орайда, барлық бағдарламалар оқушыларға «қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек және шығармашылық», «кашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды менгертуге бағытталғанын ескеру қажет.

Pilotтық мектептердің 2-сыныптарында «Математика», «Жаратылыстану» (жаратылыстану ғылымдарының негіздері), «Дүниетану» (қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарының негіздері), ««Қазақ тілі (T2)», «Орыс тілі (Я2)», «Ағылшын тілі», «Өзін-өзі тану», «Дене шынықтыру» оқу пәндерін оқыту жалғасуда.

Екінші сыйыпта, «Бейнелеу өнері» және "Еңбекке баулу" пәндерін қамтитын, кіріктірілген "Көркем еңбек" пәнін оқыту басталады. Бұл pilotтық

мектептердің оқушылары жалпы орта білім беру мектептерінің оқушыларымен тең болу үшін жасалған. Әйткені 1-сыныпта осы пәндер сарапанып оқытылған.

Оқу пәндері мазмұнының әдістемелік ерекшеліктері:

1) Қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілін, орыс тілді емес мектептерде орыс тілін және ағылшын тілін деңгейлік оқыту. 2-сыныпта тілдерді оқыту барысында сөйлеу қызметінің төрт: тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдысын дамытуға арналған коммуникативтік тәсілді күшету қажет. Екінші, үшінші тілдерді оқытуудың онтайлы тұстары сөздік қорын кеңейтуге, кіріктірілген тілдік тақырыптардың аясында коммуникативтік дағдыларды пысықтауға мүмкіндік беретін бірыңғай сөйлеу-тақырыптық режимін енгізу болып табылады. Пәндерді оқыту CEFR (тілдерді менгерудің жалпыеуропалық рамкасы) сәйкес жүзеге асырылады;

2) «Орыс тілі және әдебиеті» кіріктірілген оқу пәндерін оқыту сөйлеу қызметінің төрт түрін (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) менгеруге; лексика, фонетика, грамматика туралы алғашқы білімді дамытуға; сауатты жазу мен оқу білігін менгертуге; оқушылардың сөйлеуін жетілдіруге; оқығанның мазмұнын түсінуге, негізгі ойды бөліп көрсету білігін, саналы түрде оқуды дамыту мен қалыптастыруға; халық ауыз шығармашылығының түрлі жанрлары мен әдеби шығармалар туралы алғашқы білім алуға бағытталған.

37-кесте. 2-4 сыныптардағы жазба жұмыстарының түрлері және көлемі

Жұмыс түрлері	2-сынып		3-сынып		4-сынып	
	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық
Сөздік диктант	3-5 сез	5-7 сез	7-9 сез	9-12 сез	10-12 сез	12-15 сез
Бақылау диктант	30-35	35-40	45-50	60-65	65-70	70-80
Бақылау көшіру	30-35	35-40	45-50	60-65	65-70	70-80
Оқытатын мазмұндағы	35-40	40-45	50-55	65-70	75-80	85-95
Оқытатын шығарма	30-35	35-40	50-55	65-70	75-85	90-100

Оқу шапшаңдығы (жылдамдығы) оқу тәсіліне, түсіну және мәнерлілігімен байланыста болатынын және осыдан оқудың толыққанды дағдысы қалыптасатынын есте сақтау қажет.

38-кесте. Бастауыш буын үшін оқу дағдысы қалыптасуының бағдарлы нормалары

Сынып	Міндетті деңгей		Мүмкін деңгей	
	1-жартыжылдық	2-жартыжылдық	1-жартыжылдық	2-жартыжылдық
1-сынып	20-25 сез және белгі (1 және одан артық әріптен)	30-35 сез және белгі	30-35 сез (1 және одан артық әріптен тұратын)*	40-50 сез және белгі

түрлілік)				
2-сынып	45-50 сөз және белгі	55-60 сөз және белгі	55-60 сөз және белгі	65-70 сөз және белгі
3-сынып	65-70 сөз және белгі	75-80 сөз және белгі	75-80 сөз және белгі	85-90 сөз және белгі
4-сынып	85-90 сөз және белгі	95-100 сөз және белгі	95-105 сөз және белгі	110-120 сөз және белгі

Сондай-ақ, оқушының оқу жылдарды бағаланбайды, тек оқу дағдысы қалыптасуының алгоритмын құру үшін өлшемі болып табылатынын есте сақтауы маңызды.

Оқытуда көлемді мақсаттары сабакта ішінана қолданылуы мүмкін. Оқыту мақсаттары бір тоқсанның ішінде сөйлеу қызметінің алуан түрлері бойынша қылышады.

3) «Жаратылыстану» оқу пәні оқушылардың қарапайым ғылыми білім деңгейін «Адам – Табиғат» жүйесінде қалыптастыруға бағытталған. Жаратылыстану сабактарында білім беру процесі оқушылардың табиғи қызығушылығын дамытуға, қоршаған әлемді ғылыми түсінуі мен көруін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Ол – «Биология», «Физика» және «Химия» оқу пәндерін өздігімен менгеруге бағытталған кіріспе курс. Бұл курс оқудың келесі деңгейлерінде кез келген білім саласы үшін маңызды болып табылатын зерттеушілік дағдыларының негізін қалайды.

4) «Дүниетану» оқу пәні қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарына кіріспе курс бола отырып, 2-сыныпта Қазақстан тұрғындарының әлеуметтік, моральдық, шығармашылық және коммуникативтік өмірінің жалпы бейнесін көрсетеді, өзі, үйі, отбасы мәселелері негізінде оқушыларда қоршаған орта туралы түсініктерін дамытуға ықпал етеді.

5) «Математика» пәнін оқыту бейнелік және логикалық ойлаудың дамытуға; оқу және практикалық міндеттерді табысты шешу үшін қажет пәндік біліктер мен дағдылар қалыптастыруға; математикалық білімдер негізін менгертуге; күнделікті өмірде математикалық білімді пайдалану білігін дамытуға бағытталуы тиіс.

6) «Музыка» оқу пәні адам өмірінің бір бөлігі ретінде оқушылардың музикалық білім негіздерін қалыптастыруға, қарапайым орындаушылық білім, білік және дағдыларын және музикалық қызмет түрлерін менгертуге, музикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

7) «Көркем еңбек» жаңа оқу пәні «Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны эстетикалық мәнмәтінде өнерді әлемнің біртұтас бейнесіндей эстетикалық түсіну және қабылдаудың жалпы заңдылықтары негізінде іске асырылатын кіркітілген курс болып табылады. Пән түрлі шығармашылық қызметтегі кеңістік және көру елесін, қиялын және аңғарымпаздығын қамтамасыз ететін көркем-технологиялық білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

8) «Дене шынықтыру» бағдарламасының мақсаты дене тәрбиесінің негіздерін тану, атап айтқанда, олардың спорттық-арнайы қозғалыс дағдыларын және дене қабілеттерін алудымен қатар, физикалық тұрғыдан дамыту

денсаулығына ықпал ету болып табылады.

2-сыныптың оқу бағдарламаларына пәндер бойынша ұсыныс сипатындағы, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлардан тұратын оқу жоспарлары қоса беріледі. Оқытудың мақсаттары мен тәсілдері жүйесіне негізделетін жоспарларда сабакты өткізу жөнінде тақырыптар мен бөлімдер, 2-сынып оқушыларын сабакта ұйымдастыру бойынша мұғалімдерге арналған ұсыныстар, сондай-ақ, оқу ресурстары (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейнеке және аудиоматериалдар және т.б.) берілген.

Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде мұғалім пәнаралық байланысты жүзеге асыруда қызмет ететін ортақ тақырыптарды ескеруі қажет. Ортақ тақырыптар, сол сияқты, оқу пәндерін кіріктіретін компонент ретінде тоқсандарға бөлінген. Эр тоқсанда екі ортақ тақырып болады, олардың әрқайсысына шамамен бірдей сағат бөлінеді.

Үй тапсырмалары бастауыш мектепте, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсанда №179 бүйрекшімен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларды ескере отырып, өзіндік жұмыс түрі ретінде 2-сыныптан бастап беріледі.

2-сыныптарда жаңартылған білім мазмұнын іске асыру барысында мұғалімдерге әдістемелік қолдаумен мониторинг жүргізу жалғасады.

2016-2017 оқу жылы пилоттық мектептердің 2-сыныптарында 1-сыныпта жүргізілген мониторингтің кезеңдері мен тәртіптері сақталады.

Бастапқы кезеңде статистикалық көрсеткіштерді жинау және талдау, білім алушыларды диагностикалық тестілеу жүргізіледі (қыркүйектің 2-3 аптасы). Мектеп директорларының орынбасарлары ТК 1.1А және 1.1Б толтырады, оны ҰБА береді. ҰБА 30 пилоттық және 16 бақылау мектептерінің статистикалық көрсеткіштерін өндейді, сондай-ақ «НЗМ» ДББҰ-мен бірге пилоттық және бақылау мектептері 2-сыныптарының білім алушыларын диагностикалық тестілеу (кіруде) ұйымдастырады. Бастауыш сыныптардың мұғалімдері ТК 2.1 және 3.1 толтырады. Мектеп директорларының орынбасарлары ТК 4.1 толтырады.

Екінші кезеңде бастапқы деректер талдауы жасалады (қараша, қаңтар).

Бастапқы деректер талдауын ҰБА қызметкерлері ДББҰ-мен бірге жүзеге асырады және пәндер бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарларын, бағалау жөніндегі нұсқаулықтар мен әдістемелік ұсыныстарды, ОӘК қолдану барысында мұғалімдерде туындаған проблемалар тізбесін жасайды.

Үшінші кезеңде мектептерге ресми түрде бару басталады (ақпан). Мектептерге ресми түрде бару бастапқы деректерді талдау кезінде анықталған проблемаларды зерделеу, апробация кезінде мектептерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында жүргізіледі және бақылау қызметін атқармайды. Ресми түрде бару кезінде мұғалімдердің, білім алушылардың, ата-аналар мен мектеп әкімшілігінің оқу бағдарламалары мен жоспарларының, ОӘК, бағалау жөніндегі нұсқаулықтар мен әдістемелік ұсыныстардың сапасы туралы пікірлері зерделенеді, апробация процесі кезінде мұғалімдерді әкімшілік тарапынан қолдау деңгейі анықталады.

3-тоқсанның соңында бастауыш сыйып мұғалімдері ТК 2.1, 2.2, 3.1, мектеп директорларының орынбасарлары ТК 5.1 толтырады.

Төртінші кезеңде статистикалық көрсеткіштерді түзету және талдау, шығуда диагностикалық тестілеу (сәуір) жүргізіледі. Тестілеу нәтижелері бойынша пилоттық және бақылау мектептері білім алушыларының даму деңгейін кірудегі және шығудағы деректер негізінде салыстырмалы талдау жасалады. 4-тоқсанның соңында бастауыш сыйып мұғалімдері ТК 2.1 және 3.1 толтырады.

Бесінші кезең бағалау жөніндегі оқу бағдарламалары, әдістемелік ұсыныстарға, ОӘК өзгерістер енгізу бойынша қорытындылар мен ұсыныстардан тұрады (мамыр). ҰБА келісілген форма бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарларына, бағалау жөніндегі оқу бағдарламалары, әдістемелік ұсыныстарға, ОӘК енгізетін өзгерістерді ДББҰ-мен үйлестіреді.

ДББҰ ҰБА-мен бірге қорытынды есептерді жасайды және құжаттарға өзгеріс енгізу жөніндегі ұсыныстарды дайындаиды.

Алтыншы кезеңде өзгерістерді бекіту жүргізіледі (маусым). Өзгерістерді енгізу бойынша қорытындылар мен ұсыныстар ҚР БФМ Үйлестіру кеңесіне енгізілген ұсыныстарды бекіту жөнінде шешім шығару үшін беріледі. ҰБА және ДББҰ жұмыс топтары бекітілген өзгерістерді енгізеді.

Енгізілген барлық өзгерістерімен құжаттардың соңғы нұсқалары ҚР БФМ бекітіледі және барлық мүдделі тараптардың назарына ұсынылады.

Пилоттық мектептердің 2-сыйыптарына арналған критериалды бағалау жүйесінің мазмұны келесі әдістемелік нұсқаулық құжаттармен реттеледі: оқу бағдарламасы; оқу жоспары; бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау ережелері; жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыйыптардың мұғалімдері үшін критериалды бағалау жөніндегі нұсқаулық; өнірлік және мектептік үйлестірушілер үшін критериалды бағалау жөніндегі нұсқаулық; формативті бағалау бойынша тапсырмалар жинағы; жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстар.

Оқу бағдарламасы мазмұнын менгеруді тексеру мақсатында барлық оқу пәндері бойынша білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау өткізіледі. Критериалды бағалау жүйесі қалыптастыруши және жиынтық бағалауды қамтиды. Қалыптастыруши бағалау оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына жетуге көмектеседі, қиындықтың алдын алуға мүмкіндік береді, оқу үдерісінде білім алушылардың білімі мен дағдыларының қалыптасу, білімді менгеру деңгейін анықтайды.

Қалыптастыруши бағалау кезінде білім алушыларға үздіксіз кері байланыс беріледі. Баға, балл қою жүргізілмейді

Қалыптастыруши бағалау окудағы іс-әрекеттің әр кезеңінде (такырыпты түсіндіру, тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды тексеру және т.б.) түрлі әдістер мен тәсілдер арқылы жүзеге асырылады (сауал қою, тәжірибелік жұмыстар, зертханалық жұмыстар, жобалар, тест тапсырмалары және т.б.).

Қалыптастыруши бағалау кезінде білім алушылар пән бойынша жалпы білім берудің оқу бағдарламаларына сәйкес оқу мақсаттарына қол жеткізеді.

Білім алушы белгілі себептермен сабакта қатыса алмаған жағдайда (ауруына, жақын туыстарының қазасына, конференцияға, олимпиадаға және ғылыми жарыстарға қатысуына байланысты), оқылмаған материалды мектепке келгеннен кейін екі апта ішінде оқу мақсаттарына жету арқылы менгеруі қажет. Қалыптастырушы бағалаудың нәтижелері тоқсандық, жылдық баға қою кезінде есептелмейді.

Жиынтық бағалауды білім алушының оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша белгілі бір оқу кезеңінде (тоқсан, триместр, оқу жылы, орта білім беру деңгейі) оқуды аяқтағандағы ілгерілеуі туралы ақпаратты баға, балл қою арқылы мұғалімге, білім алушыға, ата-анаға жеткізу мақсатында өткізеді. Жиынтық бағалау «Өзін-өзі тану» пәнінен басқа барлық пәндер бойынша өткізіледі.

4-кесте – 2-сынып, бастауыш білім беру оқу бағдарламасына сәйкес суммативті бағалаудың рәсімдеу саны

39-кесте

Пәндер	Суммативті бағалаудың рәсімделуі							
	I тоқса ндағы СБ саны	I үші н. СБ	II тоқсан дағы СБ саны	II үші н. СБ	III тоқсан дағы СБ саны	III үші н. СБ	IV тоқсанда ғы СБ саны	IV үшін. СБ
1. Қазақ тілі	2*	9-шы апта	2*	7-ші апта	2*	10 – ші апта	2*	8-ші апта
2. Русский язык	2*		2*		2*		2*	
3. Әдебиеттік оқу	2*		2*		2*		2*	
3. Қазақ тілі (Т2)	2*		2*		2*		2*	
4. Орыс тілі (Т2)	2*		2*		2*		2*	
5. Ағылшын тілі	2*		2*		2*		2*	
6. Математика	3		3		3		3	
7. Жаратылыстану	2		2		3		1	
8. Дүниетану	2		2		2		2	
9. Көркем еңбек	2		2		2		2	
10. Музыка	2		2		2		2	
11. Дене шынықтыру	2		2		2		2	

* – Тексерілетін сөйлеу қызметінің әрбір түрі үшін балдарды қою

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша пәнге қатысты жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыруды оқу бағдарламасы мен оқу жоспары негізінде мұғалім жүзеге асырады. Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыруды тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы негізінде мектептің әдістемелік бірлестіктері жүзеге асырады.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуіндегі кестесі мектеп директорының бүйрекшімен бекітіледі, білім алушылар мен олардың ата-аналарына тоқсан

басында жіберіледі. Барлық білім алушылардың жиынтық бағалау жұмысын орындауы міндетті.

Тоқсандық, бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды қайта орындауға (көшіруге) рұқсат етілмейді. Тоқсандық, бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды өткізу кезінде белгілі себептермен (ауруына, жақын туыстарының қазасына, конференция, олимпиада, ғылыми, спорттық жарыстарға және т.б. қатысуына байланысты) келмеген білім алушылар мектепке келген соң екі апта ішінде тоқсандық және/немесе бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау жұмысын тапсыруы қажет, ол үшін жиынтық бағалаудың қосымша нұсқалары қолданылады.

Білім алушылардың оқу нәтижелерінің дұрыстығы, айқындығы үшін мұғалімдер модерация үдерісін өткізеді.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, бағалау критерийлері, дескрипторларымен бірге, тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары балл қою кестесімен бірге білім алушылардың портфолиосында сақталады. Білім алушы портфолиосының жүргізілуі мен сақталуына сынып жетекшісі жауап береді. Портфолио білім алушылардың атаулы құжаты болып табылады, ол барлық мұғалімдерге, әкімшілікке, ата-аналарға немесе басқа да заңды тұлғаларға қолжетімді болуы қажет. **Оқу жылы аяқталған соң білім алушы портфолиосы олардың қолдарына беріледі.**

2-сыныпта тоқсандық және жылдық бағалардың қойылу тәртібі:

1. Сынып журналында білім алушылардың тоқсан барысындағы сабакқа қатысуы белгіленеді, оқу бағдарламасындағы бөлімшелердің тақырыптары жазылып, осы ереженің 2-қосымшасына сәйкес білім алушылардың тоқсандық, жылдық қорытынды бағалары бағаны балға ауыстыру шәкіліне сәйкес қойылады.

2. Білім алушылардың бөлім/ортақ тақырыптар бойынша және тоқсандық жиынтық бағалаудың балл түріндегі нәтижелері электрондық бағалау нәтижелерін тіркеу журналында жазылады, олар тоқсандық, жылдық баға қою кезінде ескеріледі.

3. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелері туралы ақпарат осы ереженің **Б-қосымшасына** сәйкес білім алушылардың оқу жетістігі деңгейі сипатталып, рубрика түрінде білім алушыларға, олардың ата-аналарына немесе басқа да заңды өкілдеріне ұсынылады.

4. Тоқсандық, жылдық бағалар қойылған білім алушылардың табелі ата-аналарға немесе басқа да заңды тұлғаларға оқу жылының, әр тоқсанның соңында танысу үшін беріледі.

5. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша, тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерінің 50%-де 50% пайыздық арақатынасы негізінде тоқсандық баға қойылады.

6. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша тоқсандық жиынтық бағалаудың барлық төрт тоқсан нәтижелерінің 50%-де 50% пайыздық арақатынасы негізінде жылдық баға қойылады.

7. 2-4 (5) сыныптың жылдық бағага «1», «2» деген баға алған білім алушыларына педагогикалық кеңестің шешімімен оқу жылы мазмұнын қамти

отырып, жиынтық бағалау үйымдастырылады. «3», «4», «5» деген бағалар алған жағдайда білім алушылар келесі сыныпқа көшіріледі. «1», «2» деген баға алған жағдайда мұндай білім алушыларға жазғы демалыс кезінде сәйкес пәнге қатысты оқу тапсырмалары беріледі. Жиынтық бағалауды қайта тапсыру оқу жылындағы сабак мазмұнын қамти отырып, оқу жылы аяқталғаннан кейін 3 аптадан соң өткізіледі. Жиынтық бағалау жұмысын қайта тапсырған кезде қорытынды баға қанағаттанғысыз алған білім алушылар оқу жылына қайта қалдырылады немесе ата-аналарының (немесе басқа заңды тұлғалардың) келісімімен, психологиялық-медициналық-педагогтік кеңестің ұсынымдары бойынша теңестіріп оқытатын сыныпқа ауыстырылады.

8. Білім алушыларды деңсаулығына байланысты дene шынықтыру сабағынан босату, олардың келесі сыныпқа көшуіне әсер етпейді.

Білім алушының күнделігінде аптаның соңында мұғалім арнайы бағанда мәтіндік шолу және оқытудың нәтижесі бойынша ұсынымдар жасайды, балдар мен бағалар білім алушының күнделігіне қойылмайды.

А қосымшасы

Балды бағаға ауыстыру шкаласы

Жиынтық бағалау балының пайыздық мазмұны	Бағалау көрсеткіші	Баға
0 %	Бағаланбады	«1»
1%–20%	Қанағаттанғысыз	«2»
21%–50%	Қанағаттанарлық	«3»
51%–80%	Жақсы	«4»
81%–100%	Өте жақсы	«5»

Б қосымшасы

Бөлім/ортак тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың қорытындысы туралы ата-аналарға арналған ақпарат (рубрикалар)

Білім алушының аты-жөні	_____	Пән	_____
Пән	_____	Сынып	_____
Тоқсан _____			
Бөлім/ортак тақырыптар бойынша жиынтық бағалау «_____»			
Бағалау критерийлері	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары

Әдістемелік-нұсқаулық хаты 2016-2017 оқу жылы

(бағалау критерийлерінің түжырымдамасы)	<input type="checkbox"/> (бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістігінің төмен деңгейінің сипаты) <input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> (бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістігінің орта деңгейінің сипаты) <input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> (бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістігінің жоғары деңгейінің сипаты) <input type="checkbox"/>
(бағалау критерийлерінің түжырымдамасы)	<input type="checkbox"/> (бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістігінің төмен деңгейінің сипаты)	<input type="checkbox"/> (бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістігінің орта деңгейінің сипаты)	<input type="checkbox"/> (бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістігінің жоғары деңгейінің сипаты)
Мұғалімнің қосымша пікірлері:	(мұғалімнің пікірі)		

Мұғалімнің аты-жөні: _____

Қолы: _____

Күні: _____

1-4-сыныптарда сынып журналын жүргізуге арналған НҰСҚАУ

1. Сынып журналы - мектептің әр мұғалімі үшін жүргізуі міндетті болып табылтын мемлекеттік құжат.

2. Мектеп директоры мен оның оқу-тәрбие ісі бойынша орынбасары сиынп журналдарын сақтауды және дұрыс жүргізуін жүйелі тексеруді қаматамасыз етуге міндетті.

3. Сынып журналы бір оқу жылына арналған. Қатар сиынптардың журналы мына литерлермен нөмірленеді. Мысалы, 1 «А» сиынп, 1 «Б» сиынп, 1 «В» сиынп және т.б.

4. Директордың оқу-тәрбие ісі бойынша орынбасары (директор) бастауыш сиынп мұғалімдеріне журналдың беттерін бөлу туралы нұсқау береді. Бір жылғы оқу жоспарындағы әр пәнге берілген сағат санына сәйкес оқушылардың үлгерімі мен сабакқа қатысының ағымдағы есебіне бет бөлінеді.

5. Мұғалім әр сабакта оқушылардың сабакқа қатысын жүйелі белгілең отыруға міндетті. Мұғалім журналдың ашық бетінің сол жағына сабак өткізген күнін жазуға, сабакқа қатыспаған оқушыларды «ж» әрпімен белгілеуге міндетті. Мұғалім журналдың ашық бетінің он жағына сабактың ең жоғарғы балдарын, тарау бойынша оқушылардың жиынтық бағаларының қорытындысын белгілеуге міндетті/ортак тақырыптар, тоқсандық, тоқсан бойынша бағаларының есебінің нәтижесін шығару/, сондай-ақ, сабакта өтілген тақырыпты және үйге берілген тапсырманы жазуға міндетті. «Мұғалім ескертпесі» бағаны жекелеген оқушылардың тәртібі, оқу жұмысынан алға жылжуы немесе қалып қоюы туралы мұғалім ескертулерін жазуға қызмет етеді.

6. Оқушылардың тарау бойынша жиынтық бағалау қорытынды балдары /ортак тақырыптар, тоқсандық, тоқсан бойынша бағаларының есебінің нәтижесін шығару/ екі күннің ішінде аталған жұмыстарды өткізген соң журналдың бағанына қойылады.

7. Өткізілген практикалық және зертханалық жұмыстар, экскурсия, бақылау, жазба жұмыстар бойынша олардың тақырыбын және қолданылған сағат санын нақты көрсету қажет.

8. «Үй тапсырмасы» бағанына тапсырма мазмұны және оны орындау сипаты жазылады (оқу, жатқа оқу және т.б.), беті, тапсырма нөмірі, есептер және жаттығулар, практикалық жұмыстар. Егер оқушыларға қайталауға тапсырма берілсе, онда оның көлемі нақты көрсетіледі.

9. Тоқсандағы пән бойынша соңғы сабакты өту мерзімі жазылғаннан кейін мұғалім әрбір оқу тоқсанының қорытынды бағасын қояды. Сонымен қатар, бір мезгілде тоқсандық баға электронды журналға қойылып сақталады.

10. Бастауыш сиынп мұғалімі сиынп журналына оқушылардың тегін және атын алфавит ретімен жазады; жеке ісіндегі мәліметтерді пайдаланып, «Оқушы туралы жалпы мәліметтер» бөлімін толтырады, ай сайын «Оқушының сабакқа

қатысы есебі» бөлімін толтырады, әр оқушының және сыныптың тоқсан және жыл бойынша босатқан сағаттары мен күндерінің барлық санын жазады.

11. «Физикалық дайындығының көрсеткіштері» бетін деңе тәрбиесі мұғалімі жылына екі рет толтырады.

12. «Сынып журналын жүргізу бойынша ескертулер» бетін директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары немесе мектеп директоры толтырады.

12 ПИЛОТТЫҚ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЖАН БАСЫНА НОРМАТИВТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

Казақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі – БДМБ) 2019 жылы сынап өткізудің оң нәтижелері бойынша барлық қалалық мектептерде жан басына нормативтік қаржыландыруды енгізу процесін аяқтау көзделген.

Жан басына қаржыландырудың мақсаттары:

- балалардың МЖМБС талаптарына сәйкес орта білім алуына базалық шығыстарды анықтауда бірыңғай тәсілдемені қалыптастыру;
- шығыстардың көлеміне әсер ететін объективті факторларды есепке алу (орналасу орнына, білім беру бағдарламаларының түріне және білім беру деңгейіне байланысты);
- мекемелерді емес, балаларды қолдаудың мекенжайлық жүйесіне көшу және мемлекеттік шығыстарды мектепке емес, оқушы басына жоспарлау;
- педагогикалық әлеуеттің рөлін күшету арқылы білім беру сапасын арттыру;
- мектептерге қаржылық дербестік беру және менеджмент деңгейін арттыру, шешім қабылдауда ашықтық;
- бюджет қаражатын ашық, әділ және мақсатты жұмсау.

Орта білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру білім беру процесіне (МЖМБС-ны іске асыруға) шығыстарды республикалық деңгейде орталықтандыруға және мектептерге бюджет қаражатын жылына 1 оқушыға шаққандағы есеппен бөлуге негізделеді.

Бөлінетін бюджеттік қаражаттың көлемі мектептерде білім алатын оқушылардың санына байланысты.

Білім беру процесіне шығыстар мектеп қызметкерлерінің жалақысымен, оқу шығыстарымен (қосымша оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, оқу, көрнекі материалдар мен құралдар) байланысты шығындарды, сондай-ақ, мектептердің педагог қызметкерлерге олардың жұмыс іс-әрекеті нәтижелері мен көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына қарай төленетін сыйлықақылар мен ынталандыру үстемеақыларын және білім беру процесін іске асырумен байланысты басқа қажеттіліктерге шығыстарды қамтиды.

Мектептердің білім беру ортасын (коммуналдық қызметтер, ағымдағы жөндеу, ғимаратты ұсташа және күту, оқушыларды тасымалдау және тамақтандыру, басқалар) қамтамасыз ету атқарымдары өнірлердегі орта білім беру ұйымдары желісінің жай-күйіне және дамуына жауапкершілікті сақтау, мектептердің материалдық базасы мен инфрақұрылымын қолдау мақсатында жергілікті атқарушы органдарының құзыретінде қалады.

Жан басына қаржыландыру еңбекақы төлеудің жаңа үлгісі емес, бұл білім беру процесін іске асыру үшін мектептерге бюджет қаражатын бөлудің өзіндік механизмі болып табылады. Мектеп қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

саласындағы барлық кепілдіктер сақталады. Мектеп қызметкерлеріне еңбекақыны есептеу және төлеу «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес жүргізіледі.

Білім беру процесін жан басына қаржыландыру нормативінің мөлшерін (яғни, 1 оқушыны оқыту құнын) ҚР Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – ҚР БФМ) ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 30 қазандығы №440 бұйрығымен бекітілген Орта білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру әдістемесі негізінде бір оқу жылына есептейді.

1 оқушыны оқыту құны білім беру бағдарламаларының түріне, деңгейіне және іске асырылу орнына қарай ерекшеленеді.

Жан басына шаққандағы нормативті және білім беру процесін қаржыландырудың жалпы көлемін есептеу кезінде ҚР БФМ мыналарды ескереді:

- мектеп қызметкерлерінің еңбек жағдайына төленетін барлық қосымша ақылар мен үстемсақылар;
- қалалық және ауылдық мектептердегі сыныптардың нормативтік толымдылығы (қалада – 24 адам, ауылда – 20 адам);
- сыныптардың шекті толымдылығы (25 адам). Сыныптарындағы оқушылар саны шекті толымдылықтан асатын мектептер үшін оқушыларды оқыту құны азая түседі.

Жан басына шаққандағы нормативтің мөлшері мен жергілікті атқарушы органдарының сыныптар бойынша оқушылар саны туралы деректерінің негізінде ҚР БФМ жан басына шаққандағы нормативті нақты мектептің оқушылар санына көбейту жолымен әр мектепте жан басына қаржыландыруды іске асыруға (білім беру процесін қаржыландыруға) республикалық бюджет қаражатының жалпы көлемін есептеуді жүргізеді (білім беру деңгейіне, білім беру бағдарламасының түріне және орналасу орнына байланысты).

Пилоттық орта білім беру ұйымдарында жан басына нормативтік қаржыландырудың енгізілуін сүйемелдеу және мониторингілеу қызметтерін мемлекеттік тапсырма аясында «Қаржы орталығы» АҚ көрсетеді.

2013 жылғы 1 қыркүйектен бастап орта білім беруді жан басына қаржыландыруды сынақтан өткізу республиканың 5 облысындағы (Ақмола, Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстары) 63 пилоттық мектептің іске асырылуда. 2015 жылға дейін апробация 1-11 сыныптарда өткізілді.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының Үкіметі жан басына қаржыландыруды апробациялауды республиканың 5 өніріндегі 63 пилоттық мектептің 10-11 сыныптарында ғана әрі қарай жалғастыру туралы шешім қабылдады.

Орта білім беру ұйымдарында жан басына нормативтік қаржыландыруды апробациялаудың пилоттық 3 жылдағы нәтижелерін талдау қорытындысы берілген (40-кесте).

40-кесте

	Көрсеткіштің атауы	2012/2013 оқу жылы	2013/2014 оқу жылы	2014/2015 оқу жылы
1	Біліктілігін арттырған қызметкерлер	21%	26%	28,5%
2	Денгейі (жоғары, бірінші, екінші) бар педагогикалық қызметкерлердің үлесі	58%	60%	79%
3	Мектепте құрылған және жұмыс жасайтын балаларға арналған үйірмелер мен секциялардың саны	780	953	1 196
4	Оқушыларға өткізілген танымдық және өнегелік іс-шаралардың, оқытушылар үшін өткізілген тренингтердің саны	445	651	757
5	Педагог қызметкерлер басып шыгарған (газеттерде, конференциялардың жинақтарында, оқу журналдарында, мектеп сайтында) жарияланымдар, әдістемелік құралдар (жинақтар, кітапшалар, электрондық құралдар) саны.	1 251	2 492	2 598
6	Конкурстарда және сайыстарда (спортық, пәндік, ғылыми, зияткерлік) жеңімпаз атанған оқушылардың үлесі	17%	22%	20%
7	ҰБТ-ның орташа көрсеткіші (балдар)	71	76	80
8	Педагогтердің орташа айлық жалақысы (мын тенге)	72	105	105,3

2014-2015 оқу жылы пилоттық мектептерде өз біліктілігін арттырған қызметкерлердің саны 128 адамға көбейді, бұл қызметкерлердің жалпы орташа жылдық санының шамамен үштен бір бөлігін құрайды. Бұл 2013-2014 оқу жылымен салыстырғанда 2,2%-ға және 2012-2013 оқу жылымен салыстырғанда 7,5%-ға көп.

Пилоттық мектептердің жоғары, бірінші және екінші деңгейлі педагог қызметкерлердің үлесі 2013-2014 оқу жылы 60%-дан 2014-2015 оқу жылы 79%-ға дейін артты (2012-2013 оқу жылы бұл көрсеткіш 58%-ды құрады).

Балаларды дамытуға арналған үйірмелер мен секциялар 2013-2014 оқу жылымен салыстырғанда 243 бірлікке, 2012-2013 оқу жылымен салыстырғанда 416 бірлікке артып, 2014-2015 оқу жылы 1196 бірлікті құрады.

Егер 2012-2013 оқу жылы - 445, ал 2013-2014 оқу жылы 651 оқушыларға арналған танымдық және өнегелік іс-шара, мұғалімдерге тренингтер өткізілген болса, 2014-2015 оқу жылы бұл көрсеткіш 757 бірлікті құрады.

2014-2015 оқу жылы пилоттық мектептердің педагогтары шыгарған әдістемелік құралдар мен басқа басылымдардың саны 2492 жетті. Бұл 2013-2014 оқу жылымен салыстырғанда 2 есеге және 2012-2013 оқу жылының көрсеткішінен 2,1 есеге асып тұсті.

Оқушылардың жалпы санынан конкурстар мен жарыстарда жеңімпаз, жүлдегер, лауреат атанған оқушылардың үлесі 2014-2015 оқу жылы 21%-ды құрады. 2013-2014 оқу жылы бұл көрсеткіш 23%-ды, 2012-2013 оқу жылы 18%-ды құрады.

Пилоттық мектептердегі УБТ-ның орташа көрсеткіші соңғы үш жылда 71 балдан 80 балға дейін жоғарылады.

Інтальандыру төлемдері мен сыйлықақылардың арқасында пилоттық мектептердегі педагог қызметкерлердің орташа айлық жалақысы 2014-2015 оқу жылы инфляция деңгейін есептемегендегі 105,3 мың теңгені құрады, бұл аprobацияның бірінші жылындағыдан 1,5 есе жоғары.

Аprobациялау өткізілген үш оқу жылдарында нәтижелері қаржыландыру принципін өзгерту мен білім беру сапасының оң динамикасы арасындағы өзара тікелей байланыс туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

2015 жылдың желтоқсан айында (7 және 25 желтоқсанда) ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары Д.Н. Назарбаевың басшылығымен кеңес өткізілді, оның нәтижесінде орта білім беруді жан басына қаржыландыру жөніндегі пилоттық жобаны іске асырудың тұжырымдамалық тәсілдемелерін өзгерту: пилоттық жобаға 1-9 сыныптарды қайтару, білім беру процесіне шығыстар құрылымын кеңейту, ынтальандыру қорының мөлшерін қайта қарау, мектептердің құқықтық-ұйымдастырушылық нысанын өзгерту қажеттілігі туралы шешім қабылданды.

2016 жылғы 21 қаңтарда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Н. Назарбаева кезекті кеңес өткізілді, оның нәтижесі бойынша орта білім беруді жан басына қаржыландырудың аprobациясын 2016 жылдың қаңтар айынан тамыз айына дейін 5 облыстағы 63 пилоттық мектептің 10-11-сыныптарында, 2016 жылғы 1-қыркүйектен бастап республиканың 5 облысындағы 12 пилоттық мектептің (жобаға қатысушы 63 мектептің ішінен) 1-11 (12) сыныптарында жалғастыру туралы шешім қабылданды.

ҚР Үкіметінде өткізілген кеңестің нәтижесі бойынша, сондай-ақ ҚР Қаржы министрлігімен әрі қарай талқылау және ҚР БФМ ішкі кеңестер барысында Орта білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру әдістемесінне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жоспарланып отыр, оларға сәйкес мыналар жобалануда:

1. Білім беру процесіне қажетті шығындар мыналарды қамтитын болады:

- білім беру процесіне қатысатын қызметкерлердің еңбекақы қоры;
- оқу шығындары (оқу, көрнекі материалдарды (муляждардер, кестелер, плакаттар, зертханалық ыдыстар, қағаз, химиялық заттар және металдар, еңбекке баулу үшін материалдар) сатып алу), оқушыларды түрлі ғылыми ішшараларға даярлау және қатыстыру);
- Интернет қызметтерін төлеу.

2. Білім беру ортасының шығындары мыналарды қамтитын болады:

- білім беру процесіне қатыспайтын қызметкерлердің еңбекақы қоры;
- коммуналдық қызметтер;
- Интернеттен басқа байланыс қызметі;

- ғимаратты, жабдықтарды, қурал-саймандарды, мектеп жанындағы интернаттарды ағымдағы жөндеу, оларды ұстауға және күтүге ағымдағы шығыстар.

3. Құрделі шығындарды, жалпы оқыту қорының шығындарын, тамақтандыруды, оқулықтар сатып алуды және жеткізуді жергілікті бюджет қаражатының есебінен жүргізу жоспарлануда.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру уәкілетті органның деңгейінде орталықтандырылған болып қалады және республикалық бюджет қаражатының есебінен қаржыландырылады.

Орта білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру әдістемесіне жаңа өзгертулер мен толықтырулар жобасына сәйкес білім беру процесін және білім беру ортасын қаржыландыру мектептер арасындағы шығыстарды теңестіру үшін республикалық бюджеттен қосымша қаржы бөлумен жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізілмек.

13 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТИН МЕКТЕПТЕРІНДЕ БАЛАЛАРҒА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

Қосымша білім беру – білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жанжақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу және оқыту («Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 1-бап 39- тармақ).

Республикадағы балаларға қосымша білім беру тиімдендіруді қамтамасыз ету үшін келесі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер жаңартылды:

– «*Білім туралы*» Қазақстан Республикасының Заңы (1, 4, 5, 6, 11, 14, 23, 28, 37, 51, 52, 63, 65-баптары).

– «*Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің улгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту туралы*» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 543 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми министрінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 48 бұйрығы.

– «*Балаларға арналған қосымша білім беру үйымдары түрлері қызметінің қагидаларын бекіту туралы*» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі бұйрығы.

Республикадағы жалпы білім беретін мектептердегі балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері 2016-2017 оқу жылында негізгі және қосымша білімнің мейлінше тығыз ынтымақтасуының қажет екендігін көрсетіп отыр.

Заманауи мектептердегі білім мазмұны мен технологиялар өзгерістерінің инновациялық сипаттары қосымша блім беру есебінінен кәдімгідей күшейтілуі мүмкін, себебі қосымша білімнің сипаты қызметтің түрін таңдаудағы еркіндікті, білім алушылардың жоғары деңгейдегі уәждемелін болжайды, яғни тұлағының шынайы шығармашылық өзін танытуын болжайды.

Жаңа ұрпақтың білім беру стандарттарын енгізу жағдайында балаларға қосымша білім беруді негізгі жалпы білім беру бағдарламаларының құрамына енгізуіндегі өзектілігі мектепте алған білім, білік және дағдыларын практика жүзінде қолдануға итермелейтін, білім алушылардың танымдық уәждемелерін ынталандыратын жалпы білімнің құрамдастарының вариативтілігін күшету қажеттілігімен байланысты болып отыр.

Негізгі және балаларға арналған қосымша білімнің ынтымақтасуы заманауи педагогикадағы күрделі мәселелері - тәрбиелеу, оқыту және дамыту процестерін жақындастыруға көмектеседі.

Аталған бағытты дамытудың қажеттілігі біртұтас білім беру кеңістігін сактауға негізделеді.

Мектептергі сабактың оқу сабактарын өткізу процесінде қосымша білімге тән технологияларды пайдалануға болады. Бұл кешенді сабактар, оқу

жобалары, дискуссиялық технологиялар, ойындар болуы мүмкін. Әдетте, ол сабактан тыс, тікелей мұғалімнің қадағалауымен өтетін білім алушылардың өз беттерімен жасаған жеке немесе ұжымдық қызметтерін қарастырады. Мектептегі сабак оқу сабағы аясында қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру процесі кезінде материалдың мазмұнын кеңейту және терендешту деңгейінде, сондай-ақ мектеп сабағының жеке элементтерін сабактан тыс қызметтің түрлі формаларында қарастыру есебінен де өз жалғасын табуы мүмкін.

Мектептерде сабактан тыс жұмыстарды ұйымдастыруды маңызды орынды пәндік үйірмелер мен секциялар алады. Бір жағынан – бұл пән бойынша сабактан тыс жұмыс, ал екінші жағынан – қосымша білімнің бөлігі.

Қосымша білім білімнің әр деңгейіне қатысты белгілі жастық кезең жағдайына байланысты өз модулін ұсына алады:

мектепке дейінгі білім деңгейінді – мектеп алды даярлық;

бастауыш білім деңгейінді – білім алушылардың көзқарастарын менгеруге көмек ретінде: түрлі оқу қоғамдастықтарына қосу;

жалпы негізгі білім деңгейінді – тұлғаның өзін-өзі анықтау процесін қолдау: түрлі қызмет салаларындағы маңызды спекторды кеңейту және оларды шешу тәжірибелерін алу;

орта білім деңгейінде – білім алушылардың кәсіби өзін өзі анықтау процесін сүйеу, кәсіпке дейінгі дайындықты қамтамасыз ету.

Мектепте балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері:

1. *Білім берудің негізгі құндылықтарын дұрыс қабылдау және оның мазмұнын жақсырақ меңгеру үшін кең жалпымәдени және эмоционалды-боямды орта құру.*

2. *Балаларды қызметтің тұлғалық маңызды шыгармашылық түрлеріне қосудың арқасында «байланыссыз» тәрбиені жүзеге асыру процесінде өскелең ұрпақтың адамгершілік, рухани, мәдени бағдарларының «байқаусыз» қалыптасады.*

3. *Балаларға қосымша білім беру үйімдарында өздерінің қабілеттерін жүзеге асыру үшін қызметтің осы немесе басқа түріне ерекше қызығушылық (көркемдік, техникалық, спорттық және басқа) білдіретін оқушылардың бағдары.*

4. *Білім алушылардың негізгі білімдеріндегі жеке білім жолын анықтауға, өмірлік және кәсіби жоспарларын нақтылауға, маңызды жеке қасиеттерін қалыптастыруға қажетті қандай да бір оқу курсарының болмауына байланысты олардың орнын толтыру.*

«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы рухында қосымша білім беру педагогтерінің барлық атқарылатын жұмыстары білімді, дамыған көшбасшы қабілеттеріне ие, таңдау кезінде өз еркімен шешім қабылдай алатын, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық әрекеттестікке қабілетті, өз халқының тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар адамды қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Біздің балаларымыздың ұлттық идеология рухында, мәдени дәстүрлерде білім алғаны маңызыды. Идеология барлық өткізілетін іс-шараларда құрамдас бөлігі болуы керек.

Қосымша білім беру педагогтеріне республикалық көрмелердің әдістемелік қорына жүргіну, кәсіби қызметтерінде көрмелік материалдарды пайдалану ұсынылады.

Балалар фольклорлық ұжымдарының педагогтеріне қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерін зерттеу бойынша, әншілік, бишілік, халық қолөнері және тағы басқа сияқты өнірлік фольклорлық дәстүрлерді сактау және дамыту бойынша жұмыстарды жүргізуі жалғастыру ұсынылады. Сабак барысныда білім алушыларға халқымыздың адамгершілік құнды бағдарларын түсіндіруге ерекше ден қажет, олар: әел-анаға деген құрмет, үлкендерге деген ізет, еңбекқорлық, әлеумет және табиғатпен жа т.б. үйлесімде өмір сүрге талпыну.

Театр шығармашылығы бірлестіктерінің педагогтеріне балалар театр шығармашылығының дамуының заманауи үрдістерін, театрдың интерактивті түрлерін дамытуды ескере отрып, мазмұны жоғары адамгершіліктен тұратын драматургиялық материалдарды іскеуге көп көңіл бөлгендері жөн..

Бейнелеу және қолданбалы-сәндік шығармашылығы үйірмелері мен бірлестіктерінің педагогтеріне шығармашылық мәдениетті дамыту, әсемдік сезімін тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жалғастыру қажет.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, бейнелеу өнері, хореография, музыкамен айналысу рухани-адамгершілік ағартудың қуатты механизмі болып табылады. Бірқатар дербес байқаулар және көрмелер «Өнер арқылы-бірлікке және өзара түсіністікке» көрінісінде келесі номинациялар бойынша жалпы идеямен біріктірілген болуы мүмкін еді:

1) «Ұлттық салт-дәстүрлер мен әдем-ғұрыптар» (байқауға қатысуышылар ұлттық әдем-ғұрыптың сипаттамасын ұсынады немесе көрсетеді, сондай-ақ өз халқының салт-дәстүрлерін айтып береді);

2) «Ұлттық әндер, поэзия, ойындар мен билер» (байқау қатысуышылары ана тілінде фольклор шығармасын орындаиды, биді, сондай-ақ ұлттық және халықтық ойындарды көрсетеді);

3) «Ұлттық киім» (ұлттық киімді немесе оның бөліктерін көрсету. Оның тарихы, символикасы және атаптан бүйімді жасау тәсілдерін әңгімеледеуіне болады);

4) «Дәстүр ордасы» қолданбалы-сәндік шығармашылық (осы номинацияның байқау бағдарламасына шығармашылық жұмыстардың авторлары және отбасы жәдігерлерін сақтаушылар қатысады (ұлттық ойыншық, кесте, тігін, құрақ құрау, тоқыма, өру, моншақ, агастан ою, қыш және т.б.). «Кішкентай кереметтер» балалар және отбасылық жұмыстардың көрмесі);

5) «Ұлттық асхана тағамдары» (байқау қатысуышылары дайындаған тамадарын ұсынып, осы тағамга байланысты ұлттық дәстүрлерді айтып берулері керек, сондай-ақ ұсынған тағамның рецептің безенгідіру қажет);

6) «Отбасы альбомы» шығармашылық жобасы (байқау қатысуышылары өз тегінің өкілдері туралы әңгіме дайындаиды. Әңгімені фото суреттерді, видеоожазбаларды, хаттарды, жазба күнделіктерін, басымдарды, жанұя мүшелерінің шығармашылық жұмыстарын және қызықты тарихы бар үйде сақталып тұрған ерекше заттарды көрсетумен сүйемелденуі мүмкін);

7) «Біз - Қазақстандықтармыз» бейнежобасы және т.б.

Туризмде үлкен рухани-адамгершіліктік әлеует жатыр. Экскурсиялық қызметті ұйымдастыру балаларды өз халқының, өз елінің тарихына, мәдени мұрасына тартуға ықпал етеді. Оқушылардың туристік-өткетану экспедициялары аясында жаяу, шаңғылы, сумен, велосипедпен, сан түрлі маршруттар бойынша экспедициялар мен экскурсиялар өткізген жөн.

«Тұган өлкенің көрікті жерлерінен – Қазақстанның киелі жерлеріне», «Ұлы Дала Елі», «Қазақстан – менің алтын бесігім», «Сенің өмірдегі бірінші асуың», «Алтын компас» және т.б. тақырыптарында, жергілікті табиат және тарихи ескерткіштерден бастап Еліміздің астанасы – Астана қаласына және елдің басқа да өнірлеріне дейін оқушылардың экскурсиялары мен экспедицияларын ұйымдастыруды белсендіру маңызды.

Жаңа оқу жылында еліміз үшін ең маңызды оқиға «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің өтуіне ерекше назар бағытталуы керек.

Сынып жетекшілеріне, қосымша білім педагогтеріне жас өлкетанушылар, экологтар мен натуралистер арасында «Болашақтың энергиясы» ұранымен бірқатар сабактар өткізу ұсынылады. Мұндай іс-шараларды өткізуудің формалары түрлі болуы мүмкін («Жасыл планета», «ЭКСПО – 2017 балалардың көзімен» көрмелері, «ЭКСПО туралы менің көзқарасым» суреттер байқауы, «Ландшафты дизайн», «Екінші өмір», «Тұган өлкенің биотүрлерін сақтаймыз және дамытамыз», «Денсаулық және қоршаған орта», «Жасыл экономика» және т.б. номинациялары бойынша әлеуметтік маңызы бар зерттеу жобалары).

Мұндай іс-шаралар балаларды жастайынан өзектрі мәселелер туралы білім алууларын ғана емесе, сондай-ақ оларды жаңа көріністерге тарта отырып, балалар үшін карьералық перспективаларды ашуды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептерде аптаның алтыншы күні (сенбі) тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріне бірінші сыныптан бастап (2016-2017 – 1-сынып; 2017-2018 – 2, 5 және 7-сыныптар; 2018-2019 – 3, 6, 8 және 10-сыныптар; 2019-2020 – 4, 9, 11 және 12-сыныптар) біртіндеп бес күндік аптаны енгізуіне байланысты, алтыншы күннің (сенбі) тәрбие процесіне ерекше рөл беріліп отыр, ол білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріндегі барлық педагогикалық процестің бөлігі болуы қажет.

5 күндік оқу аптасына ауысу кезінде білім алушының бос уақыты ұлғаяды. Сенбі күннің оқу-тәрбие процесінің негізгі ұйымдастырылуы қосымша білім болуы қажет.

Сабактан тыс уақыттағы, оның ішінде сенбі күні балаларды бос уақыттарын толық қамту үшін пән-мұғалімдерінің әлеуеттерін тиімді пайдалану қажет.

Пән мұғалімдері өз бейіндері бойынша қызығушылықтарына қарай үйірмелерді, секцияларды, студияларды, клубтарды жүргізе алады, сондай-ақ танымдық, байқаулық, ойын-сауық бағдарламалырын ұйымдастыра алады. Мысалы, физика пәнінің мұғалімі «Қызықты физика», «Робототехника», техникалық шығармашылық үйірмелерін жүргізе алады (авиа, судо және тағы басқа техниканың түрлерін үлгілеу).

Яғни, педагог күннің бірінші жартысында пәннен сабак береді, ал екінші жартысында қосымша білім беру педагогі болады (бір уақытта).

Осыланысты, жалпы орта және мектептен тыс үйімдар үшін қосымша білім беретін педагогтер мен педагог-ұйымдастырушылардың қосымша штаттық бірліктерін қарастырады.

Сонымен қатар сенбі күн білім алушылардың кәсптік бағдар күні болып жарияларынп жатыр: **екінші және төртінші сенбілер жоғары оқу орындары мен колледждердің кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу үшін ашық болады.**

Осыланысты жергілікті арқаруши органдар мемлекеттік-жеке меншік серікtestіk аясында білім беру және құқықтық тәрбие беру саласындағы басты бағыттардың бірі ретін балалардың бос уақыттарын қамту бойынша кешенді шаралар қабылдауы қажет, нақтырақ айтқанда:

қауіп-қатер тобындағы жасөспірімдерді қарау үшін қосымша білім беру мұғалімдері мен педагогтері арасынан қоғамдық тәрбиеші-«тәлімгерді» бекіту;

аула және мектеп жанындағы клубтарды ашу үшін бос тұрған ғимараттарды тиімді пайдалану;

балалар туристік базаларын, көлікпен сыртқа шығу және жаяу өлкетану жаңа туристік маршруттарын және т.б. ашу.

Жалпы білім беретін мектептердегі алтыншы күнді (сенбі) өткізу туралы ұсынымдар.

Алтыншы күннің (сенбі) басты мақсаты – сенбі күндері білім алушының бос уақытын оқушының әлеуметтік, моральді қалыпты, шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға және оны сауықтыруға бағытталған пайдалы етіп өткізуі қамтамасыз ететін тұтас білім беру жүйесін құру.

Алтыншы күннің (сенбі) негізгі міндеттері келесідей:

- қосымша білім беруде оқушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын максималды түрде қанағаттандыру;

- балалар мен жасөспірімдер бірлестігінің қызметі үшін жағдай жасау, мектептегі өзін өзі басқаруды жетілдіру;

- білім алушылардың бос уақыттарын максималды қамту есебінен жеткіншектер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алудың тиімді шараларын қамтамасыз ету;

- «отбасы-мектеп-әлеумет» байланысын нығайту;

- салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Алтыншы күннің (сенбі) бағыттары келесідей бола алады:

- зияткерлік;
- патриоттық және азаматтық-құқықтық;
- адамгершілік-рухани;
- ұлттық тәрбие;
- экологиялық, экономикалық;
- спорттық-сауықтыру;
- ақпараттық мәдениет;
- көп салалы мәдениеттілік (шығармашылық, көркемдік-эстетикалық және мәдени-тәндирылыштық);
- оқушылардың кәсіби бағдарлары (әр айдың екінші, төртінші сенбісі).

Бес күндік оқу жағдайында алтыншы күн (сенбі) оқушылардың денсалығын сақтауға, білім алушылардың, сондай-ақ мұғалімдердің өз бетімен білім алуға және дамуға уақытын көбірек бөлуге бағытталуы қажет және балалардың қызығушылықтарын ескеріп, сондай-ақ оларды ұжымдық және жеке тақырыптық ғылыми-зерттеушілік және шығармашылық жобаларды іске асыруға араластыру арқылы балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталуы қажет.

Бұл күн балалардың жалпы мәдени, көркемдік, әлеуметтік, тұрмыстық, кәсіби және басқа да қызығушылықтары негізінде түрлерінің, формаларының және бағыттарының түрлі болуымен, оған педагогтер мен ата-аналардың мейлінше көп жұмылдырылуымен сипатталады.

Жұмыстың формалары оқушының сабактан тыс қызметін шектелмеуі қажет (музыка, аспаздық, спорт, фестивальдер, олимпиадалар, «Алло, біз таланттарды іздейміз» байқаулары, жарыстар, КТК, қашықтықтан өткізілетін бағдарламалар, театrlарға, мұражайларға, кинотеатrlарға, дәрістерге бару, «Бәрін білгім келеді» балалар журналдарын әзірлеу және басып шыгару және т.б.).

Алтыншы күн мектепке келесідей өткізілуі мүмкін:

Оқушыларға арналған ішаралар: факультативтер, дайындық курсары, пәндей олимпиадалар, танымдық, байқаулық-көңіл көтеру байдарламалары, экскурсиялар, мәдениет мекемелері мен мектептен тыс жұмыс орталықтарына бару, тақырыптық би кештері, спорттық жарыстар, бейін бойынша іс-шаралар, қызығушылықтары бойынша мектеп студияларының, клубтарының жұмысы, спорттық секциялар, үйрмелер:

- журналистикалық, жас репортер мен редактор жазбаша және ауызша жанрда өз күшетірін сынап көреді;

- психологиялық, ол жерде балаларды өздерін дұрыс түсінуге, қоршаған ортамен араласуды үйретеді, өз қабілеттерін дамытуды және кемшіліктерін женуді үйретеді;

- тарихи-археологиялық, теорияны оқу мен музейлерге баруды, саяхаттарда жергілікті жерлерді зерттеуді үйлестіреді;

- техникалық шығармашылық, компьютерлік техниканы, IT-технологияларды, робототехниканы пайдалануышының бүтінгі таңда қажетті дағдыларын менгеруге бағытталған;

- үштілділік жағдайындағы шет тілдері;

- қисынды ойлауды, ден қоюды, өз бетінше әрекет етуді және т.б. дамытуға арналған шахматтық үйрмелер.

Бұл өз кезегінде қызмет түрін ауыстыруды қамтамасыз етіп қоймай, сондай-ақ стилін, араласу ортасын, қоршаған жағдайды өзгертуді қамтамасыз етеді. Алтыншы күнді (сенбі) жүргізу үшін еңбекке баулу, бейнелеу өнері және дене шынықтыру пәндерінің бос мұғалімдерін жұмылдыруға болады.

Мұғалімдерге арналған ішаралар: кәсіби байқаулар, сынып жетекшілерінің шығармашылық есеп берулері, мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерінің презентациялары мен есептері, тренингтер, көркемдік қолдан жасалған бұйымдардың байқаулары, мектептің психологиялық қызметінің кеңестері, мектеп жобалары: «Сенбілік қарқын», «Қосымша білім күні», «Бос уақытты бірге өткізу күні», «Мектеп сенбісі», «Шығармашылық және дамыту күні» және т.б.

Ата-аналарға арналған ішаралар: ата-аналардың құқықтық жаппай окуы, мектептің психологиялық қызметінің кеңесі, спорттық жарыстар, психолог және пән мұғалімдерімен бірге өткізілетін бейіндік іш-шаралар, дәрігерлермен, дін өкілдерімен, мемлекеттік емес ұйым өкілдерімен кездесу.

Алтыншы күнді (сенбі) ұйымдастыру барысында педагогтер білім алушылармен бос уақытты өткізу және дамыту қызметтері үшін қаланың, ауданың әлеуметтік мәдени мүмкіндіктерін белсенді түрде пайдалана алады.

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктерінің пән мұғалімдерімен және мектептегі өзін өзі басқару органдарымен бірлесе отырып, мектептің алтыншы күнінің жоспарын әр тоқсан сайын әзірлеп отырғандары жөн. Осы күннің барлық іш-шаралары педагог-ұйымдастырушы немесе сынып жетекшісі толтырып отыратын келіп-кету журналының есебінде тіркеліп тұруы қажет. Келіп-кетуді есептеуді бақылау мектеп әкімшілігіне, яғни директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктеледі. Алтыншы күннің (сенбі) қорытындысы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының қатысуымен өтетін жиналыстарда апта сайын қаастырылуы қажет.

Осылайша, жалпы білім беретін мектептерде балаларға қосымша білім беру ресурстарын қолдану біртұтас білім беру кеңістігі аясында білім алушылардың әлемді тұтас қабылдауын қалыптастыруға, тұлғаның жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамытуға жағдай жасауға мүмкіндік береді.

14 МЕКТЕП КІТАПХАНАЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

Мектеп кітапханалары Қазақстанның кітапханалық жүйесінде ерекше орын алады. Өскелең үрпақтың талаптарын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту тұрғысында мектеп кітапханасының қосар үлесі бар. Мектеп кітапханасының қызмет аясын кеңейту, қорын пайдалану, соның ішінде мектеп кітапханасы – оқушыға әдебиет таңдау, оқырмандық қызығушылығын кеңейту, мұғалімге кәсіби өсуге көмектесуші, оқуға, дүниені тануға қозғау салушы болып табылады. Сондықтан да жұмыс істеудің дәстүрлі түрлерімен қатар инновациялық формалары де енгізілуде. Мектеп кітапханаларының қызметі кітап қоры мен оқулықтар қорының маңайында ғана болатын. Білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникативтік технологияларды енгізу бұл жағдайды өзгерту. Мектеп кітапханасы білім алу және ақпараттарға негізделген, қазіргі қоғам өміріне ойдағыдан қатысу үшін ең маңызды болып табылатын, ақпараттарды алу және идеялармен танысуға мүмкіндік береді. Оқытуға байланысты қызмет көрсетіп, кітаптар мен материалдар, мектеп қоғамдастырының барлық мүшелеріне сынни тұрғыдан ойлауға, дағдылануға мүмкіндік береді және барлық тасымалдағыштар мен әртүрлі форматтағы ақпараттарды қолдануға тиімді болып табылады. Эр кітапхана өзінің даму стратегиясы мен тактикасын әзірлейді. Осыған байланысты кітапханашының да рөлі өзгереді: оқушыға жақсы кітапты ұсынушы және беруші, ақпараттық жаңа технологиялар саласындағы маман, оқу процесін ұйымдастыруда мұғалімдермен бірлесіп жүйелі тәсіл әзірлеуші. Мектеп кітапханасы тек қана оқырмандармен емес, білім алушылардың барлық контингентімен жүйелі және мақсатты түрде жұмыс жасайды, оның мектепте жыл бойы жұмыс жасай алуға мүмкіндігі бар. Балалармен жұмыс жасаудың басты бағыты – білім алушылардың тұлғалық әлеуметтенуі мен дамуы, рухани-адамгершілік мәдениеті, ақпараттық ресурстардың барлық түрлері мен деңгейлерін пайдалануға үйрету, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, кітапхананы пайдалануға дағдыландыру.

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында **мектеп кітапханасы жұмысының мақсаты алдыңғы қатарлы педагогикалық тәсілдерді, ақпараттық жаңа технологияларды қарқынды енгізуден көрініс табады**. Осы негізде мектеп кітапханасы:

- пайдаланушылардың ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету: оқушылар мен педагогтерге қолда бар барлық оқу-әдістемелік және қосымша қолданыстағы немесе медиа ресурстармен тегін және еркін қолдану құқығын қамтамасыз етеді;
- жаңа ақпараттық технологияларды енгізу негізінде кітапхана ұсынған қызметтер номенклатурасын жетілдіру, оқушылар мен педагогтар үшін қолайлы оқу кітапханалық ортаны ұйымдастыру;
- экологиялық сауаттылық, азаматтық, гуманистік патриоттық сана-сезімге тәрбиелеу;

– қолданушының шығармашылық әлеуетін дамыту, оқушылар мен мұғалімдердің ақпараттық мәдениетін дамыту;

– білім алушыларға жүйелі оқытуды ұйымдастыру, мәдени, жеке және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып дамытуды іске асыру.

Заманауи мектеп кітапханаларының бүгінгі таңдағы негізгі мақсаты:

1. Мектептің алдына қойылған және оның оқу бағдарламасымен бекітілген білім беру мақсаттарын қолдау, нығайту.

2. Анықтамалық-библиографиялық, кітапханалық қызмет көрсету арқылы білім алушылар мен педагогтерге өздігінен білім алу мен оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету. Білім беру жобаларында білім алушылар мен оқушыларға көмек көрсету.

3. Оқырмандарға тәуелсіз кітапханалық пайдалануши дағдысын қалыптастыру: кітапты және басқа да ақпараттық тасымалдағыштарды пайдалана білуге, іздеу, іріктеу, ақпаратқа сынни баға беруге үйрету.

4. Жаңа кітапханалық технологияны игеру және дәстүрлі технологияны жетілдіру. Құжаттарға неғұрлым толық және тез қол жеткізуге мүмкіндік жасау. Ақпараттарды алуда білім алушылар, ата-аналар, педагогтарға әдістемелік консультациялық көмек беру.

5. Оқушыларға шығармашылық ойлау, кітапхананы пайдалана білу, кітап оқу мәдениеті, кітапқұмарлық, ақпараттық мәдениетін дамытуға тәрбиелеу. Балаларға оқуға әдептенуін қолдау және дамыту, оқу және одан қанағаттану. Өздігінен оқуына ықпал ету.

6. Барлық білім алушыларға коммуникацияның әртүрлі түрлерін қоса, тасымалдағыш немесе форматтары, формасына қарамай ақпараттарды қолдану мен дағдыларын практикада қолдану және иеленеуге қолдау білдіру.

7. Ақпаратты өңдеу мен жинақтау, жинау және оны пайдаланушиға жеткізу. Кітапханада бар ақпараттық деректер базасында кітапханалық іс-шаралар мен сабактан тыс жұмыстар өткізу.

8. Оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету мақсатында мектеп кітапханасының кітап қорын қалыптастыру;

9. Қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу, пайдаланушилар арасында мазмұнды қарым-қатынастарын дамыту.

10. Қазақстан Республикасында тұрып жатқан басқа халықтардың тілінде және мемлекеттік тілдегі әдебиеттерді насихаттау.

11. Кітап оқу қызығушылығын қалыптастыру.

12. Әлеуметтілік және мәдени қабілеттілік пен білгілігін жетілдіруге мүмкіндік беру, іс-шараларды ұйымдастыру. Мектеп іс-шараларын өткізуде АКТ пайдалану болып табылады.

Бүгінгі таңдағы мектеп кітапханашысының қызметі мен болашақтағы мектеп кітапханасы рөлінің тәжірибесі мен педагогика ғылымындағы үш көзқарас, үш басты тәсілдер байқалды.

Бірінші тәсіл – мектеп кітапханасы базасында жаңа медиатека-бөлімшесін жасау қажеттілігін негіздеу немесе мектептің кітапханалық медиаорталығына, кітапханашыға қосымша функция медиамаман міндетін атқару.

Екінші тәсіл – кітапхана мектептің ақпараттық орталығы болуы керек, ал кітапханашы ақпар беруші функциясын өзіне алуы керек.

Үшінші тәсіл – білім беру мекемелерінің өзіндік міндеттерімен педагогикалық құрылымдық бөлімшесі ретінде қарастыру керек.

Мектеп кітапханаларының айрықша белгілері – басқа әлеуметтік жүйелер аясында оны әлеуметтік жүйе ретінде жұмыс істету. Жаңартылған білім мазмұны контекстінде білім беру үйімдарын олардың алдына мынадай міндеттер қояды-оқушының шығармашылық әлеуетін ашу үшін жағдай жасау. Кітапхана оқу-тәрбие процесінде көмек беретін, шығармашылық, интеллектуалдық әлеуетін тиімді жандандыруға қабілетті және осы жерден барлық мектеп кітапханасының басты міндеті шығатын, білім беру ортасының элементі болып табылады.

Қазіргі заманғы кітапхана пайдаланушыларына барлық оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер, оқу бағдарламалары, әртүрлі баспа шығармалары, аудио, бейне материалдары, электрондық тасымалдаышта ақпараттар (сонын ішінде электрондық оқулықтар) кешендерін ұсынады. Сол арқылы ақпараттың барлық түрлерін тиімді қолдану мен сиңи ойлауды дамытуға себептеседі.

Мектеп кітапханасын жаңғырту мектеп кітапханасы функциясын күрделендіру мен кеңейту, кітапханалық-ақпараттық қызметтерін өзгертумен бірге жүреді. Мектеп кітапханасы тек ағымдағы оқу процесін және оқушының кітап оқуына жетекшілігін қамтамасыз етпейді, енді ол жаңартылған білім мазмұнының ресурстық базасы, мұғалімдердің ақпараттық орталығы болып табылады. Кітапханашы пән мұғалімдерінің күрделі сауалдары мен ақпараттық ресурстар арасында делдал болады.

Кітапханашы мен мұғалімнің білім алушылардың сауаттылық деңгейін көтеруге мүмкіндік беріп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларын пайдалана білуге дағдылану, есте сақтау, оқу дағдыларын, дамытуға көмектеседі. Оқу бағдарламаларына ақпараттық қолдау білім беру мекемелерінің құрамдас бөлігі ретінде мектеп кітапханасы үшін басымдық болып табылады. Кітапханаға ақпараттық-библиографиялық, кітапханалық қызмет көрсету жолымен мектептің оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету міндеттері қойылған. Сонын ішінде кітапхананың анықтамалық-библиографиялық аппаратын тиімді жүргізе отырып, кітапхана қорын сапалы жинақтау негізінде білім беру процесінің вариативті әртүрлі мазмұнын қамтамасыз ету т.б.

Қазіргі кезде кітапханалардың технологиялық қызметін жүзеге асыруға көмектесетін түрлі электронды бағдарламалар бар. Бұл бағдарламалардың мүмкіндіктері (АБИС) кең, олардың жинағы Академия сайтында орналастырылған «Білім мазмұнын жаңарту аясында мектеп кітапханалары ресурстарын дамыту бойынша» атты әдістемелік ұсынымдарда берілген.

1-қосымша

**«Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы бойынша
пилоттық білім беру ұйымдарының тізімі**

№	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының атауы	Білім беру ұйымының атауы	Білім беру ұйымының түрі	Оқыту тілі
1.	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы	«Арман» мектепке дейінгі ұйым	қалалық	қазақша, орысша
		№39 балабақша	қалалық	қазақша, орысша
		№32 мектеп-гимназия	қалалық	қазақша, орысша
		Ақтөбе көлік, телекоммуникация және жаңа технологиялар колледжі	қалалық	қазақша, орысша
		Ақтөбе гуманитарлық колледжі	қалалық	қазақша, орысша
2.	Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы	«Мерей» балабақшасы	қалалық	қазақша, орысша
		«Бәйтерек» балабақшасы	қалалық	қазақша, орысша
		№53 жалпы орта білім беретін мектеп	қалалық	қазақша, орысша
		№92 гимназия	қалалық	қазақша,
		Қарағанды гуманитарлық колледжі	қалалық	қазақша, орысша
3.	Астана қаласы	№29 балабақша	қалалық	қазақша
		№9 балабақша	қалалық	орысша
		№59 мектеп-лицей	қалалық	қазақша, орысша
		№ 22 мектеп-гимназия	қалалық	орысша
		Гуманитарлық колледж	қалалық	қазақша, орысша
4.	Алматы қаласы	№27 балабақша	қалалық	орысша
		№156 балабақша	қалалық	қазақша
		№35 гимназия	қалалық	орысша
		№131 мектеп-лицей	қалалық	қазақша, орысша
		№172 жалпы орта білім беретін мектеп	қалалық	қазақша
		№55 жалпы орта білім беретін мектеп	қалалық	орысша
		№1 Алматы қазақ-мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжі	қалалық	қазақша

		№2 Алматы қазақ-мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжі	қалалық	қазақша, орысша
5.	Алматы облысы, Есік қаласы	Есік гуманитарлық-экономикалық колледжі	қалалық	қазақша, орысша

Оқушылардың күнделіктегі тексеру туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Күнделік – оқушының мектептегі негізгі құжаты.

1.2. Күнделік 2 – 11-сыныптарда жүргізіледі.

1.3. Күнделіктің негізгі міндеті – ата-аналарды және оқушыларды келесі мәліметтер туралы хабардар ету болып табылады:

- мектеп әкімшілігінің құрамы;
- сыныпта сабак беретін педагогтер;
- аптадағы және тоқсандағы сабак пен қонырау кестесі;
- үйірмелер, секциялар, факультативтер кестесі;
- үйге берілген тапсырмалар;
- оқушылардың ағымдық және қорытынды үлгерімі;
- босатылған сабактар және кешігулер;
- ескертулер мен марапаттар.

2. Оқушылардың күнделік толтыру бойынша қызметі

2.1. Күнделік көк түсті сиямен анық, ұқыпты, уақытылы, сауатты толтырылуы тиіс.

2.2. Күнделіктің алғашқы үш беті (оқушының Ф.А.Т., мұғалімдердің тізімі, I тоқсанның күнтізбесі, үйірмелер мен факультативтер, қосымша сабактар және консультациялар) алғашқы екі апта ішінде, яғни 15 қыркүйекке дейін толтырылуы тиіс.

2.3. Оқушылар күн сайын үй тапсырмасын тапсырылған күннің бағанына, мектеп каникулдары кезінде – сыныптан тыс және мектептен тыс шаралар жоспарын жазады.

2.4. Күнделікте өзге жазбалар мен суреттер болуға жол берілмейді.

2.5. Оқушылар алған бағасын естігеннен кейін күнделікті пән мұғаліміне береді.

2.6. Оқушылар әкімшіліктің, мұғалімдер мен сынып жетекшісінің талабы бойынша күнделікті ұсынады.

3. Пән мұғалімдерінің күнделікпен жүргізетін жұмысын ұйымдастыру

3.1. Пән мұғалімі оқушының жауабын бағалағаннан кейін бағаны сынып журналына және бір мезгілде күнделікке қояды, оны қол қою арқылы растайды.

3.2. Пән мұғалімі оқушының күнделігіне оның оқу әрекеті бойынша ескертулер, ұсыныстар жаза алады. Күнделіктегі жазу қысқа әрі сыпай болуы тиіс.

4. Сынып жетекшісінің күнделікпен жүргізетін жұмысын ұйымдастыру

4.1. Сынып жетекшісі осы Ережеде берілген күнделік жүргізуге қойылған талаптардың орындалуын апта сайын тексереді.

4.2. Оқушының апта ішінде алған бағаларының күнделікке қойылуын қадағалайды; қажет болған жағдайда қойылмаған бағаларды қойып, өзінің қолымен растайды. Апта ішінде қатыспаған сабактардың санын көрсетеді.

4.3. Окушылардың күнделікке баға қоюына жол берілмейді.

4.4. Сынып жетекшісі ата-аналар тарапынан окушы күнделігіне бақылау жасауын қатаң қадағалайды.

4.5. Тоқсан аяқталғаннан кейін сыннып жетекшісі күнделіктің жинақ ведомосына тоқсандық бағаларды қояды, өзінің қолымен растайды.

4.6. Каникулдан кейінгі бірінші аптада сыннып жетекшісі тоқсандық бағалардың тәменгі жағында ата-аналардың танысқанын растайтын қойған қолдарын тексереді.

4.7. Сынып жетекшісі күнделікте окушының сыннып және мектеп өміріне қатысадығы белсенділігін және нәтижелілігін көрсете алады.

5. Ата-аналардың қызметі

5.1. Ата-аналар апта сайын күнделіктегі жазбалармен танысады және қол қояды.

5.2. Күнделіктің соңындағы жинақ ведомосына тоқсанына бір рет қол қояды.

5.3. Ата-аналар күнделікке жазылған әрбір ескерту, хабарландырудан кейін қол қояды.

6. Мектеп әкімшілігінің қызметі

6.1. Мектеп әкімшілігі күнделік жүргізу бойынша Ережеде бекітілген талаптарға сәйкес 2-11-сыныптар окушыларының күнделік жүргізуіне жүйелі түрде бақылауды жүзеге асырады. Күнделікке әкімшілік бақылау жасау кезінде келесі жағдайлардың болуы тексеріледі:

- сынныптағы педагогтер туралы ақпарат;
- тоқсан (жарты жылдық) және ағымдағы тоқсанның сабак кестесі;
- сабак қонырауларының кестесі;
- секциялар, үйірмелер, факультативтік сабактар және т.б. жұмыс кестесі;
- үй тапсырмалары;
- пән мұғалімдері және сыннып жетекшісі қоятын ағымдық бағалар;
- ата-аналардың қолдары.

6.2. Әкімшілік бақылаудың қорытындысы бойынша күнделіктерді тексеруші анықтама жазады, онда анықталған кемшіліктер көрсетіледі, ескертулер жазылады және белгілі бір уақыт аралығында көрсетілген қателерді жою бойынша ұсынымдар беріледі.

6.3. Әкімшілік күнделіктің жүргізуін бақылау нәтижелері бойынша сыннып жетекшілерін және пән мұғалімдерін марапаттауға және тәртіптік жазалауға құқылы.

Тәрбие жұмысын жоспарлауформасы

№	Қызметтің бағыттары	Шара	Күні	Жауапты	Откізу формасы	Нәтижелерінің жіті талдауы
1	Ұйымдастыру шаралары және талдау-диагностикалау қызметі					
2	Қазақстандық патриотизм және азаматтық. Этникалық мәдениет					
3	Рухани-адамгершілік мәдениет					
4	Зияткерлік мәдениет					
5	Экономикалық мәдениет					
6	Салауатты өмір салты және денетәрбиесі					
7	Ата-аналармен жұмыс					

I. «Ұйымдастыру шаралары және талдау-диагностикалау қызметі» бағыты

Мақсаты: өмірдің ағымдағы мәселелерін шешуге қабілетті сынып ұжымын ұйымдастыру; тұлғаны зерделеу және қажет болған жағдайда оқушылардың тәрбиесін түзету.

Міндеттері:

- оқушылар туралы ақпарат жинау және талдау;
- оқушылардың даму деңгейін анықтау (ойлау, шығармашылық қабілеттері, физикалық және психологиялық деңсаулығы және т.б.);
- тұлғалық-бағдарлық көзқарас негізінде әрбір баланың дамуы мен тәрбиесі үшін тиімді жағдайлар жасау.

Бағыт бойынша откізуге ұсынылатын шаралар:

1. Оқушылармен танысу ("Сынып картасы", "Импульс", "Қар жентегі", "Күн", өзара танысулар).
2. Тапсырмаларды бөлу. Сынып белсенділерімен жұмыс. Өзін-өзі басқару. Жеке жұмыс. Сынып жиналыштары, оқушылар конференциясы. Апталық газетті шығару. Тазалап жинау. Сыныптың ақпараттық стенді.
3. Оқушылар сауалнамасы ("Мен Қазақстанның азаматымын", "Мен кіммін? Мен қандаймын?", "Маған өзің туралы айтшы", "Оқушылардың

мотивация біліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау", "Оқу мотивацияларын және оқу пәндеріне қатынасын зерделеу", "Аландаушылық деңгейін айқындау", "Біз таңдаймыз, бізді таңдайды" және т.б.).

4. Диагностика: адамгершілік басымдықтар (аяқталмаған сөйлемдер әдісі); "Ағаш, немесе мен өз бойымда қандай қасиеттерді қалыптастырым (тәрбиелілікті зерделеу әдісі); "Адами қасиеттерді сақтайтын орын"; оқушылардың шығармашылық белсенділігінің деңгейін болжау әдісі, сыныппен жүргізілетін жұмыстың нәтижелілігін зерделеу әдісі және т.б.

5. Ойындар: "Өзім туралы айтып беремін", "Әлеуметтік драма", "Елсіз аралға барамыз".

6. Тестілеу: "Маған қалай қарайды?", "Менің оқуым", "Сіз өзіңізді білесіз бе?".

7. Социометриялық зерттеулер.

8. Психологиялық тренингтер: пікірталастар, дебаттар, КТК, "Менің жан дүнием", "Мен және қоршаған әлем", "Достық саудадар конверті" және т.б.

II. Қазақстандық патриотизм және азаматтық.

Этникалық мәдениет.

Мақсаты:

✓ өскелен ұрпақты демократиялық қоғамда өмір сүруге үйрету;

✓ азаматтық белсенділік, құзыреттілікті қалыптастыру;

✓ сынни ойлау, жалпы және құқықтық мәдениет қалыптастыруға ықпал ету;

✓ азамат-патриоттың егемен тұлғасын қалыптастыру, ұлттық тәрбие-білім беру жүйелері жағдайында тұлғаны этникаландыру.

Міндеттері:

- тұлғаны әлеуметтердіру үшін жағдай жасау;
- азаматтық өзіндік сананы қалыптастыру;
- ұлттық келісім негізінде ізгілікке, бейбіт сүйгіштікке тәрбиелеу;
- құқықтық сананы және заңға бағынушылықты тәрбиелеу;
- әлеуметтік дағдылар қалыптастыру;
- жеке адамдар мен халықтар арасында ынтымақтастыққа қабілетті тұлғаның өзіндігін нығайту;

- оқушыларда әлемдік мәдениеттің және Қазақстан мәдениетінің алуан түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру, оқушылардың этникалық тәрбиесі ерекшеліктерін ескеру негізінде ұлттық тәрбие жүйесінде этнос субъектісін қалыптастыру.

Бағыт бойынша өткізуге ұсынылатын шаралар:

1. Мемлекеттік және халықтық мерекелер (ҚР Тәуелсіздігі күні, ҚР Конституциясы күні, Қазақстан халқы бірлігі күні, Наурыз және т.б.).

2. Тақырыптық сыннып сағаттары, линейкалар, әңгімелер («Менің Қазақстаным», «Мәңгілік Елдің мызғымас жеті негізі», «Біз – Үлкен Ел – Үлкен Отбасы», «Қазақстанның даму кезеңдері», «ҚР-ның әлемдік экономикалық дамудағы орны», «ҚР рәміздері», «Қазақстанның мәңгілік жері – Ұлы Дала Елі!»).

3. Музейлерге саяхаттар, Қазақстанның тарихымен танысу.

4. Дебаттар «Қазақстандық патриотизм – бұл ...».

5. Саяхат-оыйн «Менің Атамекенім», «Ұлы Даңыз Елінің даңқты тарихы мен дәстүрлері».

6. Пікірталас «Мәңгілік Ел – бұл Тарих, Мәдениет және Тіл ортақтығы».

ІІІ. Рухани-адамгершілік мәдениет.

Мақсаты: жалпыадамзаттық құндылықтармен, қазақстандық қоғам өмірінің нормаларымен және дәстүрлерімен келісілгентұлғаның рухани-адамгершілік және этникалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қалыптастыру.

Міндеттері: – оқушылардың келесілерге адамгершілік қатынастарын қалыптастыру:

- моральдың және этиканың жалпыға ортақ нормаларына;
- өз қадір-қасиетіне, арына және борышына;
- ішкі бостандығына және адамгершілік шешімдер қабылдауына;
- өз халқының және басқа халықтардың мәдениетіне, әдет-ғұрпана, салт-дәстүрлеріне;
- өз ар-ұжданы мақұлдаған қылыштарға;
- адамдарға риясыз қызмет етуге;
- ата-ана, Отан, қоғам алдындағы өз борышына.

Багыт бойынша өткізуғе ұсынылатын шаралар:

Оқу пәндерінің мазмұнына құндылықтарды кіріктіру арқылы оқытудың тәрбиелік әлеуетін күшейту; әлеуметтік, қайырымдылық жобалар дайындау және орындау, волонтерлықты дамыту; педагогикалық консилиумдар, ата-аналар институты; «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасының көппәндік және тәрбиелік ролін күшейту, мектептерде рухани-адамгершілік тәрбие сапасына мониторинг жүргізу, рухани-адамгершілік тәрбие тұрғысынан қосымша білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейту.

ІV. Зияткерлік мәдениет.

Мақсаты: оқушылардың өзін-өзі дамытуы, өздігімен білім алуы, өзін-өзі жетілдіруі үшін психологиялық және практикалық дайындығын қалыптастыру. Оқытудың өзіндік стилін қалыптастыру, алған білімін жаңа жағдайларға алмастыру білігін дамыту. Әлемнің тұрақты тұрде өзгермелі жағдайларына тез бейімделудің ортақ қабілеттерін қалыптастыру.

Міндеттері:

- оқушылардың зияткерлік дамуы үшін жағдай жасау;
- танымдық түрткілерді дамыту;
- ойлау қызметінің біліктерін дамыту;
- әрбір тұлғаның жеке-шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- тұрақты тұрде қазіргі ғылыми білімге ұмтылысын қалыптастыру;
- білімді менгеру процесінде зияткерлік мәдениет қалыптастыру.

Багыт бойынша өткізуғе ұсынылатын шаралар:

1. **Диагностика:** оқушылардың оқу мотивациясын және оқу пәндеріне қатынасын зерделеу: «педагогтердің оқушыларға ықпал ету тәсілдерін айқындау», «педагогтердің коммуникативтік мәдениеті оқушылардың көзімен», оқушылар сауалнамасы, пәндер бойынша тестілеу.

2. Пән апталықтары, олимпиадалар.
3. Зияткерлік ойындар, көңіл көтерулер, марафондар, танымдық сайystар, викториналар (не? қайда? қашан? брейн-ринг, «Ақылды ұл-қыздар», «Жүлдышты сағат», «Ақылдылар мен көңілділер» сайысы, «Өз ойыны», «Кереметтер алаңы», «Әлсіз буын», «Бақытты жағдай»).
4. Зияткерлік марафон, шоу.
5. Ақылдар Одиссейі.
6. Тапқырлар шоқжүлдізы.
7. Әдеби қонақжай.
8. «Біз тарихты жасаймыз.
9. Окушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары, ғылыми-практикалық конференциялар, жобалар байқауы.
10. Спич, дебаттар, «XXI ғасыр көшбасшысы».
11. Әңгіме, сынып сағаттары «Қазіргі адамның сөйлеу мәдениеті», «Мен үшін қымбат нәрсе», «Мен былай деп айттар едім ...».
12. Пәндер бойынша үйірмелер ұйымдастыру

Бастауыш сынып оқушыларының білімін, ептілігін және дағдысын бағалау нормасы

Бастауыш сынып оқушыларының білімін, ептілігін және дағдысын бағалау нормасы бағдарлама талап ететін деңгейдегі, бастауыш кезеңдегі әр пән бойынша оқу материалын баланың менгеру орнықтылығын қамтамасыз ету үшін арналған.

Бұл нормалар оқушының оқудағы жетісітігін жүйелі бақылауды іске асыруға, кемшіліктерді жою шарапарын қабылдауға, оқушылардың үлгермеушілігін ескертуге мүмкіндік береді. Мұғалім бағалау үшін сандық үпайды (баға) және бағалау пайымдамасын қолданады.

Сыныптық және үйге жазба жұмыстарының негізгі түрлері оқушыларға үйретуші жұмыстар болып табылады.

Қазақ тілі, орыс тілі, шетел тілі, әдебиет, математика, дүниетану бойынша ағымдық және қорытынды жазба жұмыстары өткізіледі.

Қорытынды бақылау жұмыстарын өткізу уақыты мұғалімдер келісімі бойынша мектеп басшыларымен құрылған оқушыларды шамадан тыс оқуының алдын алу мақсатында, жалпы мектепшілік кестемен анықталады.

Үйретуші жұмыс түрлерін орындау үшін оқушыларда төмендегі дәптерлер саны болуы қажет:

- 2-сыныптарда қазақ тілі, орыс тілінен – 4 дәптер, оның ішінде бір дәптер мазмұндама мен шығармаға, бір дәптер бақылау жұмыстарына;

- әдебиеттік оқу бойынша -1 дәптер;

- математика бойынша – 2-4-сыныптарда - 3 дәптерден (2 дәптер сынып және үй тапсырмасы үшін, 1 дәптер сөздік дәптер);

- шетел тілі бойынша 2-4-сыныптарда – 2 дәптерден (1 дәптер сынып және үй тапсырмасы үшін, 1 сөздік дәптер);

- дүниетану бойынша – 1 дәптер;

- бейнелеу өнері бойынша –1 сурет дәптері;

- музика бойынша –1 нота дәптері.

Қазақ тілі, орыс тілі, математика, әдебиеттік оқу бойынша арнайы дәптерлер бөлінеді, олар оқу жылы бойы мектепте сақталады және оқушыларға қатемен жұмысты орындау үшін беріледі. Ата-аналар оқушылардың бақылау жұмыстарымен ата-аналар жиналысында танысады.

Оқушылардың дәптерлеріндегі жазбалар төмендегі талаптарды сақтап, жазылу қажет:

- мұқият және анық жазумен жазу;

- дәптер сыртын бірыңғай толтыру:

Дәптер
Астана қаласы
№5 орта мектептің
2 «А» сынып оқушысы

Муфтахов Шыныбектің
математика (орыс тілі) дәптері

Дәптер
Астана қаласы
№5 орта мектептің
2 «А» сынып оқушысы
Муфтахов Шыныбектің
математикадан (орыс тілінен)
бақылау жұмысы дәптері

Көмекші сөз пән атауымен бір жолда жазылады.

Сынып нөмірі араб сандарымен жазылады. Тегі мен аты ілік септігінде жазылады. Алдын ала тегі, содан кейін толық атын жазу керек (бір жолда). Тілдік пәндер бойынша жұмыстырында мерзімі сөзбен атау септігінде жазылады (мысалы, оныншы қыркүйек), математика, дүниетану сандар санмен, ай аты сөбен жазылады (мысыалы, 10 қыркүйек).

Жеке жолға сабактың тақырыбы, сонымен қоса жазба жұмысының тақырыбы жазылады.

Жаттығудың, тапсырманың немесе орындалған жұмыстың нөмірі көрсетілсін (таңбалансын).

Азат жол сақталады.

Сызу, сыйба, шартты белгілерді қарындашпен немесе қаламмен мұқият орындасын.

Қателерді былайша түзетеді, қате жазылған әріп немесе тыныс белгіс қисық сзықпен сзызылады; сөздің сөйлемдегі сөздің бөлігі – жіңішке көлденен сзықпен сзызылады; сзылғанның орнына қажетті әріпті, сөзді сөйлемді жазу қажет; қате жазуды жақшаға алмасын.

Орыс тілі мен математикадан үйретуші сынып және үй жұмысы орындалатын оқушылардың жұмыс дәптерлері 2-4-сыныптарда әр сабактың соында барлық оқушыларда тексеріледі.

Орыс тілі мен әдебиеттік оку бойынша мазмұндама мен шығарма, сонымен бірге пәндер бойынша барлық бақылау жұмысы түрлері барлық оқушыларда тексеріледі.

Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі бойынша бақылау диктанттары, математика мен дүниетану бойынша бақылау жұмыстары 2-4-сыныптарда тексеріледі және келесі сабакта қайталанады.

Тексерілген жұмыстарда мұғалім төмендегіні басшылыққа ала отырып, жіберілген қателерді белгілейді және түзетеді:

- қателерді сизу мен түзету, мұғалім тек қызыл қаламмен ғана түзетеді;
- 2-3-сынып оқушыларының орыс тілі мен математика пәндері бойынша бақылау жұмыс дәптерлері мен бақылау жұмыстарын тексеру кезінде мұғалім жіберілген қатені сыйады және түзетеді;

- 4-сынып оқушыларының орыс тілі мен математика пәндері бойынша бақылау жұмыс дәптерлері мен бақылау жұмыстарын тексеру кезінде мұғалім

окүшінің өзі түзеген қатесін сызады және жіберілне қатені жолдың шетіне белгілейді;

- 2-4-сыныптарда шығарма мен мазмұндаманы тексеру кезінде (бақылау, сондай-ақ үйретуші) орфографиялық қана емес және пунктуациялық қателер түзетіледі, сонымен қатар нақты логикалық тілдік қателер (ирек сзықтармен сызылады) және грамматикалық;

- Диктантты, мазмұндаманы, шығарманы тексергеннен кейін мұғалім белгілеген тәртіpte қателерді есептегеннен соң жұмыстың бағасын қояды;

4-сыныпта мазмұндама мен шығармаларда грамматикалық (сандық) және стилистикалық (бөлім) қателер көрсетіледі. Үйретуші шығармалар мен мазмұндамаларда нашар бағалар қойылмайды.

Барлық бақылау жұмыстары міндетті түрде бағаланады. Оқушылардың жазба жұмыстарын бағалау кезінде мұғалім оқушылардың білімі, ептілігі және дағдысын бағалау нормасына сәйкес басшылыққа алады.

Оқушылардың жазба жұмыстарын тексергеннен кейін, қателерді түзету немесе жаттығуларды орындау бойынша, осындағы қателерді қайталаудың алдын алатын тапсырмалар беріледі.

Бұл жұмысқа келесі сабакта 15 минут беріледі.

Қорытынды баға әр тоқсан соңында және оқу жылы соңында қойылады. Ол ауызша және жазбаша сауаттылықты тексеру деңгейі нәтижесін, грамматика элементтерін менгеру өз ойын ауызша және жазбаша түрде жеткізе алу деңгейінің нәтижесін есепке ала отырып шығарылады. Қорытынды бағаларды шыгару кезінде жазба жұмыстарының бағасы ерекше маңызды. Қорытынды баға барлық білім алушылардың орташа бағасын емес, оқушынің нақты дайындығын көрсету керек.

5-қосымша

2016-2017 оқу жылында орта білім берудің жаңартылған мазмұнын аprobациялау үшін білім беру ұйымдарының тізімі

№	Облыс атауы	Мектептің атауы	Мектептің типі	Оқыту тілі
1	Астана қ.	№ 69 орта мектеп	ауыл	аралас
2	Алматы қ.	№ 15 гимназия	қалалық	аралас
3	Ақмола	№ 5 мектеп-лицей (Степногор қ.)	қалалық	қазақша
		Никольск орта мектебі (Бұланды ауданы)	шағын жинақты	орысша
4	Ақтөбе	Новая ОМ (Новое ауылы, Ақтөбе қ.)	ауыл	аралас
		№ 9 мектеп гимназиясы (Ақтөбе қ.)	қалалық	орысша
5	Алматы	Ш.Үәлиханов ат. №10 орта мектеп гимназиясы (Талдықорған қ.)	қалалық	аралас
		Х.Хамраев атындағы орта мектеп (Панфилов ауданы)	қалалық	ұйғыр
6	Атырау	№ 17 орта мектеп (Атырау қ.)	қалалық	орысша
		Ж.Мырзағалиев атындағы орталық мектеп (Исатай ауданы)	ауыл	қазақша
7	Шығыс Қазақстан	Абай атындағы мектеп кешені (Көкпекті ауданы)	шағын жинақты	казахский
		№39 орта мектеп (Өскемен қ.)	қалалық	орысша
8	Жамбыл	№1 мектеп лицейі (Рысқұлов ауданы)	ауыл	қазақша
		А.С. Пушкин атын. №41 мектеп гимназиясы(Тараз қ.)	қалалық	орысша
9	Батыс Қазақстан	М.Ықсанов атындағы №36 орталық мектеп (Орал қ.)	қалалық	қазақша
		Шаған орта мектеп (Теректі ауданы)	ауыл	аралас
10	Қарағанды	№3 мектеп гимназия (Қарағанда қ.)	қалалық	орысша
		№2 орта мектеп (Нұра ауданы)	ауыл	қазақша
11	Қызылорда	№31 мектеп гимназия (Жалағаш ауданы)	ауыл	орысша
		№2 орта мектеп (Қызылорда қ.)	қалалық	аралас
12	Қостанай	Свердлов орта мектеп (Алтынсарин ауданы)	шағын жинақты	орысша
		№ 10 орта мектеп (Қостанай қ.)	қалалық	қазақша
13	Манғыстау	М.Горький атындағы мектеп	ауыл	орысша

		гимназиясы(Тұпқараған ауданы)		
		№11 орта мектебі (Ақтау қ.)	қалалық	қазақша
14	Павлодар	№39 мектеп гимназия (Павлодар қ.)	қалалық	орысша
		Майқайын №1 орта мектебі (Баянауыл ауданы)	ауыл	аралас
15	Солтүстік Қазақстан	Сартомар орта мектеп (М. Жұмабаев ауданы)	шағын жинақты	қазақша
		№ 16 орта мектебі (Петропавл қаласы)	қалалық	орысша
16	Оңтүстік Қазақстан	М. Жұмабаев атындағы №15 мектеп гимназия (Түркістан қ.)	қалалық	орысша
		Созақ мектеп гимназия (Созақ ауданы)	ауыл	қазақша

МАЗМҰНЫ

Жалпы ережелер	3
1 «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі	19
2 Мектепалды даярлық топтары мен сыныптарында тәрбиелеу-оқыту процесін ұйымдастыру ерекшеліктері	24
3 Бастауыш білім беру деңгейіндегі пәндерді оқыту ерекшеліктері.....	31
3.1 Жаңартылған білім мазмұны бойынша 1 сыныпта пәндерді оқытуудың ерекшеліктері	31
3.2 Қолданыстағы білім мазмұны бойынша 2-4 сыныптарда пәндерді оқыту ерекшеліктері	45
4 Негізгі орта білім деңгейіндегі пәндерді оқыту ерекшеліктері	67
4.1 «Тіл және әдебиет» білім саласы	67
4.2 «Математика және информатика» білім саласы	93
4.3 «Жаратылыштану» білім саласы	94
4.4 «Адам және қоғам» білім саласы	105
4.5 «Өнер» білім саласы	120
4.6 «Технология» білім саласы	123
4.7 «Дене шынықтыру» білім саласы	127
5 Жалпы орта білім деңгейіндегі пәндерді оқыту ерекшеліктері	130
5.1 «Тіл және әдебиет» білім саласы	130
5.2 «Математика және информатика» білім саласы	159
5.3 «Жаратылыштану» білім саласы	160
5.4 «Адам және қоғам» білім саласы	169
5.5 «Технология» білім саласы	178
5.6 «Дене шынықтыру» білім саласы	181
6 Шағын жинақты мектептерде оқыту ерекшеліктері	186
7 Мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқыту ерекшеліктері	192
8 Арнайы білім беру ұйымдарындағы оқыту ерекшеліктері	197
9 Инклузивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беру ұйымдарында оқытуудың ерекшеліктері	209
10 Кешкі мектептерде оқыту ерекшеліктері	214
11 Пилоттық орта білім беру ұйымдарында бастауыш мектептің оқу бағдарламаларын апробациядан өткізу туралы.....	218
12 Пилоттық орта білім беру ұйымдарында жан басына нормативтік қаржыландыруды іске асырудың ерекшеліктері	229
13 Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мектептеріндегі балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері	234
14 Мектеп кітапханаларының жұмысы туралы	241
1-қосымша « <i>Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы бойыниша пилоттық білім беру ұйымдарының тізімі</i>	244
2-қосымша « <i>Оқушылардың күнделіктітерін тексеру туралы ереже</i>	246
3-қосымша « <i>Тәрбие жұмысын жоспарлау формасы</i> »	248
4-қосымша « <i>Бастауыш сынып оқушыларының білімін, ептілігін және дағдысын бағалау нормасы</i> »	252
5-қосымша « <i>2016-2017 оқу жылында орта білім берудің жаңартылған мазмұнын аprobациялау үшін білім беру ұйымдарының тізімі</i> »	255

**2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының
жалпы орта білім беретін үйымдарында
оқу процесін үйымдастырудың ерекшеліктері туралы**

Әдістемелік нұсқау хат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ы. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясы» РМҚК
010000, Астана қ., Орынбор көшесі 4, «Алтын Орда» БО, 15-қабат.